

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

ӘОЖ: 371.422

Қолжазба құқығында

ТЛЕУБЕКОВА ЛЕНУРА АБДУАЛИМОВНА

Зияткерлік мектептерде оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту

6D010300 - Педагогика және психология

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындаған диссертация

Отандық ғылыми кеңесші
пед. ғыл. докт., проф.
Атемова Қ.Т.

Шетелдік кеңесші
соц. ғыл. докт., проф.
Гюндуз С.
(А.И. Байсал Университеті, Болу қ.
Түркия Республикасы)

Қазақстан Республикасы
Түркістан, 2025

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР	3
АНЫҚТАМАЛАР	4
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР	6
КІРІСПЕ	7
1 ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕПТЕРДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ӘЛЕУЕТІН ДАМУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ	18
1.1 Тұлғаның шығармашылық әлеуетін дамытудың генезисі	18
1.2 Зияткерлік мектептерде оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың зерттелу жайы	35
1.3 Зияткерлік мектептерде оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың әдіснамалық тұғырлары	51
2 ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕПТЕРДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ӘЛЕУЕТІН ДАМУДЫ МОДЕЛЬДЕУ	69
2.1 Зияткерлік мектептерде оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың ерекшеліктері	69
2.2 Зияткерлік мектептерде оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың заманауи бағыттары	87
2.3 Зияткерлік мектептерде оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі	102
3 ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕПТЕРДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ӘЛЕУЕТІН ДАМУДЫҢ ТӘЖІРИБЕЛІК-ЭКСПЕРИМЕНТТІК ЖҰМЫСТАРЫ	122
3.1 Зияткерлік мектептерде оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың диагностикасы	122
3.2 Зияткерлік мектептерде оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың әдістемесі, оны жүзеге асыру мазмұны	138
3.3 Бақылау экспериментінің нәтижелері	162
ҚОРЫТЫНДЫ	174
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	176
ҚОСЫМШАЛАР	188

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі стандарттарға сілтемелер қолданылды.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2024 жылғы 2 қыркүйектегі «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауы.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2023 жылғы 2 қыркүйектегі «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына жолдауы.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі, №319 Заңы.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 23 қаңтардағы, №12 бұйрығы.

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ NIS-Programme білім беру бағдарламасы 2023 жылғы «10» тамыздағы шешімімен бекітілген, №37 хаттама

Назарбаев зияткерлік мектептерінің тәрбие жұмысы жүйесінің негізгі бағыттары. - Астана, 29.11.2011, хаттама №4.

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ-ның 2035 жылға дейінгі Даму стратегиясы.

АНЫҚТАМАЛАР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі терминдерге сәйкес анықтамалар берілген:

Шығармашылық – адамның шынайы өмірде өзін тануға деген ұмтылысы және өздігінен сапалы әрі дәйекті шешімдер қабылдау дағдысын дамытуы.

Әлеует (потенциал; лат. Potential-күш) белгілі бір мақсаттарға жету немесе қандайда бір тапсырманы орындауда қолданылуы мүмкін құралдар, ресурстар және қорлар.

Шығармашылық әлеует – адамның өмір шындығында өздігінен сапалы, дәйекті шешімдер қабылдай білуі үшін жұмылдырылуы ықтимал құралдары, көздері және қорлары.

Зияткерлік – алынған білімді, ойлаудың нәтижесін, ұтымды әрекеттерге жол аша білу қабілеті.

Креативтілік (жасампаздық) – жеке адамның шығармашылық мүмкіндіктері мен қабілеттілігі, адамның белгілі бір заттарды, іс-әрекет пен белсенділік өнімдерін жасаудағы іс-әрекетінің сан алуан үлгілері.

Қабілеттілік – тұлғаның белгілі бір іс-әрекетті сәтті орындауына жағдай жасайтын жеке-дара психологиялық ерекшеліктері мен қасиеттері.

Мотивация (түрткі) – баланың уәждемелік және жеке тұлғалық ерекшеліктері, олар белгілі бір пән саласындағы міндетке жоғары танымдық қажеттілік пен ішкі тұрақтылықтың болуы арқылы көрініс табады.

Нышандар – биологиялық (генетикалық) мұра болған факторлар, адам ағзасы қабілеттіліктерінің дамуының іргетасы, алғышарты болып табылатын жеке дара анатомиялық-физиологиялық ерекшеліктері.

Талап – адам іс-әрекетінің біртума, жаңашыл, пайдалы өнім беруіне мүмкіндік беретін дарындылығының жоғары деңгейі.

Шеберлік – кәсіби және әуесқойлық білімдердің қандай да бір түрінде істі терең танушылықпен, жоғары іскерлікпен үйлестіріп, тиімді әрекеттерді жүзеге асырушылық.

Педагогикалық шеберлік – үнемі даму сатысын қажет ететін балаларды оқыту мен тәрбиелей білу өнері.

Даму- бір күйден екінші күйге неғұрлым жетілдірілген, ескі сапалы күйден жаңа сапалы күйге, қарапайымнан күрделіге, төменнен жоғарыға өту процесі.

Икемділік- бұл белгілі бір жағдайларда әртүрлі идеяларды қарастыра әрі ұсына білу ретінде сипатталады.

Сонылық- адамның болашақта кездесетін мәселелердің тек сыртқы көрінісін жобаламай, кез-келген мәселені терең қарастырып, оның көзге бірден түсе бермейтін мазмұндарын ескере білу қабілеті.

Жасампаздық- шығармашылық әрекетте және белгілі бір тапсырмаларды орындауда жүзеге асатын шығармашылық жұмыстың «жемісін» талқылауға қабілеттілік таныту.

Белсенділік- адамның қызығушылығы мен мотивациясы негізінен белгілі бір мақсатқа жету үшін жасаған іс- әрекеттері мен мінез-құлқын сипаттайтын

және оның дамуына және қоғамға пайдасын тигізуге көмектесетін қозғаушы күш.

Дарындылық- бұл табиғи қабілет, потенциал. Адамның белгілі бір салада ерекше қабілетінің, талантының болуы, яғни, бір нәрсені тез, оңай және шығармашылықпен үйрене алуы.

Талант- адамның бойындағы бар табиғи қабілеттің жаттығу мен еңбектің нәтижесінде дамыған түрі. Әсіресе, спорт, өнер, музыка салаларындағы адамның бойындағы табиғи қабілетін меңзейді.

Зияткер оқушы- бұл терең ойлайтын, ізденімпаз, шығармашыл және сыни ойлау қабілетіне ие, тек «дайын білімді алушы» ғана емес, сол білімді өзі құра алушы ретінде танылады.

Зияткерлік мектеп- бұл оқу бағдарламасы тереңдетілген үш тілде (қазақ, орыс, ағылшын) оқыту мен тәрбие беруде инновациялық әдістер мен технологияларды пайдалану арқылы оқушылардың интеллектуалдық, шығармашылық және зерттеушілік қабілеттерін дамытуға бағытталған ерекше білім беру ортасы.

Назарбаев Зияткерлік мектептері - сынақтан сүрінбей өткен балаларды отандық және әлемдік оқыту жүйесі дербес білім беру бағдарламасы негізінде ұштасқан, бағалау жүйесі халықаралық стандартқа сай, өзіндік миссиясы мен құндылықтары айқын, отансүйгіштік пен жаһандық азаматтыққа тәрбиелейтін, кез-келген салаға араласып кете алатын дарынды балаларды тәрбиелейтін таңдаулы мектептер желісі.

STEAM - оқушылардың теориялық білімін практикамен сыни, зерттеушілік және шығармашылық тұрғыдан ұштастыруда бес бағытты біріктіретін (ғылым, технология, инженерия, өнер және математика) жобаларды орындау арқылы олардың инновациялық идея ұсыну қабілеті мен эстетикалық сезімін дамытуға бағыттайтын тәсіл.

Инновация – бұрын қолданыста болмаған идеяларды, әдістерді және өнімдерді белгілі бір саланы жетілдірілуде пайдаланылатын құрал.

Инновациялық лицей – мемлекеттік оқу стандарты негізінде оқытуда заманауи технологиялар мен әдістерді пайдалану арқылы оқушылардың практикалық құзыреттерін дамытатын жаңашыл білім мен тәрбие беру ордасы.

Халықаралық мектептер кеңесі – бұл білім беру ұйымдарын әлемдік деңгейде арнайы бағалау критерийлері арқылы аккредитациялау және сапа стандарттарын белгілейтін ұйым.

SAT - (ағыл. Тілінде Scholastic Assessment Test) АҚШ-тың және әлемдік ЖОО-на түсу үшін арналған стандартты тест.

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ПШО – Педагогикалық шеберлік орталығы
ПӨШ- Педагогикалық өлшеулер орталығы
БББО- Білім беру бағдарламалары орталығы
НЗМ – Назарбаев зияткерлік мектебі
НЗМ ДББҰ – «Назарбаев зияткерлік мектебі» Дербес Білім Беру Ұйымы
NIS talks – Nazarbayev Intellectual school talks (НЗМ сөйлеуде)
БББ- білім беру бағдарламасы
АКТ- ақпараттық- коммуникациялық технологиялар
БТ – Бақылау тобы
ЭТ – Эксперименттік топ
НУ- Назарбаев Университеті
РФММ- Республикалық физика-математика мектебі
БИЛ- Білім Инновация лицей
ОШӘД- Оқушының шығармашылық әлеуетін дамыту
КМО тесті- Кайцер, Мэйер және Олкиннің шығармашылық әлеует деңгейін анықтау тесті
ҰБТ- Ұлттық біріңғай тест
IQ – Intelligence Quotient (Интеллект коэффициенті)
IELTS-International English Language Testing System (Халықаралық ағылшын тілін білу деңгейін анықтауға арналған тес)
NUFYP-Nazarbayev University Foundation Year Programme (Назарбаев Университетіне түсуге дайындық бағдарламасы)
KET- The Key English Test (Негізгі ағылшын тілі (A2 деңгейі) тесті)
PET- Preliminary English Test (Орташа деңгейдегі ағылшын тілін (B1 деңгейі) меңгеруді анықтайтын тест)
CIS- Council of International Schools (Халықаралық Мектептер Кеңесі)
IS- International School (Халықаралық мектеп)

КІРІСПЕ

Зерттеудің өзектілігі. Әлемдік білім берудің озық тәжірибесіне байланысты қоғамның әлеуметтік-экономикалық жүйесі түбегейлі өзгерістерге ұшырап, адами капиталды дамытудың қажеттілігі мен маңыздылығын алға шығарып, білім берудің жаңа кезеңіне бет алды. Бұл орта білім берудің компоненттерін инновациялық талаптарға сәйкес жүзеге асыру қажеттілігін айқындайды. Осы орайда еліміздегі орта білім беруде құзыретті, шығармашыл, ойлау генерациясы жоғары, бәсекеге қабілетті, жаңашыл әрі креативті тұлғаны қалыптастыруды мақсат етеді. Ендеше, оқушылардың шығармашыл және креативті тұлға болып қалыптасуындағы басты кретирийлерінің бірі – олардың шығармашылық әлеуеті. Оқушылардың шығармашылық әлеуетін мақсатты, ғылыми негізделген, жүйелі түрде дамыту – бүгінгі білім беру парадигмасының басым бағыты, оның тек жеке академиялық және тұлғалық жетістіктерінің индикаторы ғана емес, сонымен қатар, ұлттың жалпы зияткерлік әлеуетінің деңгейін айқындайтын маңызды көрсеткіші болады. Мектептерде оқу үдерісіне бағытталған тиімді әдіс-тәсілдер мен технологияларды қолдануда оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту және оның өлшеу жолдарын іздеу маңызды міндеттердің бірі.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты 2023 жылдың 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына жолдауында: «Бүгінгі таңда азаматтардың шығармашылық әлеуеті мен интеллектуалдық капиталына сүйенетін креативті индустриялар инклюзивті экономиканы дамытудың негізгі қозғаушы күшіне айналып отыр. Сонымен қатар, креативті экономика талантты және шығармашыл адамдарды тарту арқылы ірі қалалардың өркендеуіне ықпал етеді» делінген [1]. Бұл ретте әлеуетті шығармашылықта дамытудың маңызы жоғарылап, болашақта экономиканы креативті қозғаушы күшке айналдыру үшін қазірден бастап, мектептерде оқушылардың шығармашылық ойлауын, инновациялық қабілеттерін дамыту қажеттігі көзделеді.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 3-бап, 2-тармақшасында: «...жеке адамның шығармашылық, рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы ой-өрісін байыту» деген білім берудің негізгі міндеттері қойылған [2]. Құжатта көрсетілгендей, оқушылардың шығармашылық әлеуетіне байланысты оқушы тек «білім алушы» рөлінде қалып қоймай, игерілген білімді жаңа мазмұнда қолдана алатын «трансформатор» рөліне көтерілуін сипаттайды. Сондай-ақ, өмірлік жағдаяттарды талдап, сындарлы шешім қабылдайтын, шығармашылық тұрғыдағы идеялар мен инновациялық өнімдер тудыра алатын саналы және жауапты тұлға ретінде қалыптасуына мүмкіндік береді. Ендеше, қойылған міндеттерді шешуде еліміздегі зияткерлік мектептердің оқу үдерісіне аса мән беріп, сол арқылы білім мазмұнын берудің тиімді тәсілдерін қолдану және

оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту - орта білім берудің басымдық беретін стратегиялық бағыты.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 23 қаңтардағы №12 бұйрығына сәйкес ұсынылған «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының» 12-тармағында: «...балалардың коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік, физикалық қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру» деп беріледі [3]. Осы орайда орта мектеп оқушыларына білім берудің заманауи моделін ұсына отырып, олардың шығармашылық әлеуетін арттыру, шығармашылық ізденістерін қолдау және сындарлы ойлау дағдысын жүйелі түрде дамыту мүмкіндіктері туындап отыр. Аталған міндеттерді жүйелі жүзеге асыруда еліміздегі заманауи озық білім беру беру мен тәжірибе таратушы орта, ресурстық орталық ретінде Назарбаев Зияткерлік мектептерінің педагогикалық үдерісін негізге алуға болады.

Оқушылардың шығармашылық әлеуеті дәстүрлі білім беру форматынан алшақтап, оларға алынған білімді шынайы өмірде тиімді қолдана білуге ықпалын тигізеді. Мектеп қабырғасында тек пәндік білімді меңгеру немесе бәсекеге қабілетті шәкірт болу жеткіліксіз. Сондықтан, әрбір оқушының шығармашылық даралығын, креативтілігін, қабілеттілігін жетілдіруде бүгінгі орта білім беру жүйесінің басты міндеті болып отыр.

Еліміздегі «Назарбаев Зияткерлік мектептерінің» білім беруді ұйымдастыру дербес білім беру ұйымы (ДББҰ) NIS-Programme білім беру бағдарламасы 2023 жылғы «10» тамыздағы шешімімен бекітілген № 37 хаттама бойынша жүзеге асырылады. Зерттеу мәселеміздің негізгі идеясы болған зияткерлік мектептерде оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту NIS-Programme білім беру бағдарламасында оқытылатын пәндердің күтілетін нәтижелерінде көрініс тапқан [4]. Сонымен қатар, сыныптан тыс ұйымдастырылатын бағдарламаның вариативті бөлімі – элективті курстар және үйімелер бағдарламада бекітілген сапалар аясында оқушылардың сыни ойлау, зерттеушілік, мәселелерді шешу мен шешім қабылдау, өзін-өзі реттеу және т.б. дағдыларын дамыту міндеттеледі.

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ-ның 2035 жылға дейінгі Даму стратегиясында еліміздің ертеңгі зияткер, шығармашыл тұлғаларды қалыптастыруда және оларды жан-жақты дамытуда миссиясы мен пайымы анық, кемелдікке ұмтылуда үш негізгі стратегиялық бағыт бойынша ұзақ мерзімді бастамаларды жүзеге асыруға бағытталған [5]. Сондай-ақ, құндылықтар негізінде оңтайлы білім беру ортасын құру арқылы оқыту мен тәрбиелеуде үйлесімді дамыған, бәсекеге қабілетті зияткер тұлғаны қалыптастыру және зияткер капиталды дамыту арқылы қазақстандық білім беру жүйесін әлемдік аренаға танытып, қолдану аясын кеңейтуді міндеттейді.

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев Бурабайда өткен (2025) IV Ұлттық құрылтайда: «... біз шын мәнінде озық ойлы ұлт боламыз десек, ғылым және

шығармашылықпен айналысуымыз қажет. Ол үшін қоғамда ғылым жолындағы қиындыққа төзе білетін, өз ісіне адал, табанды, еңбекқор, жаңашыл әрі жасампаз секілді қасиеттерді дәріптеп, орнықтыруымыз қажет» деп атап өтті. Сондықтан аталған қасиеттерді дәріптейтін білім беру мекемелерінің нейродидактикалық жүйесі құрылып, оны тиімді жүзеге асырылу жолдары айқындалады. Бұл ретте оқушылардың шығармашылық әлеуетінің бір бөлшегі нейродидактикаға сүйенеді. Олай деуге негіз бар, яғни оқушылардағы ұзақ мерзімді жад, визуалды жад, таным және технология, шығармашылықта жетістікке жетудің атрибуциясының болуы маңызды [6].

Зияткерлік мектептерінен бөлек, елімізде дарынды балаларға арналған түрлі санаттағы (мемлекеттік, жекеменшік, арнайы, халықаралық, өнер және шығармашылық мектептері, мамандандырылған лицейлер, IT мектептер) мектептер де бар. Бұл мектептердің де білім мен тәрбие берудің оқу бағдарламасы құндылықтарға негізделген, жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндерді тереңдете оқыту, зерттеушілік және жобалық қызметті кіріктіру арқылы пайдаланылатын инновациялық оқыту технологиясы оқушылардың шығармашылық және зияткерлік әлеуетін дамытуға бағдарланған. Мәселен, Республикалық физика-математика мектебін (РФММ), «Білім инновация лицейі» (БИЛ), халықаралық бакалавриат (IB) бағдарламасын ұсынатын Miras International School, Haileybury Astana, Haileybury Almaty International School, сондай ақ, JOO High School және және т.б жекеменшік мектептерін атап өтуге болады.

Бұл мектептердің түлектері әлемдік аренада түрлі халықаралық олимпиадалар мен ғылыми зерттеу жобаларынан ел намысын абыроймен қорғап, жаһандық деңгейдегі жоғары оқу орындарында білім алып, түрлі бағыттарда қызметтерін жалғастыруда.

Елімізде физика, математика пәндерін тереңдетіп оқытатын «Республикалық физика-математика мектебі» (РФММ), «Білім инновация лицейі» (БИЛ) және түрлі санаттағы дарын мектептері білім беру жүйесінде оқушылардың жетістіктерімен еліміздегі алдыңғы қатардағы білім беру мекемелері саналады. Алайда, бұл РФММ тек Алматы және Астана қаласында, ал БИЛ мектептері еліміздің бірқатар аймақтарында ғана бар. Еліміздегі барлық аймақтардағы оқушылар осы секілді үздік мектептерде білім алып, өздерін жан-жақты дамыту мүмкіндіктеріне ие болмай отыр.

Осы тұста жоғарыда келтірілген мәселені шешу мақсатында «Бірінші Президенттің зияткерлік мектебін» құру және олардың қызмет ету моделі бойынша жалпы білім беру мектептеріне ұсыныстар енгізу» тапсырмасы негізінде зияткерлік мектептер құру жөніндегі жобасы іске қосылған болатын [5,6. 13]. Бұл зияткерлік мектептердегі білім беру моделі мен озық тәжірибелері еліміздің басқа да жалпы білім беретін мектептеріне таратушы тәжірибелік-эксперименттік алаң болады.

Зияткерлік мектептерде оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту үдерісінде олардың білімдік және ғылыми-танымдық дағдыларын шығармашылық бағытта дамытуда жоғары талаптар қойылады. Әйтсе де,

оқушылар жоғары білім көрсеткіштері бойынша қойылған талапты қанағаттандырып, аталмыш білім мекемесіне қабылданғанымен, барлық оқушылардың шығармашылық әлеуеті бірыңғай еместігі белгілі.

Бүгінге дейін тұлғаның шығармашылық әлеуеті мен зияткерлігін дамытуға қатысты философиялық, психологиялық, педагогикалық еңбектердің мазмұнына теориялық талдаулар жүргізілді. Атап айтсақ:

- әлеует, тұлғалық әлеует, шығармашылық, шығармашылық ойлау қабілеттерін дамыту мәселесінің өзектілігі грек философтары Гераклит [7], Сократ [8], Аристотель [9], кейіннен бұл ұғым жаңару кезеңінің ойшылдары Ж.Ж.Руссо [10], К.Гельвеций [11], Д.Дидроның [12] еңбектерінде қарастырылса, шығармашылық әлеует жайлы тұжырымдар субъективті идеализм теориясының өкілдері И.Кант [13], Л.Фейербах [14], И.Фихте [15] сынды ғалымдардың зерттеулерінде көрініс табады. Шығыс ойшылдары Әбу Насыр әл-Фараби [16], Жүсіп Баласағұни [17] еңбектерінде сипатталады;

- тұлғадағы шығармашылық әлеуетті дамытудың психологиялық аспектілері жайлы батыстық зерттеулерде Гилфорд [18], К. Тейлор [19] және Е.П. Торренс [20] секілді ғалымдардың да зерттеу нысанына айналған және ресейлік ғалымдардың С.Л.Рубинштейн [21], А.Н. Леонтьев [22], В.И. Загвязинский [23], В.И. Андреев [24], И.Г. Калошиналардың [25] және қазақстандық ғалымдар Қ.Б.Жарықбаев [26], Ж.И.Намазбаева [27], С.М.Жақыпов [28], А.Р.Ерментаева [29] және т.б. зерттеулерінде қарастырылады;

- қазақтың ағартушы ойшылдары А.Құнанбаев [30], Ш.Құдайбердиев [31], С.Торайғыров [32], ағартушылар Ы.Алтынсарин [33], А. Байтұрсынов [34], М.Жұмабаевтың [35] еңбектерінде талданады;

- шығармашылық әлеуетті дамытудың педагогикалық аспектілері қазақстандық ғалымдар Ж.А. Қараев [36], Ж.У. Қобдикова [37], Н.Н. Нұрахметов [38], М.Р. Көпжасарова [39], Б.А.Тұрғынбаева [40], А.С.Амирова [41], Ж.К. Елеупаева [42], Ү.Б.Жексенбаева [43], Л.М.Нарықбаева [44], Қ.М.Нағымжанова [45], С.А.Нұржанова [46], Қ.Т. Атемова [47], С.А. Жолдасбековалардың [48] және т.б. зерттеулерінде қарастырылған, ал шетелдік ғалымдар В.А. Кан-Калик [49], Н.Д. Никандров [50], И.Я.Лернердің [51] еңбектерінде педагогикалық шығармашылықтың негізі кезеңдері қарастырылған, сондай-ақ шығармашылықтың құрамдастары зияткерлік, дарындылық, креативтілік бойынша елімізде жаңа форматта дайындалған ғалымдар, атап айтсақ, А.Қ.Мошқалов [52] (шығармашылық), А.Т.Туралбаева [53] (дарындылық), А.Н.Умирбекова (зияткерлік) [54], Б.М.Баймұханбетов [55], А.Байкулова [56], Г.Аспанова (лидерлік) [57], Т.Қазиев (шығармашылық) [58], Л.М. Исакова (зияткерлік) [59], Ж.Жұмаш (креативтілік) [60], Р.С. Омарова (шығармашылық қызығушылық) [61], Г. Е. Нұрмұханова (шығармашылық дербестік) [62], Н.А. Сандибаева (шығармашылық іс-әрекет) [63], және С.Р.Кыдырова (шығармашылық ойлау) [64] және т.б. зерттеушілердің еңбектерінде көрініс тапқан.

Оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың маңыздылығына арналған көптеген зерттеулердің жүргізілуі бұл салаға деген қызығушылықтың жоғары екендігін көрсетеді. Дегенмен, еліміздің көптеген білім мекемелеріне өз тәжірибесін таратып, орта білім беруде көшбасшы зияткерлік мектептердің оқушы шығармашылығын дамыту нәтижелері ресурстық орталық ретіндегі жүргізілген зерттеулердің болмауы келесідей қарама-қайшылықтарды айқындайды:

- әлеуметтік-педагогикалық тұрғыда қазіргі қоғамдағы оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытуға әлеуметтік сұраныс пен оның зияткерлік мектептердегі тәжірибелердің жүйелі іске асырылуының ғылыми негізде қамтамасыз етілмеуінің арасындағы;

- ғылыми-теориялық тұрғыда білім саласына енгізіліп жатқан реформалардың оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытуды көздеуі мен бұл мәселені тиімді шешу мақсатында зияткерлік мектептердегі ерекшеліктердің ескерілмеуі арасындағы;

- ғылыми-әдістемелік тұрғыда зияткерлік мектептерге қабылданған оқушылардың шығармашылық әлеуетінің бастапқы деңгейі мен оны жүйелі дамытудың әдістемелік кешендермен қамтамасыз етілмеуі арасындағы қарама-қайшылықтардың шешімін табу бізге, зерттеу мәселесін зияткерлік мектептердегі оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың әдістемесін дайындап, құрылымдық-мазмұндық моделін әзірлеуді айқындап, зерттеу жұмысымыздың тақырыбын: **«Зияткерлік мектептерде оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту»** деп алуымызға негіз болды.

Зерттеудің мақсаты: зияткерлік мектептерде оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындау, әдістемесін жасау және оның тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік жұмыстарда дәлелдеу, ғылыми-әдістемелік негізделген ұсыныстар беру.

Зерттеудің пәні: оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың әдістемесі.

Зерттеу нысаны: зияткерлік мектептердегі білім беру үдерісі.

Зерттеудің ғылыми болжамы: егер, зияткерлік мектептердегі оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалып, құрылымдық-мазмұндық моделі жасалса және зияткерлік мектептер негізінде оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың әдістемесі әзірленіп, оның тиімділігі эксперименттік жолмен дәлелденіп, шығармашылықпен тәжірибеге ендірілсе, онда оқушылардың шығармашылық әлеуетінің жоғары деңгейде дамуына мүмкіндік туады, өйткені бұл қоғам талабына сай, іс-әрекетте белсенділігі артқан, өз бетінше әрекет ете білетін, еркін және бәсекеге қабілетті шығармашылық әлеуеті дамыған оқушыны тәрбиелеуге оң ықпалын тигізеді.

Зерттеудің жетекші идеясы. Зияткерлік мектептерде оқушылардың шығармашылығын жоспарлы және кезеңдік дамыту арқылы шығармашыл, өзіндік жаңа идея ұсына алатын, әрі инновациялық жағдайдағы гуманитарлық

немесе жаратылыстану т.б. бағыттарда нейроөнім әзірлеу қабілетіне ие оқушыны дамытуға болады.

Зерттеу міндеттері

- оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың теориялық - әдіснамалық негіздерін айқындау;
- зияткерлік мектептердің оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың ерекшеліктерін анықтау;
- зияткерлік мектептердегі оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделін дайындау;
- зияткерлік мектептердегі оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың педагогикалық шарттарын анықтап, әдістемесін әзірлеу және оның тиімділігін педагогикалық эксперимент жүзінде тексеру.

Зерттеу әдістері

- теориялық: жинақтау, талдау, зерделеу, салыстыру, жүйелеу, модельдеу, контент-талдау, ассоциациялау, құрылымдау, нақтылау;
- эмпирикалық: диагностика, тест, google сауалнама, ойша эксперимент, χ^2 (хи квадрат) критерий әдісі, математикалық статистикалық тұрғыдан өңдеу.

Зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздері

- оқыту теориясы және философиясы (И.Кант, Дж.Беркли, Дейл Х.Шунк және т.б.);
- тұлға теориясы (К.Роджерс, Н.Роджерс, А.Маслоу, С.Л.Рубинштейн, Л.С. Выготский, Қ.Б.Жарықбаев, Ж.Намазбаева және т.б.);
- іс-әрекет теориясы (Л. Выготский, Г.С.Альтшуллер, А.Леонтьев, В.Франкл К. Гарднер және т.б.);
- біртұтас педагогикалық үдерісті ұйымдастыру теориясы (Д.Дьюи, М. Монтессори, Л.Выготский, Ж.Пиаже, В.А.Сухомлинский, Ю.К.Бабанский және Н.Хмель т.б.);
- шығармашылық теориясы (Ж.А.Қараев, Б.А. Тұрғынбаева, А.Ш.Оракова, А.Ж.Мәуітбекова, К.Н.Булатбаева, И.Ильич, Д.Дьюи және т.б.);
- нейродидактика теориялары (Г.М.Вольф, Гильфорд, Э. Ф.Зеер, Э. Э. Сыманюк, М.Ә.Перленбетов және т.б.);
- конструктивизм теориялары (Жан Пиаже, Л.Выготский, Брунер және т.б.);
- атрибуция теориялары (Хайдер, В.Weiner, R.M. Ryan, A.J.Elliot т.б.);
- зерттеудің әдіснамалық негіздерін айқындауда тұлғалық тұғыр, іс-әрекеттік тұғыр, синергетикалық тұғыр, шығармашылық тұғыр, өркениеттік тұғырлар мен қағидалары басшылыққа алынды.

Зерттеудің көздері: философия, психология, педагогика және әлеуметтану саласындағы еңбектер, Қазақстан Республикасының нормативті құжаттары: ҚР «Білім туралы» Заңы, Президенттің «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты жолдауы, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 23 қаңтардағы № 12 бұйрығына сәйкес ұсынылған «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары, NIS Programme-білім беру бағдарламасы, «Назарбаев Зияткерлік

мектептері» ДББҰ-ның 2035 жылға дейінгі Даму стратегиясы, шығармашылық әлеуетті дамыту үрдісіндегі жаңашылдық тәжірибелер, автордың ғылыми еңбектері мен ғылыми-педагогикалық тәжірибесі.

Зерттеу кезеңдері

Бірінші кезеңде (2016-2017 жж.) Оқушының шығармашылық әлеуетін дамытудың өзектілігі айқындалып, зерттеу мәселесі бойынша шетелдік және отандық тәжірибелерге сәйкес, философиялық, педагогикалық, психологиялық және нейродидактикалық еңбектерге талдау жасалды. Осының негізінде зерттеу жұмысының ғылыми аппараты құрылымдалды, зерттеудің мақсат-міндеттері, зерттеу пәні мен нысаны, зерттеу кезеңдері және ғылыми болжамы түзілді. Зерттеу мазмұны бойынша негізгі ұғымдық-категориялық аппарат жұмысы жүргізілді. «Әлеует», «шығармашылық әлеует», «зияткерлік мектептерде оқушылардың зияткерлік әлеуетін дамыту» түсініктерінің мазмұны мен құрылымы нақтыланды. Зерттеудің әдіснамалық негіздерін айқындауда тұғырлар мен қағидалары анықталып, олардың функциялары жолға қойылды.

Екінші кезеңде (2017-2018 жж.) зияткерлік мектеп оқушыларының шығармашылық әлеуетін дамытудың компоненттері айқындалып, өлшемдері мен көрсеткіштері түзіліп, құрылымдық-мазмұндық моделі динамикалық түрде дайындалды. Зияткерлік мектеп оқушыларының шығармашылық әлеуетін дамытудың деңгейлерін анықтауда педагогикалық-психологиялық диагностикалау жұмыстары жүргізілді. Сондай-ақ, зияткерлік мектептерде оқушыларының шығармашылық әлеуетін дамытудың әдістемесі: «Creative boost» электив курсы мен «Шығармашылық серпін» оқу-әдістемелік құралы дайындалып, тәжірибеге ұсынылды. Авторлық әдістемені тәжірибеге ендіруде оқу-тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру жүйеленді және эксперименттік-тәжірибелік жұмыстар жүргізілді.

Үшінші кезеңде (2018-2019 жж.) жүргізілген зерттеу жұмысының нәтижелерінің экспериментке дейінгі және эксперименттен кейінгі кезеңдегі анықталған көрсеткіштері қорытындыланып, салыстырмалы деңгейі түйінделді. Зияткерлік мектеп оқушыларының шығармашылық әлеуетін дамытуға перспективалық тұрғыдағы ғылыми-әдістемелік негіздегі ұсыныстар әзірленді. Тәжірибелі-эксперимент барысында алынған нәтижелер өңделіп диссертация түрінде рәсімделді.

Зерттеу базасы. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының «Шымкент қаласы Абай ауданындағы жаратылыстану-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі» филиалы. Тәжірибелік экспериментке жалпы саны – 241 оқушы қатысты.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы мен теориялық маңыздылығы

- зияткерлік мектептердегі оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалды;
- зияткерлік мектептегі оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың ерекшеліктері анықталды;
- зияткерлік мектептегі оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі дайындалды;

- зияткерлік мектептердегі оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың әдістемесі дайындалды.

Зерттеудің практикалық маңыздылығын: зияткерлік мектептердегі оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту әдістемесі: «Creative boost» атты элективті курс бағдарламасы; оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытуға арналған «Шығармашылық серпін» оқу-әдістемелік құралы әзірленіп, зияткерлік мектептің білім беру үдерісіне енгізілуі құрайды.

Зерттеу барысында практикалық нәтижелерді оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту бағытында мектептегі оқу-тәрбие үдерісінің ұйымдастыруда қолдануға және педагогтердің кәсіби даму орталықтарында, жалпы орта білім беретін мектептердің педагогтеріне, зияткерлік мектептердің педагогтеріне қолдануға болады.

Қорғауға ұсынылатын қағидалар

- зияткерлік мектептердегі оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың теориялық негіздері философияда «жаңашылдықпен ойлаудың мәнін түсіндіреді», психологияда «тұлғаның идея генерациясы, сонылығы мен ойлау икемділігі, зейіннің тұрақтылығы, сипаттайды», ал педагогикада «оқушылардың ішкі мүмкіндіктерін сыртқы көріністе белсенділігін дамытуға бағытталған іс-әрекеттер жиынтығы» деп талданады; зияткерлік мектептерде оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың әдіснамалық негіздерін тұлғалық, іс-әрекеттік, синергетикалық, өркениеттік тұғырлары мен жүйелілік, ғылымилық, даралану мен түрлену, креативтілік қағидалары құрайды;

- «әлеует – берілген нүктедегі энергияны, кернеуді, қабілетті пайдалануға мүмкіндік беретін қуат көзі»; «шығармашылық әлеует - бұл тұлғаның ішкі мүмкіндіктері мен сыртқы орта жағдайларының өзара үйлесуінің нәтижесінде ойлаудың сонылығын және идеяларды генерациялауға мүмкіндік беретін нейродидактикалық құрылым»; «зияткерлік мектептерде оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту – оқушының ішкі ресурстарын сыртқы ортада жаңашылдыққа ұмтылдыруда, оның ойлау еркіндігі мен ойлау шапшаңдығын, концептуалдық бейімделгіштігі мен конструктивтік идеяларды жүзеге асырудағы нейропедагогикаға бағытталған үдеріс»;

- зияткерлік мектептердегі оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың ерекшеліктері: білім беру бағдарламасы, гендерлік оқыту тәсілі, үштілділік білім беру, пәнаралық байланыс, шетелдік мамандарының тартылуы, ЖОО-на түсу емтиндарына дайындығы, үйірмелердің қолжетімділігі, ағылшын тілі емтиханының міндеттілігі, ғылыми жұмыспен айналысу және олимпиадаға дайындық, «Жаһандық перспективалар және жобалық жұмыс» пәні, халықаралық стандартқа сәйкес келуі мен бағалау үдерісі;

- зияткерлік мектептердегі оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі блоктар, компоненттер, өлшем мен көрсеткіштер және деңгейлері анықталған динамикалық байланыста жүзеге асырылады.

- зияткерлік мектептердегі оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың әдістемесі: 8-9 сынып оқушыларына арналған «Creative boost»

бағдарламасы, «Шығармашылық серпін» оқу-әдістемелік құралы дайындалды.

Зерттеу нәтижелерінің сенімділігі, мақұлдануы, тәжірибеге ендірілуі: Диссертациялық зерттеудің мазмұны бойынша жарияланған ғылыми еңбектердің саны-11, оның ішінде Скопус базасында -1, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда-3, халықаралық ғылыми-практикалық конференция жинағында-2, шетелдік ғылыми басылымдарда- 4, оқу-әдістемелік құралы-1. Атап айтар болсақ:

Scopus және Web of Science базасында индекстелетін ғылыми журналда:

1. Development of Students' Creativity: Results of Practical Testing of the Learning Model during the Pandemic//European Journal of Contemporary Education, 2023, 12 (2), pp.655-666. (co-authored with K. Atemova, K. Turebayeva, R. Kenzhebekova). Докторант үлесі -80%

ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғарғы білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің тізіміндегі басылымдарында:

2. Зияткерлік мектептерде оқушылардың шығармашылық әлеуетінің қалыптасуына отбасы тәрбиесінің ықпалы // Вестник Академии Педагогических Наук Казахстана. № 2 - 2018, 31-38 б.б. (қосалқы автор: А.Ж. Купешова, Қ.Т. Әтемова, Қ. І. Абдрахманова. Докторант үлесі – 70%)

3. Зияткерлік мектепте оқу үрдісінің мазмұны арқылы оқушылардың шығармашылық әлеуетін қалыптастыру // Қазақстанның ғылымы мен өмірі Халықаралық ғылыми журнал. - №3. – 2019, 137-142 б.б. (қосалқы автор: А. Әтемова Қ. Т., Абишева К. М., Купешова А. Ж. Докторант үлесі-70%)

4. The impact of Nazarbayev Intellectual School's curriculum on the formation of students' creativity potential // Қазақстанның ғылымы мен өмірі Халықаралық ғылыми журнал. - №8/3. -2019, 139-143 б.б. (қосалқы автор: Sengerbekova B.A., Koshkenbayeva M.M., Kupeshova A.Zh. Докторант үлесі-70%)

Шет елдерде өткізілген халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарында және ғылыми журналдарда жарияланған ғылыми еңбектері:

5. Nazarbayev Intellectual school is a sphere of creativity // 8th International Conference “Science and Technology” by SCIEURO London, №1, V.2, 23-29 April, 2017. p.p- 104-109 (co-authored with Atemova K.T., Bolsynova M., Kokanbayeva M. Докторант үлесі-70%).

6. Formation of Students' Creativity Potential In Intellectual Schools // Journal of Organizational Behavior Research. Turkey.- 2015.Vol.:4, 2019. p.p-148-161. (co-authored with K.Atemova, A.Isabayeva, G.Nuridinova, N.Bektayeva, B.Sengerbekova. Докторант үлесі-70%).

7. Кіріктірілген білім беру жүйесінің оқушылардың шығармашылық әлеуетін қалыптастырудың тиімділігі // International Symposium on Altay Communities Home- Family and Family Values. Istanbul, July 24-26. -№22. 2017. - p.p.-851- 859. (қосалқы автор: Қ. Әтемова, Қ. Абдрахманова, К. Абишева.

Докторант үлесі- 70%)

8. Effective and Innovative ways of teaching in modern educational system // профессор Т. А. Тұрмамбековтың 60- жылдығына арналған «Заманауи ғылым және білімнің өзекті мәселелері мен тенденциялары» атты халықаралық ғылыми- тәжірибелік конференцияның материалдары, ISBN 978-698-153-204-2. 26-27 қаңтар 2017, Қазақстан, Түркістан, 54-56 б.б. (co-authored with: Atemova K. T., Abdrakhmanova. Докторант үлесі- 80%).

9. Research into the Conditions and Criteria for Developing the Creativity Potential of Secondary School Children // Psychology and Education (2020) (57/9): p.p.-1892-1898 (co-authored with G. Akhmetova, N. Medetbekova, A. Asylbekova, K. Sakhova. Докторант үлесі- 60%).

10. Transformative Pedagogy: Nurturing Critical Thinking and Lifelong Learning // Ғалым-ұстаз, филология ғылымдарының кандидаты Ханшайым Әбдүтәліпқызы Қарабаеваның 60 жылдық мерейтойына арналған «Қазақ тілінің ХХІ ғасырдағы әлеуеті: линводидактика және оқыту инновациясы» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция, Алматы.-2024, 358-360 б.б (co-authored with Ismailova Lyazzat Zhumabayevna & Akhmedov Nurlan Nurgalievich. Докторант үлесі- 70%).

Оқу-әдістемелік, оқу құралдары

11. «Шығармашылық серпін» оқу-әдістемелік құрал // Оқу-әдістемелік құралы. Шымкент НЗМ ФМБ. ISBN 978-601-09-3343-9. 20247 (қосалқы автор: Қ. Атемова. Докторант үлесі- 80%).

Диссертация құрылымы мен мазмұны. Диссертация кіріспеден, негізгі үш негізгі тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады.

Кіріспе тақырыптың өзектілігі, зерттеу жұмысының мақсаты, міндеттері, ғылыми болжамы мен зерттеудің ғылыми аппаратын қамтиды.

«Зияткерлік мектептерде оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздері» атты бірінші тарауда оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту идеясының шығу генезисі, әдіснамалық тұғырлары мен қағидалары, зерттелініп отырған мәселенің теориялық негіздеуінде философиялық, педагогикалық және психологиялық зерттеулер арқылы контент-талдау жасалынып, «әлеует», «шығармашылық әлеует», «зияткерлік мектептерде оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту» түсініктерінің құрылымы нақтыланады және мазмұны айқындалады.

«Зияткерлік мектептерде оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытуды модельдеу» атты екінші тарауда зияткерлік мектеп оқушыларының шығармашылық әлеуетін дамытудың ерекшеліктері талқыланып, зияткерлік мектептерде оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың заманауи бағыттары көрсетіледі. Сонымен қатар, аталмыш тарауда зияткерлік мектептердегі оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі құрылымдалып, түзілген компоненттер, өлшемдері мен көрсеткіштеріне сай дайындалды.

«Зияткерлік мектептерде оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың тәжірибелік-эксперименттік жұмыстары» атты үшінші тарауда зияткерлік мектеп оқушыларының шығармашылық әлеуетін дамытудың бағдарламасы жасалынып, әдістемесі ұсынылады. Осының нәтижесінде «Creative boost» электив курсы мен «Шығармашылық серпін» оқу-әдістемелік құрал бойынша зияткерлік мектептегі шығармашылық әлеуетті дамытуға негізделген оқу-тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру жүйеленеді. Сонымен қатар эксперимент жұмыстары жүргізіліп, сапалық және сандық әдістермен талданады.

Қорытындыда ғылыми болжамды дәлелдейтін зерттеудің нәтижелері мен тұжырымдары беріледі, ғылыми-әдістемелік ұсыныстар мен оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту мәселесінің болашақтағы зерттелетін бағыттары көрсетіледі.

Қосымшада жұмыс барысы мен тәжірибелік — экспериментте пайдаланылған материалдар қамтылған.

1 ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕПТЕРДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ӘЛЕУЕТІН ДАМУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1 Тұлғаның шығармашылық әлеуетін дамытудың генезисі

Білім философиясы тұлға дамуындағы ақпаратты немесе тәжірибені шығармашылықпен, яғни тұлғаның жаңаны жасау қабілетімен тығыз байланысты субъектілер ретінде қарастырады, мұнда білім философиясының атқаратын функциясы шығармашылықтың негізі ретінде қызмет ету болса, ал шығармашылық білім философиясын кең диапозонда өзгерте алады. Бұл оқушыдағы шығармашылықты дамыту ғана емес, сонымен бірге әлемді өзгертуге, өзін-өзі жүзеге асыруға және еркіндіктің жоғарғы деңгейіне (нейробілімді қоса алғанда) жетуге мүмкіндік береді.

Тұлғаның шығармашылық әлеуеті түсінігін *икемділік, ойлаудың өзіндік ерекшелігі, қиял және жеке қасиеттер, интуиция, мотивация, ерік* құрайды. Бұлар тұлғадағы бұрыннан бар білім негізінде жеке өсу мен әлеуметтік прогресті алға жылжыта отырып, бірегей идеялар мен шешімдер жасауға жағдай жасайды.

Білім онтологиясы шығармашылықты құрылымдық, жаңалыққа кұштарлық, мағыналы ақпарат, есте сақтау, іс-әрекет, танымдық белсенділік алгоритмі ретінде түсіндіреді. Мұнда шығармашылық қызметтің ең жоғарғы түрі: білімді қолдану ғана емес, оларды өзгерту, жаңасын құру, белгілі шеңберден шығу, сонымен бірге білім алуда **шығармашылық өнімдер** немесе ЖИ негізіндегі адамның көмегінде дайындалған нейроөнімдер ұсынуға болады және жеке тұлғаның дамуын трансформациялайды.

Біздің зерттеуімізде оқушылардағы жинақталған білімді болашақ нәтижемен байланыстыратын, репродуктивтіден өнімді ойлауға ауысуға мүмкіндік беретін *интуицияның, қиялдың(фантазия)* рөлін басым деп айтуға болады, өйткені, шығармашылық әлеуметтік прогреске, ізгілендіруге және оқушылардың даму еркіндігін арттыруға, өзін-өзі көрсетуге және өзін-өзі жүзеге асыруға бағытталады.

Білім философиясында постмодернизм деген түсінік бар. Постмодернизм – бұл заманауи білімдегі рефлексия, заманауи мәдениетке тән феноменологияны белгілеу үшін қолданылатын ұғым. Сондай-ақ, аксиологиядан алыстап, «пост – ғылыми ойлау», «пост – шығармашыл ойлау», «пост – поэтикалық ойлау», «пост – нейро ойлау», «пост – жоғары өнер» секілді құрылымдық сана деңгейлерін алға шығарады. Алайда, заманауи білім беруде, соның ішінде еліміздегі зияткерлік мектептерде оқушыларды аталмыш деңгейлерде дамыту білімнің постмодерндік бағдарламаларына көшуді көздейді. Бұл айтылғандар зияткерлік мектептерде оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың генезисін қарастыруда соңғы кезеңдегі прогрестің мәнін көрсетеді [65,66].

Шығармашылық – философияның, психологияның және педагогиканың т.б. ғылымдардың маңызды тақырыптарының бірі. Ежелгі философтардан бастап, біздің замандастарымызға дейінгі көптеген ойшылдар шығармашылық

ұғымын анықтауға, шабыттың негізгі ерекшеліктерін осы үдерістің құрамдас бөлігі ретінде анықтауға тырысты. Шығармашылық құбылысын түсіну және сипаттау әрекеттері бірден шешілмейтін парадокстарға тап болады: Шығармашылық туралы көп білетін адамдар шығармашылық мәселесі бойынша қызықты мақалалар мен кітаптар жазудан басқа, өздері жасамайды. Ғылымда немесе өнерде мүлдем жаңа құндылықтар жасайтын және жасайтын адам көбінесе оны қалай жасайтынын білмейді, содан кейін оның шығармашылық теоретиктерге айтқаны ерекше құнды емес, өйткені оның жеке тәжірибесінен жалпы тұжырымдар мен ұсыныстар алу мүмкін емес [9,б. 511].

Осы орайда шығармашылық әлеует төңірегіндегі көптеген ғылыми еңбектер мен зерттеулер, сондай-ақ әр кезеңде өмір сүрген философтар мен педагогтердің, психологтар мен ғалымдардың тұжырымдары дәлел бола алады. Аталмыш еңбектерді зерттей келе, шығармашылық әлеует ұғымының грек ойшылдары заманынан бастау алғаны негізделеді.

Атап айтсақ, адамзат бойында шығармашылық әлеуетті дамыту идеясының шығу тарихына грек философтары ойшылдар Гераклит (б.з.б. 544-483), Сократ (б.з.б. 470-399), Платон (б.з.б. 429-347) мен Аристотельдерді (б.з.б. 384-322) жатқызсақ, аталмыш ұғымның ары қарай өрбуіне, қалыптасуына негіз болған ортағасырлық ойшылдар Әбу Насыр әл-Фараби (870 - 950 ж. ш.), Жүсіп Баласағұни (1020 ж.) және Мұхаммед Хайдар Дулатидің (1499-1551) еңбектерін жатқызамыз. Сонымен қатар, бұл қатарға біз педагогика саласында өзіндік ерекше орны бар педагог ғалымдар – Я. А. Коменский (1552-1670), Дж. Локк (1632-1704), И. Г. Песталоцци (1746-1827), XVIII ғасыр аралығында өмір сүрген орыс педагогикасының ұлы классигі К.Д. Ушинский (1824-1871), В. Г. Белинский (1811-1848), А. С. Макаренконың (1888-1939), XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы қазақ ағартушылары Ш. Уәлиханов (1835-1865), Ы. Алтынсарин (1841-1889), А. Құнанбаев (1845-1904), Кеңес дәуіріндегі Қазақстан мектебі мен педагогикасының негізін қалаушылар - А. Байтұрсыновтың (1872-1937), Ж. Аймауытовтың (1889-1931), М. Дулатовтың (1885-1935), және «шығармашылық» ұғымын алғаш болып қазақ педагогикасына енгізген М. Жұмабаев (1893-1938) сынды ағартушы ғалымдардың тарихи педагогикалық әдебиеттері мен дерек көздерін жатқызамыз.

Зерттеп отырған мәселеміздің төңірегінде әдебиеттерге шолу жасау арқылы шығармашылық әлеуеттің сипаттамалары жайлы ақпарат ең алғаш рет көне ғасыр ойшылдарының еңбектерінде кездесе бастағандығын аңғардық. Дегенмен, бұл дәуірде өмір сүрген философтардың шығармашылық жайлы идеялары ғылыми тұжырымдардың алдында, халықтық наным-сенім мен діни түсініктерден бастау алған. Бұл түсінік «Платон диалогтарында» айқын көрініс тапқан [67]. Осы жөнінде Ресей философы, ғалым Асмус Валентин өзінің «Платон ұсынған шығармашылық ұғымының мистикалық теориясы» атты еңбегінде Платонның мына сөздерін мысалға келтіреді: «... ақын шығармашылығы оның өнері мен білімінен емес, құдайдан келген бағыттаудан туады» [68]. Платонның бұл сөзі шығармашылық әлеуеті жоғары тұлғалар –

ақын адамдардың өз ойларын қарапайым сөздермен емес, өлең шумақтарымен ерекше етіп жеткізе білуі, олардың өз білімінің нәтижесінде емес, құдай тарапынан мандайларына жазылған тағдырлары арқылы жүзеге асатындығынан хабар береді. Демек, бұл пікірі арқылы Платон құдай жаратқан шығармашылықты адам баласы ой елегінен өткізіп, ұғына білгенімен, оны өзгертуге адамның дәрмені жетпейтіндігін нақты баяндап отыр. Бұл пікір тек өнер саласын ғана емес, сондай-ақ жаратылыстану, Жер білімі ғылымдарын да қамтыған. Шығармашылық кейіннен неоплатонизм философиясында өз жалғасын тапты. Дегенмен, уақыт өте келе бұл пікірді жоққа шығарушылар да пайда болды. Олардың бірі – Аристотель болды. Ол өзінің «Метафизика» еңбегінде былай деп жазады: «Табиғатынан дара туылып, өнерді меңгерген адамдарға қарағанда көп көріп, көп нәрсені басынан өткерген тәжірибелі адамдар әлдеқайда шығармашыл келеді. Мәселен, көп тәжірибеге ие тәлімгер өнерлі шеберге қарағанда данағөй, ал теориялық ғылымдар жаңаны жасап шығару өнеріне қарағанда әлдеқайда жоғары тұрады» [69]. Ойшыл мұндағы «жаңаны жасап шығару» тіркесі арқылы өнер адамдарына тиесілі шығармашылықты меңзегенін байқаймыз. Яғни, ойшыл әлемге жаңа өлең сыйлайтын ақынға немесе жаңа ән сыйлайтын композиторға қарағанда, ойлау, тұжырымдау және саралау арқылы ақиқатқа жететін философтардың шығармашылық әлеуеті жоғарырақ екендігін меңзейді және оны ақиқатқа жетудің құралы деп қарастырады. Оны ойшылдың «Метафизика» еңбегіндегі келесі сөздерінен байқауымызға болады: «Шығармашылық қабілет - адам санасының жоғарғы формасы. Яғни, шығармашылық ойлаудың нәтижесінде пайда болатын жеміс» [69,с. 79]. Біз бұдан ойшылдың шығармашылықты даналықпен ойлау ерекшеліктерімен байланыстыра сипаттағанын аңғарамыз және терең әрі дұрыс ойлаудың ақиқатқа жол ашатындығын сол дәуірде-ақ ұғына білгенін байқаймыз. Оған Аристотельдің келесі сөздері дәлел бола алады: «...ақиқат сезім арқылы ғана емес, ақыл арқылы да танылады. Ол іс-әрекет арқасында, фактілерді жинау нәтижесінде қалыптасады» [69,с. 109]. Осылайша, ойшыл шығармашылықты ақиқат теориясымен байланыстыра отырып, адам ақиқатты тек жоғарғы күштер арқылы ғана емес, логика арқылы да таниды, ал логика мен ақыл өз кезегінде тұлға бойында шығармашылықты дамытатын ең негізгі факторлар деп тұжырымдағанына толық көз жеткізе аламыз. Осылайша, ол Платонның шығармашылықты грек мифологиясымен байланыстырып, тылсым күштер мен құдайға жүгінуін және шығармашылықтың тұлға бойында туа бітті қалыптасатындығына сенуін оның философиясының осал жағы деп есептеп, сол үшін кезінде: «*Платон – досым, бірақ шындық – қымбаттырақ*», – деп жоғарыда сөз болған Платондық шығармашылық теориясын сынға алған [69,с. 44-51]. Сонымен, Аристотельдің пікірінше, шығармашылық әлеует адам бойында туа қалыптаспайды, керісінше, жүре-тұра, есейе келе және тәжірибе жинау арқылы қалыптасатын құбылыс. Мұндай пікірге арадан ғасырлар салып ұлы Абай да келген. Ол өзінің 19- шы қара сөзінде нақты шығармашылықты меңземесе де, адам бойындағы қабілеттердің туа салып пайда болмайтынын жазып, мұны тек тәжірибенің

жемісіне теңеген: «адам ата-анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды-дағы, сондайдан білгені, көргені көп адам білімді болады» [70]. Олай болса, біздің пікірімізше, шығармашылық әлеует те тұлға бойында туа бітті қалыптаспайды, оның қалыптасуы мен дами түсуі үшін үздіксіз еңбек қажет.



Сурет 1 – «Шығармашылық әлеует» ұғымының философиялық мәні

Аристотельдің шығармашылық әлеует арқылы ақиқатқа жету идеясы Сократтың еңбектерінде жалғасын тапты. Сократ оқыту үдерісінде оқушылардың іс-әрекетін арнайы басқарып отыру қажеттілігімен қоса, оқушылардың шығармашылық ойлау дағдысын қалыптастыру мақсатында арнайы оқыту әдісі - *эвристикалық әңгімелесуді* алғашқылардың бірі болып қолданған. Оған Сократтың *«Талқыға салған кезде ғана ақиқаттың беті ашылады»* деген нақыл сөзі негізді дәлел бола алады [71]. Қазіргі таңда *«Сократтық әдіс»* атауымен танымал болған бұл тәсіл, көне дәуірдің өзінде, ойшылдың шәкірттерге білімді дайын түрде беруден бойын аулақ ұстағандығын анық көрсетеді. Ойшыл оқушыларға сұрақ қою арқылы оларды ойландыруға, ал ойлану арқылы ақиқатқа жетелеуге баулығанын ескерсек, біз бұл идеяның Аристотель идеясымен сабақтас болғандығын көреміз. Ол эвристикалық сұрақтарды алдын-ала дайындай отырып, сұрақ қою арқылы шәкірттерінің ойлау қабілетін, қызығушылығын арттырып, өз ой тұжырымын жасай білуге баулыды. Осы әрекеті арқылы Сократ «ақиқатқа жетуді» оқушылардың өздеріне тапсырып отырды. Сонымен қатар, Сократ ақиқаттың шексіз екенін және оны танып-білу үшін адам баласы шығармашылық ойлаудың шыңына шығуы қажет екенін, ал оны тек көп ізденіс арқылы жүзеге асыратынын атап көрсеткен. Ол осы тұста *«Мен көп нәрсені білмейтінімді білемін, алайда басқалар мұны да білмейді»* деп жазды [71, с. 49]. Арадан қаншама ғасырлар өтсе де, білім саласында «сократтық әдістің» құндылығы мен маңыздылығы қазіргі күнде де өз мәнін жоғалтпай отыр. Өйткені, Сократтың мақсаты білімнің өзі емес, оқушылардың білімге деген ықыласын және құштарлығын ояту болған. Осы арқылы, шәкірттерді өз бетінше ойлануға,

және сұрақтардың жауабын өз бетінше ізденуге ынтықтырған. Сондықтан да, эвристикалық әңгімеде оқушылар өздігінше ойлап, өз танымы бойынша білімді игеретіндігі байқалады. Ал бұл өз кезегінде, ойлаудың жоғарғы формасы болып саналатын шығармашылық әлеуеттің басты көрсеткіші екені анық.

Шығармашылық әлеует ұғымының даму генезисін талдауда, Әл-Фарабидің еңбектерін ерекше атап өтпеске болмас. Нақтырақ айтсақ, тұлғаның әрекеті мен оның жеке тұлға ретінде қалыптасуы жөнінде сындарлы тұжырым қалдырған шығыстың ұлы ойшылы Әл-Фараби (870 - 950 ж. ш.) кемел адамды сипаттай келе, «жаратылысын өзіне айтылғанның бәрін жете түсінетін..., өзі түсінген, көрген, естігенін және аңғарғанын жадында сақтайтын..., алғыр да, аңғарымпаз ақыл иесі, өткір сөз иесі және ойына түйгеннің бәрін айдай анық айтып бере алатын, өнер білімге құштарлық тәрізді бойына он екі қасиетті ұштастыра алатын адам» деген ой пікірін білдірген [72]. Ойшылдың бұл пікірінен біз оның мінсіз адам деп шығармашылық әлеуеті жоғары деңгейде қалыптасқан тұлғаны сипаттағанын аңғарамыз. Былай дейтін себебіміз, осыдан сан ғасыр бұрын Әл-Фараби тарапынан берілген «мінсіз адам» сипаттамасы, XX ғасырда шығармашылықты жан-жақты зерттеген американдық психолог П. Торренстің «шығармашыл тұлғаға» берген анықтамасымен толықтай сай келетінін аңғармыз. П.Торренс өзінің «Педагогика» атты еңбегіндегі шығармашылық әлеуеті жоғары тұлғаны былай деп сипаттайды: «шығармашыл тұлға – өзінің білімінің жетімсіздігін, өзара үйлесімсіздікті байқай білетін, жорамал жасауға, шешімді іздеу жолына, олардың нәтижелерін тұжырымды етіп айтуға сезімі ояу тұлға» [17,б. 134]. Тұжырымымызды дәйекті ете түсу үшін IX-X ғасырларда өмір сүрген шығыс ойшылы Әл-Фараби мен XX ғасырда шығармашылық әлеуеттің теориялық негізін қалыптастыруға орасан зор үлес қосқан Торренстің анықтамасына келесідей салыстырмалы талдау жасауды жөн көрдік: шығармашыл тұлғаны сипаттау үшін психолог Торренс қолданған *«өзгерістерді байқай білетін»* тіркесі ұлы ойшыл Әл-Фарабидің *«аңғарымпаз»* сөзіне келіп саяды. Өйткені шығармашылық әлеуеті дамыған тұлға айналасындағы болып жатқан құбылыстарды өз бетінше байқай және аңғара білетіні анық. Ғалымның сипаттамасындағы *«шешімдерінің нәтижелерін тұжырымды етіп айта білетін»* тіркесі Әл-Фарабидің *«өткір сөз иесі»* идеясымен астасып жатыр. Мұндағы ғалым мен ойшылдың айтпағы шығармашылық қабілеті дамыған тұлға тек ойланып, ойынан қорытынды жасап қоймай, оны бос сөзбен емес, дәйекті аргументтермен дәлелді түрде негіздей отырып, ойын өзгелерге ұғынықты етіп жеткізе білетін тұлға болып саналады. Әл-Фараби мінсіз адамды сипаттауда қолданған *«өзіне айтылғанның бәрін жете түсінетін»* тіркесі кейіннен Торренстің шығармашыл тұлғаларды сипаттауда *«жорамал жасауға, шешімді іздеуге бейім»* сөздерімен астасады. Егер философиялық сөздікке үңілсек, шығармашылық ұғымының сипаттамасы «пайда болған міндеттерді әлдеқашан белгілі болған тәсілдермен шешу үшін талап етілетіндердің тысына шығатын жоғары формадағы ойлау» деп беріледі [17,б. 105]. Олай болса, мінсіз адамды сипаттаған Әл-Фараби мен шығармашыл тұлғаға анықтама берген Торренстің меңзегені бір екеніне көзіміз жетеді.

Ұлы ойшыл Әл-Фарабиге ұқсас сипаттаманы бертін келе 1020 жылдары өз дәуірінде сан алуан ғылым салаларын жетік меңгерген ғұлама ақын Жүсіп Баласағұн өзінің «Құдатғу білік» еңбегінде береді. Ол аталмыш дастанында жан-жақты дамыған кемел адамды сипаттау мақсатында *«толық пішімді»* ұғымын қолданып, адамның кемелденген бейнесін *«...қабандай қайсар, сауысқандай сақ, қарлығаштай қырағы...»* деп сипаттайды [18,б. 285]. Яғни бұл сипаттама адамның жан-жақты қабілетті болуы тиіс деген тұжырымға келіп саяды және оған жетудің бірден-бір жолы ғылым мен білім екенін атап көрсетеді. Сондай-ақ, ғұлама адамның ақыл парасаты барлық нәрсенің мән-мағынасын түсінуге қабілетті деген пікір айтады [15,с. 198].

Ғылыми еңбектерде, осы іспеттес тұжырымға XV-XVI ғасырларда Мұхаммед Хайдар Дулатидің де тоқталғандығы жөнінде айтылады. Ол кемелденген адамды «Өзгенің көре алмағанын көре алады. Өзгенің ойламағанын ойлай біледі» деп сипаттап, шығармашылық әлеуеті жоғары тұлғаның алысқа баратынын болжап, мұндай қасиеттері бар адамның іс-әрекеті қылыш пен садақтың оғынан әлдеқайда асып түсетінін айтып өткен [73]. Мұнан шығатын қорытынды, қазақ ойшылдары қолданған «кемел», «кемелденген» ұғымы қазіргі кезеңде қолданылып жүрген «шығармашыл» ұғымының мәніне түспа-түс келеді деп тұжырым жасауымызға болады.

XIX ғасырда қасиетті қазақ даласында шығармашылық мәселесіне деген қызығушылық жоғарылай түседі. Аталмыш ғасырда қазақ халқының ағартушылары халықты сауаттандыру, жеке тұлғаның қабілетін дамыту мәселелерін жаппай көтере бастады. Мәселен, Ш.Уәлиханов шығармаларында жеке тұлғаның бойындағы шығармашылық қабілет ақыл-ой жүйріктігімен және табиғи қабілетпен айқындалады [74]. Оның жалпы қазақ халқының ақыл-ой қабілеттілігі жөніндегі пікірі мынандай: «Қазақтар табиғатынан ақыл-ой жүйріктігімен, таңқаларлық көңілшектілігімен ерекшеленеді». Ш.Уәлиханов шығармашылыққа үлкен маңыз бере отырып, адам қабілетінің дамуына оның табиғи бейімділігінің, яғни табиғи қабілетінің мәні зор екендігін алға тартады [74,б. 123].

«Айшылық алыс жерлерден,
Көзіңді ашып-жұмғанша,
Жылдам хабар алғызды –
Бұлттан шыққан найзағай,
Көкке ескен желдей бұлғақты,
Алыстан күткен елжіреп,

Алуан хатты алғызды» деген қазақтың ағартушысы Ы.Алтынсариннің «Өнер – білім бар жұрттар» бұл өлеңі қазақ халқын білімге, өнерге, заманынан қалмай жаңашылдыққа икемді болуға шақырады. «Табиғи ақыл өзін қоршағанды ғана құшағына ала алса, оны дамытып, өзі көрмегенді де танып білуге мүмкіндік жасайтын тек қана өркениетке жетелейтін озық білім», - дейді [34,б. 181]. Біз Ыбырай Алтынсариннің бұл өлеңінің «Айшылық алыс жерлерден...жылдам хабар алғызды» шумағынан смартфон, интернет, әлеуметтік желілер секілді

техникалық жетістіктерді меңзегенін, ал, «найзағай», «желдей бұлғақты» деген сөздермен ғылым мен техниканың қуатын бейнелегендігін аңғарамыз.

Ы.Алтынсариннің еңбектерінде адам әлеуетінің орасан күштері сипатталады. Осы орайда оқушылар *интериоизациялау кезеңін* бастан өткізіп, яғни сыртқы ортадан алған *ақпараттарды, құндылықтарды өз ішкі әлемінде өңдеу* және сол сәттен бастап, шығармашылық әлеует іске қосылып, *оқушы өз стилін* іздейді. Алайда бұл тұста **дивергентті ойлаудың** маңызы жоғары, себебі мәселені шешудің өзі оқушылар үшін **логикалық талдауға ұласуы** мүмкін. Соңында оқушылар шығармашылық әлеуетті өз идеясын қорғау, *концептуалды ойлау қабілетінің* артуымен дамытады. Нәтижесінде Ы.Алтынсарин сипаттап отырған өнімдердің пайда болуы белгілі.

Ғылымға құмарлық - шығармашылық ізденістен бастау алып, сол ізденіс арқылы балаға ақиқатты тануда ағартушылық жолды меңзеген қазақ даласының ұлы ойшылы Абай Құнанбаев болды [75]. Ол шығармашылық ізденіс арқылы баланы ғылымға бағыттау үшін балаларға ең алдымен жалпы білім беруді ұсынды. Демек, ол баланың ақыл – ойын, дүниетанымын және жалпы мәдениетін дамыту керек дегенді алға тартады. Осы орайда, Абайдың: «ғылым-биік мұрат, сүймеген берілмеген адамға ғылым қонбайды, оны тиянақты түрде сабырмен, салмақпен, табандылықпен үйрену керек. Егер ақиқатты танысаң, одан өлсең де айрылма» деген көзқарасы арқылы шығармашылық ізденістің ғылымға апарар жолы оңай еместігін, үлкен ізденіс арқылы ақиқатты тануға болатындығын, әрі қол жеткен ақиқат өзіне ғана емес, өзгелерге де пайда әкелетіндігін түсінуге болады [75,б. 74-77]. Қандай да бір ізденіс үшін ғалым, ең алдымен, айқын мақсат қоюды, сол мақсатқа жетер деген сенім мен құмарлықтың, соған сәйкес білімнің болуын – ғалымдыққа апарар жол деп тұжырымдайды. «Осындай жолмен табылған ақиқат деректі де, баянды болады», - дейді. Әрбір қазақтың оқуға талабы бар жастарына үндеуін мына өлең шумақтан аңғарамыз:

Ғалым болмай немене,
Балалықты жеңсеңіз,
Болмасаң да ұқсап бақ,
Бір ғалымды көрсеңіз.
«Ондай болмақ қайда», - деп
Айтпа ғылым сүйсеңіз.
Дүние де өзі, мал да өзі,
Ғылымға көңіл бөлсеңіз.

Сондай-ақ, Абай Құнанбаев бала бойындағы шығармашылықты қалыптастыра отырып, дамытуда оқыту жүйесі әсерлі табысты, балалардың ақыл-ойларын тереңдететіндей болу керектігін меңзеген. Бұл пікірін біз «Жапырағы қураған ескі үмітпен» деген өлеңінде «адам қажымай-талмай ойлауы керек, ой жұмысы үздіксіз қызмет еткенде ғана бір ойдан екінші ой туып отырады» деген көзқарасынан педагогтерге оқыту үрдісінде баланы шығармашылық ізденіске тартуда тұрткі болатын сұрақтар беру арқылы, жауап беруде сыни ойлана отырып, ешкімнің ойына ұқсамайтын дербес ой пайда

болатынын аңғартса керек. Сонымен қатар, ойдың ерекшелігі әрқашан дүниені тануға қарай бағытталғандығы байқалады. Абайдың ілімінен шығармашылық әлеуеттің қозғаушы факторларын анықтап айтуға болады, мысалы, оқушының **ішкі уәжі, өзін мойындату, сәтсіздікке төзімді келу, зияткерлік дайындық, білім мен ғылымның** шығармашылықпен ұштасуы біздің зерттеуімізде негізге алынады [75,б. 287].

Дұрыс сұрақтар қоя отырып, ойлауды дамыту арқылы кез-келген баланың шығармашылық әлеуетін дамытуға болатындығы жайлы идеясы шамамен б.з. 46 жылдары ежелгі грек жазушысы, ұлы ойшыл Плутарх тарапынан жазылған «Бала тәрбиесі» деп аталатын трактатта жалғасын тапты. Ойшыл аталмыш еңбегінде «Көптеген табиғи таланттар дарынсыз ұстаздардың кесірінен жойылып кетеді. Олар тұлғаның бойындағы шығармашылық қабілеттеріне терең үңіле алмай, тұлпарды есекке айналдырып құртып тынады» дей келе, жеке тұлғаның шығармашылық қабілетін танып білуге және оны одан әрі дамытуға үлкен мән бере отырып, бала бойындағы шығармашылық қабілетті дамытуда ұстаздардың ықпалы зор екенін атап көрсетеді [76]. Ойшылдың бұл сөзінен біз ежелгі дәуірдің өзінде мектеп пен ұстаздардың оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытуы өте маңызды, күрделі және көп салалы мәселе болып есептелгенін аңғарамыз. Шығармашылық әлеует адамның өмір шындығында *өзін-өзі тануға ұмтылуы мен ізденуіне жұмсайтын ішкі қуаты екенін* ескерсек, ойшылдың пікірінше, бұл қуатты қалыптастыру тек оқушының өзіне ғана емес, алғашқы кезекте ұстазға байланысты екендігі жайлы тұжырым жасауымызға болады. Бала бойындағы табиғатынан қалыптасқан ерекше қабілеттерді тани білу, оның шығармашылық әлеуетінің дамуына бағыт-бағдар беру жайлы Плутарх идеясы XVI ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген француз ғалымы Мишель Монтеньнің шығармашылық философиясымен астасады. Ол Плутархтың трактатымен аттас «Бала тәрбиесі» атты шығармасында былай деп жазады: «Тәрбиеші бала бойындағы шығармашылық қабілеттерді ерте бастан дамыту үшін оған түрлі заттардың дәмі мен олардың ерекшеліктерін ажыратуда өз бетінше әрекет етуге баулуын, кейде оған жол көрсетіп, ал кейде, керісінше, өзіне іздетіп отыруын қалаймын» [77]. Ғалым осы сөзі арқылы оқыту үдерісінде бала бойындағы шығармашылық қабілеттерді ерте бастан танып-білу мен оны одан әрі жетілдірудің маңыздылығын ерекше атап көрсетіп, кіші жастан бастап, бала бойында шығармашылық әлеуетті дамыту үшін ересектер тарапынан баланың күнделікті іс-әрекетінің дұрыс бағытталуына баса назар аударады. Осылайша, баланың күнделікті қарапайым әрекеттерінің өзін дұрыс ұйымдастыру арқылы, оның шығармашылық әлеуетінің дамуына тәрбиешінің ықпалы зор екенін көрсеткен ғалым, аталмыш шығармасында мұғалімнің басшылық рөлінің маңыздылығына тоқталып өтеді. Ол: «Оқушы мұғалімнен алған білімін түгел сүзгіден өткізіп, өз бетінше талдау жасауы қажет. Соның нәтижесінде оның білуге, жаңаны тануға құштарлығы дами түсетіні сөзсіз», - деп жазған болатын [77,б. 245]. Плутархтың тұжырымдарында *сыни ойлаудың оянуы, рефлексия сынды заманауи контексттердің* мазмұны байқалады.

XVI ғасырдың соңы мен XVII ғасырдың басында өмір сүрген ұлы ойшыл, педагог Я.А. Коменскийдің өмірі мен ағартушылық әрекеті оқу үдерісіндегі шығармашылық идеясымен астасады. Ол оқушының шығармашылық қабілетін оқыту үдерісінде дамытудағы, шығармашылық әлеуетін дамытудағы оқыту әдістемесінің негізін алғаш болып қалаған ғалымдардың бірі болып саналады. Педагог өзінің «Ұлы дидактика» атты еңбегінде: «Заттың не құбылыстың түп тамырына жету үшін оны шынайы түсіну және қолдана білу қажет», - деген сөзі арқылы, ақиқатқа жету жолында теория мен тәжірибенің рөлін ерекше атап көрсетті [78]. Әуел бастан, бала бойында шығармашылық әлеуетті дамытуда білім мен тәжірибенің рөлін теңдей қарастырған Ян Амос Коменский тұлғаның шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін оқушыны дайын ақпаратты құрғақ түрде жаттауға бейімдеуден аулақ болып, білімді іс-әрекет, яғни тәжірибе жасау арқылы үйрету керектігіне баса назар аударды. Оның бұл идеясы «Дүниені суреттер арқылы бейнелеу» еңбегінде айқын көрініс тапты [78,с. 248]. Ғалымның аталмыш еңбегі тұлғаның шығармашылық әлеуетін дамытудағы ең қажетті құралдардың бірі болды. Себебі, оқу үдерісінде тиімді пайдаланылған суреттер мен көрнекі құралдар баланың қиялын дамытуда және жаңа идеяларын тудыруда маңызды роль атқарады. Педагогика мен психология саласындағы зерттеулерге сүйенетін болсақ, әр адам өз тәжірибесінде қоршаған ортадан келіп түсетін мәліметтердің сексен пайызын көру мүшелері арқылы қабылдайды екен. Ақпаратты қабылдау үдерісінде де ерекше белсенділік танытатын сезім мүшелерінің бірі – көру болып табылады. Олай болса, ғалым ұсынған «дүниені суреттер арқылы бейнелеу» жүйесін білім беру үдерісінде кеңінен пайдаланудың маңыздылығына дау жоқ. Бұл идея кейіннен XVIII-XIX ғасырларда өмір сүрген ұлы неміс жазушысы И.В. Гетенің еңбектерінде жалғасын табады. Оған жазушының мына сөзі дәлел бола алады: «Сурет салу мен өнерді оқып білу кедергі жасаудың орнына шығармашылықтың дамуына көмектеседі. Жазуды азайтып, сурет салуды көбейту қажет» [79]. Осылайша, ғалымдардың еңбектеріне шолу жасау арқылы біз шығармашылық әлеуетті дамытуда ғалымдардың идеялары ғасырдан-ғасырға сабақтасып, жалғасып келгенін аңғара аламыз.

Я.А.Коменский баланың шығармашылық әлеуетін дамытудағы дидактикалық принциптердің оңды әсеріне ерекше тоқталып, ақпаратты баланың ойынсүйгіш табиғатына сай етіп, оның қабылдауына жағымды ету үшін, оқу үдерісіне сабақты түрлендіре түсетін дидактика элементтерін көптеп енгізуді ұсынды. Сөзіміз дәлелді болу үшін ғалымның «Ұлы дидактика» еңбегінен алынған мына сөздерін мысал етуді жөн көрдік: «...жоспарланған сабақ қаншалықты маңызды болса, сабақ барысында әңгімелесу, сайыс, жұмбақ немесе мысал мен аңыз элементтерін пайдалану соншалықты маңызды» [78,с. 59]. Ғалымның бұл сөзінен біз оның көне ғасыр ойшылы Сократтың «шығармашылық қабілетті дамытудағы эвристикалық әңгіменің пайдасы орасан зор» деген пікірімен сабақтасатындығын аңғарамыз. Яғни, тұлғаның шығармашылық қабілеттерін дамытуда оның өз құрдастарымен не ересектермен әңгімелесуі, жұмбақтардың шешімін табуы немесе оның

тұспалданған ойын ашуы, аңыз элементтері арқылы қиял ұшқындарын дамытуы нәтижесінде баланың шығармашылық әлеуеті айналасын қоршаған дүниені жаңа қырынан танып-білуі арқылы қалыптасатындығына көз жеткізе аламыз.

Осылайша, аталмыш еңбектерді саралай келе, біз мынадай тұжырымға келеміз: оқушының шығармашылық әлеуетін дамытуда мұғалімнің рөлі жайлы идеялар Плутарх сынды көне дәуір ойшылдарынан бастау алып, XVI ғасырларда француз ғалымы Мишель Монтеньнің еңбектерінде жалғасын табады және бертін келе XVII ғасырдың басында Я.А. Коменскийдің еңбектерінде сабақтастық табады. Бұл идея кейіннен XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында өмір сүрген Американдық философ Д. Дьюнның еңбектерінде астасады. Ол өзінің «Мектеп және бала» деп аталатын еңбегінде, мұғалімнің мақсаты – *«таңқаларлық жайдың қасиетті шырағын нық ұстап, алауын тарату»* деп баланың қандайда бір қабілетін ашуда мұғалімнің рөлін анық ашып көрсетеді [80]. Сол дәуірде Д. Дьюнмен замандас болған ресейлік ғалымдар В.П. Вахтеров пен В.А.Якунин де осы пікірді ұстанды [81,82].

XVII-XVIII ғасырларда шығармашылық мәселесіне деген қызығушылықтар жоғары болды. Бұл кезеңде бүкіл адамзат тарихы шығармашылықтың нәтижесі ретінде қарастырыла бастап, ал дана тұлғалар *шығармашылықтың көшбасшылары* деп танылды. Д.Локк, Вольтер, К.Гельвеций даналар табиғаттың сыйы, дана болу игілікті іс, ол сондай-ақ, ауыр жүк, жауапкершілік деп атап өткен [83-85]. Ф.Бэкон, Д.Декарт, Г.Гобсон, Д.Локк еңбектерінде *шығармашылық феноменін* зерттеу әдістерінің кеңінен қолданыла бастауының алғышарты болды деуге болады [86,87].

XVIII-XIX ғасырларда шығармашылық әлеует және оның қайнар көзін іздеуде И.Г.Песталоцци еңбектерінің маңызы зор болды. И.Г.Песталоцци өзінің «Көзбен қабылдау әліппесі» атты еңбегінде баланың сезім тәжірибесіне сүйенеді. Аталмыш еңбегінде, «Адамның әрбір сөзі, әрбір іс-әрекеті - бұл оның бақылауы нәтижесінде қалыптасқан ой-өрісінің жемісі» деп жазды. Ол шығармашылық тәрбиенің алғашқы сатысы ретінде – *танымдық, яғни ақыл-ой белсенділігін дамытуға қажетті оқытудың эвристикалық бақылау әдістемесін* жасап шығарады. Осы арқылы, баланың шығармашылық қабілетін дамыту үшін, ол ең алдымен оның танымын, ал танымын дамыту үшін оның бақылау арқылы байқағыштық қасиетін дамыту қажет деген тұжырымдама жасайды [88].

А.Дистервег 1827 жылы шығара бастаған “Тәрбие және білім беру үшін Рейн бетшелері” атты демократиялық журналында шығармашылық әлеуетті дамытудың негізгі жолы дербес тәрбиені дамыту деп көрсетеді [89]. Мұны оның келесі сөздерінен аңғаруымызға болады: «дербестікті дамыту – тұлғаны шығармашылыққа бейімдейді, ол шындыққа, сұлулыққа және жақсылыққа жұмыс істеуі қажет» [89,с. 5]. Мұндағы шындық, А. Дистервегтің айтуынша, адамзатпен бірге мәңгілік қозғалыста болады. Осылайша, А. Дистервег тұлғаның шығармашылық әлеуетін дамытуда үш сатыны ескереді: «біріншіден» - деді ол, «тұлға ойлаудың жоғарғы формасы – шығармашылыққа жету үшін,

түйсіктердің үстемдік ету сатысына; екіншіден, ес сатысы немесе елестетулердің жиынтығына; және үшіншіден, соңғы саты - ақылдың сатысына көтерілуі тиіс» деп жазады [89,с. 253]. Яғни, А. Дистервегтің ойынша, баланың шығармашылық әлеуетін дамытуда алдымен оның *түйсігін, яғни танымдық сезімі мен айналадағы нәрселердің оның сезім мүшелеріне* тікелей әсер етуін қалыптастыру қажет. Осы арқылы бала олардың жеке қасиеттерін санасында таңбаландыра алады, елестету, яғни баланы бұрыннан бар тәжірибе негізінде жаңа түсініктер, ойлар мен бейнелер жасауға итермелеп, содан соң әрекетті шығармашылық әлеуеттің басты қозғаушы күші ойлауды жүзеге асыратын ақыл сатысына жеткізу жолына бағыттау қажет. Оның баланың шығармашылық қабілеттерін дамытуға қатысты көзқарастары прогрессивтік педагогикалық теорияға маңызды үлес қосады [89,с. 152]. Ол өзінің “Тәрбие және білім беру үшін Рейн бетшелері” деп аталатын журналында «Әңгіме баланың ақыл-ойын дамытады, білімін нығайтады, байыптауға, өздігінен ойлауға үйретеді» деп жазды.

XIX ғасырдың алғашқы жартысында шығармашылық немістің классикалық философиясында әрі қарай дами түседі. Көрнекті өкілдерінің еңбектерінде **адам – шығармашылықтың субъектісі** деген тұжырымдаманың негізі қаланып, танымдық әрекеттің шығармашылық сипатын түсінудің жаңа кезеңі басталады (И.Кант); шығармашылықтың мәдени-тарихи детерминациясы негізделеді (Г.Гегель, И.Г.Фихте, И.В.Шеллинг т.б.); шығармашылықтың адамның өмірлік әрекеті мен әлеуметке қатыстылығының байланысы ашылады (Л.Фейербах т.б.).

И.Кант өз тұжырымдауында: *«шығармашыл адам – танымдық белсендігі жоғары субъект»* деп түсіндіреді, ал И.Г.Фихте философия тарихында алғаш рет *«шығармашылық теориясы – әрекет теориясы»* деп қарастырды. И.Г.Фихтеден кейін Ф.В.Шеллинг шығармашылықты тірі организмнің диалектикасы деп санап, саналы және санадан тыс шығармашылық бастамаларды зерттеп, **«шығармашылық – жаңалық ашу»** дегенмен, оның белгіліні зерттеуден бастау алатындығын алға тартады.

XIX ғасырдың екінші жартысында батыстық педагогикада шығармашылық объективті және субъективті түрде қарастырыла бастады. Осы тұста, объективті шығармашылық ғылымда немесе зерттеулерде бұрын-соңды болмаған, ешкім бұрын-соңды ашпаған жаңалықтарды қарастырса, субъективті шығармашылық өзгелер үшін емес, субъект яғни тұлғаның өзі үшін жаңалық болып табылатын, және тұлғаны одан әрі жаңа қадамдар мен бастамаларға итермелейтін немесе ынталандыратын шығармашылық түрі ретінде қарастырыла бастады. Оның бір дәлелі - XIX-XX ғасырда өмір сүрген неміс философы Ф. Ницшенің шығармашылық қабілеттілікті, бір жағынан, ешкімге ұқсамайтын, ерекше адамдарға ғана тән сапа екендігін ескеруімен қатар, екінші жағынан, шығармашылық қабілеттің қалыптасуын әрбір адамның өз қолындағы мүмкіншілік ретінде көрсетуімен баяндалады [90]. Оған философтың «Білім беру ұйымдарының болашағы жайлы тұжырымдар» атты еңбегіндегі «шығармашылық біздің құзырымызда: біздің биік мақсаттар мен

құндылықтарымызды көре алуымызда», - деген сөздері дәлел бола алады. Ф.Ницшенің адамның өз мақсатын, өмірінің мәнін анықтауы оның шығармашылығын туындатады деген ойы сол уақыт үшін аса құнды пікір еді [90,с. 263]. Бұдан адамның барлық өмірі шығармашылық әрекеттен тұрады деген тұжырым жасауға болады.Осылайша XIX ғасырда шығармашылық мәселесі қоғамдық санада берік орын алып, адамның даралығын, оның ақыл-ойын, шығармашылық қабілеттерін дамыту, шығармашылық әлеуетін іске қосу мәселесі көкейтесті мәселелер қатарынан орын алды. Осы кезеңде орыс ғалымдары да шығармашылық мәселесіне назар аудара бастады. Мәселен, ресейлік психолог Б.М.Теплов шығармашылық ұғымын қабілет сөзімен байланыстыра отырып, қабілетті адамдар арасындағы жеке даралық психологиялық өзгешілік деп қарастырады [91]. Б.М. Теплов қабілеттіліктің ара жігін ашуда оның үш көрсеткішін анықтайды. Ең алғашқысын ол бір адамды басқа бір адамнан ажыратуға негіз ретінде саналатын жеке даралық психологиялық қасиет; екіншісін жеке даралық ерекшеліктердің бәрі қабілетке жатпайды, тек қандай да бір іс-әрекетті орындау кезінде табысқа жетуге мүмкіндік беретін ерекшеліктер ғана қабілет деп саналуы мүмкін; үшіншісін, «қабілет» ұғымы бар адамда тек білім, ептілік және дағдымен ғана шектелмейтіндігін білдіреді, яғни тек ептілік, білім, дағдыны иемдену жеткіліксіз, адам сол ептілік пен дағдыны және білімді меңгеруге қабілетті болып табылады. Б.М.Теплов қабілеттіліктің дамуының біржақты емес екендігін және оның қозғаушы күші қарама-қарсы ойлардың күресі екенін атап көрсетті [91,с. 168].

Осы тараушада берілген ойларды түйіндей келе, шығармашылық әлеует төңірегіндегі мәліметтерді көне ғасыр ойшылдарынан бастап, әр түрлі кезеңде өмір сүрген педагог, ғалымдардың еңбектерінен саралай отырып, тұлғаның шығармашылық әлеуетін дамытудың кезеңдерін 1-кестеде ұсынамыз.

Кесте 1 – Тұлғаның шығармашылық әлеуетін дамытудың кезеңдері

Авторлар	Кезеңі	Қайнар көзі	Шығармашылық әлеует жайлы тұжырымдар
1	2	3	4
Сократ	б.з.б. 470-399	Эвристикалық әңгіме	Шығармашылық әлеует ойды талқыға салудың және әңгімелесудің арқасында пайда болатын құбылыс.
Платон	б.з.б. 429-347	Платон Диалогтары	Шығармашылық – құдай ісі; шығармашылық тек өнер адамдарына тән.
Аристотель	б.з.б. 384-322	Метафизика	Шығармашылық қабілет - адам санасының жоғарғы формасы. Шығармашылық ойлаудың нәтижесінде пайда болатын жеміс.
Плутарх	б.з.б. 338	Бала тәрбиесі	Шығармашылық әлеует адамның өмір шындығында өзін-өзі тануға ұмтылуы мен ізденуіне жұмсайтын ішкі қуаты.
Әбу Насыр әл-Фараби	IX-X ғғ.	Бақытқа жол сілтеу	Шығармашылық әлеует жоғарғы ойлау әрекетінде және оны ұдайы жаттықтыру барысында іске қосылатын күш.

1 – кестенің жалғасы

1	2	3	4
Жүсіп Баласағұн	XI ғ.	Құтты білік	Шығармашыл тұлға – «толық пішімді» тұлға.
Мишель Монтень	XVI ғ.	Бала тәрбиесі	Шығармашылық әлеует – дұрыс ұйымдастырылған іс-әрекеттің жемісі.
Я.А. Коменский	XVI-XVII ғ.ғ.	Ұлы дидактика Дүниені суреттер арқылы бейнелеу	Шығармашылық әлеует білім мен тәжірибенің ұштасуы.
И.Г.Песталоцци	XVIII-XIX ғ.ғ.	Көзбен қабылдау әліппесі	Шығармашылық әлеует - тұлғаның бақылауы нәтижесінде қалыптасатын ой-өрісінің жемісі.
А. Дистервег	XVIII-XIX ғ.ғ.	Тәрбие және білім беру үшін Рейн бетшелері	Шығармашылық әлеуетке жетелейтін үш саты: түйсіктердің үстемдік ету сатысы; ес сатысы немесе елестетулердің жиынтығы; және соңғы саты – ақылдың сатысы.
Ыбырай Алтынсарин	XIX ғ.	Өнер, білім бар жұрттар	Шығармашылық – білімді адамдар жететін биіктік.
Абай Құнанбаев	XIX-XX ғ.ғ.	Абайдың қара сөздері	Шығармашылық әлеует жан қуатына жататын құбылыс, оның зорайып сол адамның өз қажетіне жарауы тек кісінің сол асылды аршып ала білуі, қаншалықты іске қоса алуына байланысты.
Г.Нойер	XX ғ.	Шығармашыл тұлға тұжырымы	Шығармашыл тұлға – ол жалпыадамзаттық және шығармашылық сапалары өзара тығыз байланыстағы біртұтас, дамушы, динамикалық жүйе.
Қ.Б.Жарықбаев	XX ғ.	Психология	Шығармашылықты анықтайтын критерийдің бірі – жаңалық.
Б.А.Тұрғынбаева	XXI ғ.	Болашақ мұғалімдердің шығармашылық әлеуетін дамыту	Шығармашылық – үрдіс ретінде соны, өйткені жаңа құралдар, жаңа тәсілдер, әрекеттің жаңа бағдарламалары қолданылады.
Философиялық сөздік	XXI ғ.	Шығармашылық ұғымының мәні	Шығармашылық – бұл пайда болған міндеттерді бұрыннан белгілі әдістермен ғана емес, жаңа күтпеген тәсілдер арқылы шешуді көздейтін жоғары деңгейдегі ойлау түрі.
«Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасының басылымдары	2019-2023ж. ж.	Оқыту теориясы	Шығармашылық ойлау мен жаңа идеяны дамытуды, проблеманы шешуді, құнды және жеке адам мен әлеуметтік топқа сай келетін нәтиже.
«АРА» (АҚШ-тың Психологиялық	2025ж.	«Кәсіби суретшілер жасанды	Шығармашылық, бұл – ғасырлар бойы тек адамға тән, жеке тәжірибе, эмоциялар мен мағына жеткізу ұмтылысына байланысты

1	2	3	4
Қауымдастығы)		интеллект бағдарламалары нан креативтілігі жағынан көш бастап тұр»	қабілет, оны ешқандай ЖИ орнын баса алмайды.

Осы тұста ресейлік ғалым Б.Г.Ананьев Б.М.Теплов тұжырымын дамыта отырып, баланың шығармашылық әлеуетін айқындайтын негізгі факторды «қабілет» деп көрсетеді [91,с. 7-8]. Ол қабілет мәселесін дамыту процесінде қабілет тек жеке тұлғаның белсенді іс-әрекеттерінде қоғамдық тәжірибені игеруден психологиялық көзқарас тұрғысынан ғана емес, сондай-ақ, адамның қабілеті мен психологиялық құрылым арасындағы байланысты көрсетуі қажет. Автордың пікірінше, қабілеттілік- ақыл-ойдың шығармашылық түрде дамуының белгісі. Ол білімдердің жинақталуымен ғана шектелмей, бұл білімдерді шығармашылық тұрғыдан көрсету және жаңа, жасампаз әрекет жасау қабілетімен де байланысты екенін атап көрсетеді [91,с. 285].

XIX ғасырдың 60-70 жылдары педагогика саласында шығармашылыққа қатысты маңызды бетбұрыс жасалды. Осы кезеңде шығармашылық бағытта жұмыс істейтін педагог-жаңашылдар пайда болып, олардың білім беру жүйесіне енгізген инновациялық әдістері танымал бола бастады. Бұл әдістер баспа беттерінде жарияланып қана қоймай, радио және теледидар арқылы кеңінен насихатталды. Жаңашылдық нәтижелері педагогтермен қатар, шығармашылықтың психологиялық қырлары мен педагогикалық психологиядағы шығармашылық әрекет механизмдерін зерттей бастаған психологтардың да қызығушылығын тудырды (мысалы, В.В. Давыдов, И.А. Зимняя, Н.В. Кузьмина, Я.А. Пономарев, А.М. Матюшкин, В.В. Рубцов, Д.И. Фельдштейн және басқалар). Шығармашылықты зерттеу нәтижесінде жалпы заңдылықтар мен ерекшеліктер анықталып, оларды кәсіби андрагогикада қолдануға жол ашылды. Бұл кезеңде шығармашылық тұлға тек интеллектуалдық – эвристикалық сапа ретінде емес, тұлғалық құндылығы бар көп деңгейлі білім беру жүйесінің бөлігі ретінде қарастырылды [92,93].

XX ғасыр бойында психология ғылымында шығармашылық мәселесін зерттеуде түрлі көзқарастардың орын алуы болды. Бұл мәселеге аса қызығушылықтың өрлеуі 30-жылдардан бастап, 80-90 жылдарға дейін прогрессивті дами түсті. Алайда бұл сол кездегі қоғамның әлеуметтік-саяси және мәдени даму ерекшеліктерімен түсіндіріледі.

Жоғарыда атап өткендей, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту жолдары көптеген ғалымдар тарапынан қарастырылса, оқушы шығармашылығына бағыт-бағдар беруді ең алғаш білім мазмұнына 1923 жылы енгізген Мағжан Жұмабаев болатын. Ол «Балалардың ойлауын дамыту» туралы еңбегінде: «...ойлау жанның өте бір қиын терең ісі, жас балаға ойлау тым ауыр, сондықтан мұғалім ойната отырып оқушыны ойлантуға, әрі жүйелі сөйлеуге

ұмтылдыру қажет. Ойнай жүріп балалар қоршаған орта жайлы білімдерін толықтырады, дербес шешім қабылдауға дағдыланады, ойлау барысында ұтқырлық пен тапқырлық танытады», - деп атап өтті [36, с. 125]. Бала ойын үстінде дүниетанудағы өз мүмкіншілігін сезінумен қатар айналасын қоршаған адамдардың әрекетіне көңіл аударады, заттың ішкі мазмұнын таниды. Мағжан Жұмабаев балалардың қиялын, шығармашылық әлеуетін дамыту үшін түрлі ережелер мен ойындардың үлкен дидактикалық мәнін атап көрсетеді. Ол оқушының тілін дамытуда, сөйлеу мәдениеті мен ой - өрісін, дүниетанымын жетілдіруде рөлдік ойындар тиімді нәтиже беретінін атап өтеді. Сабақта оқушының рөлдік ойындарда ойнау барысында іс-әрекеті әлеуметтік сипат алады. Сыныптағы өз жолдастарының алдында сөйлеп тұрған оқушы өзін шешенге, батырға теңеп кейіпкердің жақсы қасиеттерін бойына сіңіретіні баршамызға аян. Осылайша, XIX-XX ғасырларда қазақ ойшылдарының арасында да әр адамның бойында шығармашылыққа бастайтын негіз болатындығы жайлы көзқарастар кеңінен етек жая бастайды.

Шығармашылық психологиясы ғылым ретінде XIX-XX ғасырлар тоғысуында пайда болып, «жаңалық ашу» деген мәнге ие болды. Біз қарастырып отырған тұлғаның шығармашылық әлеуеті Д.Б.Богоявленская, А.В.Брушлинский, А.Я.Пономарев және т.б. психологтардың зерттеулерінде негізделіп, онда шығармашылық қабілеттердің дамуы, тұлғаның интеллектуалдық, әрекеті аясында қарастырылады.

Шығармашылық – адамның рухани дамуы мен жеке тұлғаның өзіндік қалыптасуының маңызды бөлігі болып табылатын ерекше құндылықты саналы категория. Бұл оның өзін-өзі таныту әлеуетінің айтарлықтай қоры ретінде көрінеді. Шығармашыл тұлға білімнің ауқымымен ғана емес, қабылдау деңгейінің кеңдігімен, мәселелерге ерекше сезімталдылығымен, жаңа идеяларды қабылдауға икемділігімен және өмірлік қиындықтарды күтпеген, ерекше жолдармен шешу қабілетімен ерекшеленеді. Ол жаңалықты құру үшін әдетке айналған стереотиптерді бұзып, шығармашылық тәсілдерді жүзеге асырады.

Қазіргі уақытта шығармашылықты түсіну екі жақты, биполярлық сипатқа ие. Бір жағынан, жаңа заман философиясындағы пантеистік тенденция шығармашылыққа ежелгі көзқарасты біліммен, мәңгілік табиғат жаратылысы туралы ойлаумен салыстырғанда онша маңызды емес нәрсе ретінде көрініс табады, алайда генезисін талдау кез-келген зерттеу үшін маңызды. Екінші жағынан, ең алдымен ағылшын эмпиризмнің әсерінен қалыптасқан философия шығармашылықты дүниетанымның бұрыннан бар дәстүрлі элементтерінің позитивті, бірақ негізінен кездейсоқ тіркесімі ретінде түсіндіруге бейім. Соның негізінде қазіргі білім берудегі шығармашылық мәселесін цифрлық, жасанды интеллект арқылы нейропедагогикалық тәсілдерге, нейродидактикалық өнімдердің пайда болуына алып келеді.

«АРА» (АҚШ-тың Психологиялық Қауымдастығы) ұсынған 2025 жылдың шығарылымында «Кәсіби суретшілер жасанды интеллект бағдарламаларынан креативтілігі жағынан көш бастап тұр» атты мақаладан бейнелеу өнерінде

адамның эмоционалдық және мағыналық тереңдігі ЖИ-ге қарағанда әлдеқайда жоғары екендігін айтады. Paul Seli PhD (Duke University) бұл тұжырымын өзінің экспериментінде 15 кәсіби суретшілер мен ChatGPT бағдарламасына 15 сөзге дейінгі қысқа мәтіндік нұсқаулар жазып, екі тараптың жазған нұсқауларын DALL-E 3 атты мәтінді суретке айналдыратын жасанды интеллектке салған. Ғалымның бұл экспериментінен түйіндейтініміз, шығармашылық бұл – ғасырлар бойы тек адамға тән, жеке тәжірибе, эмоциялар мен мағына жеткізу ұмтылысына байланысты қабілет, оны ешқандай ЖИ орнын баса алмайды. Алайда, ЖИ-дің қарқынды дамуы бұл тұжырымды өзгерту мүмкін. Дегенмен, шығармашылықтың мәні – өмірлік тәжірибе мен эмоциялық тереңдікте, ал бұл қасиеттер тек адамға ғана тән деп ешқандай әрекет жасамау да қателік. Сондықтан, біздің зерттеуімізде оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытуда мектепте оларды еркін ойлау, елестету, шексіз қиялдауға, тілдік шығармашылықты дамытуда сыни пікір айтуға, талдауға, бағалауға жаттықтыру қажет. «АРА» зерттеулерінде өнер, шығармашылық және эстетика жайлы жаңа көзқарастар бойынша тың зерттеулер орын алған [94]. Қазіргі көзқараста «шығармашылықтың бастауы – эмоционалдық интеллект пен психологиялық қауіпсіз ортада» деп келтіреді. Адам өзінің және өзгенің эмоциясын толық тани алғанда, ол өзін шынайы көрсете алады. Бұл арқылы ол шығармашылық идеясын тұжырымдауға және ойын еркін жеткізе алады. Сондай-ақ, өз ойын айтуға, сұрақ қоюға, пікір білдіруге қорықпайтын орта адамға тәуекелге барып, жаңа идеялар ұсынуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, Йель университетінің Эмоционалдық интеллект орталығы зерттеушілері «Art Engagement Reflection Scale» атты психометриялық құралды ұсынады. Бұл құрал адамның өнермен байланысын қалай сезінетінін бағалауға мүмкіндік береді [94,р. 5]. Бұл өз кезегінде шығармашылық іс-әрекетте адамның шығармашылық әлеуеті деңгейін анықтауға, оны белгілі бір салаға бағыттап дамытуға, эмоционалдық-когнитивтік деңгейде жетілдіруге көмектеседі. Біздің зерттеуімізде оқушы өзінің ішкі рефлексиясын өлшеу арқылы өз ішкі жан дүниесін ашуға, өнер мен өмір арасындағы үйлесімділікті сезінуге, өз ойы мен көзқарасын көркем түрде жеткізуге мүмкіндік береді.

АҚШ-тың «Creativity Research Journal» атты 2024 жылы жарыққа шыққан журналының «Жасанды интеллект дәуірінде шығармашылықты қайта қарау: Компьютерлік ғылым өкілдері мен медиа суретшілерінің көзқарастары» атты мақаласында қзіргі цифрлық дәуірде шығармашылықтың дәстүрлі анықтамалары толық жарамсыз болмауы мүмкін делінген. Онда шығармашылықты түсінудің жаңа парадигмасы ретінде ЖИ-дегі «co-creativity» концепциясы, яғни, шығармашылық тек адамға ғана тән емес, адам мен ЖИ-нің бірлескен әрекеті (co-creativity) деген тұжырым келтіріледі. Демек, цифрландырылған қоғамда шығармашылықтың құрылымдары «тұлға-үдеріс-нәтиже-орта» сақтала отырып, шығармашылықтың жеке дара үдеріс емес, керісінше ЖИ –пен бірлескен (co-creative) үдеріс екендігі айтылады [95].

«Мазмұндама» қоғамдық қоры ұсынған (2022ж.) «Кемелдену. Оқуға тиіс 10 кітап» атты еңбекте Стивен Кови «Жасампаз жандардың жеті дағдысы» моделін ұсынады. Автор тұлғаның **шығармашылық әлеуетін жасампаздыққа бағыттауда:**

- бірінші**, проактивті болу;
- **екінші**, түпкі мақсат ойда болу;
- үшінші**, мақсатқа жеткізетін іс-әрекетті приоритетке қою, дағдыларды «өзін ұстай білу – ішкі жеңіске жетелейді;
- **төртінші**, «Менің ұтқаным – сенің ұтқаның принципін» ұстану, нәтижелікке бағытталған тиімді қарым-қатынас;
- бесінші**, алдымен өзгені түсіну, сосын өзіңізді түсіндіресіз;
- алтыншы**, синергияға жету - бірігу арқылы өзара әрекет жасау) дағдылар «сыртқы жеңістер арқылы қоршаған ортамен тиімді, әрі нәтижелі қарым-қатынас орнатуға жағдай жасайды»;
- жетінші**, физикалық, рухани, зияткерлік және әлеуметтік-эмоционалдық тұрғыда өзін жетілдіру, сондай-ақ «аталған 6 дағдыны жетілдіруге негіз болады» деген [96]. Кови ұсынған жеті дағдыны зияткерлік мектептерде оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту аясында қолдану арқылы оларға шығармашылық идеяларды ұсыну, оларды жүзеге асыру, бірлескен жобаларда тиімді әрекет ету, эмпатиялық тыңдау арқылы өзгенің ойын шынайы түсінуге тырысу, өзін-өзі бағалау және үздіксіз даму жолында жұмыс жасауға мүмкіндік туындайды.

Сонымен қатар, бұл кітапта американдық жазушы, адамның әдеттері, шығармашылығы мен жетістіктері жайлы құнды ғылыми еңбектерімен танымал Чарлиз Дахингтің тұжырымдасы талданады. Ол шығармашылықты шындауда мотивацияның рөлін жоғары қойып, «өзіңе мотивация бере білу – туа бітті қасиет емес, дағды. Ал, дағдыны үйренуге болады» деген [96,б. 25]. Сондай ақ, «ісіңіз өнімді болсын десеңіз зейініңізді жақсартып, жоспарыңызды көз алдыңызға елестетіңіз, ал егер жаңа идеяңыз болса, жылдам жария етіңіз» деп, мотивацияны үздіксіз импульске жеткізуге оны үнемі іс-әрекетте зейін қойып, жаттықтыру арқылы дағдыға айналдыру керектігін, дағдыға айналған мотивация - шығармашыл идея мен өнім жасап шығаруды қарапайым үрдіске жетелейтіндігін алға тартады [96,б. 14]. Пайда болған идеяны жылдам жариялау арқылы оның өзектілігі мен тәжірибелік құндылығын анықтау, сондай-ақ, интеллектуалдық меншікті бекіту түсінігін қалыптастырады [97]. Мотивация дағдыға айналса, әрі «сыртқы» мен «ішкі» жеңістер үйлесім тапса, онда оқушыларды ХХІ ғасыр талаптарына сай шығармашыл әлеуетті, жасампаз, өзіне сенімді, жауапты, әрі ынтымақтастыққа бейім тұлға ретінде қалыптастыру мүмкін болады.

Тараушада тұлғаның шығармашылық әлеуетін дамытудың генезисін талдауда ең қажеттілері *когнитивтілік: еркін сөйлеу (көптеген идеялар), икемділік (әртүрлі тәсілдер), өзіндік ерекшелік, даму (егжей-тегжейлі), мотивтер, эмоциялар, ерікті қасиеттер, өзін-өзі жүзеге асыруға деген ұмтылыс секілді дағдылар жинақталған тәжірибе* деуге болады. Ежелгі грек

философтарынан бастап, шығыс ғұламалары, Орта Азия ойшылдары, қазақ ойшылдары, ХІХ-ХХ ғасырдағы психологиялық, педагогикалық зерттеушілері, ХХІ ғасырдың алғашқы ширегіндегі әлемдік зерттеулердің дені білім мен шығармашылықтың өзара әрекеттесуі, шығармашылық терең түсінікке жету және шынайы жаңаны құру үшін деп тұжырымдалуы, шығармашылық толық білімнен де асып түсуге мүмкіндік беруші күш деп қорытындылауға негіздейді. Шығармашылық әлеуетті дамытудың генезистік талдауы инновациялық шешімдерге, идеяларға, дамуға ықпал ететін нейропедагогикалық туындыларын айналу арқылы білімнің қалай өзгеретініне назар аударады. Осылайша, тұлғадағы жиналған білімнің бірегей қабілеттер мен ерік – жігер арқылы шығармашылық әлеуетке – прогресс пен өзін-өзі жетілдірудің қозғалтқышына айналуын зерттейді.

1.2 Зияткерлік мектептерде оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың зерттелу жайы

Оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту мәселесі психологиялық және педагогикалық тұрғыдағы ең үлкен зерттеулердің бірі. Дегенмен, қазіргі ақпараттың заманында оқушы бойындағы ішкі резервтерді іздеу, тәжірибе мен білімді қатар қолдана алу, жаңалыққа ұмтылыс жасауда оқушылардың тұлға ретінде дамуын мектептегі оқу-тәрбие үдерісінде ұйымдастырудың негізі нейропедагогикалық білімге де сүйенетіні анық. Сондықтан, бұл бөлімде біз бүгінгі мектеп оқушыларының ерекшеліктеріне сай олардың шығармашылық әлеуетінің ғылыми негіздерін теориялық тұрғыдан жан-жақты талдай отырып айқындауды көздейміз.

Ең алдымен, біз «әлеует» сөзін жан-жақты талдап, оның мәнін ашып алуды жөн көрдік. 1935 жылы орыс және кеңестік тіл маманы Д.Н. Ушатов «Орыс тілі» түсіндірме сөздігінде әлеуетті «қандай да бір дүниені жүргізуге қажетті құралдар мен шарттардың жиынтығы» деп қарастырған [98]. Яғни, тіл маманының ойынша кез-келген әрекетті тиімді жүргізу қолайлы шарттар қалыптастыру мен оңтайлы құралдар қолданудың нәтижесінде іске асады. 1970 жылдары Д.Н. Ушатовтың пікірімен астасқан идея орыс ғалымы С.И. Ожеговтің еңбектерінде көрініс тапты. Ғалым «әлеует» ұғымын сипаттай келе, оған «қандай да бір қатынастардағы құрал мен ішкі мүмкіндіктер жиынтығы» деген сипаттама берді [98, с. 561].

Кейінірек 1980 жылдары Кеңестік энциклопедиялық сөздіктерде «әлеует» ұғымы жаппай адам баласының ішкі мүмкіндіктерін сипаттайтын түсінік ретіне қалыптаса бастады [99,100]. Аталмыш ұғымға дәл осындай сипаттама берген ғалымдардың ішінде А.М. Прохоров, М.Е. Гиляров, Е.М. Жуков және тағы басқалар болды [101-103].

ХХ ғасырдың соңына қарай «әлеует» ұғымы қажет жағдайларда адам баласы тарапынан қолданылатын барлық құралдар мен қорлардың жиынтығы ретінде қарастырыла бастады. Дәл осы кезеңде әлеует «адамның алға қойған мақсаттарына жетуі мен діттеген міндеттерін шешу жолында жұмсайтын мүмкіндіктері мен құралдары» ретінде сипатталды. Оның дәлелі 1991 жылы

Мәскеу қаласында жарық көрген үлкен энциклопедиялық сөздікте «әлеует» ұғымының анықтамасы. Аталмыш сөздік әлеует ұғымына түсіндірме бере отырып, оны «адам әрекетінің қозғаушы күші әрі ішкі күштері мен қоры» ретінде таныстырды [103,с. 188]. Осы кезеңде әлеует мәселесі педагогика саласында да кеңінен қолданысқа түсе бастады. Орыстың педагог ғалымдары Т.А. Ладыженская және А.К. Михайльская әлеует ұғымын педагогика саласында қарастыра отырып, оны адамның қоршаған ортамен өзара әрекеттесуі барысында екі аралықтағы өзара байланысты қамтамасыз ететін қасиеттер жиынтығы ретінде сипаттады [104,105].

Сонымен қатар, дарынды жасөспірімдердің шығармашылық білім берудегі әлеуетін дамытуға маманданған ресейлік зерттеуші Е.С.Михалева «Развитие потенциала одаренного подростка в креативном образовании» атты ғылыми мақаласында «әлеует» ұғымына белгілі бір мақсатқа қол жеткізу үшін қолданылатын мүмкіндіктер, қабілеттер мен ресурстар кешені деп түсіндіреді [106].

XXI ғасырдың басында педагогика саласында әлеует ұғымы батыстық еңбектерде де кеңінен қолданысқа түсті. Оның айғағы, Ұлыбританиялық ағайынды ғалымдар Д. Джери мен Дж. Джеридің еңбектеріндегі әлеует ұғымының келесідей сипатталуы: «әлеует – тұлғаның ойлауындағы жаңашылдықпен сипатталатын ақыл-ойының аспектісі. Сондай ақ, әлеует адамның күнделікті өміріндегі тұтыну әрекеттерінен үстем орналасқан құндылық және әлеуметтік құбылыс» [107]. Өз кезегінде, АҚШ-тық психолог ғалымдар Р. Корсини мен А. Ауэрбаха әлеуеттің латын тілінен «күш» ретінде аударылатындығын ескере отырып, бұл ұғымды қандай да бір облыстағы қарым-қатынастарды іске асыру үшін қолданатын құралдар мен қорлар көзі ретінде сипаттады [108,109].

2008 жылы Қазақстандық педагог Г.И. Абдікеримова «Кәсіби педагогика» атты еңбегінде әлеует ұғымын адамның қоғамдық мәдени және шығармашылық сипаттарының жиынтығы ретінде қарастырды [110]. Сондай-ақ, педагог бұл ұғымға тұлғаның өз қызметін жетілдіруге қаншалықты дайын екендігін көрсететін құрал ретінде сипаттама берген [110,с. 215].

Соңғы кездері әлеует ұғымы отандық ғалымдардың еңбектерінде де жиі кездесуде. Мәселен, Е.С Балтабаев өзінің «Студенттердің ұйымдастырушылық әлеуетін қалыптастыру» кандидаттық диссертациясында әлеует ұғымына «жеке тұлғалардың өмір сапасын жоғарылатуды қамтамасыз ететін құрал» ретінде анықтама береді [111]. Сонымен қатар, автор әлеуетті адамның физикалық және рухани күштерінің жүйесі ретінде сипаттай келе, бұл жүйені тек жеке тұлғалар ғана емес, әлеуметтік топтар мен қоғамның қажеттілігі ретінде атап көрсетті. Осы пікірмен толықтай келіскен Н. Темірбеков өзінің «Маңызды күндер хроникасы» атты мақаласында әлеуетті жекелеген адамдар мен ұйымдардың белгілі бір міндеттерді шешуде немесе дайындауда қолданатын дағдылары немесе қабілеттері ретінде сипаттаған [112]. Осы тұста Ф.Н. Жакыпова әлеуетті «ресурс» ретінде сипаттаса [113], З.Ж. Оразалиев әлеуетке «адамды шыңға жетелейтін қасиеттердің жиынтығы» ретінде анықтама береді [114].

Жоғарыда берілген анықтамаларды талдай келе, «әлеует» ұғымының түрлі салаларда қолданылатынын және саласына сай оның әр түрлі мағынаға ие болатынын байқадық. Дегенмен, ғылыми әдебиеттер мен ғылыми басылымдарда әлеует ұғымының көп мағыналы ұғым екендігіне қарамастан, қайбір салада болмасын, бұл ұғым «адамның қандай да бір мақсатқа қол жеткізуде сарп ететін барлық құралдары, қорлары және көздерінің, сондай-ақ ішкі мүмкіндіктерінің жиынтығы» ретінде қолданылатынын аңғардық.

Батыстық ғалымдар А.Сен және М. Ульхак тарапынан жарық көрген «Адам дамуы» (Human Development) атты еңбекте адами әлеует «белгілі бір экономикалық, экологиялық және саяси-әлеуметтік жағдайларда адамзаттың даму мүмкіндіктері мен деңгейін білдіретін көрсеткіш» ретінде сипатталған. [115]. Яғни, адами әлеует адам баласының айналасындағы құбылыстарға, өзгерістерге қарай бағытталуы мен оның бойындағы қажетті жағдайларда көрініс табатын сан түрлі жасырын қасиеттерін анықтайтындығын алға тартты. Сондықтан біз қазіргі жаһандану заманында адами әлеуеттің қалыптасуы өте маңызды құбылыс деп тауып, адамзат жаратылысы технология қарыштап дамыған қоғамда кез-келген қиындықтармен күресе алатындай адами әлеуетін жоғары дәреже ұстау қажеттілігін анықтадық [116].

Ал, біздің зерттеуіміздің негізі шығармашылық әлеуетті зерттеген батыстық ғалым Д. Джери бұл ұғымды келесідей сипаттайды: шығармашылық әлеует – адамның ойлауы мен міндеттерін іске асырудағы әлдебір жаңашылдық арқылы жүзеге асатын интеллекті аспектісі [107,с. 247]. Олай болса, ғалымның пайымдауынша, шығармашылық әлеуеті дамыған тұлға ақыл-ой әрекетінің нәтижесінде, күнделікті өмірде кездесетін қарапайым мәселелердің өзіне біржақты ғана емес, жан-жақты қарап, оған барынша көп шешімдер нұсқасын ұсына біледі. Соның нәтижесінде, шығармашылық әлеует адам баласының ой-өрісінің ғана емес, іс-әрекетінің де жемісті болуына ықпалын тигізеді.

Шығармашылық әлеуеттің қалыптасу мәселесін қазіргі кезде зерттеу үшін «тұлғаны» «субъектілік феномені» ретінде түсініп, бұл ұғымды тұлғаның өзін субъект ретінде қайта жаңғырту мәселесі және оның болашақта өмір сүруі мен қазіргі таңда айналасындағы шарттарға жеңіл бой түзеуі үшін жұмсайтын күштері мен мүмкіндіктерін қарастырған жөн [117].

Кеңес Одағының Үлкен энциклопедиясында берілген шығармашылық ұғымының келесідей сипаты: «шығармашылық – қоғамдық маңызы бар, жаңа материалдық, рухани құндылық тудыратын адам әрекеті» [100,с. 25]. Ал, философиялық сөздік шығармашылықты «бұрын-соңды болмаған жаңа дүние жаратушы әрекет» - деп айқындайды [100, б. 97]. Сондай-ақ, «шығармашылық әлеуетті» өз еңбектерінде қарастырып, оны тұлғаның интеллектуалдық әрекеті ретінде сипаттаған ғалымдар қатарына Д.Б.Богоявленская, А.В.Брушлинский, және А.Я.Пономарев жатады [118-120]. Аталмыш ғалымдар тұлғаның бойындағы шығармашылық әлеуетінің даму және қалыптасу барысын зерттей келе, шығармашылық әлеуеттің құрылымы танымдық қабілеттерден құралатындығына тоқталады. Сонымен қатар, танымдық белсенділік және шығармашылық қабілеттерді дамыту мәселелерін зерттеумен танымал ресейлік

педагог Т.И. Шамова: «шығармашылық дегеніміз – қорытындысында бұрын белгісіз болған деректер мен материалдық әлем және рухани мәдениеттің заңдылықтарын, қасиеттерін және өзіндік құндылықтар тудыратын рухани әрекет», - деп келтірсе [121], профессор Қ. Жарықбаев: «Басқалардан көмек күтпей, мәселені шешуде басқа біреудің әдісін қайталамай, қалайда өзі шешуге тырысатын адам шығармашыл ойдың иесі», - деген тұжырымға келген болатын [122].

Жоғарыда зерттеуіміздің тірек ұғымдары «әлеует» және «шығармашылық әлеует» ұғымдарына кеңірек тоқталып өттік. Келесі кезекте оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың жолдары мен әдіс-тәсілдерін ұсынған бірқатар отандық, ресейлік және шетелдік педагог ғалымдардың еңбектерін саралайық.

Тұлғаның бойында шығармашылық әлеуетті дамыту мәселесін зерттеген Дж. Гилфорд, А.Маслоу, К.Роджерс, Т.Торренс, Э.Фромм, т.б. сынды шетелдік ғалымдардың зерттеулерін талдай отырып, біз аталмыш ғалымдардың оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытуда екі түрлі көзқараста болғандығын анықтадық. Алғашқы топ өкілдері шығармашылықты көбіне романтикалық тұрғыдан қарастырса, екінші топ ғалымдары оны тұлғаның даралық қасиеті ретінде сипаттайды. Біздің зерттеуіміз зияткерлік мектептердегі оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытуға бағытталғандықтан, қазіргі кезеңдегі педагогика жағдайын саралай отырып, біз екінші топ өкілдерінің көзқарастарын негізге аламыз және зерттеуіміздің теориялық негіздерін педагогикалық шығармашылық немесе шығармашылық әлеуеттің педагогикадағы рөлі ретінде қарастырамыз.

Педагогика ғылымында танымдық қабілеттерді дамыту мәселесі бүгінгі күннің жаңалығы деуге болмайды. Бірқатар қазақстандық ғалымдардың зерттеулерінде оқу үрдісінде оқушылардың танымдық қабілеттерін қалыптастыру мәселелері бойынша көптеген зерттеулер жүргізілген. Мәселен, «Бастауыш сынып оқушыларының қазақ халық ертегілеріне танымдық қызығушылығын қалыптастыру» (2004) деп аталынатын А.Ж. Едігенованың диссертациялық зерттеуінде [123], З.Б. Ешімбетованың «Оқушылардың танымдық қызығушылығын тілдерді оқыту үрдісінде қалыптастыру» (2007) атты зерттеуінде [124], М.С. Мөженақованың «Мектептің педагогикалық процесінде оқушылардың танымдық қызығушылығын өлкетану материалдары негізінде дамыту» (2004) деп аталынатын диссертациялық зерттеуінде және бұдан да басқа көптеген зерттеулерде жан-жақты қарастырылған [125].

Мәселен, Б.Т. Нәбиева өзінің «Формирование у учащихся познавательного интереса к предмету посредством взаимосвязи учебных и внеурочных занятий» атты тақырыптағы докторлық диссертациясына ғылыми талдау жасай келе, оқушының танымдық қабілетін қалыптастырудың әдістемелік негіздерін оның шығармашылық әлеуетіне қатысты айқындай отырып, оқушының сыныптан тыс әрекеті мен сабақтағы әрекетін теориялық негізде байланыстыруға тырысқан [126]. Ал, өз кезегінде А.Ж. Едігенова «Бастауыш сынып оқушыларының қазақ халық ертегілеріне танымдық қызығушылығын

калыптастыру» атты докторлық диссертациясында күнделікті сабақ барысында және сыныптан тыс жұмыстарда оқушылар арасында халық ертегілерін кеңінен насихаттай отырып, балаларды ертегі оқуға баулу арқылы оқушының танымдық әрекетін ғана емес, оның шығармашылық әлеуетін де дамытуға болатындығын талдап, оның әдістемелік жолдарын ұсынған [123,с. 17].

Осы орайда, оқушылардың шығармашылық әлеуетін арттыру үшін, ең алдымен олардың танымдық қабілеттерін дамытып қалыптастырудың педагогикалық шарттарын айқындау – тұлғаның белсенділігін көтеруде ерекше мәнге ие болатындығы жайлы А.С. Мустояпованың «Қазіргі кезде жоғары сынып оқушыларының танымдық белсенділігін қалыптастырудың дидактикалық шарттары» атты еңбегінде жан-жақты қарастырылған [127].

Ғылыми әдебиеттерде оқу үдерісі барысында оқушылардың танымдық және шығармашылық әлеуетін дамыту проблемаларының түрліше аспектілері сипатталған. Мәселен, оқу әрекетінің құрылымы, оны қалыптастырудың жолдары туралы В.В.Давыдов, Л.И.Божович, П.И.Гальпериннің [128-130], оқу әрекетіндегі танымдық белсенділіктің әрекет түріндегі көрінісі И.Ф.Харламов, И.Я.Лернер, Т.И.Щукина [131-133], т.б. ғалымдардың, оқу әрекетінің оқушының шығармашылық әлеуетін дамыту және ойларын жүйелеу проблемалары Л.В.Занков, В.В.Давыдов, М.Н.Скаткиннің [134-136], оқу әрекеті барысында өзіндік бақылаудың жеке тұлғаны қалыптастырудағы мүмкіншіліктері жайлы Ш.А.Амонашвили, Е.В.Зайкин [137-138] және т.б. ғалымдардың ұдайы назарында болды.

Қазақстандық белгілі педагог-ғалымдар М. Мұқанов, Т.С. Сабыров, А.Ғ. Қазмағанбетов, Қ.Б. Сейталиев, Ш.К. Құрманалина, А.Х. Аренова, С.Е. Қаңтарбайдың [139-145] еңбектерінде де жоғарыда аталып өткен мәселелер жан-жақты қарастырылған. Мәселен, ғалым А.Ғ.Қазмағанбетов оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытуға өзін-өзі бағалау мен өзара бағалаудың онды әсерлерін қарастырса [141,с. 110-112], Ш.К.Құрманалина оқу тапсырмаларын бір ғана тәсілмен емес, әр түрлі тәсілдермен орындау жолдарының оқушының шығармашылық әлеуетіне тигізер ықпалдарын [143,с. 49], А.Х.Аренова мектеп оқушыларының шығармашылық әлеуетін дамытуға бағытталған жүйелі жұмыстардың рөлі мен маңызын [144,с. 186], ал С.Е. Қаңтарбай оқу әрекетін еңбек құралы ретінде қалыптастыру арқылы оқушыларды шығармашылыққа баулу жайлы өз зерттеулерінде қарастырып, оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту үшін алдымен оның танымдық әрекеттерін дамытудың маңызына тоқталған [145,с. 58-64].

Шығармашылық әлеуеттің педагогика саласындағы рөлін қарастырған ғалымдардың бірі А.К.Маркова өзінің зерттеулерінде оқушы бойында шығармашылық әлеуетті дамыту үшін, педагог ең алдымен оқушыларды оқу үдерісі арқылы ақиқатты өз бетінше саралауға, және бұл жолда оларды үнемі айналасындағылармен қарым-қатынаста болуға мүмкіндік туғызуы тиіс деп тұжырымдайды [146].

Оқыту үдерісінде оқушы бойында шығармашылық әлеуетті дамытудың қажеттілігіне басты назар аударып, аталмыш салада көптеген зерттеулер

жүргізген ғалымдардың бірі И.П.Волков болды [147]. Ғалым шығармашылық қасиеттің кез-келген баланың бойында табылатынына тұжырым жасай отырып, ол бұл әрекетте мектептің және оқу мазмұнының ерекшеліктеріне назар салады [147,с. 54]. Соның нәтижесінде, ғалым оқушының шығармашылық әлеуетін ерте бастан қалыптастыру үшін 1-сыныптан бастап бала бойындағы шығармашылықты дамытатын пәндерді оқу бағдарламасына ендіру қажет екендігін және мектептегі әрбір сыныпты тек білім алуға арналған орын ретінде емес, шығармашылық орта ретінде қалыптастыру қажет деген пікірге сүйенеді.

Педагогика саласындағы шығармашылық мәселесін белгілі бір сатыға көтерген ғалымдар В.А.Кан-Калик және Н.Д.Никандров мұғалімнің оқушы бойында шығармашылық әлеуетті дамытудың келесі іс-әрекеттерін анықтаған [148,149]:

- 1) сыныппен қарапайым өзара әрекеттесу деңгейі;
- 2) сабақтағы шығармашылық деңгейді оңтайландыру;
- 3) эвристикалық, оқушылармен шынайы қарым-қатынас арқылы олардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған жаңа идеялар мен тәсілдерді қолдану;
- 4) әдістерді баланың жеке ерекшелігіне орай олардың шығармашылық даму деңгейіне орай түрлендіре отырып пайдалану.

Ал, өз кезегінде педагогикалық шығармашылықты зерттеген ғалым В.И.Загвязинский өз зерттеуінде шығармашылық әлеуетті дамытудың кезеңдерін келесідей көрсетеді [24,с. 384]:

- 1) жаңалықты көру;
- 2) өнертапқыштық құрастыру, модельдеу;
- 3) жетілдіру кезеңдері.

Дегенмен, жоғарыда аталып өткен ғалымдардың барлығы дерлік тұлға бойында шығармашылық әлеуетті дамыту үшін оқушының қызығушылық, ақыл-ой, жаңа ақпаратты тез арада меңгере білу қабілеті, байқампаздығы мен ойлау операцияларын іске қоса алу қасиеттері, сонымен қатар, табандылық, мақсатқа ұмтылушылық пен өзіне деген сенімі сынды қасиеттердің болуы кез-келген шығармашылық әрекетті нәтижелі ететіндігін атап өтеді. Ғалымдар өз ойларын түйіндей келе, мұғалім шығармашылығының ең жоғары деңгейі оның толық дербестігімен сипатталады, әрі, педагогикалық шеберлікті шығармашылықтың бір деңгейі ретінде бөліп көрсетеді, оған әрбір мұғалім ұмтылуы тиіс екендігін айтады.

Шығармашылық жайлы көптеген еңбектердің авторы Б.Д.Эльконин шығармашылық ұғымын «ерекше тұрғыдағы жасампаздық, жаңадан жасалынған дүние» ретінде сипаттай келе, шығармашылық әрекеттің нәтижесін «өзінің соңылығымен, біртумалығымен ерекшеленетін дүние» деп түсінген [150].

Шығармашылық әлеует - адамның мүмкіндігін және оның еңбек іс-әрекетіне қатысу шекарасын анықтайтын қасиеттер жиынтығы. Қай салада болмасын, іс-әрекетке түсуші кез-келген тұлғаның өз бойында шығармашылық әлеует дамиды. Мәселен, А. Перевалованың пікірінше, әртістің шығармашылық

әлеуеті-генетикалық және физиологиялық вокалдық, сахналық дағдыларының болуы болса [151], ал С. Вострокнутовтың теориясында мұғалімнің шығармашылық әлеуеті - оқыту үдерісінде баланың қажеттілігіне және деңгейіне орай сабағын түрлендіре алуымен, сонымен қатар баланың пәнге деген қызығушылығын арттырып, нәтижелі іс-әрекеттерге бағыттай алуымен көрініс табады [152].

К. Құдайбергенова өзінің зерттеулерінде: «...ойлану дәрежесіндегі әрекеттің әр түрлі нұсқаларын алу; мотив, үдеріс, әрекет, мінез-құлық, мақсат, нәтиже арасындағы байланыстың күштілігі; субъективтілік – бұлар шығармашылыққа бастау көздері» деген тұжырымға келеді. Автордың пайымдауынша, осындай қасиеттерді қалыптастырып, жас буынды жаңа жаһандық экономикаға даярлау кезеңінде педагог кадрларға қойылатын міндеттердің бірі – оқушының бойындағы бейімділікті дер кезінде анықтап, оның ішкі әлеуетін қалыптастыру және оны шындай түсу болып табылады [153]. Олай болса, ғасырлар тоғысында өзінің жаңа даму жолы мен болмысын айқындап алған Қазақстан Республикасы ХХІ ғасырда болашақ буын ұрпаққа білім беру мен тәрбиелеудің жаңа парадигмаларын қалыптастыруды алдыңғы кезектегі міндеті етіп қойып отыр.

Жоғарыда атап өткеніміздей, шығармашылық – бұл адамның өмірде өз жолын табу үшін өзін-өзі тану үрдісінде сынилыққа, ізденімпаздыққа салынып, дұрыс әрі тиянақты шешім қабылдай алудың шыңы, акмасы болып табылады. Осы тұста, біз педагогикалық зерттеулердегі «шығармашылық әлеует» ұғымының түсіндірмелері арқылы әр адамның және тұтас адамзаттың жаратушылық қабілеттерінің сипаттамасын табуға мүмкіндік алдық. С.Л.Рубинштейн «оқушы шығармашылығының ерекшелігі оның саналы түрде мақсатты әрекет жасауымен анықталады», - деп бала бойындағы шығармашылық қабілеттердің іс-әрекет барысында анықталатындығын, әрі «шығармашылық іс-әрекеттің нәтижесі баланың өзі үшін ғана жаңалық болғаны жеткілікті» екендігін жариялаған [22,с. 257].

Осы орайда, Б. Тұрғынбаеваның пікірінше, баланың өз бетінше іс-әрекетті ұйымдастыра алуы мен нәтижесін көре білуі – оның шығармашылық әлеуетінің даму үдерісінің бастамасы болып саналады [41,с. 63]. Сондай-ақ, «шығармашылық» мәселесін терең зерттеген Б.Тұрғынбаева өзінің «Біліктілікті арттыру жүйесінде мұғалімдердің шығармашылық әлеуетін дамыту» атты докторлық диссертациясында шығармашылық ұғымын «даму» ұғымымен қатар қояды [41,с. 56]. Өйткені, автордың пікірінше, әрбір жаңалық, әсіресе интеллектуалдық тұрғыда баланы жаңа сапаға көтереді, дамуға жетелейді. Б.Тұрғынбаеваның пікіріне сүйене отырып, біз оқушылардың шығармашылық қабілеттері деп оқыту іс-әрекеті қорытындысында оқушылардың жаңа бір нәрсені үйренулері және олардың даралық бейімділіктерінің, қабілеттерінің көрінуі деп тұжырымдаймыз. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай қабілеті, олардың белгілі бір іс-әрекетпен айналысуға бет бұрысы, оған көңілінің бет бұруы - оқушы бойында қалыптасып келе жатқан шығармашылық әлеуеттің алғашқы белгілері болып саналады.

Қабілеттер іс-әрекеттің белгілі бір түрін ойдағыдай, нәтижелі орындауда көрінетін адамның жеке қасиеті ретінде көптеген зерттеушілердің еңбектерінде шығармашылық әлеуеттің негізі ретінде қарастырылып келді. Солардың қатарында отандық ғалым С. Тілешева [154] еңбектері оқушылардың қабілеттері арқылы шығармашылық әлеуетті дамыту мәселесіне арналады. Бұл ғалымдар жоғары сыныптарда шығарма жазғызудың әсерлерін шығармашылықтың түрткілері ретінде қарастырса, ресей ғалымы В.Д. Чернов [155] сабақтан тыс уақытта факультативтер мен үйірмелер жұмыстары арқылы қабілеттерді дамыту, оқушыларды шығармашылық іс-әрекетке баулу әдістерін, ал М.Мұхамедин [156] оқу үдерісінде ойын элементтерін қолдану арқылы оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту жолдарын ұсынады.

Аталмыш зерттеулерге сүйене отырып, біз «адам бойында табиғи мүмкіндіктер туа пайда болады, дегенмен олар тек белгілі бір әлеуметтік жағдайларда байқалып, әрі қарай дамиды және әр адам басқа адамнан өзінің табиғи психологиялық өзгешіліктерімен ерекшеленеді» деген қортындыға келеміз.

Мектептегі оқу-тәрбие үдерісінде оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту жөнінде соңғы кездерде бірқатар ғалымдар тиімді ұсыныстар беруде. Осы тұста, В.А.Бухалов оқушылардың шығармашылық әлеуетін арттыру үшін оқушыларға шығармашылық тапсырмаларды орындатуда оқу мәтіндерін талдап, зерделенеген ережелерді қоса отырып (кіріктіру), ойлаудың белсенді әдістері мен алгоритмдік әдістерін қолдануы тиіс деп тұжырымдайды [157]. Ал, Г.С. Альтшуллер мен И.М. Верткин мыңнан аса шығармашыл тұлғалардың, оның ішінде ақындар, суретшілер, композиторлар, инженерлер, дәрігерлер, ғалымдар және т.б. өмірбаяндарын талдай келе, шығармашылық әлеуеті дамыған тұлғалардың іс-әрекеттерінің түріне келесілердің жататынын анықтаған [158,159]:

- шығармашылық мақсатты анықтап, оған жету үшін өз іс-әрекеттерін ұйымдастыру;
- іс-әрекетті жоспарлау және өзін-өзі бақылау дағдыларына ие болу;
- жұмыс істеу қабілетінің жоғары деңгейін көрсету;
- мақсаттың негізін құрайтын мәселені анықтау, оны шешу дағдыларын меңгеру
- өзінің көзқарасын қорғау қабілетін дамыту.

Бұл іс-әрекеттер оқушылардың шығармашылық әлеуетін белсенділік пен қабілет тұрғысынан алғанда, оқушылардың белгілі бір мақсатқа бағытталған қызметін сипаттайды. Өйткені, оқыту мазмұнын қамтитын, қызығушылығын оятатын, белсенділігі мен шығармашылық қабілеттерін дамытатын, сонымен қатар, оларды тәжірибеде қолдануға негізделген әрекеттер ғана оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытуға негіз болады. *Шығармашылық іс-әрекет* – бұл мәселені анықтау, идеяны тұжырымдап жеткізу, жаңа идеялардың қалыптасуы, олардың логикалық даму процесі, мәселені шешуде нәтижелі тәсілдерді пайдалану, шешімдерді негіздеу және нәтижені тәжірибе жүзінде

дәлелдеу кезеңдерінде көрінетін нақты нәтиже. Сондықтан, шығармашылық іс-әрекет шығармашылық әлеуеттің дамуына ықпал етеді.

Оқушының шығармашылық деңгейі – оның мәселені қою мен оны шешудің жолдарын табуынан көрінеді. Мұнда жаңа білімді меңгеру процесі шығармашылық ойдың қалыптасуымен және дамуымен бірге жүреді. Демек, шығармашылық ойдың нәтижесі – тек қана белгілі ұғымдарды қайталап, жаңғыртумен ғана емес, сонымен қатар жаңа білімді жасау, тапсырманы орындауда жаңа жолдарды ашу болып табылады.

Психологиялық-педагогикалық ғылымдар саласында шығармашылық іс-әрекеттің ерекшеліктерін зерттеген С.Д.Рубинштейн, Л.С.Выготский, О.К.Тихомиров, А.В.Брушлинский, Б.Г.Ананьев, Т.А.Маслоу және т.б.еңбектері біздің оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту бойынша зерттеуімізге негіз болады. Сондай-ақ, тақырып аясында зерттеу жүргізген авторлардың қатарына Кішібаева Дариға Жүнісбекқызының «Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық іс-әрекетін пәнаралық байланыс негізінде қалыптастыру» атты кандидаттық диссертациясын қарастыруға болады. Аталмыш диссертацияда, оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту үшін қажетті педагогикалық шарттарды айқындап, олардың қатарына оқушының зердесін, эмоция мен сезімдерін, өзіне деген сенімділігін, өзін жақсы көруін, дүниеге көзқарасын, дербестігін, ынтасын дамытуды жатқызады [160]. Сонымен қатар, кіріктірілген пәндер жүйесі немесе пәнаралық байланыс баланың айналасындағы дүниені танып-білуіне айрықша қызығушылық танытатын факторлар екендігін айтады.

Келесі кезектегі, ғылыми диссертациясын «Қазіргі мектептерде оқушылардың шығармашылық дарындылығын дамытудың педагогикалық шарттарына» арнаған педагогика ғылымдарының кандидаты Ж.К.Елеупаеваның зерттеуінің біздің зерттеуіміз үшін маңызы жоғары [161]. Өйткені, бізге зияткерлік мектептерінде жүзден жүйрік, мыңнан озық шығып, іріктеуде жоғары ұпай санын жиған дарынды оқушылардың шығармашылық дарындылығын қалыптастыру үшін қажетті педагогикалық шарттарды дұрыс ұйымдастыру жолдарын қарастыруымызға мүмкіндік береді. Яғни, автордың еңбегі арқылы біз оқушылардың шығармашылық дарындылығын дамыту үшін шығармашылық іс-әрекеттерді ұйымдастырудағы мақсат пен міндеттерді ажыратып алуды, сондай-ақ, шығармашылық іс-әрекеттерді ұйымдастыруда пайдаланылатын әдіс-тәсілдер оқушылардың ұтымды ойлауының даму заңдылықтарына сәйкес болуы тиіс деген тұжырымды береді. Сонымен қатар, ғалым бізге оқушыны шығармашылыққа бағыттау үшін педагогикалық орта келесі негізгі аспектілерді қамту қажеттілігін көрсетеді:

1. Танымдық – оқушының оқу материалдарын тиімді игеруі, оқытылып отырған пәнге қызығуы, танымдық белсенділігі;
2. Логикалық – оқушылардың оқу материалдары бойынша логикалық ойлау процесі арқылы құрылымындағы тапсырмаларды орындай білу қабілеттері мен дағдылары;

3. Шығармашылық – оқушылардың шығармашылық әдіс-тәсілдерді игеруі, шығармашылыққа қадам жасауы, мәселені шешудің жолдары мен әдістерін түрлендіруі, ой туындатуы, қорытынды жасауы және өз беттерінше ғылыми-ізденіс жүргізулері.

Р.С. Омарованың зерттеуінде: «оқушылардың шығармашылық қызығушылығын қалыптастырудағы басты мақсат – қазіргі білім берудің жаңа парадигмасы жағдайындағы оқушылардың жеке тұлғалық сапалық қасиеттерін арттыру, шығармашылық ойлауын дамыта отырып, заман талабына сай құзырлылығын қалыптастыру және рухани жан дүниесінің дамуына жағдай жасау» деп атап көрсетеді [162]. Автор өзінің зерттеу жұмысы барысында оқушылардың шығармашылық қызығушылығын қалыптастыруда білім берудің жаңашылдық сипатына сәйкес, білім мазмұнын, ұйымдастыру формаларын, технологияларын, оған қатысушы субъектілердің бағытын, білімдік ортаны өзгерту арқылы ғана мүмкін болатындығына көз жеткізді. Сонымен қатар, зерттеуші білім мазмұнының шығармашылық сипаты мен құрылымы еліміздің рухани-мәдени деңгейін көтерудің негізі екенін және оның тұлғаның шығармашылық қызығушылығы мен танымдық белсенділігі арқылы жүзеге асатынын тұжырымдайды.

Аталып өткен зерттеу жұмыстарының оқушының шығармашылық әлеуетін дамытудағы маңызы өте жоғары. Олай деуіміздің себебі – бұл жұмыстардың барлығының педагогика саласындағы оқушының шығармашылық еңбегіне бағытталған оқу процесі мен оқу мазмұнының қыр-сырына, нәтижелі болуына тікелей бағытталуы.

Шығармашылық әлеует жайлы жоғарыдағы ойларды тұжырымдай келе бұл ұғымның көріністері – тар мағынада өзі үшін, қоғам үшін жаңалық ашу; білім беру мен тәрбиелеудің жаңа заңдылықтарын ашу, педагогикалық тәжірибеде жаңа, соңы тәсілдер мен технологиялар, жүйелер ойлап табу болып сипатталса, ал кең мағынада шығармашылық әлеует бұрынғы белгіліні жаңа жағдайға қарай бейімдей алу, педагогикалық әрекетте импровизация жасай білу, белгіліні жетілдіріп қолдана алу, фантазиялау, өз ісіндегі алыс, жақын болашақтарды болжай алу, өз идеясы мен мақсаттарын іске асыра білу, ғылымның жетістіктерін өз тәжірибесіне енгізе алу деген қорытынды жасауымызға болады.

Оқушының шығармашылық әлеуетін дамытуды ұйымдастыру-педагогикалық факторлары басқаруға болатын үрдіс және ол оқушының өз жеке сапаларына да, сонымен қатар мектеп басшылары мен мұғалімдердің ұйымдастырушылық, кәсіби деңгейлеріне, шығармашылыққа деген көзқарастарына да байланысты екеніне ерекше мән бергіміз келеді. Ал мектепте қажетті жағдайлар жасалған уақытта оқушының шығармашылық әлеуетін дамытуды жүзеге асыра алу мәселесі шешімін табады деп есептейміз.

Тұлғаның өзін-өзі шығармашылықпен дамыту педагогикасын қалыптастыруға қадам жасай отырып, біз шығармашылықты адамның өзіне бағытталған ерекше іс-әрекет ретінде қарастырамыз. Шығармашылық оқушының даралығы мен жасампаздық қабілеттерінің айқын көрінісі

болғандықтан, бұл сыртқы әсерлерден гөрі әлдеқайда тиімді деп санаймыз. Осылайша, ғалымдардың шығармашылық әлеуеті қалыптасқан оқушы өзінің шығармашылық әлеуетін толық іске қосуды қамтамасыз ете алатын, алдына қойған тұлғалық мәні бар күрделі мәселелерді шешу үшін өзінің шығармашылық ойларын іске жарата білетін тұлға деген пікірлерін зерттеуімізде негізге алатын боламыз. «Әлеует», «шығармашылық әлеует» ұғымдарының талдауын ұсынған отандық және шетелдік ғалымдарының еңбектерінің контент-талдауы 1-кестеде көрсетілді.

Кесте 2 - «Әлеует», «шығармашылық әлеует», оны дамытудың тиімді жолдарына қатысты отандық және шетелдік ғалымдарының еңбектерінен контент-талдау

№	Ғалымдар	Ғылыми тұжырымдамалар
1	2	3
Отандық ғалымдар	«Әлеует» ұғымы	
	Е.С. Балтабаев	Жеке тұлғалардың өмір сапасын жоғарлатуды қамтамасыз ететін құрал
	Г.И. Абдикеримова	Тұлғаның өз қызметін жетілдіруге қаншалықты дайын екендігін көрсететін құрал.
	Н.М. Темірбеков	Тұлғаның белгілі бір міндеттерді шешуде немесе дайындауда қолданатын дағдылары немесе қабілеттері
	Ф.Н. Жакыпова	Ресурс ретінде сипаттайды
	З.Ж. Оразалиев	Адамды шынға жетелейтін қасиеттердің жиынтығы
Шетелдік ғалымдар	Қ. Жарықбаев	Адам әрекетінің қозғаушы күші әрі ішкі күштері мен қоры
	Е.С. Михалева	Белгілі бір мақсатқа қол жеткізу үшін қолданылатын мүмкіндіктер, қабілеттер мен ресурстар кешені
	Д.Н. Ушатов	Қандай да бір дүниені жүргізуге қажетті құралдар мен шарттардың жиынтығы
	С.И. Ожегов	Қандай да бір қатынастардағы құрал мен ішкі мүмкіндіктер жиынтығы
	Д. Джери, Дж. Джери	Адамның күнделікті өміріндегі тұтыну әрекеттерінен үстем орналасқан құндылық және әлеуметтік құбылыс
	Р. Корсини, А. Ауэрбах	Қандай да бір облыстағы қарым-қатынастарды іске асыру үшін қолданатын құралдар мен қорлар көзі
Отандық ғалымдар	А.Сен және М. Ульхак	Белгілі бір экономикалық, экологиялық және саяси-әлеуметтік жағдайларда адамзаттың даму мүмкіндіктері мен деңгейін білдіретін көрсеткіш
	«Шығармашылық әлеует» ұғымы	
	Қ. Б. Жарықбаев	Басқалардан көмек күтпей, мәселені шешуде басқа біреудің әдісін қайталамай, қалайда өзі шешуге тырысатын адам шығармашыл ойдың иесі
	Б. Тұрғынбаева	Баланың өз бетінше іс-әрекетті ұйымдастыра алуы мен нәтижесін көре білуі – оның шығармашылық әлеуетінің даму үдерісінің бастамасы болып саналады
Отандық ғалымдар	Д.Б. Ешенкулова	Болашақ мұғалімдердің оқушылардың іс-әрекетін басқаруға даярлығын мұғалімнің ішкі күйі, сапасы, қасиеті, мүмкіндігін пайдалана отырып, белгілі бір іс-әрекетке дайын болудың көрінісі

2 - кестенің жалғасы

1	2	3
Шетелдік ғалымдар	Т.И.Шамова	Бұрын белгісіз болған деректер мен материалдық әлем және рухани мәдениеттің заңдылықтарын, қасиеттерін және өзіндік құндылықтар тудыратын рухани әрекет
	Д.Б.Богоявленская, А.В.Брушлинский, және А.Я.Пономарев	Тұлғаның интеллектуалдық әрекеті
	Д. Джери	Адамның ойлауы мен міндеттерін іске асырудағы әлдебір жаңашылдық арқылы жүзеге асатын интеллекті аспектісі
	С.Л.Рубинштейн	Оқушы шығармашылығының ерекшелігі оның саналы түрде мақсатты әрекет жасауымен анықталады, шығармашылық іс-әрекеттің нәтижесі баланың өзі үшін ғана жаңалық болғаны
Отандық ғалымдар	Мектеп оқушыларының шығармашылық әлеуетін дамытудың тиімді жолдары	
	Б.Т. Нәбиева	Оқушының танымдық қабілетін қалыптастырудың әдістемелік негіздерін оның шығармашылық әлеуетімен сабақтасып, сыныптағы және сыныптан тыс әрекеттер теориялық тұрғыда өзара байланыста қарастырылады.
	А.Ж. Едігенова	Күнделікті сабақ барысында және сыныптан тыс жұмыстарда оқушыны ертегі оқуға баулу арқылы оның танымдық әрекеті мен шығармашылық әлеуетін дамытудың әдістемелік жолдары ұсынылады
	А.Ғ.Қазмағанбетов	Оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытуға өзін-өзі бағалау мен өзара бағалаудың оңды әсерлерін қарастырылады.
	Ш.К.Құрманалина	Оқу тапсырмаларын бір ғана тәсілмен емес, әр түрлі тәсілдермен орындау жолдарының оқушының шығармашылық әлеуетіне тигізер ықпалдары анықталады.
	А.Х.Аренова	Мектеп оқушыларының шығармашылық әлеуетін дамытуға бағытталған жүйелі жұмыстардың рөлі мен маңыздылығы қарастырылады.
	С.Е. Қаңтарбай	Оқу әрекетін еңбек құралы ретінде қалыптастыру арқылы оқушыларды шығармашылыққа баулу үшін ең алдымен олардың танымдық әрекеттерін дамыту маңыздылығы айтылады.
	Кішібаева Д.Ж.	Оқушылардың шығармашылығын дамытуда пәнаралық байланыстың маңыздылығы айтылады.
Шетелдік ғалымдар	Д.Б.Богоявленская	Шығармашылық әлеуеттің құрылымы танымдық қабілеттерден құралатындығы айтылады.
	А.К.Маркова	Оқу үдерісі арқылы ақиқатты оқушылардың өз бетінше саралауы және бұл жолда оларды үнемі айналасындағылармен қарым-қатынаста болу маңыздылығы айтылады.
	В.А.Бухалов	Оқушыларға шығармашылық тапсырмаларды орындатуда оқу мәтіндерін талдап, зерделенген ережелерді қоса отырып (кіріктіру), ойлаудың белсенді әдістері мен алгоритмдік әдістерін қолданудың пайдасы айтылады.
	А.И.Перевалова	Іс-әрекетке түсуші кез-келген тұлға өз бойындағы шығармашылық әлеуетін дамытатындығы айтылады.

Жоғарыдағы кестеде «әлеует» терминінің еліміздің және шетелдік ғалымдар тарапынан педагогика, психология, әлеуметтану, экономика және т.б. салаларындағы түсіндірмелері мен қолдану ерекшеліктері көрсетілген. Бұдан біз әлеуетті тұлғаның, ұйымның немесе қоғамның белгілі бір нәтижеге жетудегі ішкі және сыртқы мүмкіндіктерінің жүйелі түрде қарастырылатынын көре аламыз. Сондай-ақ, бұл терминнің ғылыми мәні мен бағыттарына үңілетін болсақ, оның көпқырлы екенін, яғни, жеке тұлғаның қабілеттерінен бастап, жалпы қоғамның ресурстарын тиімді қолдануға дейінгі әртүрлі салаларда кеңінен пайдалынатынын көрсетеді. Сонымен қатар, бұл ұғымды зерттеу әр салада маңызды екендігін аңғартады, себебі ол дамудың маңызды көрсеткіштерінің бірі ретінде қарастырылады.

Шығармашыл оқушы - белгілі бір ұстанымы бар, өзінің ішкі мүмкіндіктерін дамытуға және ақиқатқа жету үшін жаңашылдық тұрғысынан өзгерістер жасауға мүмкіндігі бар, өзінің ішкі қуат қорын дұрыс игере білетін тұлға. Ондай оқушы қоғам талап етіп отырған біртұтас, ашық, динамикалық, дамушы шығармашыл тұлға ретінде дамиды.

Сонымен, бұл бөлімде шығармашылық әлеует ұғымының теориялық негіздерін зерттей келе, келесідей тұжырымдар жасалды:

-оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың қазіргі тұжырымдамасы оқу мазмұнының жаңа парадигмасына сүйенеді, яғни ол әр жеке тұлғаның ынтасы мен даму мүмкіндіктерінің, оның ішінде оның өзін-өзі шығармашылық тұрғыдан дамытуды қажетсінуінен; ішкі еркіндігінің басылымдылығы мен өзін-өзі дамытуға деген танымдық қызығушылығының ықпалдастырылған сипаттамасынан тұрады;

-жеке тұлғаның шығармашылық әлеуетінің дамуы – бұл ішкі процесс, тұлғаның орта әсеріне белгілі бір жауап беру тәсілі. Ол тұлғаның өзіндік қарама-қайшылықтар әсерінен әлеуметтік қатынастардың субъектісі ретінде өзінің субъективті қарым-қатынастарын есепке алу негізінде өзін саналы түрде жетілдіруге ұмтылысы;

-оқушы шығармашылық әлеуетін дамытудағы басты функцияларына мыналар жатады: талаптанушылық, танымдық қызығушылық, реттеушілік қабілет, рефлексия жасау, белсенді қарым-қатынас орнату, сондай-ақ басқа қасиеттер. Бұл қасиеттер тұлғаның өзін-өзі дамыту бағытын, жеке компоненттерінің деңгейін және олардың бірізділігін анықтай отырып, адамға өзін-өзі жетілдіруге бағытталған дербес іс-әрекетін ұйымдастыруға жағдай жасайды;


-шығармашылық әлеуетті дамыту - субъект-субъектілік бағыттағы шығармашылық әрекеттің ерекше түрі, ол бір жағынан «өзіндік» процестердің яғни «өзін-өзі тану, өзін-өзі айқындау, өзін-өзі басқару, өзін-өзі таныту» сынды құбылыстардың қарқынын күшейту мен тиімділігін арттыруға, екінші жағынан, тұрақты түрде күрделеніп отыратын проблемалық шығармашылық міндеттердегі қарама-қайшылықтарды шешуге бағытталады.

«Шығармашылық әлеует» ұғымына жоғарыда келтірілген ғалымдардың тұжырымдамаларынан оқушы бойындағы жасырын және ашық мүмкіндіктерін

пайдаланудың тиімді тәсілдерін айқындайтын кешенді ұғым ретінде қарастыруға болады. Оқушы кез-келген жағдаятта өзінің ішкі және сыртқы ресурстары немесе мүмкіндіктерін өз бетінше тиімді пайдалана отырып, іс-әрекетін жүйелі ұйымдастыра алуы мен соның нәтижесін көре білуі- оның шығармашылық әлеуетінің қалыптасқандығын және дамығандығын аңғартады. Нәтижесінде, шығармашылық әлеуеті дамыған тұлғаны қалыптастыру арқылы біз қоғамды жаңашыл идеялар мен тиімді шешімдерді ұсынуға икемді прогрессивті азаматтармен толықтыру мүмкіндігіне ие боламыз.

Оқушының өз бетінше дербес әрекет етуі өздігінен икемделудің сапалық көрсеткішімен, өзінің ішкі және сыртқы белсенділігінің оқушыға тән нысанмен тәсілдерін жан-жақты талдауымен және күнделікті тұрмыстағы белгілі бір жағдаяттарға оқушының тұрлаулы, тиянақталған мінез-құлық танытуымен сипатталады.

Жоғарыда сөз болған идеяларды қорытындылай келе, оқушының шығармашылық әлеуетін дамыту, алдымен оның танымдық белсенділігін, дербес әрекет ету қабілетін және ойлау дағдыларын дамытусыз мүмкін емес деген тұжырымға келеміз. Оқушылардың бойында шығармашылық әлеуетті дамыту мәселесі ерте заманнан бері көтеріліп келе жатқан проблемалардың бірі болғанымен, кеңес дәуірі кезінде қажетті жағдайлар жасалынып, әрбір баланың бойындағы шығармашылық әлеуетті арттыру әбден мүмкін екендігі жайлы жан-жақты талқыланды. Осылайша, келесі 2-суретте көрсетілген шығармашылық әлеуеттің құрылымдық сипаттамалары жүзеге асырылған жағдайда, әрбір оқушының сыни ойлау дағдысы артып, дербес әрі өз бетінше жаңа тың идеяларды ұсынуы тиімді түрде жүзеге асады деп айтуға толық негіз бар.



Сурет 2 – Шығармашылық әлеуеттің құрылымдық сызбасы

Алдағы жылдары қазіргі педагогика ғылымында шығармашылық әлеуеттің дамуы әлеуметтік-педагогикалық үдеріс ретінде ғана емес, сонымен қатар күрделі нейробілімдік динамиканың нәтижесі ретінде қарастырылады. Өйткені, цифрлық дәуірде білімнің салтанат құруы күн санап өзгеруде. Сондықтан оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың маңызды бөлігі нейробілімге байланысты келеді. 8-9 сынып оқушылары контекстіндегі нейродидактика мен шығармашылықтың байланысы келесі негізгі құрамдас бөліктерде көрініс табады:

Когнитивті икемділік және нейропластика 14-15 жаста ми «нейрондық прунинг» (артық байланыстарды жою) және префронтальды қыртыстың белсенді миелинизациясы процесі арқылы өтеді. Нейродидактика осы кезеңдегі шығармашылық белсенділік адаптивті нейропластиканың негізгі стимуляторы екенін айтады. Стандартты емес тапсырмаларды шеше отырып, оқушылар инсайттар мен түпнұсқа идеяларды құруға жауап беретін пассивті ми режимінің желісін пайдаланады. Осылайша, нейробілім шығармашылықтың даму қарқындылығына тікелей байланысты.

Жаңаны іздеу қызметін қолдау шығармашылық үдеріс мидың марапаттау жүйесімен тығыз байланысты. 8-9 сыныптарды оқытудың нейродидактикалық тәсілі «интеллектуалды тәуекел» үшін жағдай жасауды қамтиды. Оқушылар бастапқы шешімді тапқанда, допаминнің бөлінуі орын алады, бұл іздеу әрекетіне оң мотивацияны бекітеді. Бұл жаста назарды «жаттаудан» «түсінуге» ауыстыру маңызды, өйткені жасөспірімдердің гормоналды фоны табыстың ішкі ынталандыруларына барынша сезімтал.

Дивергентті есептерді шешудегі физиологиялық жағдайдағы интеграция шығармашылық әлеуетті дамыту сол (аналитикалық) және оң (интуитивті) жарты шарлардың үйлесімді жұмысын талап етеді. Нейродидактика ми қыртысының әртүрлі аймақтарын бір уақытта белсендіретін көп сенсорлы оқыту әдістерін ұсынады. Жасөспірімдердегі шығармашылық оқу үдерісі материалды визуализацияны, дерексіз модельдеуді және эмоционалды өмір сүруді біріктірген кезде жеделдетіледі, бұл білімнің терең интериоризациясына әкеледі.

Эмоционалды интеллекттің когнитивті ізденіске әсері нейродидактика заңдарына сәйкес лимбиялық жүйе (эмоциялар орталығы) стресс жағдайында когнитивті процестерді блоктауға қабілетті. Шығармашылық «ағын» күйінде толық ашылады (ағын күйі). Жасқа байланысты эмоционалды ауытқуларға ұшыраған 8-9 сынып оқушылары үшін психологиялық тұрғыдан қауіпсіз, бірақ интеллектуалды қоздырғыш ортаны құру шығармашылықтың нейрофизиологиялық жетілуінің міндетті шарты болып табылады [163].

Мектеп оқушыларының шығармашылық әлеуетін дамытудың тиімді жолдарын жан-жақты талдаған отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектерінен біз зияткерлік мектептерде оқушылардың танымдық және шығармашылық әлеуетін дамытуға бағытталған әдістер мен тәсілдердің әртүрлілігін, сондай-ақ олардың білім беру үдерісіндегі тиімділігі мен қолдану ерекшеліктерін айқындадық. Бұл әдістер мен тәсілдер оқушылардың

шығармашылық ойлауын дамытуымен қатар, олардың өздігінен шешім қабылдау машықтарын, жаңалыққа деген құштарлығын және күрделі мәселелерді шешу қабілетін қалыптастыруға бағытталған. Сондай-ақ, зерттеулер оқушының шығармашылық әлеуетін дамытуда оның ерекшеліктеріне, оқу ортасының ыңғайлығына және оқыту үдерісіндегі педагогикалық ықпалдың үйлесімділігіне ерекше көңіл бөлу қажеттігін көрсетеді.

Жоғарыда көрсетілген шығармашылық әлеуеттің құрылымдық сипаттарын тиімді жүзеге асыруда ақпараттық оқытудың тиімділігі зор. Осы тұста Фрэнсис Бэконнің «Ғылым патшалығына ену үшін біз қайтадан кішкентай бала кейпіне енуіміз тиіс»- деген сөзінің астарына үңілеміз [164]. Себебі, шығармашылыққа жету үшін әрбір баланың бойына туа біткен қасиет – зерттеу мен білімге ынтық болу, жаңалыққа ұмтылу сынды дағдыларды қалыптастыру маңызды.

Осылайша, шығармашылық оқыту тек үздік, жақсы оқитын, дарынды немесе талантты оқушыларға ғана тән ерекшелік болып саналмайды, ол қоғамды алға ілгерілету үшін жалпы білім беру жүйесінің алға қойған мақсаты ретінде қарастырылады. Дегенмен, біз зерттеп отырған мәселе зияткерлік мектептеріндегі оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту жайлы болғандықтан, аталмыш мекемеде білім алатын оқушылардың арнайы тестілеуден өтіп, тек оқу-танымдық, тілдік әрі логикалық қабілеттері жоғары шәкірттер екенін ескере кеткеніміз жөн. Себебі, мұндай жоғары дарындылыққа ие оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту үшін оларды «Қалай оқыту керек?» деген сұраққа жауап беруде шығармашылық оқытуды дарынды балаларға қатысты қарастыру маңызды болып саналады.

Дарынды және талантты балалардың шығармашылық әлеуетін дамыту идеясының төңірегіндегі мәселелер Д.Т. Треффингердің еңбектерінде қарастырылған [165]. Автор өз еңбектерінде дарынды балалардың шығармашылығын айқындайтын келесі формаларды ұсынады. Біріншіден, дарынды балалардың шығармашылық деңгейін сипаттайтын ерекшеліктер – жоғары қабілеттілік, дербес ойлау мен өзіндік шешім шығару сынды т.б. қасиеттерді қамтитын нақты форма. Екіншіден, автор шығармашылықты дарындылықтың маңызды құрамдас бөлігі ретінде қарастырады. Ол «шығармашылық – дарынды балалардың ортақ қасиеті» дей келе, өзгелерге қарағанда қабілеті жоғары балалар шығармашылық әрекетке етене жақын келеді деп тұжырымдайды. Дегенмен, үшіншіден, дарынды балалардың жоғарғы интеллектуалды мүмкіндіктері олардың сәттілікке қол жеткізулеріне кепілдік бола алмайды. Сонымен, жоғарыда келтірілген түрлі әдебиеттерді, ғылыми педагогикалық-психологиялық теорияларды талдай отырып, және олардың тәжірибеде жүзеге асырылу жағдайларын саралай келе, оқушылардың «шығармашылық әлеуетін дамыту» ұғымына біз өз анықтамамызды ұсынуды жөн көрдік. «*Шығармашылық әлеуетті дамыту*» дегеніміз – оқыту үдерісінде оқушылардың танымдық қызығушылық бағдары мен әртүрлі интеллектуалдық, жеке тұлғалық іс-әрекет сапаларынан көрінетін шығармашылық қабілеттеріне басшылық жасай отырып, рефлексиялық әдістер негізінде оқушыларды жоғары

нәтижелерге жетелеу жолында олардың ішкі қорлары мен күштерін, сондай-ақ жасырын мүмкіндіктерін ашу.

«Әлеует», «шығармашылық әлеует» түсініктерінің зерттелу жайын талдай келе, нәтижесінде: *«әлеует – берілген нүктедегі энергияны, кернеуді, қабілетті пайдалануға мүмкіндік беретін қуат көзі»*; *«шығармашылық әлеует - бұл тұлғаның ішкі мүмкіндіктері мен сыртқы орта жағдайларының өзара үйлесуінің нәтижесінде ойлаудың сонылығын және идеяларды генерациялауға мүмкіндік беретін нейродидактикалық құрылым»*; ал, *«зияткерлік мектептерде оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту – оқушының ішкі ресурстарын сыртқы ортада жаңашылдыққа ұмтылдыруда, оның ойлау еркіндігі мен ойлау шапшаңдығын, концептуалдық бейімделгіштігі мен конструктивтік идеяларды жүзеге асырудағы нейропедагогикаға бағытталған үдеріс»* деп нақтылау жасаймыз.

Сонымен, жоғарыда берілген зерттеулер мен ғалымдардың көзқарастарын қорытындылай келе, шығармашылық әлеуеттің білім беру үрдісінің маңызды компоненті екендігіне көзіміз жетті. Өйткені, білім беру саласының басты мақсаттарының бірі – оқушыларды өз бетінше әрекет етіп, өз бетінше дұрыс шешім қабылдауға баули отырып, мектеп қабырғасынан тыс өмірге дайындау. Шығармашылық әлеует білім берудің негізгі компоненті ретінде оқушыларды дербес әрі сыни ойлай білетін тұлға етіп қалыптастырудың нәтижесі ретінде көрініс табуы қажет

Теориялық талдаулар көрсетіп отырғанындай, біз шығармашылық әлеует жайлы ғылыми теорияларды талдай келе, келесі бөлімде өзіміз зерттеп отырған зияткерлік мектептердегі оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту ерекшеліктеріне жан-жақты тоқталатын боламыз.

1.3 Зияткерлік мектептерде оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың әдіснамалық тұғырлары

Жалпы педагогикалық зерттеулердегі түзілетін әдіснамалық тұғырлардың ішкі мазмұны келесідей жіктеледі, мысалы әдіснамалық тұғырлардың атқаратын функцияларының көпқырлылығы – символикалық түрдегі тұғырларды, ал өзара байланысына қарай тұғырларды логикалық деп, зерттеу пәніне қарай – педагогикалық тұғырларды; әдіснаманың табиғатын көрсетуде – әлеуметтік тұғырлар; қолданылу базасына қарай – функциялық тұғырлар, ретпен жүзеге асыруда – жүйелі түрдегі келетін тұғырлардың жіктемесін айтуға болады.

Зерттеулердің әдіснамалық негіздерін түзуде зерттеу пәнінің әдіснамалық тұғырлары мен қағидалары деген түсінік бар. Бұл бізге зерттеу мәселесінің әдістемесін дұрыс ұйымдастыруға негіз болады. Қазіргі кезде *«тұғыр»* және *«қағида»* түсініктерін негіздеу кез-келген зерттеу барысында міндеттеледі. Ендеше, бұл түсініктердің негізгі мазмұнын сипаттауда біршама ғалымдардың пікірлеріне тоқталуды жөн санаймыз.

Ш.Т.Таубаеваның зерттеулері көбіне әдіснаманы зерттеумен байланысады, нақтырақ айтсақ: «әдіснамалық тұғыр» деген ұғым (сөз тіркесі) талданып,

«...тұғыр – бұл ғылыми-педагогикалық қызметтің қандай да бір үдерісінің элементі, жеке әрекеті. Егер «әдіс» ұғымы ғылыми-педагогикалық әрекет тәсілдерінің жиынтығын білдірсе, «әдіснамалық тұғыр» ұғымы аталмыш тәсілдің зерттеушінің ғылыми-педагогикалық әрекетінің бүкіл кезеңінде пайдаланылатынын білдіреді. Зерттеу тәсілдерінің жиынтығы, олардың қолдану дәйектілігі мен логикасы педагогикалық зерттеуді жүргізу технологиясын анықтайды» деп түсіндіріледі [166]. Бұл ретте зияткерлік мектептерде оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытуда жоғарыда келтірілген тұғырлардың көбісі әдістемелік жағдайда қамтамасыз ете алатындығын және зерттеу құбылыстарын құрылымдауға, әдістемені жүзеге асыру үдерістерін ұйымдастыруға, сондай-ақ «шығармашылық әлеуетті дамыту» түсінігінің терең зерттелуіне негіз болады.

Н.В. Кузьминаның еңбектерінде «әдіснама» ұғымына мазмұны жағынан «қағида» ұғымы өте жақын келетіндігі көрсетілген. Автордың пікірінше, «қағида (принцип, лат.principium – басы) – бұл педагогикалық білім алу және жүйесін құру негізіндегі, сондай-ақ, танымдық және қайта құру әрекеттері немесе басқа педагогикалық объекті негізіндегі неғұрлым жалпы, маңызды әрекет туралы бастапқы ережелер» деп талданады [167]. Осы орайда бірнеше ғалымдардың тұжырымын қарастыра келе, «**әдіснамалық тұғыр**» ғылыми түсінігі педагогика саласында қолданыстағы дөп келетін тәсіл не әдісі, былайша айтқанда қолдануға мүмкіндігі жоғары элементі деп түсіндіріледі.

Ендеше зияткерлік мектептерде оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың әдіснамалық негіздері ретінде *тұлғалық тұғыр, іс-әрекеттік тұғыр синергетикалық тұғыр шығармашылық тұғыр өркениеттік тұғыр* басшылыққа алынды. Бұл аталмыш әдіснамалық тұғырлардың әрқайсысының сипаттамасын, атқаратын қызметін, функцияларын жеке талдайтын боламыз.

Сондай-ақ, әдіснаманы зерттеудегі «қағида» түсінігі педагогикалық теорияны құру, іске асыру, жаңа теория тудыру идеясына негізделеді. Зерттеулерде дайындалатын әдістемені ұйымдастырудың ережелерін, бағдарларын, жүзеге асыру тетіктерін және әрекетін реттеп отырады.

Зияткерлік мектептерде оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың әдіснамалық негізін құраушы қағидалар: *жүйелілік қағидасы ғылымилық қағидасы даралану мен түрлену қағидасы. креативтілік қағидасы, нейродидактикалық қағидасы* болып табылады.

XIX ғасырдың соңына қарай шығармашылық мәселесі қоғамнан берік орын алып, тұлғаның шығармашылық әлеуетін дамыту үшін алдымен оның тұлға ретінде дамуына назар аударыла бастады. Мәселен, XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында өмір сүрген орыс философы В. Бердяевтың философиялық тұжырымдарында адам баласының шығармашылық әлеуетінің дамуы оның алдымен жеке тұлға ретінде дамуы мен өзін-өзі үздіксіз жетілдіріп отыруы тұрғысынан қарастырылады. Философ «Шығармашылықтың мәні (Адамды ақтау тәжірибесі)» атты еңбегінде «Танымдық шығармашылық әрекет тек шекараларға төтеп беріп, өзінің ішкі қуатына сенімді тұлғаларға ғана тән... Ол күмәнділікті сүймейді... Адам ішкі күш-қуатын қайрап, өз-өзін дамытқанда

ғана бұл дәрежеге қол жеткізеді» деп жазады [168]. Бұдан біз философтың тұлғаның шығармашылық әлеуетін дамыту үшін оның тұлғалық қасиеттеріне, яғни оның өз ішкі ерік-жігерін тиімді пайдалануға шақыратынын анық аңғарамыз. Сондықтан да зерттеуіміздің тірегіне айналған оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың әдіснамалық негізін келесі кезекте **«тұлғалық тұғыр»** негізінде қарастыру ұсынылады.

Зерттелініп отырған тақырыбымыз оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту мәселесіне терең үңілетінін ескерсек, алғашқы кезекте әрбір шәкірттің жеке тұлға екендігін ескеру қажет. Осы тұста тұлғалық тұғыр оқушылардың ішкі құндылықтарын қалыптастыруға, олардың бойындағы жеке тұлғалық қасиеттері мен даралық, шығармашылық өрістерінің қалыптасуына және шығармашылық әлеуетінің дамуына негіз болатын тәрбие үдерісінің мазмұнын айқындауға жағдай тудырады. Сондықтан да тұлғалық тұғырды зерттеуімізде оқушының жеке тұлға ретінде қалыптасуын, өзін-өзі танып, шығармашылық әлеуетін жүзеге асыруды қамтамасыз ететін оқу-тәрбие процесінің негізі ретінде қарастырамыз.

Жалпы, тұлға теориясының көрнекті өкілдеріне антикалық философия буындары Аристотель, Гераклиттен бастап, орта ғасыр ойшылдары П.Абеляр, А. Августин мен қайта өрлеу мен жаңа дәуір философтары Д.Бруно, Н.Коперник, Р.Декарт, Б.Спиноза және т.б. жатады. Осы тұста тұлға ұғымын оның «тұлға ретіндегі даму» ұғымымен қатар қарастырғанымыз жөн деп білеміз. Себебі, философиялық сөздікте «мөлшерлік өзгерістердің белгілі бір өлшем шегінен шығып сапалық өзгерістерге айналуы» деп сипатталатын даму ұғымы тұлғаның тұлға болып қалыптасуына үлкен ықпалын тигізеді [72, с. 151].

Тұлғаның дамуы жалпы диалектикалық, табиғи, әлеуметтік-биологиялық, психологиялық-педагогикалық, акмеологиялық және әлеуметтік-экономикалық заңдарға сәйкес жүреді. Бұл үрдістің құрамына келесі заңдылықтар жатады:

- имманенттілік: бұл заңдылық бойынша, тұлғаның дамуға деген қажеттілігі оның табиғатында болады. Ол - оның біртұтас бөлшегі;
- биогендік: бұл заңдылық адамның психикалық дамуын оның генетикалық тетіктеріне сүйене отырып анықтайды;
- биоэнергетикалық: тұлғаның психикалық дамуы оның биологиялық энергиясының функциялық негіздерімен сипатталады;
- психогендік: адам – үнемі өзгеріп отыратын жүйе, сондықтан ол тұлға ретінде даму барысында өзгерістерге ұшырап отырады;
- тұлғалық: жеке тұлға дегеніміз өзіне тән сапалар мен өзіндік даму нұсқасы бар құбылыс;
- кезеңдік: жеке тұлғаның дамуы жалпы айналымдық заңға бағынады, демек тұлға пайда болу, шырқау шегі, солу, құлдырау кезеңдерін басынан өткереді;
- әрқалыптылық: әрбір жеке тұлға қайталанбайтын жарық жұлдыз, демек әрбір тұлға өз ырғағымен әртүрлі кезеңде дамиды. Өмірлерінде беттесетін тығырықтардан да әртүрлі жолмен өтеді [169].

Сондай ақ, ғылымда тұлғаның дамуы физикалық, когнитивтік, психоәлеуметтік, кәсібилік секілді 4 салада қарастырылады.

1) Физикалық сала – адамның физикалық тұрғыдан өсуі, яғни оның дене бітімі, бойы, сүйектері мен бұлшық еттерінің өсуі, сезім органдарының өзгерістерге ұшырауы.

2) Когнитивтік сала – кез-келген мәселені шешудегі ойлау әрекетіне жататын психикалық үрдістерді қамтиды.

3) Психоәлеуметтік салаға тұлғаның дамуы мен тұлғааралық қарым-қатынастар жатады. Дамудың аталмыш аясы тұлғаның эмоция мен сезімдерінің, сонымен қатар мінез құлықтары мен әлеуметтік дағдыларының қалыптасуын қамтамасыз етеді.

4) Кәсіби сала. Тұлғаның өз кәсібінің маманы ретінде жетістіктерге ынталандыратын сапаларының дамуы [169, с. 198].

Осылайша, тұлғалық тұғыр «жеке тұлғаның дамуы» теориясымен астаса отырып, тұлғаның ішкі күш-қуаттарымен қатар сыртқы жағдайлардың әсерлеріне де ерекше назар аударады. Бұл теорияның өкілдері тұлғаны барлық мүмкіндіктер үшін ашық жүйе деп қарастырады. Дегенмен, тұлға бойындағы ішкі күштері мен қуат қоры, яғни адам әлеуеті дамудың басты көзі болып табылады. Сондықтан да, бұл кезеңнің өкілдері егер тұлғаның өзі ішкі қуат көзіне ие болып, өз бетінше әрекеттенбесе, адамның жеке тұлға ретінде дамуына ешқандай сыртқы күш ықпал ете алмайды деген мәселе көтереді. Сондықтан келесі кезекте жеке тұлғаның шығармашылық әлеуетінің дамуын **іс-әрекеттік тұғыр** аясында қарастыратын боламыз.

Іс-әрекеттік тұғыр оқуда және оқудан тыс кезеңде оқушылардың жеке қызығушылығына бағытталған. Аталмыш тұғыр оқушылардың болашаққа құрған жоспарларын, өмірлік құндылықтарын ескере отырып, олардың жасырын әлеуеті мен мүмкіндіктерін дамытуға және сол арқылы оқушы іс-әрекетін тиімді түрде ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Іс-әрекеттік тұғыр оқушылардың шығармашылық әлеуетінің белсенділік деңгейін анықтауға мүмкіндік бере отырып, оқушылардың ішкі қуат көзін және жасырын мүмкіндіктерін игеруге жол ашады.

Шығармашылық – алғашқы кезекте, адам әрекеті. Сондықтан да шығармашылықты әрекет түрінде қарастыру адам дамуының мүмкіндігінің шексіз екендігін дәлелдейді және оны әрекеттену арқылы белсенді етуге ынталандырады. Зерттеп отырған оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытуды біртұтас үрдіс деп алсақ, онда оқушы белсенді әрекет үстінде болуға тиісті. Осылайша, мұндай білім алу әрекетінде теориялық материал білім алушының өз іс-әрекеттері арқылы игерілу керек десек, осы үрдіс үшін ол объект те, субъект те болуы ықтимал.

Жалпы, шығармашылық ұғымын әрекет теориясы аясында зерттеу ХХ ғасырда дами түсті. Бұл теорияның көрнекті өкілдері П.В.Алексеев, Г.А.Давыдов, М.С.Каган, Я.А.Пономарев, А.А. Ухтомский және тағы басқа ғалымдар адам өмірінің негізі – *өзін-өзі үздіксіз жетілдіре отырып*, адамның доминантты әрекетінен бастау алады деген философиялық тұжырымдамаға сүйенеді [170]. Аталмыш тұжырымдаманың жетекші идеясы – адам әрекетіндегі ішкі психикалық әлемнің ықпалы жайлы идея. Бұл болжам

бойынша, тұлға шешім қабылдау кезінде, оның миы әрекетті таңдау еркіндігі мен субъектінің ықтияр бостандығына сүйенеді. Осылайша, тұлғаның өзін-өзі дамытуы – ішкі болмыс және психикалық үрдістердің ықпалы және қызметі арқылы іске асып отырады.

Әрекет – тұлғаның іс-қимыл жиынтығынан, саналы түрде қалаған мақсатына жетуге бағытталған белсенділігінен құралады. Әрекет келесі ішкі құрылымдарды қамтиды: қажеттілік және мотив, мақсат, құрал, амал-тәсіл, нәтиже және рефлексия. Келесі кезекте, тұлғаның шығармашылық әрекетін анықтау үшін, алдымен әрекеттің құрылымдық компоненттерін жеке-жеке қарастырамыз.

Қажеттілік және мотив – тұлғаның қажеттілігін өтейтін дүниелердің адам миында бейнеленуі. Тұлғаның өмір сүруге немесе жетілуге өз білімінің, тәжірибесінің немесе басқа да әлеуметтік жағдайлардың жеткіліксіздігін сезінуі. Осының нәтижесінде тұлғада белсенді әрекет туындайды. Яғни, қажеттілік және мотив адамды әрекетке ынталандыратын басты түрткі болып саналады.

Адам қажеттілігін иерархия ретінде сипаттаған гуманист психолог А.Маслоу қажеттіліктерді ең төменгі және ең жоғарғы деңгейлерге ие бес деңгейге бөліп көрсетеді [171].

Бірінші деңгей биологиялық қажеттіліктерді қамтыса, екінші және үшінші деңгейлер адамның белгілі бір әлеуметтік мәртебеге жетуге деген ынтасын, ал төртінші, бесінші деңгейлері адамның толық іске қосылуын қамтамасыз етіп шығармашылықпен айналысуға деген тілегін қамтиды. Олай болса, біз іздеп отырған тұлғаның шығармашылық әлеуетінің дамуы оның қажеттілігінің ең жоғарғы деңгейінде көрініс табады. Сондықтан, өз зерттеуімізде А. Маслоудың бұл тұжырымымен толықтай келісе отырып, өз зерттеуімізде негізге аламыз.

Әйтсе де, әрекетті мотивация аясында қарастырған көрнекті ғалым А.Н.Леонтьев «әрекет» ұғымын «мотив» ұғымынан бөліп қарауға болмайтындығына назар аударады. Ол «Әрекет. Таным. Тұлға» атты еңбегінде «Әрекет мотивсіз болмайды, тіпті «мотивсіз» әрекеттің өзінде де оны мүлдем жоқ деуге болмайды, ондай әрекеттегі мотив жасырын түрде көрініс табады», - деген пікір білдіреді [172].

Бұл ұғымдардың ара-жігін ажыратып түсіндіретін болсақ, әрқайсысының өзіндік қызметі бар екендігіне көзіміз жетеді. Оларды төмендегіше сипаттаймыз:

Мақсат – тұлға әрекеттену арқылы өзінің жеткісі келетін ақырғы нәтижесінің белгісі, ал ниет сол нәтижеге жетудегі тұлғаның ішкі талпынысы.

Құрал – тұлғаның мақсатқа жету жолында әрекет амалдарын таңдау жолдары. Осының аясында, тұлға нәтижеге не арқылы қол жеткіземін деген сұраққа жауап іздейді.

Амал-тәсілдер жағдайды бастапқы күйінен өзгерту тәсілдерін, сондай-ақ өзгерістің қалай және қандай жағдайда жүзге асатындығын анықтайды.

Үрдіс – жағдайдың қалай өзгеріп жатқанын, оған қандай факторлардың әсер ететінін және өзгерістің қалай жүзеге асатынын көрсетеді.

Нәтиже – алынатын өнім, немесе үдерістің тәмамдалу сәтінде қандай өнім алынғандығын көрсетеді.

Рефлексия – жеке тұлғаның өз санасында болып жатқан өзгерістер жайлы ойлануы; өз әрекетінің жүру барысы мен аяқталуын қорытындылай отырып, объективті түрде баға бере алуы.

Шығармашылық әрекет – тұлғаның шығармашылық әлеуетін дамытудың алғышарты, яғни тұлғаның алдына қойған міндеттерін өз бетінше шешуі: бойындағы білім, білік, дағдыларын жаңа жағдайларға бейімдей алу қабілеті, кез-келген жағдайдан жаңа мәселені көре білуі, соның нәтижесінде жаңа шешімдер қабылдауы. Сол себепті, шығармашылық әрекет шығармашыл тұлғаны дамыту маңызды шарты болып табылады. Бұл тұжырымдама Г.С. Альтшуллердің де еңбектерінде дәлелденеді. Шығармашылық әлеуетті тікелей шығармашылық әрекеттің жемісі деп сипаттаған Г.С. Альтшуллер төмендегі бөліктерді шығармашылық әлеуеттің құрамалары ретінде қарастырады [173]:

а) жеке психикалық үдерістер мен қабілеттерден тұратын әлеует;

ә) тұлғаның ішкі қуат қорын қозғайтын қажеттіліктері мен құндылықтарынан тұратын әлеуметтік-психологиялық құрама.

б) оқу үдерісінде шығармашылық әрекеттерге қатысу арқылы жиналған білім мен дағды түрінде көрініс табатын когнитивті құрама [173,с. 37].

Ал шығармашылық әлеуетке ерекше назар аударып, оның сипаттамаларын анықтауға ұмтылған аталмыш саладағы басқа да еңбектерде шығармашылық әлеует төмендегідей сипатталады:

- тұлғаның жаңалықты сезіну және жаңалықты ашу үшін өздерін жаңа жағдайға икемдей немесе бейімдей алу қабілеті;

- білім мен біліктің және дағдылардың жиынтығы;

- қалыптан тыс күрделі мәселелерді шешудің әлеуметтік-психологиялық құрамасы [174];

- тұлғаның шығармашылық арқылы өз-өзін іске қосу мүмкіндігі (М.В. Копосова) [174,с. 78];

- тұлғаның шығармашылық әрекетті іске асыру үшін білім мен дағдылар жүйесі [175].

Осылайша, тұлғаның шығармашылық әлеуетін дамыту алғашқы кезекте оның іс-әрекетінің ерекшеліктеріне тікелей байланысты түрде қарастырылады. Дегенмен, тұлға іс-әрекетін тиімді ұйымдастыру қабілетіне ие болмаса, онда оның әрекеті арқылы жасаған талпыныстары еш нәтиже бермесі анық. Сондықтан да, тұлғаның шығармашылық әлеуетін тиімді дамыту ең алдымен оның өзін-өзі басқару, ұйымдастыру, дамыту дағдыларын қалыптастыру арқылы ғана жүзеге асады. Олай болса, біз жоғарыда қарастырылған әдіснамалық тұғырлар негізінде зерттеу жұмысымызды одан әрі педагогика саласында «өзін-өзі ұйымдастыру, өз білімін толықтыру және өзін-өзі жетілдіру» деп сипатталатын **синергетикалық тұғырға** сүйене отырып жүргізетін боламыз.

«Синергия» термині грек тілінен аударғанда ортақтаса отырып әрекет ету, ынтымақтасу деген мағыналарға келіп саяды. Оқушылардың шығармашылық

элеуеттерін дамыту синергетикалық тұғыр тұрғысынан қарастырғанда, білім мен тәрбиенің мақсаты мен мазмұнының өзгеруін, жаңа парадигманың пайда болуын, жаңа технологиялардың қолданылуын ұйымдастыру барысында көрініс табады. Яғни, синергетикалық тұғыр педагогика ғылымында *дамыта оқыту технологиясымен* тығыз байланыста қарастырылады [176].

Синергетика термині ХХ ғасырдың 70-ші жылдары пайда болды. Бұл ұғымды ғылымға енгізген белгілі неміс ғалымы Г.Хакен болды [177]. Педагогикалық жүйелер үшін синергетизм - өзара дамушы кіші жүйелердің барысында жаңа құрылымдардың туындауына, энергетикалық және шығармашылық элеуеттің қалыптасуына және жетілуіне әкелетін кіші жүйелердің (оқыту мен оқу, тәрбие мен өзін-өзі тәрбиелеу) өзара ынтымақтасу түрі.

ХХ ғасыр соңына қарай орын алған қоғамдағы сілкіністер қоғам мүшелерінің өзгермелі жағдайға бейім болуын қажет етеді. Қоғамда пайда болған жаңа ұстанымдар білім ордаларына жаңа міндет жүктейді. Ол оқушыларға өзін-өзі ұйымдастырудың заңдарын меңгертуді, олардың шығармашылық элеуетін дамытуды міндеттейді.

Адамның өзін-өзі немесе өз әрекетін дұрыс ұйымдастыруының оңды нәтижелері көп. Олардың қатарына, хаостың тәртіпке келуі, ескінің жаңаруы, немесе жеңілдің күрделенуі және даму жатады. Осы тұста психология және педагогика салаларында синергетикалық тәсілдің маңызы жоғары орынға ие. Синергетиканың түпкі мақсаты - тұлғаның даму үрдісін басқару. Адам баласы жаратылысынан жаңашылдыққа, шығармашылыққа жақын болғандықтан, қазіргі таңда синергетика идеясы педагогика саласындағы озық тәжірибелерде кеңінен қолданылуда. Сондықтан өз зерттеуімізде зияткерлік мектептердің алдында тұрған басты міндеттері ретінде оқушылардың шығармашылық элеуетін дамытуды бұл тұғырды негізге алу маңызды деп білеміз.

Философиялық идеялардың өрбуіне үлес қосқан ресей ғалымдары И. Пригожин, П.Анохин, Е.Князева және отандық ғалым З. Жанабаев синергетиканы күрделі жүйелердің реттелген жүйеге өту үрдісі ретінде қарастырады [178-181]. Біз де бұл тұжырымға келісе отырып, зияткерлік мектептердегі балалардың шығармашылық элеуетін дамыту оңайдан күрделіге қарай өту үдерісінде іске асыруда басшылыққа аламыз. Мәселен, И.Пригожин әлемге синергетикалық тұрғыдан зер салудың адам санасындағы даралықты, ерекшелікті тудыратынын атап өткен [178,с. 85-89]. Шындығында да, әр оқушы дара тұлға ретінде өзіндік шығармашылық әрекетке бейім.

З.Ж.Жанабаева синергетикалық амалды педагогика саласында қолданылатын жүйелілік-қызметтік әдістердің жетілуі деп есептейді. Ғалымның пікірінше, оның нәтижесі оқытудың мақсаттары мен мазмұнының өзгеруінде, жаңа парадигманың пайда болуында немесе жаңа ақпараттық хронологиялардың қолданылуында көрініс табады [181,с. 5]. Біз де өз зерттеуімізде оқушылардың шығармашылық әрекетінде өзін-өзі ұйымдастыру және іске асыру қызметтерін жетілдіріп отыруы олардың шығармашылық элеуетінің жоғарғы сатысы ретінде көруді қалаймыз. Сондықтан, зерттеуіміздің

алдағы ұйымдастырылуында таңдап алған тұғырларға сәйкес теориялар мен тұжырымдарды назарға аламыз.

Біз зерттеуімізде В.Г.Будановтың оқыту мен тәрбие беру үдерісіне енгізген синергетиканың үш бағытын ескереміз [182]:

- білім үшін синергетика: орта және жоғары мектепте кіріктірілген курс бағдарламаларын әзірлеу, мұғалімдердің біліктілігін арттыру мақсатында арнайы курстар өткізу және оқу әдебиеттерін жинақтау;

- білімдегі синергетика: жеке пәндер мазмұнына синергетиканың қағидаларын бейнелейтін материалдар енгізу, оның меңгерілуіне жағдай жасау;

- білімнің синергетикасы: тұлғаның қалыптасуы мен дамуын басқару.

Бұл бағыттар диссертациялық жұмысымыздың барысында көрініс табатын болады.

Жоғарыда атап өткендей, педагогикадағы синергетикалық тәсіл дамыта оқыту әдісімен тығыз байланысты. Педагогика саласындағы синергетикалық әдістер туралы ой қозғаған авторлар О.С. Анисимов, Е.Н.Князева, С.П.Курдюмов синергетика ұғымын оқушының өзін-өзі ұйымдастыру, өз бетінше білім алу, және өз білімін толықтыру тұрғысынан қарастырады [183-185]. Авторлардың пайымдауынша, синергетикалық тәсілдің тұлғаның өз өзімен немесе айналасындағылармен бірлесе отырып ішкі қорларын, яғни әлеуеттерін жетілдіруге беретін ықпалы орасан зор. Бұл біздің зерттеуімізге оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытуда тәсілдер мен жұмысы формаларын, атап айтқанда, топпен жұмыста, ұжымдық ортада шығармашылық әрекеттерге дағдылануда тәжірибе болмақ.

Синергетика жайлы тұжырым жасап, оның білімдегі рөліне ерекше көңіл бөлген авторлардың бірі Л.М. Андрюхина болды [186]. Ол дәстүрлі білім беру саласын тұлғаның өзіндік дамуына өте аз мүмкіндік береді деп сынады. Сондай-ақ, оқыту үрдісінде автор бірқалыптылықтың емес, керісінше, көппікірлілік, әртүрлі қабілеттердің қалыптасуына мүмкіндік тудыратын орталардың әлдеқайда тиімді екенін атап өте келе, бұл үдерістің оқушы бойындағы шығармашылық әлеуеттің қалыптасуына да едәуір ықпал ететінін жеткізді. Ал өз кезегінде С.В. Кульневич педагогикалық синергетиканың ұстанымдарына келесілерді жатқызды:

- «нақты» ұғымдарды енгізу;
- білім мазмұнының диалогқа негізделуі;
- сендіре алушылық;
- педагогикалық этномәдениет;
- білімнің коммулятивтік ықпалы [187].

Біз де диссертациялық жұмыста жоғарыдағы авторлардың көзқарастары мен ұсыныстарын ескере отырып, зерттеуімізді жүргізуде зияткерлік мектептердегі оқу-тәрбие талаптары мен оқушылардың іс-әрекеттегі шамаға лайықтылығы арасындағы сәйкессіздіктер мен қиыншылықтарды айқындау маңызды деп санаймыз.

Оқыту үдерісіндегі педагогикалық синергетика оқу технологияларын, оқытудың белсенді әдістерін тәжірибеде қолдану аясында жүзеге асады.

Сондықтан да, дамыта оқыту технологиясы негізіндегі тәсілдерді тұлғаның өзін-өзі жетілдіру құралы ретінде қарастыра отырып, бұл үрдісті білімді синергетикалауға жатқызуымызға толық негіз бар. Осылайша, білім саласындағы синергетика біліктілікті арттырудың дәстүрлі үлгілерінен өзге, жаңа педагогикалық әлемді қарастыра отырып, оқушыларға өзін-өзі танудың, өзін-өзі жетілдірудің және осы арқылы олардың шығармашылық әлеуетін арттырудың жаңа тәсілдерін меңгеруге бағытталған жаңа әдіснамасын жасауды қамтамасыз етеді.

Осы орайда, синергетикалық әдісті жүзеге асыру арқылы оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту мақсатында жаңа авторлық бағдарламалар әзірлеп, соның аясында кіріктірілген пәнаралық сипаты бар әртүрлі теориялық және практикалық міндеттерді шешу қолға алынады. Ондай міндеттерге келесілерді жатқызуға болады:

- білімдік үрдісіне қатысы бар әрбір тұлғаның шығармашылық әлеуетін дамытуға мүмкіндік туғызу;
- оқу мен оқыту үдерісінің қатысушыларының бойында шығармашылық жайлы көзқарастар қалыптастыру;
- әрбір қатысушының шығармашылық әлеует пен оны дамытудың технологияларын меңгеруіне жағдай жасау;
- өзінің шығармашылық деңгейін анықтаумен қатар, оған баға беріп, оны тиімді пайдаланудың тетіктерін үйрету;
- шығармашылық әлеуеттің дамуына кері ықпал ететін кедергілерді жеңуді меңгеруге бағыттау.

Қазіргі таңда жасанды интеллекттің үдемелі дамуы білім беру үдерісіндегі оқыту технологияларын жетілдіруді міндеттейді. Бұл жаңашылдық ОШӘД-ды ЖИ-ні тиімді пайдаланып, олардың ақпаратпен жұмыс жасау мәдениетін қалыптастыру арқылы жүзеге асыруды талап етеді. Себебі, ақпаратты автоматты түрде өңдеу, талдау және оны сұрыптап оқушыларға дайын күйінде ұсыну- жасанды интеллектінің басты басымдықтары екендігі баршамызға мәлім. Осындай функциялар білім беру үдерісіндегі мұғалімдер мен оқушылар орындап жүрген күнделікті қайталанатын механикалық әрекеттерді едәуір оңайлатты. Осының нәтижесінде білім беру үдерісінде дайын мәліметті жәй ғана есте сақтау секілді дәстүрлі тәсілдер өзектілігін жоғалта бастайды. Есесіне бүгінгі оқушыдан дайын білімді жаттап алу емес, оны сыни тұрғыдан бағалап, жаңаша мазмұнмен байытып, шығармашылық тұрғыдан ұсыну қажет етіледі. Осы тұжырымды ескере келе, біз зерттеуіміздің келесі әдіснамалық тұғырды **шығармашылық тұғырмен** байланыстырамыз.

Оқыту мен тәрбие беру үдерісін оқушының шығармашылық әлеуетін жан-жақты дамытуға бағыттайтын, оның дербес ойлауы арқылы жаңа идеялар ұсынуын, тың өнімдер мен сындарлы шешімдер қабылдауда еркін ойлауын, креативті әрекеті мен өзіндік пікірін қалыптастыруды қолдайтын ғылыми – әдіснамалық негіз. Бұл тұғыр оқушының жеке қабілеттерін, шығармашылық қиялы мен танымдық белсенділігін, ішкі мотивациясын, эмоционалдық-эстетикалық сезімдерін дамыту арқылы оның жаңа жағдайларға бейімделіп,

әрекет етуге және жаңаша мазмұн құра білуге икемдейді. Аталған тұғыр аясында оқушы – тек дайын білімді меңгеруші ғана емес, сонымен қатар, жаңа идеялар мен жаңа өнімнің белсенді генераторы ретінде қарастырылады.

Зерттеушілер шығармашылықты зерттеген кезде, оның қай қырына назар аударуына байланысты шығармашылыққа төрт негізгі тәсілге («4Р» моделі (Person, Process, Product, Press) яғни, шығармашыл тұлға, шығармашылықтың жүзеге асатын ортасы, шығармашылық үдеріс және шығармашылық өнім ретінде бөліп қарастырады [188]. Осы бағытқа сүйене отырып, В.П.Тигров өзінің ғылыми еңбектерінің бірінде шығармашылықтың аталған төрт аспектісін тереңірек талдап, олардың әрқайсысының өзара байланысы мен білім беру жүйесіндегі рөлін жан-жақты айқындаған. Ең алғашқысы, шығармашылықтың негізгі көзі ретінде адамның жеке бас қасиеттеріне көңіл бөлетіндігін автордың «шығармашыл адам кім?» «Оның қандай ерекшеліктері бар?» деген сұрақтарды жіті талдауы арқылы шығармашыл тұлғаның ерекшеліктерін сипаттайды. Ол өз еңбегінде қиял мен елестету қабілеті, тәуекелге баруға дайын болу, жаңа нәрсеге ашықтық, ішкі мотивация, эмоционалдық тұрақтылық, сынға шыдамдылық және интеллектуалдық деңгейлер секілді сипаттарды шығармашылық әрекеттің бастамасы немесе қозғаушы күші ретінде қарастырады. Ал, қалған үш түрлі қырын төмендегідей:

1) Шығармашылықтың жүзеге асатын ортасын жағымды психологиялық климатпен, қолдау көрсететін мұғалімдер және ата-аналармен және қоғамдағы еркін ой айтуға мүмкіндік беретін және ары қарай шыңдайтын түрлі іс-шараларға оқушыларды тұрақты түрде тартумен байланыстырады;

2) Шығармашылық үдерісте шығармашылықтың қалай пайда болатынын, идеяның қалай туатынын, қалай дамитынын шығармашылық іс-әрекетте оқушының белгілі бір тапсырмада ерекше шешім табу үшін қолданған қадамдары мен ойлау жолдарымен байланыстырады;

3) Шығармашылық өнім немесе нәтижені оқушының ойлап тапқан идеясымен, өнер туындысымен, ғылыми жаңалығымен, жобасымен немесе қабылдаған шешімімен үйлестіреді;

Біз шығармашылық әлеуетті дамытуды адамның көпқырлы қызметімен байланыстырамыз. Шығармашылық – бұл дамудың, қозғалыстың, өзара әрекеттесу арқылы жүзеге асады. Шығармашылық әрекет- тұлғаның әлеуетін дамытудың шарты ретінде оқушының шығармашылық ойлау қабілетінің қалыптасуына әсер етеді. Сондықтан зерттеуімізге арқау болған бұл шығармашылық тұғыр –технологиялық тұрғыда қарқынды дамып келе жатқан қоғам жағдайында кез-келген тығырықтан шыға алатын, шығармашыл, дербес ойлайтын белсенді тұлғаны қалыптастыруда білім беру жүйесінің басты мақсатына сәйкес келетін маңызды әдіснамалық негіз ретінде қарастырылады.

Оқу-тәрбие үдерісін тек білім мен дағдыны қалыптастыратын орта ретінде ғана емес, оқушыны адамзат өркениетінің тарихи, мәдени, рухани құндылықтарын бойына сіңіретін кең ауқымды әлеуметтік жүйе деп қарастыратын **өркениеттік тұғыр** зерттеуіміздің әдіснамалық негіздерінің бірі болып табылады. Француз философы Едгар Морин өркениетті жүйелілік

тұрғыдан қарастырып, білім беру үдерісінде оқушыны жеке тұлға ретінде тану (гуманистік) және сол әлеуметтік ортада білім беру мазмұнының адамгершілікке, тұлғаның дамуына және түрлі мәдениеттерді құрметтеуге бағытталуын көздейді [121,с. 320]. Яғни, оқушының шығармашылық әлеуетін өркениеттік тұрғыда дамыту арқылы біз ең алдымен өзін тұлға ретінде толық тани алған оқушы болмысын қалыптастыру мүмкіндігіне ие боламыз. Бұдан бөлек, қазіргі технологиялық, әлеуметтік және рухани дағдарыстармен сипатталатын күрделі қоғамда ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды бойына сіңірген, жаһандық көзқарас пен азаматтық жауапкершілікке ие тұтас тұлғаны тәрбиелеуге бағыт –бағдар береді. Сондай-ақ, француз және еуропалық саясаттанушы Жак Делор «Білім: ішкі қазына» атты баяндамасында келешек білім берудің мәні мен мақсаттары жан-жақты қарастырып, білімді тек экономикалық дамытуды қамтамасыз ететін фактор ретінде ғана емес, сондай-ақ, адамзат өркениетінің үйлесімді эволюциялық үрдісі ретінде ұсынады [189]. Ғалым өз еңбегінде төрт білім алу қағидасын адамзатты өркениеттілікке бағыттады деп сенеді. Олар:

1. «Білу үшін оқу (Learning to know)» оқушының танымдық қабілетін дамытуға бағытталған. Ақпаратты іздеу, түсіну, өңдеу, қолдану қабілеттерін қалыптастыру маңыздылығы тұжырымдалады.

2. «Қолдану үшін оқу» (Learning to do) алған ақпаратты тәжірибеде қолдану және оны нақты әрекетке айналдыруды көздейді.

3. «Бірге өмір сүру үшін оқу» (Learning to live together) қағидасы мәдениетаралық түсіністік пен бейбіт өмірді насихаттайды. Яғни, өзгелерді түсіну, толеранттылық таныту, жанжалсыз келісімге келу арқылы жаһандық көптүрлілікке құрметпен қарауды меңзейді.

4. «Өзін-өзі дамыту үшін оқу» (Learning to be) ережесі адамның тұлғалық өсуіне- рухани, эмоционалдық, мәдени, зияткерлік және физикалық дамуына бағытталады. Бұл адамды өз қызығушылығына орай шығармашылық іс-әрекетпен айналысу арқылы өзіндік қабілеттерін тануға, өзіндік пікірін қалыптастыру оны қоғаммен бөлісе алуы арқылы толыққанды тұлға ретінде қалыптасуын көздейді.

Біз әдіснамамыздың іргетасы іспеттес алынған бұл өркениетті тұғыр зияткерлік мектептерде оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытуда:

- ғылым мен мәдениет саласындағы жаһандық беталыстарды саралауға және сол құбылыстарға қатысты сындарлы пайымын жеткізуге;

- шығармашылық идеяларды жаһандық құндылықтар аясында ұштастыру дағдыларын қалыптастыруға;

- мәдени-тарихи және әлеуметтік мәтін аясындағы жаңашыл жобаларды ұсынуға жетелейді. Қорытындылай келе, өркениеттік тұғыр оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытуда маңызды орынға ие. Себебі, білім беру үдерісінде оқушылардың тұлғалық дамуын тек субъективті мүмкіндіктермен шектеліп қана қоймай, кең ауқымды өркениеттік ортада – рухани-мәдени және тарихи контексте дамытуды мақсат етеді.

Жоғарыда айтылған ойларды түйіндей келе, зерттеуімізге тірек еткен тұғырларға сәйкес, оның анықтамалары төмегдегі 3-кестеде көрсетілген.

Кесте 3 – Зияткерлік мектептерде оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың әдіснамалық тұғырлары мен оның атқаратын функциялары

Тұғырлар атауы	Анықтама	Функциялары
1	2	3
Тұлғалық тұғыр	Жеке тұлғаның шығармашылық әлеуетінің дамуы – бұл ішкі процесс, тұлғаның орта әсеріне белгілі бір жауап беру тәсілі, өзіндік қарама-қайшылықтар әсерінен және қоршаған ортаға, әлеуметтік қатынастардың субъектісі ретінде өзінің субъективті қарым-қатынастарын есепке алу негізінде тұлғаның өзін саналы түрде дамытуға және жетілдіруге деген ұмтылысы.	Оқушы өзін жеке тұлға ретінде танып, шығармашылық іс-әрекеттерде әлеуетін арттыру
Іс-әрекеттік тұғыр	Әрекет – тұлғаның шығармашылық әлеуетін дамытудың алғышарты, яғни тұлғаның алдына қойған міндеттерін өз бетінше шешуі: бойындағы білім, білік, дағдыларын жаңа жағдайларға бейімдей алу қабілеті, кез-келген жағдайдан жаңа мәселені көре білуі, соның нәтижесінде жаңа шешімдер қабылдауы. Сол себепті, шығармашылық әрекет шығармашыл тұлғаны дамытудың маңызды шарты болып табылады.	Оқушы іс-әрекеті арқылы өзінің шығармашылығын шыңдайды
Синергетикалық тұғыр	Синергетика ұғымы педагогика саласында «өзін-өзі ұйымдастыру, өз білімін толықтыру және өзін-өзі жетілдіру» деген сипатқа ие. Өз кезегінде, тұлғаның шығармашылық әлеуетін тиімді дамыту ең алдымен оның өзін-өзі басқару, ұйымдастыру, дамыту дағдыларын қалыптастыру арқылы ғана жүзеге асады.	Шығармашылық әлеуетті дамыту - іс-әрекетті дұрыс ұйымдастырудан бастау алады.
Шығармашылық тұғыр	Оқыту мен тәрбие беру үдерісін оқушының шығармашылық әлеуетін жан-жақты дамытуға бағыттайтын, оның дербес ойлауы арқылы жаңа идеялар ұсынуын, тың өнімдер мен сындарлы шешімдер қабылдауда еркін ойлауын, креативті әрекеті мен өзіндік пікірін қалыптастыруды қолдайтын ғылыми – әдіснамалық негіз. Аталған тұғыр аясында оқушы – тек дайын білімді меңгеруші ғана емес, сонымен қатар, жаңа идеялар мен жаңа өнімнің белсенді генераторы ретінде қарастырылады.	Оқушы- жаңа идея мен өнім жасап шығарушы субъект ретінде танылады.
Өркениеттік тұғыр	Білім беру үдерісінде оқушылардың тұлғалық дамуын тек субъективті мүмкіндіктермен шектеліп қана қоймай, кең ауқымды	Оқушыны әлеуметтік ортада өзін тұлға ретінде толық

1	2	3
	өркениеттік ортада – рухани-мәдени және тарихи контексте дамытуды мақсат етеді.	тануды, шығармашылық әлеуетін мәдени – тарихи және әлеуметтік мәтін аясында дамытуды көздейді.

Жоғарыдағы көрсетілген 1-кесте бойынша тұлғаның шығармашылық әлеуетін дамытуда негізге алынатын басты әдіснамалық тұғырлар және олардың анықтамалары арасындағы бірізді сабақтастықты көруге болады.

Жүйелілік қағидасы. Жүйе ұғымы философиялық сөздікте «өзара байланыста қарым-қатынаста болатын және белгілі бір тұтастықты, бірлікті туғызатын элементтердің жиынтығы» деп көрсетілген [72,с. 217]. Осы орайда, жүйелілік қағидасы педагогика саласындағы үдерістер мен құбылыстарды олардың өзара арақатынасы және байланысы түрінде қарастырады. Біздің зерттеп отырған тақырыбымызда жүйелілік қағидасы оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту жүйесін кезең-кезеңге бөліп қарастырылады, олар: 1) жүйеге кіру (input), 2) үдеріс, шығармашылық үдерісте жағдай жасау (throughput) 3) жүйеден шығу (output).

Жүйеге кіру кезеңі (input) - оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың бастапқы алғышарты ретінде қарастырылады. *Оқушыны шығармашылық жүйеге тарту, әлеуетін анықтау* (диагностикалық тестер) және *қызығушылығын ояту* (психологиялық жайлы орта қалыптастыру, қызықты тақырыпты жобалар ұсыну, шығармашылыққа ынталандыратын сұрақтар қою және т.б.) сынды іс-әрекеттерді ұйымдастыру арқылы оның бойына «Мен істей аламын» деген сенімін ұялату негізгі идеясы болып табылады.

Үдеріс, шығармашылық жағдай жасау кезеңі (throughput) – негізгі шығармашылық жұмыс кезеңі ретінде айқындалады, яғни, оқушы жүйеде белсенді әрекет етіп, тың идеялар мен өнімдер жасап шығаруға әрекеттенеді. Бұл кезеңде мынадай әрекеттер жүзеге асуы мүмкін: жобалау, зерттеу, идея тудырту, шығармашылық тапсырмалар мен мәселеге бағытталған жағдаяттар, топтық, жеке, жұптық жұмыс, коллаборативті ойлаудан туындайтын бірлескен шешімдер, презентация жасату, пікірсайыстар ұйымдастыру, оқушының дербес маршрутын анықтау және қолдау және т.б. Бұл кезеңде оқушы шығармашылықпен белсенді айналыса отырып, білімді игеруші ғана емес – идея генераторы ретінде танылады.



Сурет 3 - Жүйелілік қағидасының жүзеге асу кезеңдері

Жүйеден шығу кезеңі (output) – нәтиже шығару және талдау кезеңі ретінде айқындалады. Бұл кезеңде оқушының шығармашылық іс-әрекеттерінде оның әлеуетінің дамуы бағаланады, яғни, рефлексия мен сындарлы кері байланыс орнату арқылы оқушының жетілдірілген шығармашылық әлеуетін өмірлік әрекетке көшіру үдерісіне жалғасады. Бұл кезең оқушының зерттеген жобасын таныстыру, қорғау, кері байланыс беру, портфолиоға нәтижесін енгізу, ұсынған өнімі мен идеясын тәжірибеде қолдану аясын белгілеу, өзін-өзі бағалау мен мадақтау секілді іс-әрекеттермен қорытындылайды. Жүйелілік қағидасын өз зерттеуімізде төмендегідей өзара байланысқан кезеңдерін сурет арқылы бердік.

Ғылымилық қағидасы білім беру үдерісін заманауи ғылым жетістіктеріне, дәлелденген деректер мен пайымдарға негіздей отырып ұйымдастыруды көздейді. З.К. Меретукова мен А.Р. Чиназирова «білім берудегі ғылымилық ұстанымы білім алушыларға шындықты іздеуге, олардың ойлау траекториясын кеңейтуге мүмкіндік беретін білім мазмұнының яғни, «ғылыми плюрализмнің» болуын, бір ғылыми мәселелерге әртүрлі көзқарастардың болуын қамтуы керек» - дейді [107,с. 189]. Ғалым-педагогтердің айтқандарына зерделі көзбен үңілер болсақ, әрбір ұстаз-педагог жоғарғы сынып оқушыларының шығармашылық әлеуетін дамытуда ғылыми тұрғыдан айқын дәлелденген деректерді пайдалану барысында кез-келген мәселеге орай олардың ойлары мен пікірлерін, тұжырымдары ескерілуі қажет. Білім беру мазмұны мен әдістерінің ғылыми талаптаптармен үйлесімділігі сақталған білім беру ортасында шығармашылықпен ойлайтын, ойын ғылыми тұрғыда дәлелмен келтіре алатын, білімді өмірімен байланыстыра алатын тұлғаны қалыптастыру мүмкіндігі жоғары.



Сурет 4 - Ғылымилық қағидасының функциялық кезеңдері

Индонезиялық ғалым Forman Erwin Siagian өзінің еңбегінде ғылыми кезеңдердің құрылымын нақты төрт қадамға бөліп қарастырды. Автордың пайымдауынша оқушының шығармашылық әлеуетін дамытуда *мәселені қоя білу* (оқушыны сыны тұрғыдай ойлауға итермелейді), *болжам ұсыну* (қиял, елестету және логиканы бірге дамытады), *сынап көру* (тәжірибедегі әрекет арқылы креативті шешімдер ұсынуға әсер етеді) және *есеп беру* (нәтижені зерделеп, ойды дәлелдеуге жағдай жасайды) сынды қадамдары оқытуда жүйелілік пен мақсаттылықты арттырып, оқушының шығармашылық әлеуетінің дамуына, оның сын тұрғысынан ойлауының жетілдіруіне ықпал етеді.

Алайда автор барлық мәселені ғылым арқылы шешуге болатындығына күмәнмен қарайды. Оның пайымдауынша ғылым тек дұрыс қолданылған жағдайда ғана өз нәтижесін беретіндігін алға тартады. Сондықтан, мәселені ғылыми жолмен шешу - «мәселені дәл анықтау – болжамдар келтіру – деректерді жинақтау – қорытынды жасау» секілді кезеңдерімен біртіндеп жүзеге асатын құрылымды әрі күрделі үдеріс ретінде қарап, тәжірибеде жүйелі түрде орындауды көздейді. Бұны 3-суретте ұсынып отырмыз.

Даралану мен түрлену қағидасы. Тұлғаның тұлға ретінде қалыптасуы – өте күрделі құбылыс. Ал, оның шығармашылық әлеуетінің дамуы тұлғаның өзгенің әрекетін қайталауымен емес, өзінің даралануымен және оның іс-әрекетінің түрленуімен сипатталады. Оның бойындағы даралықпен қатар, жан-жақтылық және әркелкілік қабілеттері оның шығармашылық әлеуетінің даму қарқынын анықтайды. Сондықтан да, бұл қағида біздің зерттеу жұмысымызда, дайын үлгілер мен дайын жауаптарды көптеп ұсынатын технология мен ғаламтор дәуірінде тұлғаның өз даралығын сақтай отырып, кез- келген мәселеден басқа тұлғалардан ерекшелене отырып шыға білуіне, қажет болған сәтте, жайғдайға икемделу үшін оның түрлене білу қабілетіне мүмкіндік береді.

«Шығармашылық» ұғымының жоғарыда келтірген талдамаларының бірінде біз шығармашылық іс-әрекетте ЖИ-нің адаммен бірлескен үдерісі анықтамасына жаңа «со-creative» түсінікті келтірген болатынбыз. Алайда ғалымдар ЖИ заманында шығармашылық іс-әрекетте шығармашылық субъекті ретінде тұлғаның рөлі әркезде жоғары екендігін («даралық қағидасымен» тікелей үндесетіндігінің дәлелі), осы «даралықты» сақтай отырып, жаңа рөлдерге көшу, яғни, «түрленуге» икемделуді меңзейді. Демек, *даралану мен түрлену қағидасы* тұлғаның кез-келген жағдаятта даралығын жоғалтпай, жаңа жағдайға икемделіп, шығармашылық субъектісінің трансформациясын, жаңа формада әрекет ете білу қабілетін айқындайды.

Креативтілік қағидасы тұлғаның шығармашылық белсенділігін анықтайды. Қазіргі қоғамда, әсіресе сандық технологияның нәтижесінде роботтану дәуіріне аяқ басқан заманда, адамды басқа жаратылыстардан айрықша ететін – оның шығармашылығы, креативтілігі екендігі белгілі. Бұл қасиет тұлғаның өзін-өзі дамытуына қабілеттілігі мен түрлі ақпарат көздерінен алынған мәліметтерді шығармашылық сипатта түрлендіруге деген қабілеті арқылы сипатталады.

Сондықтан да, бұл қағида шығармашылық оқытуға негізделген білім мазмұнында оқушыны қоғамның құбылмалы жағдайында өзін-өзі басқаруына және тиімді ұйымдастыруына жағдай жасайды.



Сурет 5 – Креативтілік қағидасының кезеңдері

Креативтілік – танымдық-шығармашылық үдеріс ретінде құрылымданған әрі *кезең-кезеңмен* жүзеге асады. Оның тиімділігі мен нәтижелігін арттыруда төменде шығармашылық іс- әрекеттерде оқушыларға бірнеше қадамдар ұсынылады:

1-кезең: **Мақсат қою** (Forethought). Шығармашылық тапсырмаға мақсат қойып, өзіндік әрекетін болжау, мотивациясын анықтау;

2-кезең: **Дайындық кезеңі** (Preparation). Тақырыпты зертеу мен ақпарат жинау арқылы білім базасын қалыптастыру;

3- кезең: **Идеяны генерациялау** (Idea generation). Мәтіндер мен ойларды жинақтап, дивергентті ойлау арқылы шығармашылық тақырыпқа сай көптеген, баламалы идеялар ұсыну;

4- кезең: **Инкубация/бейсаналық өңдеу** (Incubation). Жаңа идея ұсынбас бұрын тынығу, ішкі ойға мүмкіндік беру, яғни, мәселені сана аясынан шығып, мидың өзіне «өңдеуге» мүмкіндік беру.

5- кезең: **Инсайт** (Insight). Идеяның нақты бейнесін елестету, болжау.

6- кезең: **Тексеру және жүзеге асыру** (Evaluation and Implementation). Идеяны нақтылау, бағалау, жоспар құру және іс-әрекетке көшу.

7- кезең: **Рефлексия және адаптация** (Reflection and Adaptation). Шығармашылық үдерістерге, кезеңдерге сындарлы кері байланыс жасап, келесі кадамдарға түзетулер енгізу.

Жоғарыда келтірілген креативтілік қағидасының кезеңдері оқушыға шығармашылық үдерісті басқаруға, өз іс-әрекетін талдай отырып, өзін-өзі басқару мен жетілдіру арқылы нәтижелі шығармашылық үдерістің арқасында тың идея мен креативті өнім ұсынуға мүмкіндік береді.

Нейродидактикалық оқыту қағидасы. Ашық уикипедияда: *нейродидактика* ұғымы («neurodidactic» термині (нем.) ми неврологиясының деректеріне негізделген оқытудың жаңа әдістерін ұсыну және ақыл-ой қызметі» деген мағынаны береді. Нейродидактиканың негізін 1988 жылы Г. Прайс енгізеді. Зияткерлік мектептерде оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытуда аса мән беретін түсініктердің бірі, олай деуге негіз бар, яғни оқушыдағы мидың құрылымы мен қызметі, оның жарты шарларының *функционалдық айырмашылықтары, сенсорлық бейімділіктері, есте сақтау түрлері және оларға байланысты оқу стильдері* құрылымдалады [190]. Бүгінгі таңда нейродидактика, педагогикадағы жаңа перспективалық бағыт, сондықтан оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытуда танымдық, цифрлық, инновациялық жағдайларды реттейді. Нейродидактикалық оқыту қағидасын ғылымға енгізуде Т. Б. Батыгова, А. А. Глущенко, Е. А. Леванова, В. А. Москвитина, Н. В. Москвитина, Т. А. Плиева, А. С. Потапов және т.б. ғалымдардың еңбектерін негізге аламыз.

И.П. Клемантович, О. В. Куликова және т. б. педагогика мен білім берудегі нейродидактикалық оқытудың қалыптасуын зерттеу нысанына айналдырды және ғылыми айналымға алып келді. Аталмыш қағиданың философиялық негіздері ақпарат теориясы, өйткені мидың өнімділігі ол қабылдаған және өндіретін ақпаратпен өлшенеді. Бұл ретте оқушылардың ақпараттық өрісі білім беру контекстінде алынған ақпаратты құрылымдауға, жоспарлауға, болжауға мүмкіндік алады. Сондай-ақ, оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытуда ақпараттың немесе тапсырмалардың жүйелік және логикалық тұрғыда берілуі оқу үдерісін оңтайландырады. Нейродидактикалық оқыту қағидасы

диалектикалық материализм мен дидактикалық прагматизмнің ережелерімен байланысты, сондықтан да оқушылардың шығармашылық әлеуетінің бір құрамдасы білім алуға диалектикалық ойлауынан тұратындығын негізге аламыз. Ол үшін оқушыларда практикалық дағдылардың қалыптасуында дербестік ережесі жолға қойылады.

Зияткерлік мектептерде оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың нейродидактикалық оқыту қағидасы мынандай әдіснамалық заңдылықтарға сүйенеді;

- *оқушылардағы мидың қызметі*, бұл шығармашылық жұмыстарды орындауда жетістіктерге жетудегі ең үлкен негіздеме;

- *жүйке жүйесінің немесе ойлаудың икемділігі*, мұндағы негізгі ассимиляция механизмі нейрондық деңгейдегі білімге нейрондық желілердің қалыптасуы мен жұмысы арқылы қол жеткізіледі;

- *оқушылардағы туа біткен қызығушылық*, білім алушылардың әлемді зерттеуге бейімділігі олардың танымдық қызметін жандандырады;

- *оқушыдағы жеке тәжірибе*, білім алушылардың жеке тәжірибесі олардың оқу және меңгеру қабілетіне айтарлықтай әсер етеді;

- *оқушыдағы эмоционалды күй*, позитивті эмоционалды жағдай тәуелсіздік пен жауапкершіліктің дамуына ықпал етеді;

- *цифрландыру, жасанды интеллект элементтерін қолдану білігі*, оқытудың цифрлық нысандарын қолдану оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың жеке траекторияларын жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Жоғарыда берілген ойларды түйіндей келе, біз зияткерлік мектептерде оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытуды жүзеге асыруда қолданылатын әдіснамалық тұғырлар мен қағидаларды анықтап алып, олардың әрбірінің анықтамасы мен зерттеу тақырыбымызға қатысына тоқталдық. Жоғарыда сипатталған әдіснамалық тұғырлар мен қағидалар біздің диссертациялық зерттеу жұмысымызды ұйымдастыруға және зерттеу міндеттерін шешуде бағыт-бағдар көрсетеді.

2 ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕПТЕРДЕ ОҚУШЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ӘЛЕУЕТІН ДАМУДЫ МОДЕЛЬДЕУ

2.1 Зияткерлік мектептерде оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың ерекшеліктері

Қазақстан Республикасының орта білім беру жүйесінде таңдаулы мектептер желісі - зияткерлік мектептер жобасын іске қосу еліміздегі білім беру саласына үлкен өзгеріс әкелді. 2008 жылдың наурыз айында Астана қаласында ең алғашқы зияткерлік мектебі ашылды. Осыдан соң бес жылдың ішінде еліміздің барлық өңірінен жалпы саны 21 зияткерлік мектеп және 1 халықаралық мектеп іске қосылды. Алғашқы бағыты – химия-биология, ал екінші бағыты физика-математика болып табылатын зияткерлік мектептер халық саны тығыз орналасқан еліміздің кейбір өңірлерінде екі бағытта да ашылған болса, халық саны аз қалаларда тек бір бағытта жұмыс істейді. Екі бірдей бағыттағы мектебі бар аймақтар – Астана, Алматы, Шымкент қалалары болса, бір бағытта жұмысын жалғастырып жатқан өңірлер – Семей, Талдықорған, Ақтөбе, Көкшетау, Өскемен, Орал, Қарағанды, Тараз, Қызылорда, Павлодар, Атырау, Қостанай, Ақтау, Петропавл, Түркістан қалалары. Қазіргі таңда зияткерлік мектептерде 20 мыңға жуық бала оқиды. Сондай-ақ, мектептердің жанындағы жатақханаларда шалғайдан келген 3 мыңнан астам ауыл балалары қамтылған [191].

Зияткерлік мектептер өзіне тән ережелер негізінде жұмыс істейді. Сонымен қатар, ереже тәртібіне сай білім беру бағдарламасының мазмұны келесі міндеттерді іске асыруға бағытталады:

- отандық және халықаралық білім беру бағдарламаларын ендіре отырып орта білім саласындағы дербес білім беру басқармасы ұйымының саясатын іске асыру;
- зияткерлік мектептерде үш тілде білім беруді жүзеге асыру - қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде білім беру үдерісін ұйымдастыру;
- күтілетін оқу нәтижелері арқылы ұсынылған оқу мақсаттарын айқындау арқылы оқу сапасын жоғарылату;
- білім беруде пәнаралық байланысты тиімді орнату;
- жаратылыстану-математикалық білімді академиялық және практикалық тұрғыдан бағдарлауды, оның ішінде, оқушылардың зерттеушілік дағдыларын жоғары мектеп барысында меңгерілуін қамтамасыз ету;
- оқушылардың жас ерекшеліктерін есепке ала отырып, оқу пәндері мазмұнының тереңдігі мен күрделілігіне сәйкес әрбір пән бойынша білім мен дағдыларды меңгертуді кезең-кезеңмен жүргізу;
- оқушыларды тұлға ретінде қалыптастыру үшін қолайлы жағдайлар туғызып, жайлы орта қалыптастыру арқылы білім беру үдерісінде тәрбиелік компоненттің рөлін жоғарылату;
- мектепке дейінгі білім, бастауыш (1-5 сыныптар), негізгі (6-10 сыныптар), жоғары мектеп (11-12 сыныптар) және жоғары білім беру бағдарламаларының өзара үйлесімділігін сақтау;

- Еліміздегі білім сапасын жақсарту арқылы Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік дамуына үлес қосу.

Зияткерлік мектептердегі құндылықтар мен оқу мақсаттары нақты белгіленген және БББ- да білімнің маңыздылығын анықтайтын құндылықтар анықталған. Бұл құндылықтардың мәні – өзіндік тұлғалық әлеуетін іске асырып, өмірінің сапасын және қоршаған ортаны жақсарту алатын адамды тәрбиелеуде көрінеді. Олар оқушыға үйлесімді дамыған зиялы тұлға ретінде қалыптасуға мынадай өмірлік бағдар береді:

- құрмет;
- ашықтық;
- Қазақстандық Отансүйгіштік пен жауапкершілік;
- еңбекқорлық және шығармашылық;
- адалдық;
- отбасы құндылықтары мен дәстүрлері;
- денсаулық және әл- ауқат;
- жаһандық азамат.

Аталған құндылықтар оқушылардың күнделікті оқу әрекетінің негізі ретінде мынадай қабілеттері мен іс-әрекеттерінде көрінуі керек:

- дұрыс шешім қабылдай білу және қоғам өміріне белсене қатысу үшін шығармашылық және сын тұрғысынан ойлау;

- коммуникативті болу, ұжым мүшелерімен байланыс орнатып, олармен бірлесе жұмыс істеу үшін әртүрлі құралдарды шығармашылық тұрғыдан тиімді пайдалану;

- қоршаған болмысты объективті түрде көрсету үшін түрлі мәдениеттер мен сан алуан пікірлерге құрметпен қарау;

- Отан алдындағы міндеттерін орындап, Қазақстанның дамуына үлес қосуда жауапкершілікті сезіну, белсенді азаматтық ұстаным таныту;

- өзіне және өзгелерге құрметпен қарау үшін көпшіл және қамқор болу;

- жаһандық желі кеңістігінде цифрлық технология мен ресурстарды ұқыпты, әрі жауапты пайдалана алу;

- кез келген өмірлік жағдай мен мансаптық өсу жолында өз танымының бағытын өз бетінше реттеу үшін өмір бойы үздіксіз білім алуға дайын болу.

Аталған құндылықтар аясында зияткерлік мектептердің білім беру мақсаттары үйлесімді қалыптасқан, жан-жақты дамуға қажетті дағдыларды меңгерген, білімді шығармашыл тұлғаны дамытуға қолайлы білім беру кеңістігін құру болып табылады. Атап айтқанда:

- білімді шығармашылық тұрғыдан қолдану;

- сыни тұрғыдан ойлау;

- зерттеу жұмыстарын жүргізу;

- ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану;

- коммуникативтік қарым-қатынас әдістерін, оның ішінде тілдік дағдыларды қолдану;

- топтық және жеке жұмыс жүргізу;

- шынайы өмірмен байланысқан мәселелерді шешу.

Бұл кең ауқымды дағдылар зияткерлік мектептер түлектеріне өз бойларында жалпы адамзаттық және этномәдени құндылықтарды үйлесімді түрде бойына сіңіре білуге, кез-келген өмірлік жағдаятқа сәйкес оқушылардың функционалды сауаттылық пен бәсекеге қабілеттілігін танытуға мүмкіндік береді.

XXI ғасыр дағдыларын оқушы бойына сіңіру бәсекеге қабілетті, өз елінің патриоты, өз бетінше шешім қабылдай алатын шығармашылық әлеуеті дамыған тұлға даярлауға ықпал етеді. Бұл іс-әрекетті атқаруда біз келешек буындардың білім беруде өзіне тән ерекшеліктері туралы мәліметті де білу қажет деп ұйғардық. Американдық әлеуметтанушы және жазушылар Уильям Штраус пен Нил Хау «Ұрпақтар теориясы» деген еңбектеріне талдау жасаған М. Криндл өзінің ғылыми еңбегінде 2010 жылдан кейін дүниеге келген альфа буындарын оқытуда олардың ерекшеліктерін сипаттаған [192]. Бұл жеткіншектерді ол өз еңбегінде цифрлық дағдылары туғаннан қалыптасқан, технологияны пайдалану икемділігі жоғары, оқып-үйренуді қатты ұнататындығын айтқан. Алайда оқыту үдерісінде оларды таным процесіне үнемі қызықтырып отыруды қажет ететіндігін де атап өткен. Ал, Дж. М. Твинги өзінің еңбегінде бұл ұрпақтар өз эмоцияларын көрсете бергісі келмейді, олар үшін шектеулер мен шекаралар жоқ, сондықтан алға қойған мақсаттарына тез жете алатындығын айтқан. Сонымен қатар, олар зейіндерін бір арнаға ұзақ уақытқа шоғырландыра алмайды, бірақ өздеріне ұнаған іс-әрекеттерін ұзақ уақыт бойы табандылықпен және жауапкершілікпен атқара алатындығын айтқан. Бір уақытта бірнеше іс-әрекетпен айналысу қабілетке ие екендігін де атап өткен. Сондай-ақ, ғалым бұл жастағы балаларды кез-келген жаңалыққа ашық, қарым-қатынасқа бейім, жаһандық мәселелер оларды тереңінен толғандырады және өздерін табиғаттың бір бөлшегі ретінде қарап, оның алдындағы жауапкершілікті сезінеді деген [193]. Сондықтан альфа буындарының цифрлық сауаттылығы мен кез-келген жағдайға бейімделу қабілеті олардың білім алу әдістері мен тәсілдерін жаңарту қазіргі заманғы жаңартылған БББ-ның негізінде жүзеге асыруға болатындығын алға тартамыз. Бұл іс-әрекет зияткерлік мектептер желісінде-оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту арқылы іске асады деп толық айтуға болады.

ҚР Президенті Қ.К. Тоқаевтың 2023 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында балалар мен жасөспірімдердің цифрлық білім беру дағдыларын жетілдіру мен олардың қолжетімділігіне баса назар аударған [1, с. 5]. Осы бағытта бұл мектептер желісі – оқытуда өзіне үздік қазақстандық дәстүрлерді, халықаралық тәжірибе мен практиканы үйлестіре отырып, жаратылыстану-математика бағытында білім берудің инновациялық, көптілділік жүйесінің моделін ұтымды пайдалану арқылы Қазақстанның зияткерлік әлеуетін арттыруға ықпалын тигізуде. Ғылыми зерттеу жобалары аясында оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту үшін заманауи жабдықтармен жабдықталған арнайы физика-химия зертханалары, нанотехнология-биотехнология кабинеттері, арнайы “NIS Engineering” STEM кабинеттері, жылыжай орны, тіл шеберлігін шыңдау үшін телестудия және фотография бөлімі, спорттық ойындарға қажетті құрал-

жабдықтар, заманауи гимнастика залы, теннис, шахмат, велоалаңы және басқа да қажетті құрылғылар бала бойындағы шығармашылық әлеуеттің жан-жақты үйлесімді дамуына жағдай жасайды [194].

Зияткерлік мектептердің құзіретіне білім берудің тетіктері мен формасын, сондай-ақ АКТ-ның заманауи модельдерін даярлау мен ұсыну, олардың сапасын және тиімділігін анықтау үшін мониторинг жүргізу, талдау, зерттеу және сынақтан өткізу кіреді. Бұл білім ордалары білім беру үрдісін оған ұсыныстар мен түзетулер енгізе отырып жүзеге асыратын сынақ алаңы болып табылады. Зияткерлік мектептердің ашылу себебі - елімізде білім беру мен тәрбиелеуге қойылатын жоғары талаптар мен стандарттарға сай өскелең ұрпаққа сапалы білім мен саналы тәрбие беруді ұйымдастыру. Зияткерлік мектептердің озық тәжірибесін еліміздің барлық аймақтарындағы мектептерге жемісті таратып, ғылыми жобаларды және инновациялық білім беру бағдарламаларын оңтайлы іске асыру үшін шәкірт бойында ашықтық, азаматтық позиция, академиялық шыншылдық және дербестікті қалыптастыра отырып, елімізді ары қарай өркендету үшін 2011 жылдың 19 қаңтарында «Назарбаев Университеті», «Назарбаев Зияткерлік мектептері» және «Назарбаев қоры» мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды [195].

Білім алушыларға заманауи бағдарламалар мен оқыту әдістемелерін меңгерудің маңыздылығын ұғыну мен білім алушыларды оқытудың жемісі ретінде қабылдау, олардың сындарлы ойлауын, өзіндік ізденіс пен ақпаратты терең талдау машығын, жалпы айтқанда шығармашылық әлеуетін дамыту ұстаздарға да үлкен жауапкершілік жүктейді. Осыған орай оқушының шығармашылдық әлеуетін дамытатын педагог мамандардың кәсіби даярлығы мен шеберлігін шыңдау ең маңызды талаптардың бірі.

Сонымен қатар, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ-ның 2035 жылға дейінгі даму стратегиясының «білім беру саласында зияткерлік капиталды дамыту» бағытында-білім беру жүйесінде өзгерістер әкелетін көшбасшы құзіреттілікке ие педагогтерді даярлау мақсатында біліктілікті арттыру бағдарламасын әзірлеуді мақсат етеді [5, с. 7-9]. Бұл бағдарламаның негізгі мақсаты оқу үдерісінде педагогтердің бойында сыни ойлау, бейімделе білу және үздіксіз оқуға дайын болу дағдыларын дамыту. Осы бағытта үздіксіз жүргізілетін семинарлар, тренингтер және оқу курстарының нәтижесінде мектеп қабырғасында білім алған түлектер жылдам өзгеріске ие білім беру кеңістігінде шығармашылық әлеуеті мен табысты кәсіби деңгейі қалыптасқан дайын маман болуына септігін тигізетіндігін айтылады. Біз бұдан мектептің жүрегі- педагогтердің кәсіби біліктілігінің шыңдалуы үнемі назарда болатынына, бала тәрбиелеуде қоғамда болып жатқан тенденцияларға ілесе отырып, еліміздің ертеңгі - зияткер шығармашылық әлеует дамыған көшбасшыларын тәрбиелей алатын, заманауи білім беру технологиясын меңгерген маманды даярлау жұмыстары зияткерлік мектептердің басты назарында екендігіне көз жеткіздік.

Зияткерлік мектептердің жұмысына бағыт-бағдар беріп, оқыту мен тәрбиелеу процесін ұйымдастыруда жарықшам ретінде қызмет ететін бағдарлама «NIS-Programme» деп аталынады. Осы орайда, біз зияткерлік мектептердің нормативті құжаттарын талдай келе, оның оқу-білім және тәрбие беру бағдарламасында оқушының шығармашылық әлеуетін дамыту төмендегідей үлгіде жүзеге асатындығына көз жеткіздік:

- 1) Үздіксіз пәндік оқу үдерісі арқылы;
- 2) Арнайы ұйымдастырылған мектепішілік жобалардың көмегімен;
- 3) Мектептен тыс іс-шаралар.

Үздіксіз пәндік оқу үдерісі туралы көптеген ғалымдардың пікірінше, оқушының шығармашылық әлеуеті – оқушының өзіндік бірегейлігін тануына және шығармашылық әлеуетін қолдана алуына жағдай жасай отырып, ақпаратты эмоционалды түрде жеткізе білетін мұғалімнің демеуімен дамиды деп түсіндіріледі. Сондай-ақ, оқушы мен мұғалім арасындағы қарым-қатынаста стандартты емес тәсілдерді ұйымдастыра алатын, өзінің психологиялық күйін басқара алатын және сабақ үрдісінде жағымды психологиялық климат түзе алатын мұғалім арқылы оқушы бойында шығармашылық әлеует шындалады [196]. Олай болса, үздіксіз оқу үдерісінің дұрыс құрылуы – оқушының шығармашылық қабілетін арттырудың негізгі көзі болып саналады.

Зияткерлік мектептердің оқу бағдарламалары мен пәндік куррикулумдарына сәйкес, бала бойындағы белгілі бір іс –әрекетке икемділік пен шығармашылық әлеуетті дамыту үздіксіз оқу үдерісі барысында, яғни күнделікті сабақтар негізінде жүзеге асады. Зияткерлік мектептердің оқу бағдарламасы сабақ барысында түрлі деңгейдегі тапсырмаларды тиімді ұйымдастыруға бағыт-бағдар береді. Оның ішіне әңгіме, рөлдік ойындар, сұрақ-жауап, дискуссия, дөңгелек үстел, дебат, сократтық семинар, өзіндік жұмыстар, психологиялық-логикалық сұрақтар жиынтығы және басқа да әрекеттер кіреді. Сабақ үрдісінде тапсырмаларды орындау барысында міндетті түрде баланың қызығушылығы, қабілеті, көңіл-күйі, селқостығы, ұқыптылығы, ойлау деңгейі, жауапкершілігі, зейіні және тағы басқа психологиялық-физиологиялық ерекшеліктері байқалады. Сондықтан сол ерекшеліктерді алдын ала анықтау оқушының берілген тапсырманы сапалы орындауына мүмкіндік береді. Осы тұста, зияткерлік мектептердің оқу бағдарламасы оқушыларды ақпаратты қабылдай алу мүмкіндігіне қарай, оларды аудиал, визуал және кинестетик деп үш топқа жіктеуді және осыған орай сабақ үстінде тапсырмаларды түрлендіруді ұсынады.

Зияткерлік мектептердегі үздіксіз оқу үдерісі Кембридж бағдарламасының жеті модуліне негізделіп жасалған. Олар: оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдерді қолдану, оқушыларды сыни тұрғыдан ойлауға дағдыландыру, оқыту үшін бағалау мен оқуды бағалауды қолдану, оқыту мен ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану, талантты және дарынды балаларды оқыту. Мұндағы оқыту үрдісі – баланы қалай оқыту жайында ғана емес, баланы өз бетінше білім алуға машықтандыру. Сондықтан да, мұғалімдерді арнайы даярлау және қайта даярлау курстарынан өткізу әрбір

мұғалімге өз бетінше іздене білетін шәкірт тәрбиелеуге және шығармашыл тұлға етіп дамытуға мүмкіндік береді. Кембридж бағдарламасының аясында, мұғалім сабақ мақсатын алдын ала белгілеп, сол мақсатқа жету үшін деңгейлік тапсырмалар мен бағалау критерийлерін әзірлеуі шарт.

Зияткерлік мектептердегі оқыту мен оқуды бағалау NIS-Programme бағдарламасының негізінде жүзеге асырылады. Әлемнің ең үздік бағалау орталықтарымен стратегиялық серіктестік орнатқан НЗМ ДББҰ мазмұны мен тұтастығы жағынан бірегей бағалау жүйесін орнатқан. Бағалау жүйесі-қалыптастырушы, ішкі және сыртқы жиынтық бағалау арқылы іске асады. Арнайы бағалау критерийлері оқушылардың белгілі бір тапсырманы орындау сапасын анықтап, олардың оқу үлгерімін жүйеге келтіріп, тапсырманы қалай дұрыс орындау керектігін түсінуге, осы арқылы өзін-өзі реттеуге және есеп беруге бағыттайды. Зияткерлік мектептердегі оқытуды бағалау қалыптастырушы бағалаудан бастап, мектепке түсу үшін іріктеу емтиханын, оқыту үрдісінде жүргізілетін ішкі жиынтық бағалауларын, жылына екі рет жүргізілетін оқушылардың оқу жетістіктерін мониторингтеуді, 10, 11 және 12 сынып оқушыларына арналған сыртқы жиынтық бағалаулары мен мектеп бітірушілерін қорытындылау аттестациясын қамтиды. Бағалаудың барлық іс-әрекеті ашық түрде критерийлік тәсілдерге негізделген. Бұл критериялды бағалау тәсілі оқу бағдарламасындағы тараулар мен тақырыптарды меңгерудегі жетістіктер мен кемшіліктерді анықтап қана қоймай, әр оқушыға ерекше қолдау көрсете отырып, оның бойындағы шығармашылық әлеуетін анықтауға, оны ары қарай дамытуға және қажет болған жағдайда педагогтердің қолданатын әдіс-тәсілдерінің сапасын арттыруына мүмкіндік береді.

Сондай-ақ, оқушылардың академиялық білімдері мен шығармашылық қабілеттерін пәндік бағалау бойынша қалыптастыру 7-12 сынып аралығында «жеңілден күрделіге» тәсілі бойынша, спиральді цикл формасында жүзеге асырылады. Бұл жүйенің мақсаты оқушыны жеңілден күрделіге қарай оқыту, яғни, баланың жас ерекшелігіне қарай біртіндеп күрделене түсетін оқыту үрдісін ұйымдастыру. Мәселен, ұзақ мерзімге бекітілген тараулар мен тақырыптар төменгі сыныптан жоғары сыныпқа дейін күрделеніп, жас ерекшелігіне қарай білім алу кеңістігін кеңейтетіндей құрылады. Бала төменгі сыныпта үйренген білімін қарапайым сатыдан жоғары сыныпқа барғанда күрделі сатыға көтеру арқылы өз деңгейін үнемі жоғарылатып отырады. Бұл оқушыға білімді тереңінен түсінуіне жағдай туғызады. Мұны 4- кестеде көрсетілген НЗМ оқу бағдарламасының негізгі пәндік бағыттар бойынша әр жастағы оқушылардан күтілетін нәтижелеріне қарай анық аңғара аламыз.

Кесте 4 - Зияткерлік мектептердің оқу бағдарламасына сәйкес оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудағы күтілетін нәтижелері

Пәндік салалар	Сыныптар	Күтілетін нәтижелер
1	2	3
«Тіл және әдебиет» саласы	7-8 сынып	- үш тілде (қазақ, орыс және ағылшын) маңызды мәліметті белгілі бір мақсатқа немесе мәселені шешуге сәйкес, қажетті ақпаратты жинау, іріктеу, өңдеу және жеткізу үшін тілдің мүмкіндіктерін тиімді қолданады; - оқу үдерісінде және күнделікті тіршілікте контекстке байланысты өз ойлары мен идеяларын үш тілде, ауызша және жазбаша түрде шығармашылықпен білдіре алады;
	9-10 сынып	- өмірлік тәжірибеде кездесетін түрлі жағдаяттарға араласып, қоршаған ортаны жеке сезімдер арқылы бағалауды ұғыну үшін сөйлеу дағдыларын дамытады; - тілді қоршаған ортаны танып білудің құралы ретінде, сондай-ақ кез келген қиындықтарды шешуде өзінің пікірін дәлелдеу тәсілі ретінде қолданады;
	11-12 сынып	- халықаралық мәдени мұраның құрамдас бөлігі ретінде ұлттық және жаһандық әдебиетті бағалай алады, сонымен қатар оны өзін-өзі дамыту мен жетілдірудің басты компоненті ретінде таниды.
Математика және информатика	7-8 сынып	- қоршаған ортамен тығыз байланыс орнату мақсатында математикалық тіл, заңдар мен заңдылықтарды, терминдер мен ұғымдарды пайдалана алады; - оқу процесі мен күнделікті тіршілікте орын алатын жағдайларға қатысты сындарлы шешімдер қабылдап, оларды дәлелдеу мақсатында ақпараттың түрлі формаларын (графиктер, диаграммалар, формулалар, сызбалар, кестелер) орынды және сауатты пайдалана біледі.
	9-10 сынып	- ақпараттық- коммуникациялық технологияларды қолдана отырып, нақты объектілер мен процестердің моделін құру мақсатында деректерді өңдеп, сараптап және пайдалана алады. - ауызша және жазбаша жұмыстарда, соның ішінде берілген контексте зерттеу нәтижелерін негіздеу үшін ақпараттық- коммуникациялық технологиялар мен математикалық тілді пайдалану мүмкіндігіне ие болады;
	11-12 сынып	- қалыптасқан жағдайда шешім қабылдау үшін қажетті математикалық мәліметтерді жинақтайды, математикалық процестерді (өлшеу, есептеу, кестелерді, диаграммаларды, графиктерді және т.б. құру және оқу) таңдайды. - әртүрлі контексте кездесетін тәжірибелік мәселелерді шешу үшін сандық қатынастар мен кеңестіктік формаларды ұсына алады, белгілі шамалар негізінде белгісіз шамаларды анықтап, оларды топтастырады
Жаратылыстану	7-8 сынып	- ғылыми ұғымдар мен тіршіліктің даму заңдылықтарын пайдалана алады, қоғамда өз рөлін анықтау мақсатында табиғаттағы тірі организмдердегі процестердің себептерін және

4 – кестенің жалғасы

1	2	3
		өзара байланыстарын анықтау қабілетіне ие болады; - табиғи құбылыстар мен үдерістердің, заңдар мен заңдылықтардың мәнін ашып, оларды түсіну үшін тәжірибелік-эксперименттік және зерттеу жұмыстарын жүргізе алады; табиғи құбылыстар мен процестердің, заңдар мен заңдылықтардың мәнін анықтап, оларды түсіну мақсатында практикалық-эксперименттік және ғылыми зерттеулерді жүзеге асыра алады;
	9-10 сынып	- ғылым мен жаратылыстанудың негізін құрайтын ақпараттық терминдерді анықтап, оларды әлем туралы түсініктерін кеңейту үшін пайдаланады; - тиімді шешім қабылдау үшін қоршаған ортадағы өзгерістер арасындағы өзара байланысты анықтап, сындарлы шешім қабылдау үшін қоршаған ортадағы өзгерістер арасындағы өзара байланысты ажыратады, адамның іс-әрекеттерінің экологиялық жүйеге әсерін белгілейді; сондай-ақ қоршаған ортаны сақтаудың мәнін айқындап, аргументпен дәлелдей алады;
	11-12 сынып	- қоршаған ортамен әрекеттесу барысында экологиялық және техногендік факторларды, сондай-ақ, адамгершілік нормаларын ескеріп, ғылым және жаратылыстану білімін өмірлік тәжірибесімен интеграциялай алады;
Адам және қоғам	7-8 сынып	- қоғамдағы маңызды оқиғалар мен құбылыстарды түсіну мақсатында қоғам дамуының заңдылықтарын, тарихи оқиғалардың мәні мен мәліметтердің мазмұнын ашатын басты терминдерді қолдана алады; - маңызды деректерді таңдап, нақты қоғамдық оқиғаны бағалау және мәселелердің мазмұнын ашу үшін пайдалана алады;
	9-10 сынып	-қоғамда күнделікті кездесетін оқиғаларды сыни тұрғыдан қарап, талдау қабілетіне ие; жағдайларды құндылықтар перспективасынан қарап, оларға қатысты өз пікірін дәлелдей алады;
	11-12 сынып	-қоғамның өзекті мәселелерін сараптап, «елжандылықты іс жүзінде дәлелдеу» қажеттілігін көрсетеді, өзінің белсенді азаматтық ұстанымын білдіре алады;
Өнер	7-8 сынып	- өнер саласындағы түрлі бағыттарды анықтай алады, арнайы терминдер мен ұғымдардың ерешеліктерін анықтай отырып тиімді пайдалана алады; - көркем музыкалық шығармаларда өзінің эмоцияларын, сезімдерін және алған әсерін білдіру үшін қажетті құралдарды пайдалана алады; -мәдениет саласындағы заманауи трендтерге қатысты өз пікірін білдіру үшін өнер пәнінен алған білімін қолдана алады;
	9-10 сынып	- әртүрлі көркем өнер мен музыкалық шығармалардың құндылықтарын зерттеп, талдау жүргізе алады; олар туралы өз пікірін анық әрі түсінікті тілмен жеткізе алады; - әр тарихи дәуірдің ерекшеліктеріне сәйкес мәдени мұраны ұғыну үшін өз ұлты мен басқа халықтарының өнері мен музыкалық мәдениетін бағалай біледі;

4 – кестенің жалғасы

1	2	3
	11-12 сынып	-іс-тәжірибе дағдыларын (модельдер құру, кескіндеме, вокал, музыкалық аспаптарда орындау, көркем шығармашылық, дизайн әдістерін) игереді; - көрнекі мәліметтерді жазу әдістері мен тәсілдерін меңгереді, негізгі құралдарды пайдалана алады; - көрнекі мәліметтер мен жобалық ұсыныстарды ұсыну үшін қолмен және компьютерлік графиканы пайдалана алады;
Дене шынықтыру	7-8 сынып	- спорттық-сауықтыру жаттығулардың әртүрлі әдістері мен түрлерін жеке гигиена мен дене тәрбиесінің негізі ретінде қолданады; - денені күшейту үшін сауықтыру әдістерін тәуелсіз түрде таңдап, қолдана алады;
	9-10 сынып	- дене шынықтыру жайлы түрлі ақпарат көздерінен керекті мәліметтерді жинап, оларды ретке келтіреді, дұрыс талдау жасап, салауатты өмір салтын сақтауға пайдаланады;
	11-12 сынып	- топтық ойындарды ұйымдастыру барысында ұжымда өзара әрекеттесу әдістері мен принциптерін пайдаланады;

Жоғарыдағы 4-кестеден зияткерлік мектептердегі бағалау үдерісінде оқушылардан күтілетін нәтиже – олардың шығармашылық әлеуетін дамытуға бағытталған. Дегенмен, оқушының шығармашылық әлеуетін дамыту мұғалімнің көмегінсіз мүмкін емес. Яғни, мұғалім тек ақпарат беруші ғана емес, оқу үрдісінде оқушыларға бағыт-бағдар көрсетуші ретінде де қызмет атқарады. Оқушылардың сыни тұрғыдан ойлау қабілетін дамытуды сұрақтар қою немесе ситуациялық жағдаяттарға көзқарасын білдіру арқылы дамыта отырып, шығармашылық мүмкіндіктерін арттыруға септігін тигізеді. Мұғалім сабақ барысында қолданатын танымдық қабілеттерді дамыту ойындары және әртүрлі қолайлы әдіс-тәсілдер оқушының пәнге деген ынтасын арттырып қана қоймай, тапсырманы өз міндеті ретінде сапалы әрі дұрыс орындауына қолайлы орта жасайды. Сабақ соңында оқу мен оқытуға берілетін кері байланыс пен тиімді бағалау түрі оқушылар тарапынан жасалған іс-әрекеттерге есеп беріп қана қоймай, алдағы оқу мен оқытудың сапасын арттыратындай әдіс-тәсілдерді оқушылардың өздері таңдай алатындай мүмкіндікке жол ашады. Дегенмен, мұғалім мұндай деңгейге жету үшін үнемі ізденіс үстінде болуы шарт.

Осы орайда, зияткерлік мектептерде мұғалімдердің де шығармашылық қабілеттерін арттыруға бағытталған бірнеше жобалар мен атқарылып жатқан іс-әрекеттер (сабақты зерттеу (Lesson Study), іс-әрекетті зерттеу (Action Research), кейс стади (Case Study), кейстерді талқылау (Case Discussions), мектептегі маңызды мәселелер бойынша ақпарат жинау, талдау және түсіндіру үшін құрылған зерттеу топтары; оқушылардың оқу көрсеткіштерін сараптау топтары, мұғалімдердің кәсіби өсуіне арналған портфолионың болуы; оқушылардың жұмысын командалық бағалау жүйелі түрде орын алып, табысты атқарылып келеді. Солардың бірі – «Сабақты зерттеу» (Lesson study).

Зияткерлік мектептердің көптеген мұғалімдері Ұлыбритания, Оңтүстік Корея, Жапония, және Ресей Федерациясынан арнайы шақыртылған халықаралық сарапшылардың тәлімгерлік курсына қатысып, сабақты зерттеудің әдіснамасын меңгерген. Арнайы курстан өткен тәлімгер ұстаздар өз аймағындағы мектептерде өз тәжірибелерімен бөлісе отырып, «Сабақты зерттеу» (Lesson study) педагогикалық әдіснамасын өз аймағындағы мектептерге енгізуді қолға алған. Сабақты зерттеу жобасы бойынша, мектеп деңгейінде мұғалімдер бірлесе жоспар құрып, оқушылардың деңгейлеріне, қажеттіліктері мен қабілеттеріне қарай тапсырмалар әзірлей отырады, баланың шығармашылық қабілетін жан-жақты дамытатын тиімді оқыту формасы мен әдіс-тәсілдерін ұтымды пайдаланады. Бұл жобаның артықшылығы – сабақ жоспарын құрудан бастап, сабаққа ену, өткізілген сабақты талдау, талдау нәтижесінде келесі сабақтарға өзгеріс енгізу – бір ғана мұғалім тарапынан емес, бірнеше мұғалім тарапынан жүзеге асырылады. Бұл мұғалімдердің бір-біріне сыни ой тастап, өзара шынайы әріптес дос ретінде сезінулеріне, кәсіби түрде дамуларына жағдай жасайды.

Шығармашылық әлеуетті дамытудың негізгі көзі – оқушыларды өз бетінше ізденуге бағыттау екенін ескерсек, бұл үрдісте ағылшын тілінің алар орны ерекше. Себебі, қазіргі таңда қай ғылым саласында болмасын, кез-келген ақпарат көздері алдымен ағылшын тілінде жарық көретіні ақиқат. Осы тұста, Назарбаев Зияткерлік мектептері Дербес Білім Беру Ұйымының 2030 жылға арналған стратегиясы басты назарды сапалы білім беруді меңгертумен қатар, зияткерлік мектеп мұғалімдеріне 11-12 сынып оқушыларына арналған жаратылыстану бағыттағы пәндерді ағылшын тілінде өткізу жайлы арнайы міндет жүктеді. Мұндай талаптар зияткерлік мектептерде өздерінің еңбек тәжірибесінде әлемдік озық үлгідегі оқыту формасы мен әдіс-тәсілдерін жетік меңгерген, баланы ойланудың ең күрделі операциясы- шығармашылық тұрғыда ойлануға және алған білімін өмірлік тәжірибесінде пайдалануға жағдай жасайтын жаңа буын педагогтердің қалыптасуына жол ашты.

Кесте 5 - Зияткерлік мектептердің оқушы шығармашылығын дамытудағы мектептері

Мектептер Ерекшеліктер	Зияткерлік мектептер	«Білім- инновация лицейі» (БИЛ)	Дарын мектептері
1	2	3	4
Білім беру бағдарламасы бойынша	Білім беру бағдарламасы (БББ) стратегиялық серіктес Кембридж университетінің халықаралық кеңесімен бірлесіп жасалынған және ол ««Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ NIS Programme білім беру бағдарламасы» деп аталады	БББ-ны әзірлеу процесі бірнеше ұйымдардың және мекемелердің қатысуымен жүзеге асады	ББН-ны әзірлеу процесіне бірнеше ұйымдар, соның ішінде «Дарын» Республикалық ғылыми-практикалық орталығы қатысады

5 – кестенің жалғасы

1	2	3	4
Гендерлік оқыту тәсілі	Гендерлік саясатты ұстанбайды, ұлдар мен қыздар бірге оқиды	Гендерлік саясатты ұстанады, ұлдар мен қыздар бөлек оқиды	Гендерлік саясатты ұстанбайды, ұлдар мен қыздар бірге оқиды
Үштілділік білім беру бойынша	Жаратылыстану пәндері (химия, биология, физика) ағылшын, гуманитарлық пәндер (география мен қазақстан тарихы- қазақ, орыс тілі пәні қазақ сыныптарында, қазақ сыныбында орыс тілі пәні, дүниежүзі тарихы- орыс тілінде) орыс тілі мен қазақ тілдерінде жүргізіледі	Жаратылыстану пәндері ағылшын тілінде жүргізіледі. Қалған пәндер орыс сыныпта орыс тілінде, қазақ сыныпта қазақ тілінде жүргізіледі	Жаратылыстану пәндері ағылшын тілінде жүргізетін мамандардың жетіспеуінен тек терминдерді жаттау арқылы бастапқы деңгейде жүргізіледі. Қалған пәндер орыс сыныпта орыс тілінде, қазақ сыныпта қазақ тілінде жүргізіледі
Пәнаралық байланыс бойынша	Кіріктірілген білім беру жүйесі енгізілген. Кез-келген пәндер оқыту үдерісінде тақырыпқа сәйкес кіріктіріле оқытылады.	Кіріктірілген пәндер тек жаратылыстану пәндері аясында жүргізіледі.	Кіріктірілген пәндер тек жаратылыстану пәндері аясында жүргізіледі. Ағылшын тілі мұғалімдері тілдік қолдау мақсатында сабаққа қатыса алады.
Шетелдік мамандарының тартылуы бойынша	Жаратылыстану пәндеріне шетелдік мамандардың жүргізуіне басымдық беріледі.	Кей пәндерді Түркиядан келген мамандар жүргізеді	Барлық пәндерді жергілікті ұстаздар өтеді
ЖОО-на түсу емтиндарына дайындығы бойынша	Назарбаев Университеті мен шетелдік ЖОО-на түсу үшін 11 сынып оқушылары Халықаралық емтихандарға (IELTS, SAT, NUFYP) дайындықты (міндеттеледі) бастайды.	SAT мен IELTS емтихандары тек оқушының сұранысы бойынша 9 сыныптан бастап жүргізіледі.	Халықаралық емтихандарға дайындықты қамтамасыз етпейді.
Үйірмелердің қолжетімділігі бойынша	Оқушының шығармашылық әлеуетін дамытуға бағытталған элективті курстар (нанотехнология, биотехнология, инженерия, робототехника, АКТ,) озық	Элективті курстар (нанотехнология, биотехнология, инженерия, робототехника, АКТ,) жоғары	Бірқатар элективті курстар және таңдаулы үйірмелер жүргізіледі.

5 – кестенің жалғасы

1	2	3	4
	үлгідегі технологиямен жабдықталған және үйірмелер негізінде іске асырылады.	деңгейде жабдықталғанымен, үйірмелер саны шектеулі	
Ағылшын тілі емтиханының міндеттілігі бойынша	7-8 сыныпта ағылшын тілінен бағдарламадан тыс емтихан (аралық және жиынтық бақылаудан басқа) тапсыру міндеттелмейді.	7 сынып КЕТ, 8 сынып оқушыларына РЕТ ағылшын тілі деңгейін растайтын емтихан тапсыру міндеттеледі	7-8 сыныпта ағылшын тілінен міндетті емтихан (аралық және жиынтық бақылаудан басқа) тапсырмайды
Ғылыми жұмыспен айналысу және олимпиадаға дайындық бойынша	7 сыныпқа келген оқушыға олимпиадаға дайындық пен ғылыми зерттеу жұмыстарымен айналысуға таңдау беріледі.	7 сыныптан бастап оқушыға кез-келген 4 пәннен олимпиадаға дайындықты таңдауға басымдық беріледі, әрі ол өзгеріссіз қалады. Таңдалған пәндерден олимпиадаға қатысу арқылы білімдерін шыңдайды.	7 сыныптан бастап оқушыларға кез-келген бір пәннен ғылыми зерттеу жұмысымен айналысу міндеттеледі. 11 сыныпқа дейін түрлі ғылыми жобаларға қатысып, жасаған жұмыстарының нәтижелерін көрсетеді.
Елшілес мекемелердің байланысы бойынша	Оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытуға бағытталған елшілес филиалдар (ПШО, ПӨО, БББО, NIS ақпараттық технологиялар және сервистер орталығы жеке мекемесі, Даму қоры және “BeyimTech” ЖШС орталығы) бір-бірімен тығыз байланыста қызмет атқарады.	Оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытуға бағытталған филиалдар қызметі қарастырылмаған.	Оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытуға бағытталған филиалдар қызметі қарастырылмаған.
«Жаһандық перспективалар және жобалық жұмыс» пәні бойынша	NIS Programme БББ –да оқушының шығармашылық ойлауына оңды әсер ететін ағылшын тіліндегі «Жаһандық перспективалар және жобалық жұмыс» пәні қамтылған.	Оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытуға бағытталған арнайы пән қарастырылмаған.	Оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытуға бағытталған арнайы пән қарастырылмаған.
Халықаралық стандартқа сәйкес келуі	CIS халықаралық мектептер кеңесі, әлемдегі білім беру сапасын арттыру және	Қарастырылмаған	Қарастырылмаған

5 – кестенің жалғасы

1	2	3	4
бойынша	халықаралық білім беруді дамыту мақсатында жұмыс істейтін ұйымға мүше және 5-10 жыл сайын халықаралық стандартқа сай болуын қамтамасыз ету үшін аккредитациядан өту міндеттелген.		
Бағалау үдерісі бойынша	Оқушылардың академиялық білім деңгейін қалыптастыру, аралық жиынтық, тоқсандық жиынтық және сыртқы жиынтық бағалау арқылы жүзеге асады. Оқушыларды шығармашылық зерттеу жұмыстары мен олимпиадаға дайындық жұмыстарына тарту ынталандырылады, алайда білім деңгейі ол арқылы анықталмайды. 11-12 сыныптар сыртқы жиынтық емтиханын тапсырады, бағасы аттестатқа түседі, 12 сынып бітіруші түлектердің сыртқы жиынтық бағалауда алған балы ҰБТ балымен теңестіріледі. Әрі оларға әлемнің үздік университеттері мен халықаралық ұйымдар мойындаған NIS Grade 12 Certificate сертификаты беріледі.	Оқушылардың академиялық білім деңгейін қалыптастыру, аралық жиынтық, тоқсандық жиынтық арқылы бағаланса, шығармашылық деңгейін жылдар бойы жүргізген олимпиада мен зерттеу жұмыстарын жүргізіп оның нәтижесін республикалық және халықаралық жетістіктерімен дәлелдейді	Оқушылардың академиялық білім деңгейін қалыптастыру, аралық жиынтық, тоқсандық жиынтық арқылы бағаланса, шығармашылық деңгейін жылдар бойы жүргізген олимпиада мен зерттеу жұмыстарын жүргізіп оның нәтижесін республикалық және халықаралық жетістіктерімен дәлелдейді

Осы орайда жалпы білім беретін оқу ордаларынан зияткерлік мектептердің ең үлкен айырмашылығының бірі – кейбір пәндерді зияткерлік мектептердің оқу бағдарламасына сәйкес жергілікті мұғалімнің шетел мұғалімдерімен бірлесе отырып тимтичинг әдісі арқылы жүргізуі. Бұл жергілікті мұғалімдердің ғана емес, сондай-ақ оқушылардың да ағылшын тілі деңгейін жоғарылатумен қатар, әрбір сабақ барысында оқушылардың қажеттіліктері мен қабілеттерін екі бірдей мұғалімнің бақылауына толық мүмкіндік береді. Бұл жағдай зияткерлік мектептер желісінің тәжірибесі баланың шығармашылық әлеуетін дамытуға айтарлықтай көңіл бөлетінін айғақтайды.

Жалпы, зияткерлік мектептер ашылғалы бері жүзеге асырылып келе жатқан үштілділік саясатының көздеген мақсаты- көптілді тұлға, яғни, үш тілде (қазақ, орыс және ағылшын) қарым-қатынасқа түсе алатын, өз ұлтының мәдениетін бағалап қана қоймай, өзге ұлттың мәдениетіне құрметпен қарау

қабілетіне ие тұлғаны қалыптастыруды көздейді. Бұл өз кезегінде үш тілде ақпарат алу, түрлі ақпарат көздерін бір-бірімен салыстыра отырып талдау жасау арқылы оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытуға жол сілтейді. Себебі, жоғарғы дағдыларды меңгерген оқушылар айналадағы өтіп жатқан дүниелерді танып-біліп және бағалап қана қоймай, қоғамда орын алып жатқан құбылыстармен және өзгерістермен тығыз байланыс орната алатыны анық. Оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытуға зияткерлік мектептердің оқу бағдарламасындағы пәндерді оқыту аясында жүзеге асатын таңдаулы курстардың (электив) да ықпалы орасан зор және таңдаулы курс бағдарламалары негізгі 4 бағыт бойынша жүзеге асады: тереңдетілен академиялық білім (пәндік салаларда); зерттеу дағдыларын дамыту (эксперименттер); тілдік дағдыларын дамыту және халықаралық емтихандарға дайындық. Мұндай курстар оқушыға таңдау еркіндігін бере отырып, өзінің қалауы бойынша білімін, шығармашылығын арттыруға жол ашады.

Аталмыш мектептерде балалардың шығармашылық қабілеттерін пәндер аясында қалыптастыру бөлімін қорытындылай келе, олардың шығармашылық әлеуетін дамыту – қоғамның сұранысы екендігін ұғынамыз. Осы қажеттілікті қамтамасыз ету, яғни, оқыту ұйымдары мен білім беру мекемелерінің стандарттарға сай жұмыс істеуі – дәлірек айтар болсақ,- педагогтердің кәсіби дайын болуы, әрі үнемі ізденісте болып, жаңашылдыққа ұмтылуы; сандық нәтижеге емес сапалық көрсеткішке бет бұрудың маңыздылығын түсінуі; оқушының психо-физиологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, бағыт-бағдар беруі қазіргі таңда зияткерлік мектептердің тәжірибесінде айқын көрініс тауып отыр.

Мәселен, «Samsung Solve for Tomorrow» атты мектеп оқушылары арасындағы әлеуметтік жобалардың Республикалық байқауда ең үздік деп танылған 32 жобалардың 18-сі НЗМ оқушыларының инновациялық жобаларына тиесілі.

Халықаралық «Bilim-Innovation» білім беру қоры мен Республикалық ғылыми-практикалық «Дарын» орталығымен бірлесіп ұйымдастырылатын халықаралық «Infomatrix -Asia» байқауында ІТ және ғылымның түрлі санаты бойынша 21-алтын, 25-күміс және 26-қола жүлдегерлері атанды.

«Дарын» Республикалық ғылыми-практикалық орталығы жыл сайын ұйымдастыратын республикалық пәндер олимпиадасы мен ғылыми зерттеу жобалары мен шығармашылық жұмыстары конкурсына НЗМ оқушылары да қатысып, халықаралық деңгейдегі сайыстарға жолдама алып, үздіктер атануда.

Төменде НЗМ оқушыларының өз шығармашылық жобаларын халықаралық деңгейде қорғаған сайыстардың нәтижесі берілген:

- Nasa және National Space Society ұйымдастырған «Space Settlement Contest-2025» халықаралық байқауда ғылыми-фантастикалық және инженерлік негізінде Алматы НЗМ оқушыларының жасаған жобалары үздік деп танылды.

- АҚШ-тың Хьюстон қаласында First Championship чемпионатында 110 елден 100-нан астам команданың арасында Алматы НЗМ оқушылары «Motivate

Award» номинациясы бойынша 1- орын, «Finalist Award» жүлдесін иемденіп, Franklin дивизионының филиалына жолдама алды;

- Орал НЗМ мектебінің Tidal Tumble командасы АҚШ-та өткен халықаралық робототехника чемпионатында 108 елден 650 командалар арасынан «Engineering Excellence Awards» санаты бойынша 2 -орынды;

- НЗМ-нің «OSIRIS» командасы Түркияда өткен «Fibonacci Eurasia Robot Olympiad» олимпиадасында 2 -орын;

- Астанада «Ғарышкерлер күніне» орай өткізілген «Ғылым әлемін ашамыз» атты халықаралық байқауда Шымкент НЗМ оқушылары 1- орын, «Ғарыштық ақпараттық технологиялар және модельдеу» секциясы бойынша 2-орын;

- Босния және Герцеговинаның астанасы Сараевода өткен халықаралық Балқан математикалық олимпиадасынан Ақтау НЗМ оқушылары қола жүлдегерлері;

Сонымен қатар, зияткерлік мектептердің оқушылары жыл сайын ұйымдастырылатын «Абай оқуларына» қатысуға шақырту алады. Әдеби шығармаларды сүйіп оқитын, ақындық шабыты бар үміткерлер Абай оқуларына қатысып, шығармашылық қабілеттерін шыңдайды. Бұл жобаның негізгі мақсаты – қазақтың ұлы ақыны Абай сынды дара тұлғаның шығармаларын дәріптеу, және оны оқушылар арасында насихаттаумен қатар, олардың шығармашылық қабілетін дамыту болып саналады.


Жоғарыда біз жалпы зияткерлік мектептерде баланың шығармашылық әлеуетінің дамуына онды әсерін тигізетін іс-әрекеттерді талқыладық. Сонымен қатар, біз еліміздің баланың жан-жақты дамып, ары қарай шыңдалуына мүмкіндік беретін мектептердің түрлері төменде (сурет-5), соның ішінде ең беделді мемлекеттік деңгейдегі мектептер санатына жататын дарын мектептері мен БИЛ-нің оқушының шығармашылық әлеуетін жетілдіруде біздің зерттеу нысанымыз- зияткерлік мектептерінен айырмашылықтарын зерттеудің маңыздылығын түсіндік. Зияткерлік мектептердің бірнеше артықшылықтары мен кейбір ұқсас тұстарын анықтадық және де оны кесте (кесте 6) түрінде келтіруді жөн санадық.

Ең алғашқы ерекшелігі ол, білім беру бағдарламасы (NIS Programme). "NIS-Programme үздік ұлттық және халықаралық тәжірибені біріктіріп, стратегиялық серіктес Кембридж университетінің халықаралық кеңесімен бірлесіп жасалынған. Сондай- ақ, оқушыларға терең академиялық білім беруге, жаратылыстану-математикалық пәндерді кеңінен оқыту арқылы сыни ойлау мен функционалдық сауаттылықты дамытуға, заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды жоғары деңгейде қолдануға және үш тілде білім алуға бағытталған. Бүгінгі күні NIS-Programme A/As-level (Ұлыбритания), O-Level (Сингапур), Халықаралық бакалавриат және басқа да көптеген халықаралық бағдарламалармен теңдес қазақстандық бренд ретінде танылды. Ең тілге тиек ететін тұсы- оқушылардың жеке қызығушылықтары мен қажеттіліктерін ескере отырып, олар үшін екі деңгейде пәндерді таңдаудың икемді жүйесі қарастырылған. Әрбір оқушы жоғары оқу орындарына түсуге

қажетті пәндерді *тереңдетілген және стандартты оқу деңгейінде* өз қалауы бойынша таңдай алады. Мектеп түлектеріне Қазақстан мен әлемнің жетекші ЖОО-ы мен халықаралық ұйымдар мойындаған “NIS Grade 12 Certificate” сертификаты беріледі. Бұл өз кезегінде түлектер еліміздің беделді ЖОО-ның екінші курсынан бастап қабылдануына немесе шетелдік университеттеріне оқуға қабылдана алады. Бүгінде НЗМ-нің 12 сынып бітірушілерінің сертификаты Қазақстанның 24 және шетелдің 70 университеттерінің бакалавриат бағдарламасына қосымша емтихан тапсырмай-ақ студент атанады.

Келесі бір артықшылығы зияткерлік мектептерде элективті курстар мен үйірме жұмыстарын жүргізуге қолайлы жағдайлар жасалынып, ұйымдастыру жұмыстары бірізділікке қойылған және әр жылы оқушы мен ата-ана сұраныстарына орай бұл үйірмелер мен элективті курстар жаңарып отырады. Мәселен, 2023-2024 оқу жылына мектепте балаларды жан-жақты дамытуға бағытталған, дәлірек айтар болсақ, оқушылардың:

- шығармашылық дағдыларды дамытатын графикалық дизайн негіздері, копирайтинг, дебат, би үйірмелері;
- кәсіпкерлік дағдыларын арттыратын инвестициялау негіздері, туроператорлық қызмет, химия саласындағы бизнес;
- IT дағдыларын алға қоятын мобильді қосымшаларды жасаушы, практикалық электротехника, робототехника, спорттық бағдарламалау;
- ғылыми-зерттеу дағдыларын жетілдіретін деректер туралы ғылым, химиялық талдау, тамақтану, астрофизика, STEAM;
- спорттық дағдыларын жақсартатын командалық ойындар, жеке ойындар секілді жаңа спектрі енгізілді.



Сурет 6 – Еліміздегі зияткерлік мектептердің байланысы

Бұл іс-әрекеттердің жүйелі, тиянақты орындалуын белгілі бір мамандар қадағалап, мектеп әкімшілігіне айлық, жылдық есеп беріп тұрады. Ал, аталмыш жобаларға қатысқан оқушылар мектепшілік немесе республикалық түрлі жарыстарға, додаларға, спорттық, ғылыми жобаларға қатысып, бақтарын сынайды, шабыт алады, өздерінің қабілеті мен икемділігінің қай деңгейде екендігін байқайды.

5-суретте елімізде оқушы бойында шығармашылық әлеуетті дамытуға бағытталған танымал түрлі санаттағы (ақылы және ақысыз, мемлекеттік және жекеменшік, т.б.) мектептердің түрлері көрсетілген. Алайда, зияткерлік мектептердің оқушыларының шығармашылық әлеуетін дамытуда ерекшеліктерін салыстыру мақсатта мемлекеттік деңгейдегі ақысыз түрде оқытатын мектептермен, соның ішінде БИЛ және дарынды мектептерді аламыз деп шештік, нәтижесі 5-кестеде көрсетілді.

Сонымен қатар, кестеде қарастырылған оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытуды мақсат еткен мектептердің ерекшеліктері мен қатар ұқсастықтары да бар (кесте 6).

Кесте 6 - Зияткерлік мектептері мен БИЛ және дарынды балаларға арналған мектептер оқушыларының шығармашылық әлеуетін дамытудағы оқу бағдарламаларының сәйкестіктері

Тақырыптар	Ұқсастық сипаттамасы	Мектептер
Білім беру жүйесінің ортақ негіздері: миссия, мақсат және құндылықтар	Миссиясы, мақсаты айқын, құндылықтарға негізделген білім беру жүйесі	НЗМ, БИЛ, Дарын
Миссия	Отандық және халықаралық үздік тәжірибені үйлестіре отырып, ұлттық және жаһандық деңгейлерде зияткерлік әлеуетті арттыруға ұмтылу	НЗМ, БИЛ, Дарын
ОШӘД-ға басымдық	ОШӘД-да үздіксіз пәндер үдерісі, мектепшілік пен мектептен тыс іс-шаралар арқылы жүзеге асады	НЗМ, БИЛ, Дарын
Мектепке қабылдану тәртібі	Оқушылар мектепке арнайы тест арқылы қабылданады	НЗМ, БИЛ, Дарын
Педагогтердің кәсіби өсуіне басымдық беру	Педагогтердің кәсіби біліктілігін арттыруды баста назарда ұстайды, үздіксіз тренингтер, семинарлар жүргізіп отырады	НЗМ, БИЛ, Дарын

Біз НЗМ тиісті құжаттар мен ақпаратты талдау барысында диссертациямыздың зерттеу пәні- зияткерлік мектептерде оқушылардың шығармашылық әлеуетінің дамуына септігін тигізетіндей тағы да бір жайтты анықтадық. Ол аталмыш мектептердің елшілес филиалдарының (Педагогикалық шеберлік орталығы (ПШО), Педагогикалық өлшеулер орталығы (ПӨО), Білім беру бағдарламалар орталығы (БББО), NIS ақпараттық технологиялар және сервистер орталығы жеке мекемесі, Даму қоры және “BeuimTech” ЖШС орталығы зияткерлік мектептермен тығыз байланыс орната

отырып қоғам талабына сай жан- жақты дамыған шығармашыл азаматтар мен азаматшалар болып қалыптасуына қосып жатқан үлестері шексіз екендігін аңғардық [195,б. 2]. Мәселен, ПШО жоғарыда айтылғандай, педагогтердің кәсіби деңгейін көтеруге, жалпы білім беретін мектептердің педагогтеріне кәсіби қолдау көрсету мақсатында аталмыш мектеп мұғалімдерімен бірге түрлі іс-шараларды ұйымдастырса, ПӨО зияткерлік мектептерде оқушылар мен мұғалімдердің конкурстық іріктеу жүйесін қалыптастыру және оның қызметін қамтамасыз ету, білім сапасын бағалау және мониторинг жасау, сондай-ақ оқыту деңгейлеріне сәйкес зияткерлік мектептердің оқушыларының білім жетістіктері мен қорытынды аттестаттауын бақылауды жүзеге асыратын орган ретінде танылады. Бұл орталық оқушының шығармашылық іс- әрекеті деңгейін өлшеуде қалыптастырушы, ішкі және сыртқы жиынтық бағалаудың формасы мен тиімді қолдану аясын зияткерлік мектептерде оқыту үдерісіне енгізіп, анализ жасау арқылы сәтті тұстарын өзге жалпы орта мектептерге таратуға бастамашы болып келеді.

Сонымен қатар, Біріккен Ұлттар Ұйымының модельдік клубын (БҰҰ) дамыту мақсатында «Бүкіләлемдік бір апта» секілді жергілікті ЖОО өкілдерімен бірге халықаралық және мәдениетаралық кездесулер ұйымдастырады. Бұл іс- шарада оқушылар шетелдік мектеп оқушыларымен, ғалымдармен, бизнесмендермен, ЖОО—ғы профессорларымен онлайн байланысқа шығып, арнайы бағдарламаға негізділген мәселелер төңірегінде дискуссия жүргізеді. Бұл өз кезегінде оқушылардың тілдік дағдыларын ғана емес, сондай-ақ мәдениетаралық құзыреттілік, коммуникациялық, сыни ойлау және проблемаларды шешу, әлеуметтік дағдыларын, өзіндік сенімділігін және т.б. дамытуға ықпал етеді.

Қорытындылай келе, бұл бөлімде талқыланған зияткерлік мектептерде білім алатын оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудағы ерекшеліктері аталмыш мектептің нормативті құжаттарын, жылдық және тоқсандық жұмыс жоспарын, ресми сайттарын және ақпараттық порталдарын талдау арқылы қол жеткіздік.

Жоғарыда келтірген мемлекеттік деңгейдегі мектептердің оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудағы айырмашылықтары мен ұқсастықтарын талдау арқылы зияткерлік мектептерінің оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытуда жүйелі, мақсатты түрде және ғылыми-әдістемелік тұрғыда ұйымдастырылған үлгілі тәжірибеге ие екендігі айқындалады.

Сондай-ақ, ОШӘД-ғы барлық санаттағы мектептерінің заманауи педагогикалық ерекшеліктерін талдау арқылы өз зерттеуімізде олардың тиімді тұстарын анықтап, құрылымдық-мазмұндық модельге кіріктіріп, оқушылардың шығармашылық әлеуетін заманауи талаптарға сай дамытудың жолдарын айқындадық.

2.2 Зияткерлік мектептерде оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың заманауи бағыттары

Зияткерлік мектептерде үздіксіз пәндік оқу үдерісінің сапасына ықпал ете отырып, пән аясында оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың рөлі маңызды болып отыр. Дегенмен, шығармашылық әлеует тек сабақ немесе арнайы пәннің оқытылуы аясында емес, арнайы ұйымдастырылған мектепішілік іс-шаралар арқылы да дамитыны анық. Сондықтан, келесі кезекте зияткерлік мектептерде ұйымдастырылатын заманауи бағыттарының оқушы бойындағы шығармашылық әлеуеттің дамуына қаншалықты ықпал етуі ықтимал екендігін жан-жақты талқылайтын боламыз.

Зияткерлік мектептерде баланың шығармашылық әлеуетін дамытуға үлес қосатын мұғалімдердің, психологтардың және тәрбиеші педагогтердің нақты іс-әрекеттер тізбегінің қызметтік нұсқаулығы құжатында көрсетілмегендігі анықталған болатын. Осыған орай, көптеген педагогика саласындағы отандық және шетелдік ғалымдардың (Отандық ғалымдар Отарбаева Г. Н [197], Оспанкулова Е.Е. [198], Абильмажинова О.С. [199] мен орыс психологы Л.С. Выготский [200], американдық көп интеллект тұжырымдамасының авторы Г. Гарднер [201], шығармашылық ойлаудың қыр-сырын зерттеген ағылшындық ғалым К. Робинсон [202] еңбектерін зерделей келе, зияткерлік мектептерде ОШӘД-дағы «креативті триада» маңызды рөл атқаратындығын ұқтық. Мұндағы «триада» грек тілінен “*triados*” «үштік» деген мағына беріп, триададағы үш элементтің бір-бірімен тығыз қарым-қатынаста болып, біртұтас жүйені құрайды деген сөз.

Мұндағы әр элементті біз педагогика саласында балаға тәрбие мен білім беруші тұлға ретінде қарастырамыз, яғни, әр элементтің өзіне тән қызметі мен жауапкершілігі болғанымен, олар белгілі бір мақсатқа қызмет етуде бір-біріне ықпал етіп, сапалы және нәтижелі іс-әрекеттерді атқарады деген сөз.

Креативті триада оқыту үдерісінде оқушылардың шығармашылығын арттыруда мұғалімдер, кураторлар мен психологтардың бірлескен әрі ынтымақтасқан күш-жігері деген ұғымға саяды. Яғни, біз осы үш мамандардың бала бойындағы шығармашылық әлеуетін дамытудағы маңызды, әрі міндетті іс-әрекеттерін анықтап, білім беру мен тәрбиелеу үдерісінде орындалуы қажет деп ұсынамыз. Мұғалімдер, тәрбиеші кураторлар мен психологтардың бала бойындағы шығармашылық әлеуетін дамытуда атқаруға тиіс міндеттер тізбегі қосымшада берілген (қосымша Д).

«NIS» Programme» БББ білім беру мазмұны екі негізгі компонентті құрайды: инвариантты және вариативтік. Біздің зерттеуімізде пәндердің аясында ОШӘД ол *инвариантты* компонентке жатады, яғни, мемлекеттік жалпыға білім беру стандартына сай оқытылатын пәндердің мазмұны шеңберінде қарастырылады. Ал, үйірмелер мен элективті курстар- инвариантты компоненттен тыс, оқушының жеке қызығушылығына бағытталған қосымша оқу жүктемесі ретінде *вариативтік* компонентке жатады [4,с. 10-11]. Сондықтан білім беру мазмұнындағы инвариантты және вариативтік компоненттерді интеграциялай отырып, ОШӘД-ға мүмкіндік беретін орта

қалыптастыру-білім беру жүйесінің маңызды алғышарттардың бірі болып саналады.



Сурет 7 - Оқушылардың шығармашылық әлеуетін қалыптастыруға әсер етуші креативті триада

Ойы ұшқыр, қиялы жүйелі, әрі терең ойлауға қабілетті, тың идеялар ұсынуға бейім оқушыларды қалыптастыру тек зияткерлік мектептердің оқу бағдарламасында қамтылған пәндердің мазмұны арқылы дамыту мүмкін емес. Яғни, оқушылардың шығармашылық әлеуетінің даму аспектілерін жан-жақты зерттеп, аталмыш мектептерде тиімді ұйымдастыру жұмыстарын одан әрі жетілдіре түсу қажет. Осы мақсатта зерттеуімізде бұл үдеріс төмендегі іс-әрекеттерді қамтиды:

1. Элективті курс мазмұны бойынша сабақ жүргізу;
2. Әр пәннің аясында оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту сатылары негізінде оқушыларды шығармашылық әрекеттерге бағыттау;
3. Сыныптан тыс жүргізілетін іс-әрекеттерге (психологиялық тренингтерге, шаңырақ қауымдастығына, куратор сағаттарына) оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытуға белсене жұмылдыру;
4. Үйірмелер жұмысын тиімді ұйымдастыру кезеңдерін айқындау және ОШӘД-ға бағытталған «Шығармашылық серпін» оқу-әдістемелік құралын ұсыну.

Зерттеу жұмысымызда ұсынған **бірінші тәсіл** - *элективті курс бағдарламасы* аясында оқушы бойында шығармашылық әлеуеттің құрылымдық компоненттерін қалыптастыруға мүмкіндік беретін- танымдық-мазмұндық, іс-әрекеттік және мотивациялық блоктар негізінде оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту үдерісі іске асырылады.

Элективті курсқа «Creative boost» (қазақша баламасы- «Креатив қуаты» атауы берілді. Атауды таңдаудағы басты мақсат- оқушыларды курсқа заманауи, тартымды, бейресми атау арқылы қызығушылығын арттырып, еркін әрі белсенді қатысуына қолайлы жағдай туғызу. «Creative boost» термині шығармашылық әлеуетті шабыттандыру, ішкі күш пен қабілетті жандандыру және идеяларды генерациялауға қозғаушы күш ретінде мәнге ие.

НЗМ-нің үштілді білім беру саясатының арқасында оқушылар қазақ, орыс, ағылшын тілдерін жоғары деңгейде меңгеріп, көптілді, көпмәдениетті тұлға ретінде дамып келеді. Осыған орай, «Creative boost» секілді атаулар- кейінгі ұрпақтың көзқарасы мен дүниетанымына жақын келеді. Мұндай атаулар оқушылардың көптілділік құзіреттілігін арттырып қана қоймай, курс мазмұнына деген қызығушылығын танытады.

Сондай-ақ, бұл атау заманауи білім беру кеңістігіндегі жаһандық перспектива, креативті экономика, стартап мәдениеті, дизайн ойлау, лайфхак сынды заманауи трендтермен сәйкес келеді. Демек, «Creative boost» - тек атау ғана емес, сонымен қатар оқушылардың шығармашылық әлеуетін арттырып, еркін ойлауға, жеке дара шешім табуға түрткі болатын мотивациялық құрал ретінде қарастырылады.

Элективті курстың бағдарламасындағы «Шығармашылықты тану әлемі» деп аталатын алғашқы бөлімі элективті курстың мақсаты мен міндеттері туралы ақпараттан бастау алып, оқушылардың өз шығармашылық әлеуетін тануына мүмкіндік береді. Шығармашылық әлеует ұғымының мәнін ашып, оның құрылымдық компоненттерін ажырату арқылы оқушылар бұл ұғымның мәнін терең ұғынады. Жаттығулардың көмегімен олар шығармашылықтың негізгі сапаларымен танысып, оларды саналы түрде игеру мен тәжірибеде қолдану жолдарын меңгереді.

«Менің шығармашылық тәжірибемдегі қадамдарым» атты элективті курстың екінші бөлімінде оқушылар шығармашылық әлеуетін дамытудың нақты алты қадамының мазмұнымен танысып, оларды іс-әрекет барысында қолданып көру арқылы шығармашылық дағдыларын шыңдайды.

«Шығармашылыққа құлшыныс» бөлімі – оқушылардың шығармашылық қызығушылығын қалыптастыруға бағытталған шығармашылық іс-әрекеттерді қамтиды. Бұл бөлім мазмұны интербелсенді әрі тиімді әдіс-тәсілдердің көмегімен жеңіл меңгеріліп, тәжірибеде оңай қолдануға мүмкіндік береді.

Бұл элективті курс пәні үш оқу тоқсаны бойы өтіледі, жалпы 63 сағатты қамтиды. Оның ішінде дәріс сабағына- 21 сағат, тәжірибелік іс-әрекеттерге бөлінген сағат саны- 21, оқушылардың өзіндік жұмысына арналған сағат саны- 21.

Төменде элективті курс бағдарламасының мазмұны 7-кесте арқылы көрсетілді.

Кесте 7 - «Creative boost» атты элективті курсының оқу-тақырыптық жоспары

Тақырыптың атауы	Дәріс	тәжірибе	ОӨЖ
1 бөлім. Шығармашылықты тану әлемі			
«Бұл курстан мен не аламын?» «Creative boost» элективті курсының мақсаты мен міндеттері	1	1	1
Шығармашылық әлеует-шығармашылық қабілет-шығармашылық идея Ұғымдар сабақтастығы	1	1	1
Менің мықты және әлсіз тұстарым. Шығармашыл тұлғаның бойындағы қасиеттері және сапалары.	1	1	1
Мен де шығармашыл тұлғамын! Шығармашыл тұлғаның ерекшеліктерін саралау	1	1	1
Әлемді өзгерткен идеялар. Идея қайдан пайда болады?	1	1	1
«Мен жасай аламын: шығармашылық әлеуетті дамыту жолында» Шығармашылық әлеуетті дамыту кезеңдері туралы түсінік.	1	1	1
Барлығы-18	6	6	6
2 бөлім. Менің шығармашылық тәжірибемдегі қадамдарым			
1-қадам. Әлемге, проблемаларға, күнделікті өмірге басқа қырынан қарау.	1	1	1
2- қадам. «Қиял мен елестетуге еркіндік бер!»	1	1	1
3-қадам. Ақпарат әлеміне саяхат. Жасанды интеллект түрлерімен танысу	1	1	1
4-қадам. «Идеяны өмірге әкел!»	1	1	1
5-қадам. «Түзет-таң қалдыр-толықтыр!»	1	1	1
6-қадам. Жасаған нақты қадамдарым және жетістігім. Сындарлы кері байланыс беру механизмі	1	1	1
Барлығы-18	6	6	6
3 бөлім. Шығармашылыққа құлшыныс			
«Сенің сөзің-сенің әлемің» Сөйлеу техникалары түрлері және жаттығу арқылы ойды нақты жеткізуге шабыттандыру	1	1	1
Назар мен жады-шығармашылықтың қуат көзі.	1	1	1
«Кеше емес-бүгін баста!» Уақытты тиімді ұйымдастырудың техникалары	1	1	1
«Бүгін мен өз шекарамнан шықтым» тәуекелді өсу нүктесі ретінде қарау жаттығулары	1	1	1
«Ғылыми жоба: идеядан нәтижеге дейін». Зерттеу жұмысын орындау техникалары	1	1	1
«Ой сүзгісі-өнер негізі». Сыни талдау және қарапайымнан күрделіге дейінгі жүйелі шығармашылық даму технологиясы	1	1	1
«Креативті күнделік-менің серігім» Шығармашылық іс-әрекетті жүйелендіру.	1	1	1
«Өзінді аш-болашағыңды жаса». Шығармашылық әлеуеті қалыптасқан тұлға перспективасы	1	1	1
Қорытынды сабақ. «Кешегі мен-іздеуші едім, бүгінгі мен-табушы». Оқушылардың шығармашылық даму жүйесіне сындарлы кері байланыс	1	1	1
Барлығы-27	9	9	9
Жалпы сағат саны			63

Элективті курс бағдарламасы аясында оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту төмендегі 7-суреттегі схема бойынша іске асады.



Сурет 8 - Элективті курс бағдарламасы аясында оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту сатылары

Элективті курстың мақсаты бүгінгі бәсекелестік орнаған ортада білім алып жатқан оқушылардың бойында шығармашылық әлеуетті дамытуды көздейтін шығармашылық білім мен дағдыларды, оқушылардың ішкі қорларын және мүмкіндіктерін күшейту болып табылады.

Элективті курстың негізгі міндеттері төмендегідей ретпен анықталды:

- әрбір оқушының өзінің ішкі жасырын қорлары мен мүмкіндіктерін, яғни, әлеуетін ашуға және дамытуға жағдай жасау;
- бәсекелестік кезеңде оқушының өмірден өз орнын табуына, осы арқылы оның шығармашылыққа негізделген ойлау дағдысын дамытуға ықпал ету;
- шығармашылыққа негізделген отандық және шетелдік білім беру мазмұнын талдау арқылы оқушының шығармашылық әлеуетін дамытатын сапаларын жетілдіру. Аталмыш элективті курс бағдарламасы жалпы орта білім беру жағдайында оқушының шығармашылық әлеуетінің дамуына барынша ықпал етеді деп білеміз.

Біз ұсынған оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудағы **екінші тәсіл**- *пәндер аясында ОШӘД –нақты 11 қадамдары* негізінде оқушыларды шығармашылық іс-әрекеттерге жүйелі түрде жұмылдыру (сурет 8).



Сурет 9 - Пәндерді оқыту үдерісінде оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту қадамдары

Жоғарыда келтірілген қадамдары арқылы оқушы ақпаратты жай игеріп қана қоймай, оны шығармашылық ойлау арқылы интерпретациялауына, қадам-қадаммен жаңаша идеялар ұсынуына мүмкіндік береді.

Кез-келген пән аясында жаңа тарауға ену сәтінен бастап, мұғалім оқушыларды шығармашылық тұрғыдан игеруге бағытталған тапсырмалар арқылы кезең-кезеңімен тарау соңына дейін оларды шығармашылық іс-әрекетке бағыттап отырады. Тараудың соңына дейін ОШӘД –дың белгілі бір сатыларынан өтіп, пәнаралық мазмұнды игере отырып жаңаша көзқараспен жасалған идея немесе туынды ұсынуға талпынады.

Мәселен, ағылшын тілі пәніндегі бір тарау сегіз сағатты қамтитын болса, осы уақыт ішінде оқушылар танымдық қабілетін кіріспе рефлексиясынан, үдеріс рефлексиясы аралығында тақырыптың мазмұнын бір-біріне үйретіп, толықтыру арқылы шығармашық ізденіс пен идея генерациясы сатысына көтеріледі. Прогресс рефлексиясы қадамына дейін, яғни, тарау бойынша жинақтаған білімді тәжірибеде тиімді қолданудың нәтижесінде пайда болған

бірегей өнімді постер, бейнеролик, жасанды интеллекттің түрлі платформалардың көмегімен рәсімдейді. Соңғы қадам прогресс рефлексиясында қорытынды шығармашылық қорғау сабағы ретінде ұйымдастырылып, оқушылар өз жұмыстарын ортаға салып, өзара сындарлы кері байланыс береді.

Бұл іс-әрекет тек бір жолғы емес, жүйелі түрде орын алғаннан кейін:

- теориялық білімін тәжірибеде ұштастыра алу дағдысына ие болатын;

- өз бетінше шешім шығара алатын, сыни, әрі креативті тұрғыдан ойлай отырып, өмірлік жағдаяттарға тиімді әрекет ете алатын жауапты оқушы қалыптасады.

Бұл жүйелі үдерісті дағдыға айналдырудың нәтижесін әр пәннің аясында саралайтын болсақ, мәселен, математика пәні сабағында оқушылар есептеудің креативті жолын тауып, есептің шартын өзгерте алады, әрі өзгеше күрделі нұсқасын бере алады. Тіл сабақтарында әңгімелесудің түрлерін қолданып, белгілі бір тақырыпқа сыни көзқарастарын білдіре алады. Сондай-ақ, берілген мәтін, тақырып немесе өмірлік жағдаяттарға өзіндік көзқарасын білдіріп, баламалы шешімдерін ұсына алады. Ал, жаратылыстану пәндерінде оқушылар табиғи құбылыстар туралы ғылыми болжамдар жасайды, зерттеу дағдысын жетілдіре отырып, жаңа дүние ойлап шығара алады. Сөзімізді түйіндесек, әр пәннің аясында жоғарыдағы нақты қадамдарды жүйелі орындаудың арқасында оқушы сол әрекеттерге дағдыланады, нәтижесінде өз бетінше шығармашылық әлеуетін дамыта алатын тұлға болып қалыптасады.

Зерттеуіміздің ОШӘД-ғы **үшінші тәсіл** - мектептің тәрбие жұмысының құрамдас бөліктері - сыныптан тыс жүргізілетін іс-әрекеттерге, атап айтар болсақ, *куратор сағаттары, психологиялық тренингтер және шаңырақ қауымдастығы аясында* ұйымдастырылатын шығармашылық әлеуетін дамыту үдерістеріне оқушыларды белсене жұмылдыру.

Кураторлық сағаттың тақырыптық жоспар негізінде ұйымдастырылатын сабақтардың мазмұнына ОШӘД-дың өзін-өзі тану, өзін-өзі ұйымдастыру мен бағалау, сындарлы кері байланыс беру, пікірін білдіру секілді іс-әрекеттерді түрлі кейстер, пікірталас, рөлдік ойындар және т.б. әдістерді кіріктіру арқылы ОШӘД үдерісіне қолдау көрсету.

Оқушылардың шығармашылық іс-әрекеттерде және әлеуметтік ортада өзін еркін сезінуіне, қорқыныш пен сенімсіздікті болдырмауына, топ алдында ойын еркін жеткізуіне мүмкіндік беретін психологиялық тренингтерді ұйымдастырудың да маңызы зор. Бұл оқушылардың шығармашылық ойдың тууына қажетті психологиялық қауіпсіз орта жасап қана қоймай, шығармашылық белсенділікке құштарлығын оятады, әрі оқушылардың арасындағы ынтымақтастықты нығайтып, эмоционалдық тепе-теңдікті қалыптастырады.

Үйірмелер жұмысын тиімді ұйымдастыру кезеңдерін айқындау және оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытуға бағытталған «Шығармашылық серпін» оқу-әдістемелік құралын ұсыну да біздің зерттеуімізде зияткерлік мектептерде оқушылардың шығармашылық әлеуетін

дамуына жағдай жасайтын **төртінші тәсіл** ретінде қарастырылады. Оқушылардың жеке қызығушылықтары мен қабілеттеріне орай сыныптан тыс ұйымдастырылатын түрлі бағыттағы үйірме жұмыстарына оқушыларды жұмылдыру да олардың шығармашылық әлеуетін шыңдайды. Осы айтылған іс-әрекеттерді төмендегідей топтастырып, 9-шы суретте көрсеттік.



Сурет 10 – Оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытуда үйірмелердің жұмысын тиімді ұйымдастыру кезеңдері

Осылайша, эксперимент барысында оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту бағдарламасы төмендегі диаграмма көрсеткендей үш бағытта іске асырылды (сурет 10).



Сурет 11 - Зияткерлік мектептерде оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың бағыттары

Жоғарыда мұғалімнің басшылығымен жүргізілетін элективті курс бағдарламасының мазмұны, пәндер аясында ОШӘД-ға бағытталған нақты қадамдары, сыныптан тыс үйірмелерді тиімді ұйымдастырудың кезеңдері мен оқушылар дербес орындайтын жаттығулар жинағы келтірілген «Шығармашылық серпін» оқу-әдістемелік құралын пайдалану және тәрбие мазмұнында іске асырылатын кураторлар сағаты, психологиялық тренингтер мен шаңырақ қауымдастығының ОШӘД-дың іске асыру жолдарына жеке-жеке тоқталдық. Енді зияткерлік мектептерде оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың жалпы тетіктерімен танысайық.



Сурет 12 - Зияткерлік мектептерде оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың тетіктері

Сонымен, 11-сурет арқылы зияткерлік мектептердегі оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың бағыттары мен тетіктерін қорытындылай келе, келесі тарауымызда жоғарыда келтірілген үш негізгі бағыт бойынша атқарылған төрт түрлі тәсілдердің практикалық жүзеге асырылуына негіз болған әдіс-тәсілдері мен ұйымдастыру формаларын қарастыратын боламыз.

Зияткерлік мектептер желісінде *арнайы ұйымдастырылған мектепшілік жобалар* ұйымдастырылып, баланың бойындағы қызығушылығын арттырып, оқушының шығармашылық әлеуетін шыңдауына септігін тигізуде:

Сонымен қатар, *жағымды жаңалықтар* айдарымен жүргізілетін сөз өнерін шыңдайтын журналистика және тележүргізуші саласына қызуығышылығы артқан оқушылардың қабілеті мен шығармашылығын шыңдай түсетін телестудиялық жоба да мектеп қабырғасында жақсы жолға қойылған. Бұл жоба арнайы мамандардың тікелей қатысуымен жоспарлы түрде нәтижеге бағытталған, әрі ұстаздар мен оқушылардың жетістіктері мен мектепте орын алған іс-шараларды дәріптейтін жоба болып табылады. Бұл жоба оқушылардың бойына адамгершілік, ауызбіршілік, еңбекқорлық, достық, парасаттылық қасиеттерін сіңіре отырып, ой-өрісін жетілдіруде, дұрыс сөйлеу мәнерін қалыптастыруда, эстетикалық танымын дамыту мақсатында қызмет етіп келеді.

Мектепшілік пәнаралық олимпиада мен ғылыми жобалар сайысы оқушының қызығушылығы мен қабілетіне орай таңдаған пәннен олимпиада

мен ғылыми жобаларға қатысу арқылы шығармашылық әлеуетін дамытуға жағдай жасайтын бірегей әрекет түрі болып табылады.

Аталмыш жобалар аясында оқушылар өз беттерінше өздері таңдаған пән, тақырып төңірегінде ізденіс үстінде болады. Бұл оқушылардың шығармашылық ойлауымен қатар, зерттеу дағдыларын да қалыптастырады. Сондай-ақ, мұндай сайыстар оқушыны мәселенің шешімін табуға және оны шынайы өмірде пайдаға жаратуға тиімді бағыттады.

НЗМ-де пәндер апталығы әрбір оқушының қай пәнге көбірек қызығатынын анықтауға мүмкіндік беретін шара. Себебі, пән апталығы аясында балаға қандай да бір тапсырманы орындауға міндетті жауапкершілік жүктелмейді. Оқушы ұйымдастырылып жатқан іс-шараларға тек өз қызығушылығымен және өз еркімен қатысады. Осы тұста қандай бір пәнге ерекше қызығатын оқушы апталық барысында өзінің шығармашылық әлеуетін толыққанды пайдалана отырып, пән апталығына өз еркімен белсенді түрде ат салысады. Оқушының шабытын одан әрі асқақтату үшін пән апталығына белсенді атсалысқан оқушылар апта соңында мадақтауға ие болып, арнайы дипломдармен марапатталады. Бұл оқушы бойындағы пәнге деген қызығушылығын арттырып, шығармашылық қабілетін шыңдауға септігін тигізеді.

Тағылым фестивалі де оқушылардың интеллектуалдық-шығармашылық әлеуетін ынталандыруға және оқушылардың танымдық қызығушылығын арттыруға бағытталған. Жылына бір рет ерте көктемде өткізілетін бұл фестивалге қатысушы оқушылар жеке өзі үшін жаңалық болып табылатын қандай да бір туындыны жасап шығарады. Оқушының жұмысы бұған дейін әлемдік қауымдастықта жасалынып қойылған туындының көшірмесі болған күнде де, фестивалдің мақсаты – оқушыны әлем үшін емес, алдымен өзі үшін жаңалық ашуға ынталандыру болып саналады. Оқушы әлемге таралған туындылардың көшірмесін жасай отырып, әлем үшін жаңалық ашпаса да, өзі үшін жаңалық ашады. Осылайша, бұл жоба оқушыны кішкентай қадамдар арқылы үлкен болашаққа бастап, оның шығармашылық әлеуетін дамытады.

Жүз ән, жүз кітап жобасы оқушының эстетикалық талғамының қалыптасуына, эмоциялық сезімін және көңіл-күйін реттеуге, әдеби-шығармаларды көбірек оқу арқылы баланың қиялын, зейінін және сөздік қорын байытуға және ой-ұшқырлығының артуына мүмкіндік береді. Бұл бала бойындағы шығармашылық әлеуеттің дамуына апарар қажетті қасиеттер деп білеміз.

НЗМ-гі оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың тағы бір маңызды шарасы - *жаһандық жұма*. Бұл шара оқушылардың тек өз елінің патриоты ғана емес, жаһандық мәселелерге де өз көзқарасын білдіре алатын, әрі жаны ашитын әлем азаматы болып қатыптасуына жағдай жасауды көздейді. Бұл іс-шара ұстаздар мен оқушылардың бірлесе отырып жаһандық мәселер мен өзгерістерді ортаға салып талқылауына, мұндай мәселелерге өз пікірлерін білдіре отырып, оның алдын-алу жолдарын қарастыруға мүмкіндік береді.

Аталған мектептердің оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың ерекшеліктері мен ұқсастықтары талданған соң, ендігі кезекте барлық санаттағы жоғарыдағы 8-кестеде келтірілген мектептердің оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудағы педагогикалық үдерістердегі заманауи бағыттарын кесте арқылы талдап көрейік.

Кесте 8 – Оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытуға бағытталған түрлі санаттағы мектептердің педагогикалық үдерістерін ұйымдастырудың заманауи бағыттары

Мектеп атауы	ОШӘД заманауи педагогикалық үдерістері	ОШӘД тәсілдері	Сілтемесі
1	2	3	4
РФММ	STEM, тұлғалық бағдар, үштілді тереңдетілген білім, пәндік және ғылыми жобалық сайыстарға дайындық, Сингапур математика, сандық сауаттылық	Олимпиадалық резервке дайындау, ғылыми жобалар, зертханалық тапсырмалар	Fizmat.kz
БИЛ	CLIL, үштілділік+түркі тілі қосымша, жобаға негізделген білім, ағылшын тілін тереңдетілген+ деңгейлі сынақтарға дайындық KET, PET, FCE, IELTS, ғылыми жобалар мен олимпиадаларға дайындық, AP (Advanced Placement) ЖОО-на дайындық бағдарламасы, CISCO- желілік академиясы бағдарламасы	Оқушылардың тест арқылы пәндік олимп, үйірмелерге, шығармашылық, интеллект.сайыстарға бағыттайды.	Bilnurqyz.edu.kz
Miras International School (MIS)	Халықаралық Бакалавриат (IB), Inquiry based learning (ізденіске негізделген оқыту), көптілділік қағидасы, STEAM, STEM жобаға негізделген оқыту, тұлғалық, әлеуметтік және дене тәрбиесін дамытуға бағытталған оқыту, пәнаралық зерттеуге негізделген оқыту	Оқушылардың жеке жоба жұмысы, STEM-пәнаралық жоба жұмысы, эссе жазу, CAS (Creativity, Act, Service) қоғамдық жұмыстарға қатысу міндеттеледі.	Miras-astana.kz
Haileybury мектептері	Британдық білім беру жүйесі, Sci-TechHub ғылым, технология, инженерия және математиканы біртұтас пәнаралық тәсілге біріктіру арқылы оқыту, барлық пәндер ағылшын тілінде жүргізіледі (математикадан басқасы), CCA сыныптан тыс бағдарламасы, Халықаралық IGCSE (14-16 жас)халықаралық орта білім беру туралы куәлік алу үшін GCSE емтиханына дайындық,	Робототехникалық алаң, зерттеу жобалық жұмыс, драма өнер сабағы, үйірмелер, дебат, эссе жазуды шыңдау, креативті клубтар	Haileybury.kz

1	2	3	4
	Халықаралық Бакалавриат диплом		
	бағдарламасы (16-19 жас), тұлғалық бағдар, жеке оқу траекториясы, STEAM		
JOO High School	ҰБТ ға және шетелдік ЖОО-на түсуге дайындық, PBL-қосымша пәндерді жоба қорғау арқылы оқыту, мектеп+курс форматында оқыту.	Дебат, медиа клуб, актерлік шеберлік, жоба қорғау	Joohs.kz
НЗМ (NIS)	Үштілділік білім беру саясаты, кіріктірілген білім беру, пәнаралық байланыс, оқушыға бағдарланған білім, CLIL, жобаға негізделген оқыту, зерттеушілік оқыту (inquiry based learning), STEAM, STEM, критериалды бағалау жүйесі, цифрлық және технологиялық сауаттылықты дамыту. Lesson study, Action Research зерттеу әдістерін пайдалана отырып, оқушылардың жан-жақты өсуін қамтамасыз етеді.	TEDx NIS talk, Readx, ақылды бейсенбі жобасы, креативті самғау шығармашылық сайысқа дайындық, олимпиада мен ғылыми жобаларға дайындық, робототехника, жоба жасау, дебат, IELTS, SAT, NUFYP, HSK, TOPIC,DSD емтихандарына дайындық элективті курстары және үйірмемелер, нанотехнология, биотехнология, инженерия, робот техникасы, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және екінші шет тілі бойынша курстар	nis.edu.kz

Readx NIS. Шығармашылық әлеуетті дамытатын құнды құрал – кітап десек, қазіргі заманауи технология дәуірінде жастардың кітап оқуға деген селқостығы күн санап артуда. Осы тұста зияткерлік мектептерде жүзеге асатын бұл жоба мектептің барлық ұжымын кітап оқуға баулиды. Мектеп ұжымы кітапты оқып қана қоймай, оқыған кітаптарынан алған әсерлерін арнайы READx жобасының есеп беру кешінде ортаға салады.

XXI ғасыр көшбасшысы атты интеллектуалды танымдық сайысы баланың білімін таразыға салып, ең алғыр оқушыны анықтайды. Бұл өз кезегінде оқушы бойында ізденушілік пен жан-жақтылықты қалыптастырады.

Ақылды бейсенбі кездесулері оқушының ғылымға, зерттеушілікке, жаңашылдыққа деген көзқарасын арттырады. Апта сайын «қоғамдық көшбасшыларымен кездесу» форматында, отандық, шетелдік ғалымдармен,

атақты тұлғалармен өмір, ғылым, экономика, мәдениет сияқты өзекті мәселелер жайында сұхбат жүргізу арқылы оқушылар өздерінің шығармашылық қабілеттерін жан-жақты дамытуға мүмкіндік алады.

Күзгі балл, Қыз сыны, Жігіттер сұлтаны сайыстары оқушылар бойындағы білім, білік, дағдыны қалыптастырып, әрі дамытып қана қоймай, сайысқа қатысушының отбасында алған тәрбиесін, адамгершілік қасиеттерін, өнерін көрсетеді, өзгелерге үлгі-өнеге ретінде насихаттайды. Аталмыш сайыстар аясында оқушылар қазақ халқының ұлттық құндылықтарын дәріптей отырып, халқымыздың салт-дәстүрлерін қаншалықты деңгейде меңгергендерін байқатады.

Шаңырақ қауымдастығы – мұғалімдер мен оқушылар, жоғарғы және төменгі сыныптар оқушылар арасындағы тұтастық, ынтымақтастық, сыйластық, сенім, қамқорлық, жауапкершілік қасиеттерін қалыптастыру мақсатында құрылған. Бір шаңырақ астындағы оқушылар арасындағы байланыс - білім алу мен іздену, ой бөлісу, психологиялық қолдау және ғылыми шығармашылықпен айналысуда бір-біріне жасаған қолдауларымен ерекшеленеді.

Желілік арт-фестиваль аясында оқушылардың жыл бойы жасаған қолөнер туындылары, өнерге деген икемділіктері мен қабілеттері таразыға салынады. Желілер аясында мектептер сайысқа түсіп, жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар шыққандарға орындар белгіленіп, «ең шығармашыл мектеп» сынды атақтарға ие болады.

Туған елге тағзым өлкетанымдық экспедициясы оқушыларды өз елін тереңірек танып-білуге, білімін шыңдауға бағыттайды. Бұл сапарлардың ерекшелігі - оқушыларды Қазақстанның өңірлерімен тереңірек таныстыру және экспедиция жасаған өңірлеріне зерттеулер жүргізу. Бұл жоба аясында экспедициялық топтар Қазақстан өлкелеріне жол тартады әрі сол өңірлердің жануарлар мен өсімдіктер әлемін, ескерткіш орындарын, олардың тарихи маңыздылығын, мәдениетін, инновациялық объектілерін, архитектуралық маңыздылығын және басқа да қырларын терең зерттейді. Бұл экспедицияға ең мықты Шаңырақ атағының жеңімпаздары, білім, шығармашылық, спорттық және т.б. жетістіктерге жеткен оқушылар ғана қатысуға мүмкіндік алады. Аталмыш экспедицияға қатысқан оқушының бірқатар дағдылары мен икемділігі дамитыны сөзсіз. Олар: зерттелетін аймақ туралы білімнен хабардар болу (оның өткені, қазіргі күйі, және болашағы жайлы іздену), зерттеу жүргізу мен сұхбат алу дағдылары, алынған ақпаратты іріктеу дағдылары, өзара іс-қимыл, қарым-қатынас орнату дағдылары, физикалық және психологиялық шыдамдылық, өз бетінше шешімдер қабылдау мен шығармашылық ойлау дағдылары. Бұл қасиеттердің бала бойына қалыптасуы шығармашылық әлеуетінің дамуына мүмкіндік берері сөзсіз.

Discover Kazakhstan (Өзіңе Қазақстанды аш) – зияткерлік мектептер мен Қазақстанның орта білім беретін мектептерге арналған үш тілде жазылатын эссе конкурсы. Конкурс Қазақстанды әлемдік қауымдастыққа таныту, насихаттау, шетел азаматтарын Қазақстанның мәдениетімен, салт-дәстүрімен,

табиғи-климаттық жағдайымен, әлеуметтік-саяси құрылымымен, экономикалық дамуымен таныстыруға мүмкіндік береді. Бұл сайыс оқушының өзіндік азаматтық ұстанымы мен оның шығармашылық ойлау деңгейін анықтауда таптырмайтын жоба болып табылады.

TED X NIS talk клубы ғылыми-публицистикалық дәрістер форматында оқушылардың ғылымға деген қызығушылығын арттырумен қатар, аудитория алдында сөз сөйлеу дағдыларын арттырады (15-20 минут). Бейнедәрістер бірнеше деңгейдегі модерациялардан, дауыс беруден өтеді, тыңдалым соңында ең қызықты идеялар таңдалынады. Жеңімпаздар жыл сайын өтетін TED X қауымдастық конференциясына қатысуға жолдама алады. TED X форматындағы баяндамаларды дайындау барысында оқушылар өздерінің ғылыми зерттеу негіздерін, шешендік өнер, алуан түрлі көзқарастарға құрметпен қарау, әріптестік қарым-қатынас орнату, командада жұмыс істеу және ең бастысы кез-келген мәселеге шығармашылық көзқараспен қарау дағдыларын қалыптастырады.

Wikipedia клубы қазақ, ағылшын, орыс тілдерінде академиялық шыншылдық және жауапкершілік қағидаларына орай мәлімет іздеу, аударма жасау, мақала жазу және өңдеу секілді дағдыларды дамытады. Оқушылар Википедия сайтында жеке парақшасын ашып, мәліметтерді өңдеп, үш тілде жариялайды.

NIS бейнеханасы жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің Телерадиокешені және Ш. Айманов атындағы «Қазақфильм» киностудиясы ұсынған 100 деректі және көркем фильмдерді қазақ тілі мен әдебиеті, Қазақстан тарихы, қазіргі әлемдегі Қазақстан, өнер, география пәндері сабақтарында пайдалану қажеттілігін алға тартады. Бұл өз кезегінде оқушы білімін жан-жақты қалыптастырып, берілген тапсырманы жан-жақты сыни тұрғыда ойлана отырып орындауына жағдай жасайды.

10 күн ата-ана жұмысында жобасына 9-11 сынып оқушылары қатысады. Оқушы алған білімін және шығармашылық қабілетін ата-анасының жұмысында іс-тәжірибеден өткізіп, шындайды. Мұнда олар іскерлік қарым-қатынасқа ену, іскерлік хаттар жазу, командада жұмыс жасау, үлкендердің ойларын тыңдау және өз ойын білдіруге шабыттанады. Ең бастысы, бұл жоба оқушылардың болашақта кәсіпті дұрыс таңдауына септігін тигізеді.

Ауылда 2 апта жобасы тұрмыстық және коммуникативтік кедергілерді шешуде бірегейлікті қалыптастыру, түсіну, тәртіпке көңігу ауыл мәдениеті мен еңбек дағдыларын бойларына сіңіреді, қарым-қатынас жасау тәжірибесі арқылы ересектермен, құрдастарымен іс-әрекетке түсу барысында жеңуге машықтандырады.

Сазбен жұмыс үйірмесі балаларға қосымша білім беруде оқушыларды өз білімін, шеберлігін көрсетуге бағыттайды. Оқушыны шығармашылық жұмысқа тарту арқылы олардың танымдық қабілеттерін, қызығушылығын арттырып, жетістіктерін бағалап көрсете отырып, белсенділігін қалыптастырады әрі өздігінен еңбек етуге дайындау арқылы іскерлігін дамытуға шабыттандырады. Аталмыш үйірмеде оқушылар саздан түрлі бұйымдар жасауға машықтанады әрі

өз білгендерімен өзге оқушылармен бөліседі. Әр сабақта оқушы қолөнер бұйымдар жасаумен қатар, ұлттық тәлім-тәрбиені бойына сіңіреді. Үйірмеге қатысушы оқушылар алған білімдерін, өнерлерін тек өздері ғана біліп қоймай, кейінгі буынға үйретуге дағдыланады.

Ауылды қолдайық. Аталмыш жоба аясында зияткерлік мектеп мұғалімдері шалғай елді-мекендерде орналасқан мектептермен тығыз байланыс орната отырып, сол мектептердің кәсіби мамандарына әдістемелік көмек көрсетіп келеді. Бұл үдеріске тек мектеп қызметкерлері ғана емес, оқушылар да белсене қатысады. Зияткерлік мектептердің мұғалімдері қаладан шалғай орналасқан мектептердің педагогикалық кадрларының кәсіби дағдыларын дамыту жұмыстарына жұмылдырылса, оқушылар өздері өсірген гүлдері мен қолдан жасаған бұйымдарын апарып, өздері жасаған роботтары мен ғылыми эксперименттерін ауыл балаларымен біріге отырып қайта жасау арқылы ауыл балаларының да шығармашылық әлеуетін арттыруға үлкен ықпал етеді.

Бұдан шығатын қорытынды, зияткерлік мектептерде оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытуға толық мүмкіндіктер жасалған. Зияткерлік мектептердің жылдық жоспарына енгізілген аталмыш жобалар дұрыс ұйымдастырылған жағдайда оқушылардың шығармашылық әлеуеті ұтымды қалыптасып, дамитындығы анық. Ендігі кезекте зияткерлік мектептерде оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытуға қандай мектептен тыс өткізілетін іс-шаралардың ықпал ететіндігіне тоқталамыз.

3) *Мектептен тыс іс-шаралар* әр түрлі шығармашылық–ізденушілік жобаларға зияткерлік мектеп оқушыларын мемлекеттік немесе мемлекеттік емес ұйымдарының арнайы өтініші бойынша тарту арқылы жүзеге асырылады. зияткерлік мектептердің жылдық жоспарын, тоқсандық жоспарын және онлайн жаңалықтар порталын зерттей келе, бұл білім ордаларындағы оқушылардың осы күнге дейін көптеген мектептен тыс шараларға қатысып қана қоймай, қоғамдағы әлеуметтік мәселелерге азаматтық жауапкершілікпен қарап, оларды шешуге өз үлестерін қосуда.

Ендеше біз, келесі тараушада зияткерлік мектептерде оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделін ұсынатын боламыз. Модельді жүзеге асыруда жоғарыда талданған педагогикалық үдерістің заманауи бағыттары қамтылады.

2.3 Зияткерлік мектептерде оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі

Зияткерлік мектептерде оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделін жасау барысында ғылыми әдебиетте келтірген «модель» ұғымының мәнін ашамыз. Педагогикалық үдерісті модельдеу негізінде зерттелетін нысанға белгілі бір дәрежеде ұқсас, алайда құрылымы, мазмұны және жүзеге асыру механизмдері жағынан ерекшелінетін теориялық ойлау моделі жатады.

«Модель» дегеніміз – шынайы өмірдегі объектілерді, жүйелерді немесе құбылыстарды бейнелейтін абстрактілі немесе физикалық көрініс [169, с. 2].

«Модель» термині латын тіліндегі «modulus» сөзінен шыққан. Бұл сөздің мағынасы «өлшем», «үлгі» немесе «масштаб» дегенді білдіреді. Латын тіліндегі «modulus» сөзі «modulus» (аз мөлшерде) деген түбірден туындаған, ол өз кезегінде «modus» (өлшем, әдіс) деген сөзден шыққан. Осылайша, модель бастапқыда бір нәрсенің кішірейтілген немесе қарапайымдалған нұсқасы ретінде түсінілген. Қазіргі заманғы қолданылуында модельдер шынайы объектілерді, жүйелерді немесе процестерді зерттеу, түсіндіру не имитациялау үшін қолданылады. Модельдер әртүрлі салаларда қолданылады және әртүрлі формаларда болуы мүмкін. Модельдерді қолданудың мақсаты – зерттеу, түсіну, талдау немесе болжау үшін нақты объектілердің немесе құбылыстардың қарапайымдандырылған нұсқасын жасау [169, с. 41-44].

Америкалық психолог және білім беру саласындағы көрнекті ғалым, білім беру процесінде оқыту мен түсінудің когнитивтік аспектілерін зерттеген Джером Брунердің пікірінше: «модель - оқушылардың жаңа ақпаратты түсініп, меңгеруі үшін қолданылатын құрал немесе әдіс. Сондай-ақ, модельдеу біртұтас педагогикалық үдерісті жүзеге асырудың маңызды бөлігі, яғни, күрделі ұғымдарды қарапайым және қолжетімді етуге, оқушылардың белсенді қатысуын қамтамасыз ете отырып, оқу процесін тиімдірек және нәтижелі етуге көмектеседі», - деп есептейді [203].

Модельдеудің мәні зерттеушінің алға қойған мақсаттары мен міндеттеріне тікелей байланысты. Модельдеу арқылы зерттеліп отырған мәселенің бастапқы сапасы мен өзгеруге тиісті сапасы ғана анықталмайды, оның нәтижесінде жаңа сапаның үлгісі анықталады. Бұл туралы Б.С. Гершунский модельдеудің үш кезеңін кезекпен іске асыру қажеттігіне тоқталып өтеді [204]:.

I кезең: зерттеу объектісінің болжамдық моделін құру. Бұл кезең «армандағы объекті» үлгісімен сипатталады;

II кезең: объектінің нақты үлгілерін құру және оны тәжірибе барысында тексеру;

III кезең: тексерудің нәтижесінде жалпыға ортақ прогностикалық ұсыныстар жасау.

Яғни, модельдеу тәжірибені рефлексиялық талдау нәтижесінде пайда болып, одан жаңа сападағы нәтиже алу мақсатында өзгерістер жасау үшін құрылады. Ал «нені қалай өзгерту» және «нені өзгеріссіз қалдыру» қажет екені тек болжам күйінде қалады. Осылайша, болжамның қаншалықты берік екендігі модель арқылы қамтамасыз етіледі.

Модель дегеніміз *«зерттелуге тиісті құбылыстардың жобадағы бейнесі»* болғандықтан, ол иллюстрациялық, түсіндірмелік және болжаушылық сипаттарда көрініс табады. Ал, педагогика саласында модельдеу педагогикалық құбылыстарды сипаттай отырып, келесі бес кезеңді қамтиды:

- зерттеу нысанын айқындау;
- нысан жайлы теориялық білімдерді топтастыру;
- модельдеудің маңыздылығын айқындау;
- құрылымдар мен негізгі элементтерді анықтау;
- зерттелінетін нысандарды іріктеу.

Жоғарыда айтылған танымдық (білімділікке) пен іс-әрекетке негізделген шығармашылыққа ие болған оқушы бойында кездесетін сапаларын біз өзіміздің зерттеу пәнімізге негіздеп, зерттеу нысанымызда оқушы бойында осы сапаларды дамытуды көздедік және ол төмендегідей 12-суретте келтірілді.



Сурет 13 - Шығармашылық әлеуеті дамыған оқушы бойында кездесетін сапалар

Шығармашылық әлеует ұғымын жан-жақты зерттеп, бірқатар еңбектер жазған калифорниялық ғалым К. Тейлор қандай да бір оқушының шығармашылық әлеуеті толыққанды дамуы үшін оның алдымен танымдық қабілеттері, яғни оның осы саладағы білімі болуы қажет деп тұжырымдайды [205]. К.Тейлордың оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытуда танымдық қабілеттерді мақсатты іс-әрекеттерге жұмылдыру арқылы төмендегі шығармашылыққа тән сапалар анықталады:

- Шығармашылық ұғымының мәнін түсінеді.

- Шығармашылық әлеует ұғымының артықшылықтарын біледі, соның нәтижесінде өз ішкі күштерін басқара отырып, игілігіне жарата біледі.

- Өзі оқып, әрі үйреніп қана қоймай, өз білгенін өзгелермен сыртқы байланысқа түсе отырып бөліседі.

- Ішкі қуат көздері мен мүмкіндіктерін үнемі жаттықтыра отырып, келешекте шешім шығаруға даярлығын шындау жолдарын ізденеді.

- Әр ақпаратқа сыни көзбен қарап, алуан түрлі ақпарат көздерін салыстырады, нәтижесінде танымдық көзқарасын қалыптастырады.

- Өз ісіне баға беріп, өзгелердің іс-әрекетін сынау үшін білімі мен тәжірибесі жеткілікті.

- Іс-әрекетін жеңілден-күрделіге қарай бағыттай отырып, өзін төзімділікке, сапалылыққа, тиянақтылыққа және жүйелілікке дағдыландырады.

- Өз бетінше сандық дағдыларын үнемі жетілдіріп отырады, нәтижесінде кез- келген тақырып аясында ақпаратты іздеу, алу, өңдеу және модельдеуде қиындықтарға кезікпейді;

- Жоғары өнімділіктің мәнін түсінеді, яғни басымдықтарды қоя білуге, жоспарлау және нәтижелерді басқаруға, шынайы өмірде құралдарды тиімді пайдалануға, қажетті және сапалы өнімдерді әзірлеуге, жетістікке және нәтижеге қол жеткізе алу қабілеттілігіне ие болады.

- Ең маңыздысы, үнемі ізденісте болып, уақытын тиімді әрі дұрыс пайдаланудың артықшылықтарын толыққанды ұғынады.

Осылайша, жоғарыда аталған білім сапалары мен дағдыларын бойына сіңірген оқушы бұл білімін өз әрекетінде жүзеге асырады. Келесі кезекте ғылыми теорияларда шығармашылық әлеуеті дамыған оқушының әрекет ерекшеліктеріне тоқталамыз.

Кейбір жағдайларда «шығармашыл оқушы - бұл тек үздік немесе жақсы оқитын оқушы» деген пікір кездеседі. Дегенмен, оқушының шығармашылық әлеуетін терең зерттеген американдық психолог П. Торренс оқушының шығармашылық әлеуетін көрсететінін факторлардың нашар оқитын оқушылардың арасында да көптеп кездесетінін анықтаған [205,р. 141]. Әсіресе, бұл факторлар бұл топтағы оқушылардың іс-әрекетінде айқын көрініс тапқан. Мәселен, шығармашылық жайлы және пән аясында теориялық білімі ортадан төмен бола тұра, олардың бойында шығармашылық әрекетінен хабар беретін табиғи нышандардың болуы айқындалған. Кейіннен П.Торренстың көзқарасы К. Тейлор, Дж. Гилфорд, Ф. Баррон секілді Оңтүстік Калифорниядағы бір топ ғалымдар тарапынан қолдау тапқан.

Зерттеліп отырған мәселе туралы белгілі психолог П. Торренс өз еңбектерінде мынадай тұжырымға келген: оқушының шығармашылық әлеуетін тиімді дамыту – педагогтің білімі мен білігіне, оқыту мен тәрбиелеу үрдісіндегі өзара үйлесімділікке, болашақтағы жағдайларға жорамал жасауына, оқушының мәселенің шешімін іздеу жолына, олардың нәтижелерін тұжырымдай білуіне, мәселелерді шешуге деген құмарлықтың оянуына да байланысты [205,р. 178]. П. Торренс шығармашылық әлеуеттің дамуын шығармашылық ойлаумен етене жақын қарастыра отырып, бұл ұғымды оқушының белгісіз және аяқталмаған

жағдайларда туындайтын кедергілерді жою үшін жұмсайтын күші мен ішкі мүмкіндігі ретінде қарастырады [205,р. 174] Осы тұста психолог шығармашылық әлеуетті дамыту үшін оқушы әрекетінде келесі төрт қасиеттің болуы шарт екендігін атап көрсетеді. Олар: шапшаңдық, икемділік, сонылық, жасампаздық [205,р. 176].

II. Торренстің пікірінше, шапшаңдық - оқушының белгілі бір жағдайлармен бетпе-бет келіп, әлдебір қиын мәселелерге өз бетінше шешім қабылдау әрекетінде ең қажетті дағдыларының бірі. Бұл әсіресе көптеген шешім нұсқаларының ішінен ең оңтайлысын таңдап, тапқан шешімнің артықшылықтары мен кемшіліктерін таразылау кезінде айқын көрінеді. Сондықтан, ғалым осындай жағдайларда шығармашылық ойлау - тек үстеме, қосымша мағына береді дейді [205,р. 42].

Икемділік - бұл белгілі бір жағдайларда әртүрлі идеяларды қарастыра әрі ұсына білу ретінде сипатталады. Икемділік дағдысы жақсы дамыған оқушылар күнделікті тұрмыста жиі кездесетін кез-келген құбылыстың бір тобынан екіншісіне жеңіл өтуге қабілетті болады. Сондай-ақ, ондай оқушы өз әрекетінде кез-келген мәселені шешуде де басшылық таныта біледі. Ойлаудың икемсіздігі – бұл ұғымға қарама-қарсы түсінік. Нәтижесінде, ойлаудың икемсіздігі - оқушының ойлау дағдысының шектеулігін көрсетеді. Сондықтан да, ойлаудағы икемділік – шығармашылық әлеуеттің негізгі көрсеткіштерінің бірі болып саналады.

Қазақтың ұлы ақыны, хәкім Абайдың еңбектерінде көптеп кездесетін дағды «сонылық» - оқушының шығармашылық әлеуетін дамытуға көмектесетін бірден бір қажетті дағды [207]. Сонылық дегеніміз – адамның болашақта кездесетін мәселелердің тек сыртқы көрінісін жобаламай, кез келген мәселені терең қарастырып, оның көзге бірден түсе бермейтін мазмұндарын ескере білу қабілеті. Оқыту процесінде де кездесіп жататын мәселелерді жан-жақты терең қарастырмай, таяз шешім қабылдау көбіне біздің бойымызда қалыптасып кеткен әдеттерімізге байланысты болады. Мәселен, оқушының сабақ барысында кездесетін мәселелерді әдеттегі үйреншікті мәселелер ретінде қарастырып, оған белгілі бір шешім ұсыну барысында өзінен-өзі түсінікті деп тәжірибесінде бұрыннан қолданатын әдістерін пайдалануы. Осы тұста оқушының орын алып жатқан мәселеге бұрынғы қалыптасқан әдетке байланысты қарамай, оларға жаңаша мән беріп, бұрын ескерілмей кеткен жақтарын ескере білуі ақыл тереңдігіне, яғни сонылыққа жатады. Мұндай қабілетке ие оқушылар айқын, жалпыға таныс идеяларды ғана емес, ерекше, жаңашыл идея ұсынуға қабілетті келеді. Өз кезегінде бұл шығармашылық әлеуетті дамытудың негізі болып табылады.

Келесі дағды – жасампаздық. Бұл шығармашылық әрекетте және белгілі бір тапсырмаларды орындауда жүзеге асатын шығармашылық жұмыстың «жемісін» талқылауға қабілеттілік таныту. Осының нәтижесінде жасампаздық шығармашылықтың екі аспектісінің арасындағы алшақтықты көрсетеді:

- а) жаңа тың идеяларды ұсыну;
- ә) оларды талдау және зерттеу.

Шығармашылық әлеует оқушының танымдық қабілеттеріне мотивациялық тұрғыда басшылық жасаудың негізінде қалыптасады.

Кез-келген шығармашылық әрекеттің нәтижесінде оқушылардың бойында мәселені алдын-ала болжай білу, оның қорытындысын тұжырымдау, сезу секілді әрекеттер жүзеге асады. Мәселені немесе белгілі бір жағдаятты болжай білу – адам әрекетінің мақсатты жемісі болса, сол мақсатты жүзеге асыру оқушының әрекет етуін көздейді. Сондықтан оқыту процесінде оқушылардың оқу материалдарын шығармашылық деңгейде игеруі, оларды алдын-ала өз әрекеттерін болжай білуге ынталандырады.

Қазақстандық педагог Т. Сабыров сабақ барысында оқушының қызығушылығы немесе мотивациясы, негізінен екі түрлі сипатта көрініс табатын белсенділігі арқылы аңғарылатынын хабарлады [208]. Олар: ішкі және сыртқы белсенділік. Сыртқы белсенділікке оқушы әрекетінің сыртқы көріністері кіреді. Атап айтқанда, оқушының белсенді қимыл-қозғалыстары, тәжірибелік әрекеттері, сабақты зейін қойып тыңдауы және басқа да әрекеттер. Ал, оқушының ішкі белсенділігі деп отырғанымыз - оның ойлау әрекетінің белсенділігі. Оқушының шығармашылық әлеуетін дамытуда сыртқы белсенділік пен ішкі белсенділік бірдей рөл атқарады. Дегенмен ішкі белсенділіксіз, яғни ойлаудың тереңдігінен адамның қандай да бір жұмысы шығармашылық нәтижесін беруі екіталай.

Адам табиғатындағы белсенділіктің қасиеттерін педагогикалық тұрғыдан қарастырған ғалымдардың бірі В.И. Лозовая болды [209]. Автор адам бойындағы белсенділіктің мәнін ашуда бірнеше анықтамаларды келтіре отырып, оның мәнін аша түсті. Ең алғашқысы «белсенділік ірі жүйелердің (педагогикалық, әлеуметтік, экономикалық, экологиялық, биологиялық, техникалық) тиімді жұмыс істеуі мен дамуына қажетті қасиет болып табылады» дегені болатын. Яғни, белсенділік осы жүйелердің ішіндегі элементтердің өзара әрекеттесуін және даму процесін сипаттайды, деген тұжырымға келеді. Келесі *«белсенділік пен әрекет ұғымдары үнемі бірге жүреді»* анықтамасын зерделей келе, белсенділіктің адамның немесе жүйенің белгілі бір мақсатқа жету үшін жасаған іс-әрекеттерін сипаттайтындығын, әрі белсенділіктің әрекетсіз мүмкін еместігінің, ал әрекет белсенділіктің көрінісі болып табылатындығын ұғындық. Мысалы, оқушының оқу белсенділігі оның оқу материалдарын зерделеу, тапсырмаларды орындау, сабақтарға қатысу, білімді бар ынтасымен алу, алған білімін тереңдете түсу, оқыту үрдісінде өз қабілетін көрсетуге деген құштарлық, қажетсіну секілді сапалар танымдық белсенділіктің қайнар көзі екендігімен түсіндіреді. Ал, мұғалімнің кәсіби белсенділігі туралы ғалым мұғалімнің жаңа әдістерді үйрену, сабақты қызықты өткізу, оқушылармен жеке жұмыс жасау әрекеттерінде көрінетіндігін атап өтті. Оқу-тәрбие үдерісінде көрінетін белсенділік туралы тұжырымын мұғалімнің оқыту үдерісінде баланы шығармашылыққа жетелейтін интербелсенді әдістерді пайдалану, оқушыларды топтық жұмыстарға тарту, практикалық сабақтарды өткізу секілді іс-әрекеттерінде байқалатындығымен түсіндірген. Осылайша, белсенділік пен әрекет бір-бірімен тығыз байланысты және бірін-бірі

толықтырады, әрі әрекеттің сапалық сипаттамасы болып табылады. Ал, соңғы анықтамасын *«белсенділік - жеке адамның сипаты, оның қасиеті»* дегенді біз адамның белгілі бір әрекеттерге дайындық және ынта-жігер көрсету қабілеті ретінде қабылдадық. Сондай-ақ, осындай қабілетке ие болған адам өз өмірі мен кәсіби қызметінде белсенді түрде әрекет ете алуын, жаңа мүмкіндіктерге ашық болуын және мақсаттарға жетуде табандылық танытуын білдіретіндігімен ерекшеленеді деп нақтыладық [209,с. 68].

Дегенмен, танымдық белсенділіктің бір ғана белгімен көрсетілуі жеткіліксіз ұғым, сондықтан біз оның алуан түрлі сипаттарын айқын көреміз. Соңғы кездері батыс пен шығыстың ғылыми әлемінде оқушының белсенділігі және дербестігі жөнінде көптеген зерттеулер жүргізіле бастады. Ғылыми басылымдарда белсенділік адамның әрекетке қатынасын өз бетінше таңдай алуға дайын екендігінен, үнемі ұмтылыста болуынан, алға қойылған мақсат-міндеттерін жүзеге асыру үшін оңтайлы жолдарды таңдай білуінен көрініс табатын жеке тұлғаның сипаты ретінде анықталады. Оқушының танымдық белсенділігін қалыптастыру, ең алдымен оның қабылдау, есте сақтау, ойлау, қиялдау және зейін қою сынды дағдыларын арттырудан бастау алады. Сондықтан оқу және оқыту үрдісінің оқушының таным белсенділігін арттыру мақсатында олардың өз бетінше әрекет етуін, шығармашылық әлеуетін дамытуға барынша жағдай жасайтындай етіп ұйымдастыру өте маңызды.

Оқушының жаңаны қабылдауы, бірінші кезекте ұстаздың сабақты жүйелі етіп ұйымдастыруына байланысты екені жоғарыдағы параграфтарда талқыланды. Оқушылардың жаңа ақпаратты қабылдауына жағдай туғызу, шығармашылық әлеуетін дамыту негізі болып табылатын оқу-танымдық әрекеттің маңызы ерекше. Сондықтан, оқу үдерісінде оқушының белсенді әрекетінсіз шығармашылыққа жету, оны дамыту мүмкін емес.

Осы тұста оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытуға негіз болатын танымдық белсенділіктерінің үш дәрежесін атап өткен жөн:

I-дәреже: жаңғыртушы белсенділік. Белсенділіктің бұл дәрежесі оқушының сабақта меңгерілген материалды қайта жаңғыртуға, оны үлгі бойынша қолданып, өз бетінше меңгеруіне деген ұмтылысымен айқындалады.

II-дәреже: түсіндіруші белсенділік. Бұл дәреже оқушының оқып білгенін қайта зерделеп, оны өзіне аян ұғымдармен байланыстыруы, білімін жаңа жағдайларға қатысты пайдалану жолдарын меңгеруге деген ұмтылысы арқылы іске асады. Белсенділіктің бұл дәрежеге тән көрсеткіші оқушының бастаған ісін аяғына дейін тәмамдауға ұмтылысынан, қиындықпен беттескен сәтте оны қалайда жеңудің жолдарын қарастыруы арқылы көрініс табады.

III-дәреже: белсенділіктің шығармашылық дәрежесі. Белсенділіктің бұл дәрежесі ең күрделі дәреже бола отырып, оқушының шығармашылық әлеуетін дамытуда орасан зор рөл атқарады. Себебі, белсенділіктің шығармашылық дәрежесі оқушыдан мәселені шешудің жаңашыл тың жолдарын іздестіруге деген ұмтылысын талап етеді. Бұл дәреженің ерекшелігі – оқушының мақсатқа жетудегі табандылығы, қайсарлығы арқылы жүзеге асады.

Танымдық белсенділік тек оқушының іс-қимыл жағдайымен ғана анықталмайды. Ол жасалынған іс-қимылдың қаншалықты сапалы екендігімен, және ондағы оқушының қызмет мазмұны, сипатына қалай қатынасындығы, сондай-ақ, өзінің рухани еркі мен ішкі күш-жігерін оқу-танымдық мақсаттарға жетуге қаншалықты қолдана алатындығымен көрініс табады.

Шығармашылық әлеуетті дамыту ұғымы мен оны қалыптастырудың маңызды тұлғалық сапалары анықталғаннан кейін, енді зерттеудің құрылымдық-мазмұндық модельдің мазмұнын ұсынудың қажеттілігі туындайды.

Модель *мақсаттық – тұжырымдамалық, теориялық – әдіснамалық, мазмұндық – процесуалдық және нәтижелі* блоктардан тұрады.

Мақсаттық- тұжырымдамалық блок. Әлеуметтік тапсырыс ретінде адами капиталды дамыту – елдің зияткерлік әлеуетін арттырып, келешек бәсекеге қабілетті оқушыларды тәрбиелеуді көздейді. Оқушының тек білімі мен біліктігін жетілдіріп қана қоймай, оның шығармашылығы, сыни ойлау мен өзін-өзі дамыту қабілеттерін арттыруды мақсат етеді. Адами капиталды дамытуға басымдық беріле отырып, біздің зерттеуімізде тұжырымдамалық негіз ретінде зияткерлік мектептердегі білім мазмұнын әлемдік аренаға көтеруге, халықаралық стандартқа сай келетін шығармашыл оқушыны тәрбиелеуді көздейді.

Теориялық - әдіснамалық блок. Біз зерттеу жұмысымызды ұйымдастыруда теориялық, тәжірибелік және ғылыми-танымдық іс-әрекеттерде бірқатар әдіснамалық тұғырлар мен қағидаларға сүйендік. Баланың шығармашылық әлеуетін дамыту іс-әрекеттерінде оның жас және дара ерекшелігін ескеруде *тұлғалық тұғыр* және де сыныпта және сыныптан тыс үдерісінде оқушылардың шығармашылық іс-әрекеттерге белсене қатысып, шығармашылық қабілетін шыңдауға мүмкіндік беретін *іс-әрекеттік тұғырды* басшылыққа алдық. Сонымен қатар, технология күрт дамыған қоғамда өз шығармашылық әлеуетін шыңдауға икемді тұлғаны тәрбиелеуде *шығармашылық тұғырға*, білім беру үдерісінде оқушы өз іс-әрекетін ұйымдастыра білу және үнемі өзін-өзі жетілдіру дағдыларын қалыптастыруда *синергетикалық тұғырға* және де оқушылардың тұлғалық дамуын тек субъективті мүмкіндіктермен шектемей, кең ауқымды өркениетті ортада жетілдіруді көздейтін *өркениетті тұғырға* сүйендік.

Жүйелілік (үдерістер мен құбылыстардың ОШӘД-да біртұтастығы), *ғылымилық* (ОШӘД-ға байланысты ғылыми тұрғыдан дәлелденген сенімді, дәлелді, тексерілген деректерді пайдалану), *даралану мен түрлену* (тұлға өз даралығын сақтай отырып, кез-келген жағдаятқа икемделіп, түрлене білуі) және *креативтілік* (оқушының стандартты емес шешім шығаруда ерекше тәсілді қолдануы) секілді қағидалар біздің зерттеу нысанымыздың ішкі мазмұны мен логикасын айқындап, оның теориялық-мазмұндық өзегі ретінде қарастырылады.

Мазмұндық – процесуалдық блок.

Оқушылардың шығармашылық әлеуетін зерттеуге бағытталған диагностикалық әдістемелер жүйесі төмендегідей:

- зияткерлік мектептерде оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытатын іс-әрекеттердің жалпы көрінісі мен оларға оқушылардың өзіндік көзқарасын анықтау мақсатында 11 сұрақтан тұратын авторлық сауалнама;

- оқушылардың шығармашылық әлеует жайлы теориялық білімдері мен танымдық қабылдауларын анықтау мақсатында Оқушылардың шығармашылық әлеует жайлы білімдерін анықтау бойынша «Паул Торренстің шығармашылық ойлау» тесті;

- оқушылардың іс-әрекетінде олардың шығармашылық әлеуеті қаншалықты көрініс табатынын анықтау мақсатында *Кайциер, Мэйер және Олкиннің «шығармашылық әлеует деңгейін анықтау тесті» - КМО тесті*;

- оқушылардың шығармашылық тұрғыдағы құндылық бағдарларын, көзқарастарын, іс-әрекеттік қабілеттерін зерттеу мақсатында «Барлетт тесті»;

- күнделікті жағдайлардағы оқушының шығармашылық әрекеттерінде мотивацияны анықтау мақсатында А. Тэйлор тарапынан ұсынылған «Күнделікті қарым-қатынастағы шығармашылық әлеуетті анықтау әдістемесі» болды.

Оқушылардың шығармашылығын тек оқыту үдерісінде ғана емес, тәрбие мазмұны мен мектептен тыс іс-шараларда да дамытуға болатынын айтқан шетелдік ғалымдардың бірі – америкалық психолог және педагог Джон Дьюидің теориясын зерттеген ғалым К.У Морган [80,с. 102]. Ол өз еңбегінде Дж Дьюидің «білім беру тек академиялық біліммен шектелмеуі керек, белсенді және тәжірибелік түрде білім алуын, шығармашылық ойлау мен проблемаларды шешу дағдыларын дамытатындай басқа да оқыту формаларын ұйымдастыру керек» деген-ді. Біз оқушылардың жеке тұлға ретінде дамуына, олардың қызығушылықтары мен қабілеттерін ашуға мектепте тәрбие жұмыстары мен сыныптан тыс іс-шараларды ұйымдастыру керек екендігін түсіндік. Біз мұны өз моделімізде үш негізгі бағытта жүзеге асырылады деп қарастырдық:

- білім мазмұны («Creative boost» элективті курс бағдарламасы аясында);

- тәрбие мазмұны (кураторлық сағат пәні, психологиялық тренингтер және шаңырақ қауымдастығы аясында);

- сыныптан тыс уақытта (ОШӘД- ға бағытталған түрлі үйірмелерді тиімді ұйымдастыру және оқушылардың өз бетінше орындайтын олардың ШӘД-ға бағытталған «Шығармашылық серпін» оқу-әдістемелік құралда берілген жаттығуларды орындау және кері байланыс).

Жоғарыда аталған оқытудың формалары түрлі интербелсенді әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, баланың шығармашылық әлеуетінің дамуына түрткі болуын көптеген ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып көз жеткіздік. Мәселен, ресейлік психолог Лев Выготскийдің «Жақын даму аймағы» теориясы оқушылардың білім алуында әлеуметтік өзара әрекеттесу маңызды рөл атқарады десе [210-216], американдық ғалым, педагог, конструктивизм

теориясының өкілі Сеймур Пайперт балалардың білімді өз бетімен зерттеп, құрастыруы арқылы шығармашылық қабілеттерін дамытуға болатындығын айтты. Американдық психолог, көптік интеллект теориясының авторы Гарднер Ховардтың теориясы бойынша адамдардың әртүрлі интеллект түрлері бар және әрқайсысы шығармашылық әлеуетті дамытудың әртүрлі әдістерін талап етеді [201,р. 1]. Сондай-ақ, ол оқытуда әртүрлі әдістерді қолдану арқылы оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік бар екенін баса айтқан. Осы секілді ғалымдардың білім беруде баланың типтері мен қабілеті, жас және дара ерекшеліктері, қызығушылықтарын ескере отырып, біз, *оқыту формалары мен әдістері* ретінде сыни ойландыратын сұрақтарды жиі қою, миға шабуыл, дербес, жұптық, топтық, жобалау, STEAM, ChatGPT, критериалды бағалау, рефлексия мен кері байланыс, дискуссия, пікірталас, пікірсайыс, дөңгелек үстел, case study, әңгіме құрастыру, эссе жазу және тайм менеджментті тандап алдық.

Рефлексия- кері байланыс беруді біз, оқушының шығармашылық әлеуеті дамуының ең қажетті тетіктерінің бірі деп алдық. М.Н. Оспанбекованың [210,б. 84] докторлық дәрежесін алуға дайындаған диссертациясында рефлексияның маңыздылығын айқындай келе «оқушыларға өз тәжірибелерін, ойларын және іс-әрекеттерін талдау арқылы өзін-өзі тануға, олардың алда тұрған мақсаттарының мәнін ұғынып, оған қол жеткізу үшін қандай қадамдар қажет екенін айқындай алған жағдайда ғана олар шығармашылық іс-әрекеттерде табысты нәтижелерге жетеді» деді. Сондай-ақ, ғалым рефлексияның мектептерде қолданылатын мынадай түрлерін келтірді: оқушының эмоционалдық көңіл-күйінің рефлексиясы, әрекеттің рефлексиясы, оқу-мазмұнының рефлексиясы. Көңіл-күйдің рефлексиясы - сабақтың басында немесе аяғында топпен эмоционалдық үйлесімділік орнату үшін тиімді болса, әрекеттің рефлексиясы- шығармашылық іс-әрекетте оқушының жеке жұмысын жоспарлап, өзіндік талдау жасауға, шығармашылыққа негізделген жоғары танымдық қызығушылық іс-әрекеттерді талдауға, кемшіліктерді жоюға және жауапкершілікпен қарауға ықпал етеді. Ал, оқу-мазмұнының рефлексиясы-оқыту субъектінің өз іс-әрекетін саналы түрде талдауына, қорытынды жасауына және дұрыс шешім қабылдауына ықпал етеді. Сабақта талқыланған мазмұнның мәнін ашу, кейіпкердің әрекетіне баға беру, ұнаған немесе ұнамаған тұстарын айту, себептерін түсіндіру, қысқаша түйін жасау, қорытынды шығару сияқты ойлау және коммуникативтік әрекеттер рефлексияның негізгі қызметтері болып табылады. Біздің пайымдауымызша, бала өзіне ыңғайлы оқу тәсілдерін тандай алмаса, таным мен ойлау тетіктерін ұқпаса, онда оқушы білімнің қорытынды нәтижесіне жетуі, мазмұнды толық түсініп, әрі одан ой түйіп, сабақ алуы мүмкін емес. Шығармашылық іс-әрекетте педагог осы кері байланыс түрлерінің ара-жігін ажыратып, оны оқытуда тиімді пайдаланса, онда бала бойындағы кері байланыс беру дағдысы қалыптасып, оқу мен оқыту іс-әрекеттері нәтижелі, әрі табысты болады.

Оқушыларға *сыни ойлау сұрақтарын жиі қою* қосымша ақпарат жинауға, ойларын нақтылауға, болжамдарын келтіруге, қарсы тұруға, кез-келген мәселелерге сыни қарап, түрлі шешу жолдарын ұсынуға көмектеседі.

Миға шабуыл әдісі білім алушылардың қызығушылық тудыратын жәйттарды әңгімелеуге, топтық жұмыста ортақ мәселені бірлесіп шешуде оқушылардың түрлі идеяларын жинақтап, ортақ бір нәтижеге келуге ынталандырады.

Жұптық жұмыс және топтық жұмыс - бұл ынтымақтастықты, әртүрлі көзқарастарды, коммуникативті дағдыларды, сындарлы кері байланысты, тәуекелдерді қабылдауды, дағдыларды біріктіруді, бастамашылықты және нақты әлемде қолдануды ынталандыру арқылы оқушылардың шығармашылығын дамытудың тиімді стратегиялары. Бұл тәсілдер білім алушылардың шығармашылық мәселелерді шешуге және инновацияларға белсенді қатыса алатын динамикалық оқу ортасын жасайды.

Дискуссия әдісі оқушылар тақырыпты зерттеу, пікір алмасу және түсінуге ұмтылу арқылы консенсусқа қол жеткізуге, ақпарат алмасуға немесе әртүрлі перспективаларды бірлесіп зерттеуге бағытталған.

Дебат әдісі арқылы қатысушылар өз ұстанымдарын немесе көзқарастарын қорғайтын құрылымдық дәлелдерді келтіре отырып, басқаларды өз дәлелдерінің дұрыстығына сендіру және пікірсайыста жеңіске жету мақсатына ие болады.

Пікірталас әдісін сабақ үдерісінде қолдана отырып оқушылар әртүрлі көзқарастарды ашық талқылайды және мәселені тереңірек түсінуге талпынады, әрі өз ойларын ортаға салып, пікір алмасады. Нақты мықты аргумент айтқан жеңімпаздарды анықтау қажеттілігі жоқ.

Дөңгелек үстел әдісі дөңгелек үстелде оқушыларды тең қатысуға, бірлесіп оқуға, сыни тұрғыдан ойлауға мүмкіндік бере отырып, олардың шығармашылық қабілеттері мен коммуникативті дағдыларын шыңдауына жетелейді. Сондай-ақ, әртүрлі көзқарастарды құрметтеуге, проблемаларды шешу қабілеттерін дамытуға ықпал етеді.

Кейс стади (case study) әдісі арқылы оқушылардың жас ерекшелігіне сай дайындалған шынайы және нақты сценарий үлгісінде келтірген кейстерді топта бірлесіп оқып, талқылайды. Бір-біріне сыни ойландыратын сұрақтарды қоя отырып, ситуацияның мәнін ашады және жаңа бір қырын іздеп табады. Сондай-ақ мәтіндегі мәселелермен бетпе-бет келіп, инновациялық шешу жолдарын бірлесіп ұсынады.

Әңгіме құрастыру әдісі оқушылар үйренген жаңа сөздерді, ойды, мәтіндегі ақпаратты байланыстыра отырып, өз тәжірибелеріне негізделген жаңа бір әңгіме құрастыруына мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде жазылым дағдысын дамытуда сөйлем құрудың тетіктерін, ойдың логикалық түрде байланысуын, тілдерді үйретуде жаңа сөздерді қолдану тәжірибесін шыңдап, сөйлемнің грамматикалық және сөздердің орфографиялық сауаттылығын кеңейтуіне жағдай жасайды.

Эссе жазу көбіне бітіруші түлектердің академиялық жазу дағдыларын дамытатын шығармашылықтың құрамдас бөлігі. Ол эссе сұрағына оқушылардың өзіндік жауабын бағалауға, алған білімін тереңдей түсуге, ойды нақтылап келтіріп дәлелдеуге, сөйлемдерін логикалық жүйелеуге, сондай-ақ, өзін-өзі оқытуға ықпал ететін қалыптастырушы бағалау құралы ретінде қызмет етеді.

Оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытатын түрлі іс-шараларда *тайм менеджмент* техникасының алатын орны ерекше. Шығармашылық іс-әрекеттің белгілі бір кезеңдерін жоспарлай отырып, оны кезең-кезеңімен жүйелі түрде орындау мүмкіндігіне ие болады. Оқушыларға уақытты тиімді басқару әдістерін үйрету мен сабақтың кезеңдерінде үнемі пайдалану арқылы өзін-өзі реттеуге дағдыландырып, бірқатар психологиялық әл-ауқатын жақсартуға болады. Мәселен, уақытты дұрыс жоспарлау және басқару арқылы оқушылар тапсырманы уақытында орындап, оқу жүктемесін тиімді реттей алады, бұл өз кезегінде стрестің деңгейін төмендетеді.

Сонымен қатар, тайм менеджмент арқылы оқушылар өздерін тәртіпке шақырып, мақсаттарына жеткен сайын өзін –өзі бағалауы, құрметі артады. Сондай-ақ, оқушылардың өнімділігі жоғарылайды, өздеріне оқумен қатар демалыс, спорт және хоббимен айналысуға мүмкіндігі болады, бұл жалпы олардың өмір сапасын жақсартуына септігін тигізеді. Нәтижесінде уақыт жетегінде емес, уақытты басқара алу қабілетіне ие болған оқушы жауапкершілікті қорықпай ала алады, себебі олар өз уақыттарын қалай жоспарлау керектігін біледі. Сондықтан мұғалімнің сабақты жоспарлауда баланың жас ерекшелігіне сай бөлінген сабақ кезеңдерін тиімді ұйымдастырып, тапсырма көлеміне орай уақытты дұрыс ажыратуы керек. Бұл өз кезегінде баланың кең ауқымды білім алуы мен алған білімін өмірлік тәжірибеде еркін қолдануына жағдай жасайды.

Белгілі бір уақыт аясында оқушылардың атқарған іс-әрекеттеріне кері байланыс беру уақытын да дұрыс шамалау қажет және әр баланың өзіне кері байланыс беруіне мүмкіндік беріп, оның сезімдері мен ұсыныстары келесі сабақ жоспарын құруда ескерілуі керек. Себебі, кері байланысқа бөлінген тиімді уақыт оқушылардың шығармашылық жұмыстары туралы ойлануына, келтірген идеяларын нақтылауына, жобаларды қайта қарауына және әртүрлі тәсілдерді зерттеуіне мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде оларға алған ақпарат аясында тереңірек түсініктер қалыптастырып, инновациялық нәтижелерге жетелейді.

Шығармашылық күнделік – элективті курс немесе пәндер аясында жаңа өнім немесе ой ұсынуға бағыттайтын «кіріспе, үдеріс, прогрес» рефлексиясы кестесі мен оқушылардың әр тарауда туындаған жаңа идеяны/затты/ рәсімдеу кестесін толтыруға арналған. Бұл кестелерді толтыра отырып, оқушылар шығармашылық іс-әрекеттерін жүйелі түрде ұйымдастырып, жаңашыл көзқараспен жаңа өнімді ойлап тауып, өзгелерге ұсына алады.

Портфолио - оқушының шығармашылық әлеуетін дамытуға бағытталған іс-әрекеттерді жүйелі түрде құжаттауға, бақылауға және бағалауға жағдай жасайтын тиімді құрал. Ол оқушының модель ретінде өзін-өзі тануға, өз

жетістіктерін өздігінен бағалауына мүмкіндік беретін шығармашылық әлеуетін дамытудың мотивациялық, танымдық және іс-әрекеттік компоненттерінің артуына мүмкіндік береді. Себебі, портфолио – оқушының жеке жетістіктерін, шығармашылық – жобалық жұмыстарын, рефлексияларын жинақтақтап, оның дербес дамуы мен шығармашылық әлеуеті мен қабілеттерінің өсу динамикасын айқындайды.

Оқушыларды шығармашылық іс-әрекеттерге жұмылдыруда олардың танымдық белсенділігін арттыруға, өзіндік идеялар ұсынып оларды жүзеге асыру қабілеттерін шындауда *психологиялық- педагогикалық, педагогикалық-ұйымдастырушылық және дидактикалық шарттар* таңдалды.

Нәтижелі блок. Оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту- олардың бірнеше қырын үйлесімді ұдайы дамуды көздейтін күрделі механизм. Сондықтан біздің зерттеуімізде шығармашылық әлеуетті терең әрі жан-жақты талдайтын және бір-бірімен өзара тығыз үйлесетін *мотивациялық, танымдық-мазмұндық және іс-әрекеттік компоненттер* моделінің тиімді жүзеге асыру тетіктерін қарастырады.

Мотивациялық компонент оқушылардың ішкі түрткілер мен қызығушылықтары арқылы олардың мақсатқа жетудегі табандылығы мен тұрақты қызығушылығын қамтамасыз ететін импульс.

Танымдық-мазмұндық компонент оқушының оқу мазмұны бойынша жинаған білімін, логикалық ойлау қабілетін, шығармашылық идеяларды тудыруда теориялық білім мен когнитивтік қабілеттер жиынтығын сипаттайды.

Іс-әрекеттік компонент шығармашылық қабілеттердің тәжірибеде іске асуын, яғни, теориялық білімді нақты істе қолдана алу мүмкіндігін көрсетеді, сондай-ақ, шығармашылық іс-әрекетте дербес орындау деңгейін анықтауға жағдай жасайды. Біздің зерттеуімізде аталған компоненттерді құрылымдық негізге алу арқылы шығармашылық әлеуетті жүйелі, өлшенетін әрі қадағалынатын бағытта дамыту жоспарланды. Осылайша, шығармашылық интуициялық қабілет ретінде ғана емес, жүйелі түрде дамитын тұлғалық мазмұнға ие құрылым ретінде қарастырылады.

Әр компоненттің мазмұнын ашуға, оқушы бойындағы шығармашылық әлеует қай деңгейде қалыптасқанын нақты анықтау үшін көрсеткіштерді айқындап алуымыз қажет болды. 9-кестеде көрсеткіштер негізінде оқушылардың шығармашылық әлеуетін сандық және сапалық тұрғыда бағасын беру үшін өлшемдер келтірілді.

Кесте 9 – Зияткерлік мектептердегі оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың компоненттері, өлшемдері және көрсеткіштері

Компоненттер	Өлшемдер	Көрсеткіштер
1	2	3
Мотивациялық	Шығармашылық іс-әрекеттерге деген қызығушылықтар мен қажеттіліктер.	- шығармашылыққа деген ішкі мотивациясы; - шығармашылық танымдық қызығушылығы; - тұрақты шығармашылық белсенділігі; - шығармашылық нәтижеге ұмтылысы.

1	2	3
Танымдық-мазмұндық	Шығармашылық ой-өрісінің тереңдігі және шығармашылық әрекеттер жайлы жан-жақты білімінің болуы.	- шығармашылық әрекет туралы білімі; - өзін шығармашылық іс-әрекеттің субъектісі ретінде тануы; - нәтижені талдау тәсілдерін білуі; - әртүрлі шешім жолдарын ұсынуы.
Іс-әрекеттік	Шығармашылық іс-әрекеттерді жүзеге асыра білу дағдылары.	- шығармашылық іс-әрекеттерді жүзеге асыру дағдысы; - жаңа тың идеялар тудыруы; - нәтижеге жетуде инновациялық әдістерді қолдану шеберлігі; - нәтижені талдау құзыреттілігі.

Жоғарыдағы кестеде әр компоненттің өлшемдерінің *жоғары, орта, төмен* деңгейлерін айқындап, оған төмендегідей сипаттама бердік:

Мотивациялық компоненті бойынша:

Жоғары деңгей: шығармашылық іс-әрекетте тұрақты әрі терең қызығушылығы бар, тапсырмаларды ынтамен орындайды. Шығармашылық іс-әрекетке өз бетінше көшіп, жаңа идеяларды белсенді жүзеге асыруға қажеттілікті тұрақты сезінеді. Нәтижеге жетуде жоғары табандылықты көрсетеді. Нәтижені жақсарту үшін үнемі ізденісте болады.

Орта деңгей: қызығушылық бар, бірақ тұрақсыз. Шығармашылық тапсырмаларға кейде селқос қарайды. Қажеттілікті сезінеді, бірақ қолдауды қажет етеді. Өзіндік әрекеттерді орындауда сенімсіздік танытады. Нәтижеге жетуге ұмтылады, бірақ, табандылық кейде жетіңкіремейді. Жақсарту әрекеттері жеткіліксіз деңгейде.

Төменгі деңгей: шығармашылық іс-әрекеттерге мүлдем қызығушылығы жоқ немесе өте төмен. Тапсырмаларды немқұрайлы орындайды. Шығармашылық іс-әрекеттерге өз бетінше көшудің қажеті жоқ деп санайды. Үнемі сыртқы қолдауды қажет етеді. Нәтижеге жетуде мотивациясы өте төмен. Шығармашылық нәтижені жақсарту ниетін танытпайды.

Танымдық-мазмұндық компоненті бойынша:

Жоғары деңгей: Оқушы ұғымдарды толық түсінеді, оларды кеңейтілген және күрделі контекстерде пайдаланады. Жаңа ақпаратты ешкімнің көмегінсіз түсінеді және саралайды. Шығармашылық процестер мен тәсілдерді терең түсінеді және күрделі жағдайларда тиімді қолдана алады. Өзін шығармашыл субъект ретінде таниды, идеяларды еркін ұсынады және жүзеге асыруда белсенділік танытады. Күрделі шығармашылық тапсырмаларды орындауда шығармашылық және инновациялық тәсілдерді қолданады. Нәтижені жан-жақты және жүйелі түрде талдайды, қателіктер мен кемшіліктерді анықтап, оларды түзету жолдарын ұсынады.

Орта деңгей: Оқушы негізгі ұғымдарды түсінеді және оларды шектеулі түрде қолданады. Жаңа ақпаратты қабылдау кезінде аздап көмекті қажет етеді. Шығармашылық әлеует туралы білімге ие, шығармашылық іс-әрекеттерді

жеңіл орындай алады. Шығармашылық іс-әрекеттерге қатысуға қызығады, бірақ кейде белсенділік таныта қоймайды. Танымдық тапсырмаларды шешуде дәстүрлі тәсілдерді қолданады, бірақ жаңа шешімдерді сирек ұсынады. Нәтижені талдауда басты мәселелерге көңіл бөледі, бірақ тереңдетілген талдауды жиі жасамайды.

Төменгі деңгей: Оқушы қарапайым ұғымдарды түсінеді, бірақ оларды нақты жағдайларда қолдануда қиындыққа тап болады. Жаңа мәліметті түсіну кезінде өзіне сенімсіз. Шығармашылық туралы негізгі түсінік бар, алайда іс жүзінде пайдаланбайды. Өзін шығармашылық әрекетке қатысушы ретінде көрмейді, өзіне сенімсіз. Танымдық тапсырмаларды шешуде қиналады, тек қарапайым мәселелерді шеше алады. Нәтижені талдау барысында қарапайым қателерді анықтай алады, бірақ олардың себебін түсіндіре алмайды.

Іс-әрекеттік компоненті бойынша:

Жоғары деңгей: Шығармашылық тапсырмаларға белсене қатысады. Жаңа шешімдерді ұсынуда тұрақты ынта-жігерлі, жаңа, ерекше идеяларды жиі ұсынады, әрі идеяларыларының практикалық мәні жоғары. Шешімдерді табуда дәстүрлі емес креативті әдістерді шебер ұсынады. Иновацияға ашық, әрі бейім. Нәтижелерді жан-жақты талдап, маңызды қорытындылар жасай алады. Талдауда әртүрлі әдістерді тиімді пайдаланады.

Орта деңгей: Шығармашылық іс-әрекеттерде белсенділігі бірқалыпты, кейде ынтасы төмендейді. Идеялары бар, бірақ жаңашылдығы немесе ерекшелігі орташа. Дәстүрлі емес әдістерді сирек қолданады, иновацияға ашық, алайда толық дайын емес. Нәтижені талдай алады, бірақ жан-жақты, жүйелі емес.

Төменгі деңгей: Шығармашылық іс-әрекеттерде енжарлық танытады. Белсенділік пен ынта мүлдем байқалмайды. Жаңа идеяларды ұсынуда қиналады, идеялары қайталама немесе арнайы үлгілермен келтіреді. Нәтижені талдауда және қорытынды жасауда қиындыққа жиі кезігеді.

Біздің зерттеуімізде оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың әр компонентін «жоғары-3, орта-2 және төмен-1» ұпай санымен өлшеп, деңгейін анықтадық. Оқушылардың шығармашылық әлеуеті деңгейін осы үш компоненті арқылы анықтағанда әр компоненттің даму деңгейлерінің сипаттамасына орай берілген өлшеммен үйлесімділігі анықталады. Мәселен, оқушы шығармашылық әлеует пен шығармашылық іс-әрекет туралы білімді меңгеріп өзін шығармашылық іс-әрекеттің субъектісі ретінде толық тани алса, танымдық-мазмұндық компоненті бойынша ең жоғарғы үштік баллға ие болады. Егер, оқушы шығармашылық іс-әрекетте қызығушылықты мүлдем танытпаса (мотивациялық компонент) төменгі 1баллмен, шығармашылық іс-әрекетке (іс-әрекеттік компоненті) селқос қараса (ол да төмен-1ұпай), оқушының жалпы 3 компонентінің орташа деңгейі мынадай арифметикалық тәсілмен есептеле нақтыланады:

Жалпы ортақ баллды = танымдық-мазмұндық компонент (3)+ мотивациялық компонент (1)+ іс-әрекеттік компонент (1)/3 ке бөліп, оқушының

шығармашылық әлеуеті 2.5 баллдық орта деңгейде екендігін аңғарамыз. Оны мынадай шкаламен белгілейміз:


2.6-3.0- жоғары шығармашылық әлеует деңгейі

1.6-2.5- орта шығармашылық әлеует деңгейі

1.0-1.5- төменгі шығармашылық әлеует деңгейі.

Кестеде бейнеленген компоненттердің бірлескен қызметі біз зерттеп отырған кешенді сапаның қаншалықты бар екендігін, мөлшерін және деңгейін көрсетеді. Осы кестенің негізінде аса сақтықпен оқушының шығармашылық әлеуетінің шартты түрдегі төменгі, орта және жоғарғы деңгейлерін анықтауға мүмкіндік алдық. Бұл деңгейлер зерттеп отырған зияткерлік мектептердегі оқушылардың зерттеу мәселесіне қатысты деңгейлерін диагностикалауға септігін тигізеді. Төменде анықталған *3 компонентке ортақ деңгейлердің сипаттамаларын* ұсынамыз:

Жоғары деңгей: бұл топқа жататын оқушылардың шығармашылық әлеует жайлы білімдері толыққанды қалыптасқан, шығармашылыққа деген қызығушылығы тұрақты, олар шығармашылықты өмірдің мәні деп санайды, шығармашылық ұғымы жайлы білімі жеткілікті, түсінігі терең. Кез келген мәселені шешуде ешбір үлгіге сүйенбестен, ешкімді қайталамайтын әдеттен тыс жолдарды таңдайды, сондықтан мұндай оқушылардың нәтижесіне қайталанбастық сипат орын алады. Олар сабақ барысында өз бетінше инновациялық, зерттеу жобаларын жобалап қана қоймай, жоғары деңгейде ұйымдастырып, өткізе алады, импровизацияға етене жақын келеді, өздерінің авторлық жобаларын жасауға ниетті, алуан түрлі сайыстарға қатысуға деген ынталары жоғары болады. Зияткерлік мектептерде оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделінің графикалық бейнесін 12-суретте ұсынып отырмыз.



Сурет 14 - Зияткерлік мектептерде оқушының шығармашылық әлеуетін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі

Орта деңгей: бұл топқа жататын оқушылардың шығармашылыққа қатысты түсініктері, білімдері, жалпы қызығушылықтары бар, шығармашыл тұлға

болып қалыптасудың қажеттілігін сезінеді, алайда мұндай оқушыларда қосымша ынталандыруға деген қажеттілік бар. Жалпы, бұл топқа жататын оқушылардың бойында өз күшіне деген сенімі және шығармашылыққа деген қажетсіну бар. Сондықтан да, олар бастаған жұмыстарында жоғары нәтижеге қол жеткізу үшін басқаға арқа сүйемей, қосымша мәліметтер іздеп, оларды талдап, сараптай алады. Бастысы, жаңашыл идеялар мен әдістерге ашық, дегенмен оларды жүзеге асыруда немесе қолдануда белгілі бір тұрақтылық қалыптаспаған, өз әрекетіне баға беруге қабілетті, ортамен қарым-қатынасқа түсуде үлкен қиындықтарға ұшырамайды.

Төменгі деңгей: бұл деңгейдегі оқушылардың шығармашылық жайлы түсініктері өте таяз және білімдері өте аз. Мұндай оқушылар өз мүмкіндіктеріне күмәнмен қарағандықтан, кез-келген тапсырманы орындауда тек дайын үлгілермен жұмыс жасауға машықтанған. Оған қоса, шығармашылық сипаттағы тапсырмаларды тек ересектердің немесе құрдастарының көмегіне жүгіну арқылы ғана орындайды. Бұл деңгейдегі оқушылар импровизация жасауға епсіз келеді, және білімін көтеруге тек мұғалім жауапты деп түсінеді де, өз бетінше ізденуге, білім алуға құштарлығы аз болады. Бұл топ өз әрекетіне баға беруге дағдыланбаған, сондықтан өз қызметінің нәтижелерін саралауды сирек жүргізеді немесе мүлде жүргізбейді. Мұндай оқушылар өз күшіне сенімсіздік танытатын болғандықтан, қандай да бір жаңалықтан жасқанып, өзгелермен қарым-қатынаста оқшаулықты ұнатады.

Зияткерлік мектептерде оқушының шығармашылық әлеуетін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделіне сәйкес жасалған оқушының шығармашылық әлеуетін дамытуға бағытталған оқыту және тәрбие беру үрдісі келесі міндеттерді шешуі тиіс деп есептейміз:

- оқу үдерісінде оқушылардың шығармашылық әлеуетін ашуға және одан әрі дамытуға ықпал ету;
- оқушылардың шығармашылық теориясы жайлы түсініктерін кеңейтуге жағдай жасау;
- айналаны қоршаған әлемге шығармашылықпен қарап, онымен дұрыс қарым - қатынас орнатуға бағыт беру;
- оқушылардың өз беттерінше шығармашылық әлеуетін ашып, іске қосудың жолдарын үйренулеріне ықпал ету;
- шығармашылық технологиялардың ұғымын түсінуге және оны меңгеріп, қолдануға мүмкіндік туғызу;
- шығармашылық әрекетпен айналысуға кедергі жасайтын факторларды анықтау және олармен күресе білу дағдыларын меңгерту;
- оқушыларға шығармашылық әлеуетін дербес түрде дамытудың ұстанымдарын терең меңгеруге көмектесу. Олардың қатарына мақсаттылық, жүйелілік, жан-жақтылық, шапшаңдық және педагог кіреді.
- оқушыларға шығармашылық әлеуетті дамытудың басқа да психологиялық- педагогикалық құралдары мен техникаларын меңгеруге жағдай жасау.

Оқушылардың оқу мен оқыту үдерісінде өз әрекетін шығармашылық деңгейде атқара алуы және соған сәйкес өз әрекетін болжай алуы - оның өз әрекетінің мәнін сезінуіне, өзінің даму траекториясын жасай алуына және өз білімін көтерудің мазмұнын тиімді етіп құра білуі мен оның формаларын таңдай білуіне тікелей байланысты.

Оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытуда мұғалімдердің өз кәсіби қызметтерін шығармашылықпен атқаруының және оқыту үдерісіндегі әдістемелік жұмыстарды жаңа бағытта ұйымдастыра білуінің маңызы орасан зор. Себебі ұстаздың көмегінсіз оқушының өз бетінше әрекет ету дағдысын қалыптастыру оңай болмайтыны сөзсіз. Осы тұста ұстаз шәкіртіне бағыт-бағдар беру барысында дәстүрлі білім беру үдерісіндегі дайын үлгілер мен дайын жауаптарды беруден аулақ болғаны жөн.

Оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытуға бағытталғын оқу және оқыту үдерісі көпжылдық тәжірибеде қалыптасқанын айта кеткеніміз жөн. Оқыту барысында басты назар оқушыға емес, мұғалімге жасалатын дәстүрлі оқыту әдістемесінен бас тарта отырып, білім алу жүйесінде жаңашыл технологиялар мен белсенді оқыту әдістерін пайдалану үлгісінде жобаланғаны жөн. Оқыту үрдісі оқушылардың өз күштері мен мүмкіндіктерін және тәжірибесін бағалауға бағытталған рефлексивті-кері байланыс жағдайында жүргізілсе, оқу мазмұнындағы барлық құрылымдық сипаттарға жаңашылдық тұрғыдан өзгерістер енгізілсе, онда оқушының шығармашылық әлеуеті дұрыс дамиды деп есептеп, оны тәжірибелі-эксперимент барысында дәлелдеуге талпынамыз.

Оқушының өз бетінше әрекет етіп, өз әлеуетін дамытуға ат салысуы үшін оның бойындағы танымдық қабілеттері мен қызығушылықтары басым болуы тиіс. Тек сонда ғана оқушы ішкі мотивтері мен қызығушылықтарын қанағаттандыру жолында әрекет ете бастайды. Бұл белгілі бір мәселелерді шешуде оқушының өз шығармашылық қабілетінің, интеллектуалдық қорының, жалпы шығармашылық әлеуетінің жеткіліксіз екендігін сезінуінен туындайтын мотивтер. Бұл жерде оқушының дербес әрекет етіп, өз бетінше білімін жетілдіруі – таңдаған пәніне қарай білім алу мерзімі мен уақытын өзі таңдауына да байланысты. Танымдық қызығушылықтары мен қажеттіліктерін өз бетінше белгілей отырып, оқушының өз бастамасымен, өз еркімен білім алуы оның шығармашылық әлеуетін дамыта түседі деген пікірімізді білдіреміз.

Демек, шығармашылық әлеуетті дамыту үдерісі - үздіксіздік, жүйелілік, белсенділік, жаңашылдық, даралық секілді сапалардан құралатын тұтас бір жүйе. Білім беру жүйесінде оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту мына төмендегілерді қамтиды:

- шығармашылық әлеуетті дамытуға бағытталған білім беру моделі қоғамның қажеттіліктеріне қатысты туындаған, оқушының шығармашылық сұраныстарына сай құрылады;

- білімнің тиімділігі оқушының шығармашылық әлеуетін дамытуда теория мен тәжірибенің өзара ықпалдастығы және оқушының өз білімін көтеруімен қамтамасыз етіледі.

Сонымен, зияткерлік мектеп оқушыларының шығармашылық әлеуетін дамытудың моделіне негізделген бұл тараудағы ойларымызды төмендегіше қорытындыладық:

1. Қазіргі жаңа қоғам мен жаңа саяси - экономикалық және әлеуметтік жағдайлар, өзгерістер өмірдің қай саласында болмасын шығармашылықты талап етіп отырғаны белгілі. Осыған орай оқушының шығармашылық әлеуетін дамыту мәселесінің өзектілігі мемлекеттің жалпы білім беру саласындағы заңдық күші барлық нормативті құжаттарының мазмұнында қарастырылған. Осының нәтижесінде жалпы білім беру мекемелеріндегі білім сапасын арттыра отырып, әр оқушының даралығын дамытуға, шығармашылық әлеуетін арттыруға бағытталған білім беру саласын реформалау жоғары маңызға ие болып отыр;

2. Шығармашылық әлеует құрылымдар мен қағидаларды қамтитын біртұтас жүйе: танымдық қабілеттердің дамуы, әрекеттің технологиялылығы, шапшаңдық, икемділік, белсенділік, ашықтық, рефлексивтілік және тағы басқа ұстанымдар;

3. Оқыту мен білім беру үдерісінде оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың тұжырымдамасы өзара байланысқан төмендегі келесі ережелерді қамтиды:

- оқушының жасырын күштері мен ішкі мүмкіндіктерін белсендіру идеясына әрекет жасауы;

- оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытуға бағытталған оқу мен оқыту ортасында олардың өзін-өзі дамыту үшін ішкі қорлары мен бар мүмкіндіктерін жұмылдыруы;

- оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың шарттарына білім мазмұнын технологиялық жағынан қамтамасыз ету және оқыту үдерісіндегі рефлексивті-кері байланыс жүргізу жұмыстарына инновациялық тұрғыда өзгерістер енгізу жатқызылады.

4. Зерттеудің негізгі тұжырымдамалық ережелерін басшылыққа ала отырып жасалған оқушының шығармашылық әлеуетінің танымдық-мазмұндық, іс-әрекеттік, мотивациялық 3 компоненттен құралған құрылымдық-мазмұндық моделі зерттелініп отырған сапаны дамытуға бағытталған білім беру үдерісінің компоненттері зерттеу алдына қойған міндеттерді шешудің негізі болып табылады және нәтижесінде зияткерлік мектептерде шығармашылық әлеуеті дамыған оқушы қалыптасады;

5. Оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытуға бағытталған орта білім беру жүйесінің моделі шәкірттерді бастаманың, мақсаттылықтың, нақты әрекеттің қатысушысы ретінде қабылдай отырып, оларға шығармашылық әлеуеттерін дамытудың тетіктерін меңгертуді нәтижелі етеді;

6. Оқытудың формалары мен түрлеріне қажетті тиімді әдіс-тәсілдері баланың ерекшелігіне және типтеріне сай дұрыс таңдалып, мұғалімдердің оқу үрдісін тиімді әрі жүйелі орындау әлеуетінің жоғары болуы да аса маңызды.

3 ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕПТЕРДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ӘЛЕУЕТІН ДАМУДЫҢ ТӘЖІРИБЕЛІК-ЭКСПЕРИМЕНТТІК ЖҰМЫСТАРЫ

3.1 Зияткерлік мектептерде оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың диагностикасы

Шығармашылық әлеуеттің дамуын зерттеуде оқушылардың шығармашылық мүмкіндіктері мен ақыл-ой дамуын анықтау маңызды. Сондықтан, зерттеу жұмысымыздың басында қойылған ғылыми болжамды тексеру үшін зияткерлік мектептерде оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытуды педагогикалық эксперимент арқылы сынақтан өткізудің диагностикалық кезеңін ұйымдастыру қажеттігі туындайды.

Мектепте диагностикалық жұмыстарды ұйымдастыру – бұл эксперимент жұмыстарына қатысатын әр оқушының білім деңгейін, психологиялық ерекшеліктерін, шығармашылық қабілеттерін, әлеуетін, қажеттіліктерін түсіну, оқу мен тәрбиені бейімдеу, нәтижелерді оңтайландыру және бақылаулар мен сынақтардан бастап тиімді әдістерді қолдана отырып, зерттеудің кешенді үдерісі.

Осы орайда зияткерлік мектептерде оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту бойынша олардың қабілеттерін, қызығушылықтарын, жеке ерекшеліктерін, даму деңгейін және эмоционалды жағдайын анықтау бастапқы кезеңде жүргізіледі. Диагностиканың мақсаты – оқушылардың шығармашылық әлеуетінің бастапқы деңгейін анықтау.

Зияткерлік мектептерде оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытуда тәжірибелік-эксперименттік база ретінде Шымкент Назарбаев Зияткерлік мектептерінде өткізілді. Сауалнама жүргізу үшін зияткерлік мектептің басшылығынан рұқсат, оқушылардың ата-аналарынан және оқушылардың өздерінен келісім алынды (Қосымша А). Зияткерлік мектептердегі оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың бастапқы деңгейін анықтау экспериментін жүргізу үшін мектеп оқушыларынан сауалнама алынды. Сауалнамаға барлығы – 241 оқушы қатысты. Соның ішінде эксперименттік топқа (ЭТ)-128 оқушы, бақылау тобына (БТ)- 113 оқушы қатысты.

Оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың бастапқы деңгейін анықтау үшін бірнеше әдістемелерді қолдану негізге алынды (төмендегі кесте 8-де көрсетілген). *Алғашқы әдістеме* зияткерлік мектептерде оқушылардың шығармашылық әлеуеті туралы теориялық білімі мен сол мектептерде оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту мақсатында ұйымдастырылатын оқыту үрдісіне және өзге де іс-әрекеттердің сапасы туралы қатысушылардың көзқарасын білу мақсатында 11 сұрақтан тұратын сауалнама болды (Қосымша Ә). *Екінші әдістеме* оқушылардың жалпы «шығармашылық» жайлы, содан соң «шығармашылық әлеует» жайлы білімдерін, танымдық түсініктерін, шығармашылық іс-әрекетке көзқарасын аңғаруға бағытталды. Бұл ретте Паул Торренстің «Шығармашылық ойлау тестін» зияткерлік мектептердегі оқушылардың ерекшелігіне бейімдеп жасалды [205,с. 170]. Бұл

тест арқылы зияткерлік мектептердің оқушылары шығармашылық әлеует ұғымын қалай түсінетіндігін, оның теориясын қаншалықты меңгергендіктерін, бұл ұғымды қалай қабылдайтындығын, бұл салада қаншалықты танымдық білімге ие екендігін анықтауға болады (қосымша Б).

Өз кезегінде, *үшінші әдістеме* шығармашылық әлеуетті тереңінен зерттеген батыстық ғалымдар Кайциер, Мэйер және Олкиннің «Шығармашылық әлеует деңгейін анықтау тесті», бұл әдістеме осы саланы жан-жақты зерттеген жоғарыда аталып өткен ғалымдардың есімдерінің алғашқы әріптерінен құралып, батыстық әдебиеттерде «КМО *тесті*» атауымен кеңінен танымал [211,р. 2]. Бұл әдістеменің артықшылығы тест сұрақтары арқылы оқушылардың әрекетінде олардың шығармашылық әлеуеті қаншалықты көрініс табатынын анықтауға қабілетті болды. Ал, бұл зерттеуге қатысты зияткерлік мектептерде оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың бастапқы деңгейін анықтауға мүмкіндік берді (Қосымша В).

Біздің зерттеуімізде қолданылған *төртінші әдістеме* – А. Тэйлор тарапынан ұсынылған - «Күнделікті қарым-қатынастағы шығармашылық әлеуетті анықтау әдістемесі» [206,р. 122] Бұл әдістеменің ерекшелігі – оқушылардың тек сыныпта емес, өздерінің күнделікті өмірлерінде немесе күнделікті мектеп өмірінде қандай шығармашылық әрекеттерге етене жақын екендігін анықтау арқылы өздерінің шығармашылық әлеуеттерінің даму деңгейін білуге мүмкіндік алуы (қосымша F).

Сонымен қатар, оқушылардың шығармашылық қаншалықты бағалайтындықтарын анықтау мақсатында қолданылған *бесінші әдістеме* – оқушының өз шығармашылық әлеуетінің деңгейіне өздігінен баға беруіне бағытталған «Барлетт тесті» болды [205,р. 102]. Бұл әдістеме арқылы әрбір оқушы өз бойында белең алып жатқан шығармашылық тұрғыдағы өзгерістерді байқауға және оны оң немесе теріс өзгеріс ретінде бағалауға мүмкіндік алды (қосымша Г).

Жоғарыда аталған әдістемелердің негізгі мақсатын төмендегі 8-кестеде бердік.

Кесте 10 - Оқушылардың шығармашылық әлеуетінің деңгейін анықтауға арналған әдістемелер

Әдістемелер	Әдістеме мақсаты
1	2
Оқушылардың зияткерлік мектептерде шығармашылық әлеуетінің даму деңгейін анықтау сауалнамасы	Мақсаты: Зияткерлік мектептерде оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытатын іс-әрекеттердің жалпы көрінісі мен оларға оқушылардың өзіндік көзқарасын анықтау (ОШӘД-дың үш компонентін құрайды).
Оқушылардың шығармашылық әлеует жайлы білімдерін анықтау бойынша «Паул Торренстің шығармашылық ойлау» тесті	Мақсаты: Оқушылардың шығармашылық әлеует жайлы теориялық білімдері мен танымдық қабылдауларын анықтау. (Танымдық-мазмұндық компоненті бойынша)

10 – кестенің жалғасы

1	2
Кайциер, Мэйер және Олкиннің «шығармашылық әлеует деңгейін анықтау тесті» - КМО тесті	Мақсаты: Тест сұрақтары арқылы оқушылардың іс-әрекетінде олардың шығармашылық әлеуеті қаншалықты көрініс табатынын анықтау. (Іс-әрекет компоненті бойынша)
«Барлетт тесті»	Мақсаты: Оқушылардың шығармашылық тұрғыдағы құндылық бағдарларын, көзқарастарын, іс-әрекеттік қабілеттерін зерттеу. (Іс-әрекет компоненті бойынша)
А. Тэйлор тарапынан ұсынылған «Күнделікті қарым-қатынастағы шығармашылық әлеуетті анықтау әдістемесі»	Мақсаты: Күнделікті жағдайлардағы оқушының шығармашылық әрекеттерінде мотивацияны анықтау. (Мотивациялық компоненті бойынша)

Зияткерлік мектептердегі 8 - сынып оқушыларының шығармашылық әлеуетінің танымдық-мазмұндық, іс-әрекеттік және мотивациялық дамыту компоненттері мен аталмыш мектептерде оқушылардың шығармашылық әлеуетінің даму деңгейін анықтау мақсатында сауалнама жүргіздік. Ол «шығармашылық дегенді қалай түсінесіз?», «шығармашылық әлеуеттің сипаттарын атай аласыз ба?», «сіз қай бағыттағы шығармашылықпен айналысқыңыз келеді?», «сізді шығармашылықпен айналысуыңызға не ынталандырады?», «шығармашылықтың қандай түрлерімен таныссыз?», «сіз қазіргі таңда қандай үйірмелерге қатысасыз?», «қандай пәндерді сіз терең мән беріп қызыға оқисыз, неліктен?», «мектебіңізде шығармашылықты дамытатын қандай үйірмелер бар?», «сіз сол үйірмелерге қатысасыз ба? Егер қатысатын/қатыспайтын болсаңыз, неліктен қатысасыз/қатыспайсыз?», «белгілі бір тапсырманы ерекше етіп орындау үшін адам қандай қабілетке ие болуы керек?», «топтық жұмыста сіз көбінесе қандай рөлді атқарасыз?» деген сұрақтарды қамтыды. Біз зияткерлік мектептерде оқушылардың шығармашылық әлеуеті дамыған тұлға бойында кездесетін сапаларды анықтауы, шығармашылық іс-әрекеттерді орындауда қабілеттері және аталмыш мектептерде оқушының шығармашылық әлеуетін дамытуға бағытталған іс-әрекеттердің орындалу сапасын төмендегі 9- кестеде оқушылардың берген жауаптары арқылы анықтайтын боламыз.

Кесте 11 – Анықтау эксперименті бойынша оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың танымдық-мазмұндық, іс-әрекеттік және мотивациялық компоненттерінің бастапқы деңгейін анықтайтын сауалнама нәтижелері

Сұрақтар тізбегі	Оқушылардың жауабы	ЭТ	БТ
1	2	3	4
«Шығармашылық» дегенді қалай түсінесіз?	а) Дайын үлгіге қарап, бір затты жасап шығару ә) Ешкімдікіне ұқсамайтын жаңа нәрсе табу б) Кітаптағы ақпаратты есте сақтау. в) Тапсырмаларды жылдам және ұқыпты орындау. г) ойлап тапқан идеясы мен жаңа нәрсе өзгенікіне ұқсаса да өзіне жаңа болуы мүмкін д) шығармашылық түсінігіне сіздің нұсқаңыз	9,2% 66,3% - - 24,5% -	9,4% 80% - - 10,6% -
Шығармашылық әлеуеттің сипаттарын атай аласыз ба?	а) бір іс-әрекетке дағдыланған, қабілетті. ә) алға қойған мақсаты айқын. б) бір іс-әрекетті істеуге мүмкіндіктері мен идеялары көп в) Сабағын жақсы оқиды, оқуда озат. г) «шығармашылық әлеуеттің» сипаттарына сіздің нұсқаңыз	17% 15% 64,8% 3,3% -	21,2% 14% 56,5% 8,3%
Сіз қай бағыттағы шығармашылықпен айналысқыңыз келеді?	а) Сурет салу ә) Жазу (әңгімелер, өлеңдер, т.б.) б) Музыкалық аспапта ойнау в) Қолөнер (DIY жобалары, тоқу және т.б.) г) Сандық мазмұнды жасау (бейне өңдеу, графикалық дизайн және т.б.) ғ) Орындау өнері (би, актерлік және т.б.) д) Күрделі басқатырғыштар мен мәселелерді шешу (пазлдар, ойындар, робот құрастыру және т.б.) е) Жаңа тілдерді үйрену ж) Командалық спортпен айналысу немесе топтық іс-шараларды ұйымдастыру.	3,8% 7% 4,1% 3,8% 8,3% 21,6% 17% 26,1%	6,5% 2,7% 9% 5,3% 2,3% 8,2% 19% 28%
Сізді шығармашылықпен айналысуыңызға не ынталандырады?	а) Тақырыпқа қызыққан жағдайда ғана менің шығармашылықпен айналысуға құштарым артады. ә) Мұғалімдер мен сыныптастарымның менің шығармашылық іс-әрекетіме берген оң бағасы мені қанаттандырады. б) Маған тәуекелге бару және шығармашылық жұмысымда жаңа нәрселерді сынап көру ұнайды. в) Мен басқалардың шығармашылықпен айналысатынын көргенде, менің де шығармашылықпен айналысым келіп кетеді.	49% 17% 25,8% 8,2	52,4% 19,1% 21,4% 7,1%
Шығармашылықтың қандай түрлерімен таныссыз?	Сурет салу Қол өнер Музыка Әдебиет саласы Спорт Тіл үйрену	18,5% 10,8% 15,4% 7,7% 12,3% 9,2%	21% 6,2% 17,5% 4% 14,3% 10,6%


11 – кестенің жалғасы

1	2	3	4
	Би Актерлік шеберлік Құрастыру, модельдеу	6,2% 4,6% 15,4%	3% 8,1% 11,3%
Сіз қазіргі таңда қандай үйірмелерге қатысасыз?	Ешқандай Спорт Музыка Тіл үйрену Бағдарламалау Шахмат Робототехника Өнер Дебат Басқа	16% 24% 10,7% 24% 4% 5,3% 2,7% 4% 2,7% 4%	19,6% 21,4% 12,7% 19,6% 5,4% 6,3 4,2% 2,6% 3,8 4,4%
Қандай пәндерді сіз терең мән беріп қызыға оқисыз, неліктен?	Ешқайсысы Барлық пәндерге қызыға оқитындар Информатика пәніне қызығатындар Жаратылыстану	0,41% 1,25% 6,22% 24,9%	1,8% 3,4% 6,8% 31%
Неліктен қызыға оқитын себептері	Гуманитарлық ғылымдар Математика Өнер -Пән мұғалімдері сабақтарын тартымды етіп өткізетіндіктен -болашақ мамандығыма қажет болған соң -маған ыңғайлы орта болғандықтан және өзімді сол мұғаліммен емін- еркін сезінетіндіктен	39% 24,9% 3,3% 42,3% 31,1% 15,9%	37,5 18% 1,5% 44,7 28,6 26,7%
Мектебіңізде шығармашылықты дамытатын қандай үйірмелер бар?	Өте көп Спорт (футбол, баскетбол, волейбол, т.б.) Домбыра Өнер (би, сурет салу, вокал, саз өнері, т.б.) Тіл үйірмелері (ағылшын, француз, неміс, т.б.) Бағдарламалау/робототехника Шахмат ТЕДх Дебат Білмеймін/Жоқ Басқа (мысалы, бизнес, химия, авиа) Қолөнер	11% 12% 14,2% 18,1% 2% 6,3% 3,1% 5,5% 7% 3,9% 6,3% 5,5%	9% 10,4% 13,8% 22,1% 8% 5,7 2,4% 6,3% 8,2% 4,6% 7,1% 2,4%
Сіз сол үйірмелерге қатысасыз ба? Егер қатысатын/қатыспайтын болсаңыз неліктен қатысасыз/қатыспайсыз?	Қатыспаймын, себебі уақытымды сабақтарға бөлгенім дұрыс Қатысамын, себебі маған мектептегі үйірмелер ұнайды Жоқ, мектептегі үйірмелер ұнамайды, сырттағы үйірмелерге қатысамын Қатыспаймын,себебі мен ондай шығармашылық жұмыстарға қызықпаймын Қатысқанмын, бірақ маған кейін ұнамай кетті Өзімнің қабілеттерімді жақсарту үшін қатысамын	36% 29,1% 6,2% 3,3% 12,9% 12,5%	39,4% 25,8% 8,3% 2,8% 14,9% 9,18%

11 – кестенің жалғасы


1	2	3	4
Тапсырманы шығармашылықпен орындауға қажетті қабілеттіліктерді атаңыз	Шығармашылық/Креативтілік Қиял/Фантазия Тапқырлық/Икемділік Еңбекқорлық/Талпыныс Жан-жақтылық Жауапкершілік Сенімділік Төзімділік/Шыдамдылық Білмеймін/Жоқ Басқа	32% 15% 16,7% 9% 5,8% 2,5% 6,6% 3,5% 3,5% 5,4%	32% 14,1% 15,2% 6,7% 7,6% 3,4% 6,4% 3,5% 5,2% 5,9%
Топтық жұмыста сіз көбінесе қандай рөл атқарасыз?	а) Көшбасшы ә) Идея генераторы б) Орындаушы в) Бақылаушы г) Қолдаушы д) Сыншы	22% 38,5% 24% 4,1% 10,2% 1,2%	24,9% 35,7% 27,4% 3,8% 3,3% 4,9%

««Шығармашылық» дегенді қалай түсінесіз?» деген сұраққа оқушылардың үлкен пайыздық үлесі «ешкімге ұқсамайтын жаңа нәрсені табу» деп есептесе (ЭТ-66,3%, БТ- 80%), «ойлап тапқан идеясы мен жаңа нәрсе өзгенікіне ұқсаса да өзіне жаңа болуы мүмкін» деген дұрыс нұсқасын ЭТ оқушылары 24,5%-ын, БТ оқушылары-10,6%-ын көрсеткен. Ал, «дайын үлгіге қарап, бір затты жасап шығару» деп қате пікірде болған оқушыларының пайыздық ортақ көрсеткіші 9,3% (сурет 15).



Сурет 15 – Анықтау эксперименті бойынша оқушылардың «шығармашылық» ұғымы туралы түсініктерінің бастапқы нәтижелері

Алайда, «шығармашылық әлеуеттің сипаттарын атай аласың ба?» деген сұраққа оқушылар шығармашылық әлеуеттің сипаттарын ЭТ-да 64,8% -ы, БТ оқушыларының 56,5%- ы анықтай алған, сондай-ақ, «әлеует» ұғымын атай алған (сурет 16).



Сурет 16 - Анықтау эксперименті бойынша оқушылардың «шығармашылық әлеует» ұғымы туралы түсініктерінің бастапқы нәтижелері

Алайда сұрақта келтірілген нұсқалардан бөлек оқушыларға өз нұсқасын беру үшін бос орын қалдырылғанымен де, көпшілігі шығармашылыққа ие болған оқушылардың бойында кездесетін сапаларды ашып толықтырып жазбаған. Шығармашыл оқушы сапаларын оқушылардың көпшілігі «кең ауқымды идея табушы» және «үлгілі» оқушылар деп түсінген сияқты. Яғни, біз зерттеу жұмысымызда анықтаған сапалардың ішінде оқушылардың ешқайсысы «келешекте шешім шығаруға даярлығын шыңдаудың жолдарына ізденеді, әртүрлі ақпарат көздерімен тиімді жұмыс жасай алады, рефлексивті есеп беру мен уақытты үнемді пайдалана отырып өзін тиянақтылыққа және жүйелікке дағдыландырады, басымдықтарды қоя білуге және алған білімін шынайы өмірде жоспарлы түрде пайдалана алады» деген секілді сапаларды атамаған.

Келесі «Сіз қай бағыттағы шығармашылықпен айналысқыңыз келеді?» деген сұрақта оқушылардың басым бөлігі спорттық және топтық іс-шаралармен айналысып ұйымдастыруды, жаңа тілдерді меңгеруді және күрделі басқатырғыштар мен мәселелерді шешуді қалайтындығын көрсеткен (сурет 17).



Сурет 17 – Анықтау экспериментіндегі оқушылардың шығармашылықпен айналысу қызығушылығы бойынша нәтижелерінің диаграммасы

Біз бұл көрсеткіштің нәтижесінен оқушылардың көпшілігі шығармашылық іс-әрекеттерді топпен бірге орындауды қалайтындығын ұқтық. Яғни, біз сандық мәліметтен оқушылардың шығармашылық тапсырмаларды немесе жобаларды дербес орындау қабілеттерін шыңдау қажет деген тұжырымға келдік.


«Сізді шығармашылықпен айналысуыңызға не ынталандырады?» деген сұраққа ЭТ оқушыларының 50%-ға жуығы, БТ оқушыларының 52,40%-ы «тақырыпқа қызыққан жағдайда ғана менің шығармашылықпен айналысуға құштарым артады» деген жауапты таңдаған (сурет18).



Сурет 18 – Анықтау экспериментіндегі оқушылардың шығармашылық іс-әрекеттеріне түрткі болатын факторларды анықтау нәтижелері

Яғни, біз бұл көрсеткіштен оқушыларды шығармашылыққа талпындыратын түрткіні, балаға тақырыпты қызықты әрі тартымды ұйымдастыру қажет екендігін аңғардық. Өкінішке орай, тәуекелге бару, жасап көру, кері байланыс беруді біршама ғана оқушы таңдаған. Нәтижесінде біз оқушыларға шығармашылық іс-әрекеттерде сәтсіздіктер мен сынақтарға тап болғанда олардан қорықпауға, керісінше қателіктер мен сәтсіздіктерді үйрену мүмкіндігі ретінде қабылдауды үйрету керектігін ұқтық. Сонымен қатар, шығармашылық іс-әрекеттер қадам-қадаммен жасалатындығын, оқушының жұмысын жақсарту мен өзін дамытуға бағыттайтын кері байланыс беруді үйрету және оны орындауды әдетке айналдыруды үйрету керек деп тұжырымдадық.


«Шығармашылықтың түрлерін білесіз бе?» деген сұраққа «ия» деп жауап бергендер ЭТ-тың 72,8%-ын, БТ-ның 81%-ын құрады. Ал «егер білсеңіз шығармашылықтың қандай түрлерімен таныссыз?» деген сұраққа оқушылар музыка, спорт, қолөнер, өлең шығару, ән айту, сурет салу, робот құрастыру және тіл үйренуді атаған. Ал, «Сіз қазіргі таңда қандай үйірмелерге қатысасыз?» деген сұраққа оқушылардың басым көпшілігі тіл үйрену, спорт және ән айту, музыкалық аспаптарда ойнауды атап өткен (сурет 19).



Сурет 19 – Анықтау экспериментіндегі оқушылардың зияткерлік мектептерде ұнататын пәндерін анықтау нәтижелерінің диаграммасы

Нәтижесінде, біз зияткерлік мектептерде оқушылардың шығармашылық іс-әрекеттерге қызығушылығы жоғары, бірақ көбінесе тіл үйрену, ән және спорт түрлеріне мән беретіндігін байқадық. Сондықтан, мектептерде шығармашылық үйірмелердің түрлерін көбейтіп, оқушылардың сол үйірмелерге қатысу үшін олардың сапасын арттыру және қолжетімділігін күшейту қажет екендігін аңғардық.

«Қандай пәндерді сіз терең мән беріп қызыға оқисыз, неліктен?» деген сұрақтың жауаптарын талдай отырып, респонденттерінің басым бөлігі гуманитарлық пәндерін сүйіп оқитындығын аңғардық. Жаратылыстану мен математика пәндерін қызыға оқитындар саны да жоғары болды. Неліктен оқушылар ұнататындығын саралағанымызда, оқушылардың басым бөлігі сол пәндердің мұғалімдері сабақты өте қызықты, әрі тартымды өтетіндігімен түсіндірсе, кейбіреулері болашақ мамандықтарымен байланыстырған және ыңғайлы орта екендігін, сондай-ақ, өздерін сол мұғаліммен емін-еркін сезінетіндіктерін айтқан (сурет 20).



Сурет 20 – Анықтау экспериментінде оқушылардың пәндерді жақсы көру факторларын табу нәтижелері


Нәтижесінде математика, гуманитарлық және жаратылыстану пәндерінен басқа пән мұғалімдері өз пәндері аясында оқушыны педагогикалық және психологиялық шарттары меңгеру керектігін, пәндерін үйретуге тек теориялық біліммен шектелмей, оқушыларды алған білімін шығармашылықпен зерттеуге және өз идеяларын іске асыруға ынталандыру қажет деп түсіндік.

Зияткерлік мектептерде ұйымдастырылатын үйірмелер туралы ақпаратты алу үшін «Мектебіңізде шығармашылықты дамытатын қандай үйірмелер бар?» деген сұрақтан біз олардың мектепте бар кәсіпкерлік дағдыны қалыптастыратын инвестициялау негіздері, тур операция, аспаздық өнер, IT мобильді қолданбалы дағдыларын дамытатын практикалық электротехника, спорттық бағдарламалау сынды үйірмелермен таныс еместігін ұқтық. ЭТ және БТ оқушыларының 15%-ға жуығы спорттық және домбыра үйірмелерінің жұмыс істейтіндігін, ал, қалған өнер, тіл үйірмелері, работотехника және пікірсайыс клубтарының ұйымдастырылуынан көпшілігі бейхабар болып шықты. *Көптеген оқушылар үйірмелерге қатыснау себептерін оқу процесін бірінші қоюмен байланыстырған, яки болмаса, уақытын тиімді басқара*

алмайтындығымен байланыстырған. Бірақ, үйірмелер арқылы өз қабілеттерін дамытуды көздейтін оқушылар да жоқ емес. Алайда, үйірмелерге қатысып, кейін ұнамай кеткен оқушылардың саны да айтарлықтай көп. Біз мұны мектептегі үйірмелерді ұйымдастыруды жетілдіру және дамыту немесе олардың сапасын арттыру жұмыстарын қолға алу керектігін түсіндік.

Белгілі бір тапсырманы ерекше етіп орындау үшін ЭТ пен БТ оқушыларының көпшілігі шығармашыл, креативті қиялға берілгіш, тапқырлық, төзімділік, жан-жақтылық және икемділік секілді қабілеттер қажет екендігін атаған. Сонымен қатар жауапкершілік, қызығушылық және тәртіп те маңызды деген оқушылар да болды.

«Топтық жұмыста сіз көбінесе қандай рөлді атқарасыз?» деген сұрақты талдай келе, оқушылардың көпшілігі топтық жұмысы кезінде идея жасап шығарушы рөлге ие болатынын аңғардық. Осы жауапты оқушылардың шығармашылық ойлауға деген құлшынысын көрсетеді деп тұжырымдадық. Сондай-ақ, орындаушы мен көшбасшы рөлдерін сомдағысы келетін оқушылар да табылды, бұл сынды оқушылар топтық жұмысқа қатысуға дайын екендігін көрсетеді. Дегенмен, бақылаушы және сыншы рөлдеріне қызығатын оқушылар саны аз болып шықты (сурет 21).



Сурет 21 – Анықтау эксперименті бойынша оқушылардың топтық жұмыстарда алатын позицияларының көрсеткіштері

Нәтижесінде аналитикалық және сыни ойлау, нақты жағдайлардан қорытынды шығару, кемшіліктер мен артықшылықтарды көре білу, деректер мен дәлелдерге сүйене отырып бағалай білу, зейін қою, ойды нақты әрі логикалық тұрғыда жеткізу, құрметпен сын айту, креативті шешім қабылдау секілді қабілеттерді жетілдіру қажет деп таптық.

Оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту компоненттері бойынша бастапқы диагностикасын анықтауда жоғарыда аталып өткен төрт түрлі әдістемелерді де қолдандық. Паул Торренстің «Шығармашылық ойлау» [205, р. 145] әдістемесі оқушылардың шығармашылық әлеует жайлы қаншалықты

теориялық білімге ие екендіктерін, ұғымды жалпы қалай қабылдайтындықтарын анықтауға мүмкіндік береді. Сондықтан, сауалнаманы құрастыру барысында оны мынадай үш бөлікке бөліп қарастырдық: сауалнамаға қатысушылардың шығармашылық әлеует жайлы білімдері, түсініктері және қабылдауларын жеке айқындауды көздедік. Адам баласының бойында шығармашылық әлеует жартылай немесе толық жетілуі мүмкін. Дегенмен, осы орайда адамның бұл ұғым жайлы білімінің болуы, оның қалай көрініс табатындығы туралы түсінігінің қалыптасуы және жалпы шығармашылық әлеуетті дұрыс әрі сауатты түрде қабылдауы тұлға бойындағы шығармашылық әлеуеттің қарқынды дамуына ықпал етеді. Сондықтан П.Торенс әдістемесін қолдана отырып, зерттеп отырған зияткерлік мектептегі оқушылардың шығармашылық әлеуетке қатысты ұстанымдары мен теориялық білімдерін анықтауды мақсат еттік (қосымша А).

П. Торенс әдістемесі бойынша әрбір кезеңдегі сұрақтар 0-ден 5-ке дейінгі балмен бегіленді. 0-ден 1-ге дейінгі бал төмен деңгейдегі білім мен түсінікті білдірсе (бұл ұғымнан мүлдем хабарым жоқ, оның не білдіретінін түсінбеймін...), 2 мен 3 деген балдар орта деңгейді (ұғымнан хабарым бар, бірақ нақты мәніне толық сенімді емеспін), ал 4 пен 5 деген балдар жоғары деңгейдегі білім мен түсінікті білдірді (шығармашылық әлеует ұғымы жайлы білімім бар, ұғымның мағынасын толық түсінемін). Нәтижелерді төмендегіше кестемен көрсеттік (кесте 12).

Кесте 12 – Анықтау эксперименті бойынша оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың танымдық-мазмұндық компоненті бойынша бастапқы нәтижелері

Қатысушы саны, сыныбы	Шығармашылық әлеует жайлы білімі мен түсінігі жоғарғы сатыда	Шығармашылық әлеует жайлы білімі мен түсінігі орта сатыда	Шығармашылық әлеует жайлы білімі мен түсінігі төменгі сатыда
Эксперименттік топ нәтижелері			
8- сынып 128 оқушы	53 (41,5%)	34 (26,%)	41 (32,5%)
Бақылау тобының нәтижелері			
8- сынып 113 оқушы	51 (45,5%)	24 (20,5%)	38 (34%)

Оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың танымдық-мазмұндық компоненті бойынша нәтижесінің мәліметтерінен көретініміз, бастапқы диагностикада: ЭТ жоғары деңгей- 41,5%-ын, БТ- 45,5%-ын, орта деңгей- ЭТ 26%-ын, БТ- 20,5%- ын, төмен деңгей ЭТ- 32,5%-ын, БТ-34%-ын құраған.

Барлетт және КМО тестінің сұрақтары бойынша оқушылардың шығармашылық әлеуетінің іс-әрекеттік компонентінің бастапқы диагностикасы анықталды. Бастапқы диагностика барысында Барлетт тестінде 1-ден 5-ке дейінгі шкала бойынша оқушылардың іс-әрекеттерін тестте берілген 16 тұжырымға сәйкес келетіндіктерін анықтау арқылы өлшенеді. Олар:

оқушылардың шығармашылық іс-әрекеттерге белсене қатысуы және идеялар ұсынуы, шығармашылық жобаларды жүзеге асыруы, жаңа әдістерді іздеу және т.б. Әрбір кезеңдегі сұрақтардың шкала бойынша деңгейлермен (1-Мүлдем келіспеймін, 2- Келіспеймін, 3- Бейтараппын, 4- Келісемін, 5-Толық келісемін) бегіленіп отырды. Осы сұрақтарға жауап бергендегі ұпайлар нәтижесі бойынша оқушылар жоғары, орта, төмен деңгейлерге сәйкес болды. Олар:

Жоғары деңгей: 64-80 ұпай

– Оқушы жаңа идеяларды жиі ұсынады, оларды жүзеге асыру жолдарын біледі және нәтижелерін талдайды.

– Дәстүрлі емес тәсілдерді қолдану арқылы шығармашылық шешімдерді табуға қабілетті.

– Басқа оқушылар үшін көшбасшы бола алады.

Орташа деңгей: 48-63 ұпай

– Оқушы жаңа идеяларды ұсынады, бірақ оларды жүзеге асыруда кейбір қиындықтар туындауы мүмкін.

– Шығармашылық іс-әрекеттерде дәстүрлі және жаңа тәсілдерді қатар қолданады.

– Топтық жұмыста көшбасшыға көмектеседі, бірақ өзі көшбасшы болуға көбінесе дайын емес.

Төмен деңгей: 32-47 ұпай

– Оқушының шығармашылық белсенділігі төмен, жаңа идеяларды ұсынуда және жүзеге асыруда тәжірибесі аз.

– Жұмыстың нәтижесін талдау қабілеті жетілдіруді қажет етеді.

– Шығармашылық әрекетте топтық жұмыстарда белсенділігі төмен, үнемі нақты нұсқауларды қажет етеді және тапсырмаларды орындағанда қолдауды қажет етеді.

Сондай-ақ, оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытуда олардың іс-әрекетінің деңгейін анықтау мақсатында қосымша *Кайциер, Мэйер және Олкиннің «шығармашылық әлеует деңгейін анықтау тесті» - КМО тестін* пайдаландық. Тест сұрақтарының жауаптары 4 шкала бойынша бағаланып, соған сәйкес ұпай алды.

30-48 ұпай- жоғары деңгей. (Сіздің бойыңыздағы стандартты емес ойлау айқын сипат табады, шығармашылық қабілетіңіз орта деңгейден әлдеқайда жоғары).

21-29 ұпай-орта деңгей. (Сіз стандартты емес ойлауға бейімсіз, Сіздің шығармашылық қабілеттеріңіз орта деңгейде болып танылады. Бойыңыздағы креативтілігіңіз орташа деңгейде көрініс табады).

12-20 ұпай-төмен деңгей. (Сіздің бойыңызда стандартты емес ойлауға тән белгілер бар, дегенмен Сіз шығармашылыққа қатысты тапсырмаларды төмен дәрежеде орындайсыз). КМО және Барлетт тестілерінің нәтижесін төмендегі кестемен келтірдік (кесте 13).

Кесте 13 – Анықтау эксперименті бойынша оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың іс-әрекеттік компонентінің бастапқы деңгейінің көрсеткіштері

Қатысушы саны, сыныбы	Шығармашылық әлеуетінің іс- әрекетінің көрінуі жоғарғы саты	Шығармашылық әлеует іс-әрекетінің көрінуі орта саты	Шығармашылық әлеует іс-әрекетінің көрінуі төменгі саты
Эксперименттік топ нәтижелері			
8- сынып 128 оқушы	38 (30%)	24 (19%)	66 (51%)
Бақылау топтың нәтижелері			
8- сынып 113 оқушы	40 (35%)	30 (27%)	43 (38%)

Оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың іс-әрекеттік компонентінің бастапқы деңгейі келесідей: ЭТ жоғары деңгей- 30%, БТ- 35%, орта деңгей- ЭТ 19%, БТ- 27%, төмен деңгей ЭТ- 5%, БТ-38% болды.

«Шығармашылық әлеует деңгейін анықтау - КМО тесті» атты әдістемесін эксперимент барысында жүргізу үшін қолайлы болды. Себебі, бұл әдістемелік нұсқау оқушылардың академиялық білімдері мен шығармашылық қабілеттерін тең дәрежеде қалыптастыруды қатаң талап ететін білім ордасында олардың шығармашылық әрекеттерін саралауға мүмкіндік берді. Яғни, осы әдістеменің көмегімен зияткерлік мектептерде оқушылардың шығармашылық әлеуетінің даму деңгейін олардың іс-әрекеттерін зерттеу арқылы анықтай алдық. Осылайша оқушылардың шығармашылық әлеуетінен хабардар ететін әрекеттерді келесідей белгілермен көрсеттік:

- оқу материалдарының мазмұнын игеруді шынайы өмірмен байланыстыру;
- үй тапсырмаларын орындауда үлгіге негізделген дайын, ғаламтордан алынған жауаптардан аулақ болу;
- оқу үрдісіндегі іс-шараларда бастамашылдыққа ұмтылу;
- оқушы шығармашылығының ынталандырылу жолдарын айқындау;
- жаңа тың идеялар ұсынуы;

Бұл әдістеменің төмен деңгейінің болуын оқушылардың стандартты емес ойлауға тән белгілері болғанымен, оларда шығармашылық іс-әрекеттерге белсенділігінің төмендігімен түсіндіреміз. Сондай-ақ, мұндай оқушылар жаңа идеяларды ұсынуда, топтық жұмыстарда шығармашылық іс-әрекеттерге белсенділік танытпай, үнемі әр тапсырманы орындауда нақты нұсқауларды қажет етеді. Бұдан шығатын қорытынды, оқушылардың бойындағы ешкімге ұқсамайтын ойлауға тән белгілерін дамыту үшін үшін ең алдымен оларды шығармашылық іс-әрекеттерге қатысу қызығушылығын оятатын жаттығулар ұйымдастыру қажет деп таптық. Сондай-ақ, топтық жұмыстарда белсенділігін дамыту мақсатында бала емін-еркін жұмыс жасауға мүмкіндік беретін сыныптағы психологиялық және физиологиялық ахуалды реттеу қажет деп білеміз.

Оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың мотивациясын диагностикалауда А. Тэйлордың «Күнделікті қарым-қатынастағы шығармашылық әлеуетті анықтау» әдістемесін қолдандық. Бұл әдістеме оқушы бойындағы шығармашылық қабілеттер тізімін анықтап, оны күнделікті өмірде қаншалықты тиімді қолдана білетіндігін айқындауға мүмкіндік береді (кесте 14).

Кесте 14 – Анықтау эксперименті бойынша оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың мотивациялық компоненті бойынша бастапқы нәтижелері

Қатысушы саны, сыныбы	Шығармашылық әлеуетінің іс- әрекетінің деңгейі жоғарғы саты	Шығармашылық әлеует іс-әрекетінің деңгейі орта саты	Шығармашылық әлеует іс-әрекетінің деңгейі төменгі саты
Эксперименттік топ нәтижелері			
8- сынып 128 оқушы	55 (43%)	41 (32%)	32 (25%)
Бақылау тобының нәтижелері			
8- сынып 113 оқушы	50 (44 %)	40 (36 %)	23 (20%)

Бастапқы диагностика жасауда ЭТ пен БТ топ нәтижелеріне талдау жасау арқылы: ЭТ жоғары деңгей- 43%-ын, БТ- 44%-ын, орта деңгей- ЭТ 32%-ын, БТ- 36%- ын, төмен деңгей ЭТ- 25%-ын, БТ-20%-ын құрағандығын анықтадық. Кестені талдай келе, шығармашылық әлеуеті төмен немесе оны дамытуға қосымша мотивация мен қолдау қажет болатын шығармашылық тапсырмаларды орындауда қиындықтарға кездескен ЭТ оқушыларының 25%-ын құрағанын аңғардық. Сондай-ақ, шығармашылық әрекеттерге қатысатын, бірақ, өз әлеуетін толық аша алмайтын, оны дамыту үшін қосымша ынталандыру, қолдау және тәжірибе қажет болатын оқушылар саны –ЭТ 32%-ын көрсетті. Шығармашылық әлеуеті жоғары, шығармашылық жобаларға белсенді қатысатын, өз мүмкіндіктеріне сенетін және жаңа идеяларды жүзеге асыруға дайын, оқу мен дамуға тұрақты қызығушылығы бар оқушылар 43%-ды құрады.

Бұл нәтижелер оқушыларды шығармашылық іс-әрекеттерге баулуда оқушылар деңгейіне орай сараланған тапсырмаларды әзірлеп, оларды орындауда нақты нұсқауларды беру қажеттілігін түсіндік. Әр жаттығуды орындағанда оқушылардың жетістігін атап, сенімділігін арттыруды көздейтін кері байланыс жасаудың жолдарын үйретуді қажет деп таптық.

Жоғарыда аталған төрт әдістемедегі сауалнамалардың жауаптарынан оқушылардың жалпы шығармашылық әлеует жайлы көзқарастарын және өз бойларындағы шығармашылық әлеуеттің қандай деңгейде екендігін өз беттерінше бағалау деңгейлерін анықтадық және оны төмендегі 15-кесте арқылы ұсындық.

Кесте 15 – ЭТ-дағы оқушылардың бойындағы шығармашылық әлеуетінің дамуы компоненттерінің бастапқы диагностикасы

Атауы	Бастапқы диагностика нәтижесі			
	Саны	Жоғары деңгейі	Орташа деңгейі	Төменгі деңгейі
Оқушылардың шығармашылық әлеуетінің даму көрсеткіштері				
Танымдық-мазмұндық компоненті	128	53(41,5%)	34 (26,%)	41 (32,5%)
Іс-әрекеттік компоненті	128	38 (30%)	24 (19%)	66 (51%)
Мотивациялық компоненті	128	55 (43%)	41 (32%)	32 (25%)
Жалпы орташа пайызы	128	48/38%	33/26%	46/36%

Кесте 15 – БТ-дағы оқушылардың бойындағы шығармашылық әлеуетінің дамуы компоненттерінің бастапқы диагностикасы

Атауы	Бастапқы диагностика нәтижесі			
	Саны	Жоғары деңгейі	Орташа деңгейі	Төменгі деңгейі
Оқушылардың шығармашылық әлеуетінің даму көрсеткіштері				
Танымдық-мазмұндық компоненті	113	51(45,5%)	24(20,5%)	38 (34%)
Іс-әрекеттік компоненті	113	40 (35%)	30 (27%)	43 (38%)
Мотивациялық компоненті	113	50 (44 %)	40 (36 %)	23 (20%)
Жалпы орташа пайызы	113	47/41,5%	31/28%%	35/30,5%

15-кестеде анықталған төрт әдістеменің деңгейлері (жоғары, орта, төмен) мен 11 сұрақтан құралған сауалнаманың бастапқы диагностикалық нәтижелеріне сәйкес оқушының сыныпта және сыныптан тыс іс-әрекетінде олардың тұлғалық қасиеттерін шығармашылық тұрғысында жетілдіру үшін оқушы бойында шығармашылық әлеуетті дамытуды тиімді деп таптық. Нәтижесінде зияткерлік мектеп оқушыларының шығармашылық әлеуетін дамытуда бірқатар іс-әрекеттерді жүргізу керектігін анықтадық:


- «Шығармашылық әлеует» бойынша жан-жақты танымдық ақпарат беру;
- Шығармашылық іс-әрекетті тиімді ұйымдастырудың әдіс-тәсілдерін ұсыну;
- БББ –да шығармашылықты дамытуға бағытталған оқу мақсаттары жалпылай берілгендігіне байланысты ОШӘ дамыту оқу мақсаттарына сәйкес іс-әрекеттер алгоритмін ұсыну;
- Оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытуға ынталандыру жұмыстарын жүргізу;
- Әр оқушының ерекшеліктеріне сәйкес әдіс-тәсілдер таңдау Шығармашылықты жұмысты бағалайтын өлшемдерді ұсыну;
- Шығармашылық іс-әрекетті тиімді жоспарлау үшін уақытты ұтымды ұйымдастыруға дағдыландыру;
- Оқыту үдерісіне қажетті баланы жан-жақты ойландыруға мүмкіндік беретін цифрлық ресурс түрлерін ұсыну.

Зияткерлік мектептің білім беру және тәрбиелеуді ұйымдастыруға қатысты құжаттарды және зерттеуге қатысқан оқушылардың жауаптарынан алынған

мәліметтерді талдау жасалды. Талдаулар сәйкес мынадай қорытындыға келдік: зияткерлік мектептердің жұмысын ұйымдастыруға бағытталған «NIS Programme» мазмұны барлық пәндер бойынша балалардың бойында қалыптасуы қажет дағдыларды қамтыған. Оның ішінде әр пәннен баланың өз бетінше әрекетін ұйымдастыра алуы, уақытын ұтымды басқара алуы, және шығармашылық ойлауының қалыптасуы кіреді. Яғни, мектеп миссиясына сәйкес, «NIS Programme» балалардың бойында шығармашылық әлеуетті дамытуды ұстаздарға міндет ретінде жүктейтініне көз жеткіздік. Дегенмен, аталмыш құжатта бұл мақсатты жүзеге асырудың жолдары көрсетілмеген. Осы тұста, сол білім мекемесінде педагог қызметін атқаратын мамандардың жоғарыда аталған қиындықтарға кезігетіні сөзсіз. Себебі, мұғалімнің кез - келген кәсіби әрекеті тәжірибе жинақтай келе жақсарып отыратынын ескерсек, сол мамандарға белгілі бір нұсқауларға сүйенусіз өз жұмысын ұйымдастыру, оның ішінде оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту мәселесі өзекті болып отыр. Осы мақсатта зияткерлік мектептегі оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытуда кері әсерін тигізетін кедергілер мен қиындықтарды талдай келе, зияткерлік мектептерде ОШӘД-дың үш бағытында (сабақ үдерісінде, тәрбие мазмұнында, сыныптас тыс іс-әрекеттерде) сатылы кезеңдерін сақтай отырып, педагогикалық тәжірибені ұйымдастыруда ОШӘД-дың әдістемесін жасаудың маңыздылығын жоғары деп таптық.

3.2 Зияткерлік мектептерде оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың әдістемесі және оны жүзеге асыру мазмұны

Біз зерттеу кезеңінде ең алдымен оқушылардың шығармашылық әлеуетін мектептің оқу-тәрбие үдерісінде барынша тиімді дамытуды қамтамасыз ететін педагогикалық шарттарды анықтадық. Біз педагогикалық шарттарды үш топқа [199,с. 7-10] *педагогикалық-ұйымдастырушылық*: оқу үдерісіне қажетті ресурстарға қолжетімділік, құрылымдық оқу ортасы (шығармашылық іс-әрекеттерді еш кедергісіз орындау үшін орналастырылған оқушылардың орны), шығармашылық іс-әрекеттерді орындауда оқушыларға нақты нұсқауларды беру, сындарлы кері байланыс беру, уақытты тиімді басқару құралдары, *психологиялық-педагогикалық*: оқушы мен мұғалім арасындағы жылы қарым-қатынас, ыңғайлы үйлесімді психологиялық орта мен шығармашылық ортаны құру, шығармашылық іс-әрекеттерді орындау қабілеттері мен қызығушылығын диагностикалау, *дидактикалық*: иновациялық білім беру бағдарламаларына негізделу, педагог кадрларының үнемі жаңашылдыққа ұмтылуы, оқушылардың шығармашылық іс-әрекеттерге ынталандыру және шабытын ояту, тапсырмаларды жеңілден-күрделіге қарай түрлендіріп отыру, үйреншікті дағдыдан жаңа дағдыға көшу, жобаға негізделген оқыту, саралап оқыту, ойын арқылы оқыту және тәжірибелік оқыту деп бөлдік (сурет 22).



Сурет 22 - Оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытуды қамтамасыз ететін педагогикалық шарттар


Зерттеу жұмысымыздың қалыптастырушы экспериментін ұйымдастыру үшін құрастырылған *элективті курс бағдарламасы* біздің келешектегі ұсынған жұмыстарымыздың табысты болуына кепілдік береді деген ойдамыз. Осы айтылған ойымызға дәлел ретінде зияткерлік мектептің эксперименттік топқа іріктелініп алынған оқушыларына элективті курс бағдарламасының мазмұны аясында жүргізілген сабақ үдерісінің олардың шығармашылық әлеуетін дамытуына ықпалын саралауды жөн көрдік.

Элективті курстың мақсаты, міндеттері, күтілетін нәтижелері және оқытақырыптық жоспары 2.2 тараушасында беріледі. *Элективті курс бағдарламасының ең алғашқы бөлімі «шығармашылықты тану әлемі»* аталынып, шығармашылық жайында оқушылардың теориялық- танымдық көзқарасын қалыптастыруға бағытталады. Элективті курс бағдарламасының мақсаты мен міндеттерімен оқушыларды таныстырып, шығармашылық және шығармашылық әлеует туралы түсінік, оның сипаттары мен ерекшеліктері, шығармашылық әлеуетті қалыптастыру мен дамыту жолдары туралы ақпарат берілді. Білімнің мазмұнында отандық ғалымдардың еңбектерімен қоса, шетелдік басылымдарды, зерттеу жұмыстарын, мақалаларды, видео блогтар мен подкастар пайдаланылды.

Жаңа ақпаратпен танысу барысы ең алдымен «оқушы-оқушы» принципінен бастау алып, «оқушы- мұғалім- оқушы» қағидатымен жалғасын тапты. Бұл тәсіл бастапқыда оқушылар бір-бірімен өзара әрекеттесу арқылы ақпаратты меңгеру мүмкіндігіне ие болып, кейін оқытушының қолдауымен алған мәліметтерінің аясын кеңейту мүмкіндігіне ие болды.

Оқушылардың шығармашылық іс-әрекетпен емін-еркін айналысу үшін қолайлы және үйлесімді психологиялық-дидактикалық орта құру үш кезең

арқылы жүзеге асты: психологиялық дайындық кезеңі, жылыту кезеңі және негізгі шығармашылықпен айналысу кезеңі. Алғашқы екі кезең- *психологиялық дайындық және жылыту кезеңдері психологтардың көмегімен* жүзеге асты. Ал, *шығармашылықпен айналысу кезеңі* ағылшын тілі мен элективті курсы пәндері аясында ұйымдастырылды. Төмендегі 23- суретте аталған үш кезеңдердің сызбасы келтіріледі:



Сурет 23 – Үйлесімді шығармашылық ортаның қалыптасу кезеңдері

1.Психологиялық дайындық кезеңі: позитивті әңгіме құру, мадақтау және мақтау, мотивациялық қанатты сөздер, әндер немесе қысқа бейне көрсету, «біріміз бәріміз үшін, бәріміз біріміз үшін» ұранын негізге алу, оқушылардың пікірін тыңдау және құрметтеу, оқушылардың шабытын ашу үшін ойландыратын қызықты әрі сыни сұрақтарды жиі қою, өзін-өзі реттейтін, әрі дамытатын жауапкершілік стратегиясының орнатуларын («Мен кез-келген жаңалыққа ашықпын және жасап көруге дайынмын», «Қателіктер және тәуекелге барудан қорықпаймын», «Мен шығармашылық идеяларымды іске асыруда ерінбеймін және соңына дейін жеткізуді өз жауапкершілігіме аламын», «Жетістікке жетуде уақытымды тиімді пайдалана отырып, іс-әрекеттерімді алдын-ала жоспарлаймын») әр сабақтың басында белгілі бір уақыт аралығында іштей сеніп қайталау секілді іс-әрекеттерді қамтыды.

Элективті курс аясында оқушыларды шығармашылық іс-әрекеттерге ынталандыру ең алдымен олардың бойындағы психологиялық және эмоционалдық кедергілерді еңсеру мақсатында «*Өзіңе сен марафоны*» атты тренингі ұйымдастырылды.

Бұл марафонды ұйымдастырудағы ең негізгі мақсат- оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытуда ұйымдастырылатын іс-әрекеттерде өздерінің күшті жақтарын танып білу, оларды бағалап, шынайы өмірлерінде қолдануға мүмкіндік беру. Бұл іс-шара *бес кезеңнен* тұрды және оны ұйымдастыру үшін ең алдымен қажетті құралдармен (оқушы дәптері, түрлі-түсті маркерлер, стикерлер, картон, пластилин және т.б.) қамтамасыз етілді.

Алғашқы кіріспе бөлімінде оқушыларға сенімділік туралы танымдық ақпарат беріліп, сенімділіктің адам өмірінде алатын рөлі мен сенімді адамның имиджі және оның перспективасы жайында баяндама жасалынды.

Келесі кезең «Менің күшті тұстарым» атты жаттығудан тұрды. Яғни, оқушыларға 10мин уақыт шеңберінде өздерінің оң жақтарын барынша көбірек жазу тапсырмасы берілді. Біздің байқағанымыз, оқушылар өздерінің мықты тұстарын жазғанда жүздерінде қуаныш пен күлкі үйіріліп, ерекше бір қуаныш сезіміне енгендей болды. Тіпті берілген уақыт аяқталғанда оқушылар тоқтаусыз жазып жатты. Кейінірек оқушылардың айтуы бойынша кейде байқала бермейтін мықты тұстары естеріне түсіп, бойларын ерекше мақтаныш сезім пайда болғанын, сенімділіктері күшейе түскендігін айтып жатты. Оларға ең ұнаған сәт- оқушылар өздері жазған оң тұстарын өзгелермен бөлісу арқылы олардың бұл қасиеттерін мақұлдауы.

Келесі кезеңде оқушылар 4 адамнан тұратын топқа бөлініп, жазған жақсы қасиеттерінің ішінен ең ұнамды төртеуін топ мүшелеріне толығырақ мәлімет бере отырып, бөлісті. Бұл тапсырманың маңызды тұсы әр оқушыға берілген 2 минут көлемінде еш тоқтаусыз сөйлеу болатын. Бұл жаттығу арқылы жағымды эмоцияның қалыптасуымен қатар, сөз саптауының жүйелігі, дикцияның анықтығы және сөйлеу шеберлігі дамуы қамтамасыз етілді.

«Біз біргеміз» топтық сенімділік ойынында оқушылар топтық жұмыста бірге қағаздан сенімділік символы болатын кез-келген мүсінді немесе фигураны ойлап шығарды. Берілген 10 минут уақыт ішінде оқушылар қағазбен, картонмен және пластелинмен өздерінің сенімділік символдарын жасап шығарды. Кейін топ мүшелерінің бұл мүсіндер немесе фигураларды жасап шығаруда өздерінің қандай күшті жақтары түрткі болғандығын әр топ бір-бірлеріне баяндап берді. Қорытынды кезеңде әр оқушының кеудесіне стикерлер жапсырылды. Басқа оқушылар сол оқушының жақсы жақтарын 5 минут уақыт ішінде жазып шықты. Жаттығу аяқталған соң, әр оқушы өз стикерін алып оқыды. Тренингке ең белсене қатысқан командаға «Сенімділік» кубогы табысталды. Ал, басқа да белсенділік танытқан оқушылар мақтау қағаздарымен марапатталды.

Осы іс-әрекеттерді жүргізу барысында өзіне сенімсіз, оқшауланып қалған, әрі ойын нақты жеткізуге қысылатын Бейбарыс пен Ермек достарымен шынайы іс-әрекеттерге түсіп, көңіл-күйлері көтерілді, топтық жұмыстарда белсенділіктері арта түсті.

2.Жылыту кезеңі: тақтадағы әртүрлі бейнелерді байланыстыра отырып, бір-біріне эмоционалдық-позитивтік көңіл-күй сыйлау, өз есімдерінің бас әріптерінен басталатын тілектер айту, бір шеңберде тұрып, «досым, сенің кез-келген пікірін құнды, құрметтеймін, жаңа ой айту- бұл шығармашылықтың бастауы. Біз қателеуден қорықпаймыз, керісінше қателесу арқылы біз жаңа мүмкіндіктерге ие боламыз» деп қол алысты. Бұл шығармашылықты шыңдауға сай жоспарланған әр сабақтың басында қолдануға болатын *орнатулар* болды. Сонымен қатар, оқушы кез-келген жаңа ойды немесе затты ойлап табуда

кателесуден қорқуы мүмкін деген оймен психолог әріптестеріміз оқушыларға «Шығармашылық қателіктер фестивалі» тренингін жүргізді.

Бұл тренингтің негізгі мақсаты- оқушылардың шығармашылық іс-әрекеттерде өздерінің қателіктерге деген көзқарасын өзгерту, әрі кателесуден қорықпай, қайта жаңа мүмкіндіктерге жол ашатын құрал ретінде қарау болды. Бізге қажетті құралдар ақ парақтар, маркерлер, шағын сыйлықтар болды.

Алғашқы іс-әрекет әлемдік ғалымдар мен өнертапқыштардың қателіктер арқылы жеткен жетістіктерін баяндайтын бейнетаспа көрсетілді. Оқушылар бейнетаспадағы оқиғалар туралы өз ойларымен бөлісу арқылы өмірде кездесетін қиындықтарды жеңуге деген сенімдері артқандығын және ешқашан берілмеу керектігін айтты. Оқушылар бейнетаспадан ғылым мен өнертапқыштық тек білім мен интеллекте емес, сонымен қатар, табандылық, еңбекқорлық және шешім іздеуге құштарлықтан пайда болатындығын атап өтті.

Келесі іс-әрекет - қателіктердің шығармашылық әлеуеттің дамуына қалай әсер ететіндігі жөнінде ақпарат берілді және оқушыларға ойларын білу мақсатында бірнеше сұрақтар қойып, қызу пікірталас туғызылды. Кейін оларды 4 топқа бөліп, әр топ мүшелерінің бірлесіп ақ параққа кез-келген символдар немесе таңбамен қисынсыз шималап суреттер салу ұсынылды. Берілген уақыт аяқталған соң, әр топ салған суреттерін бір-бірімен алмасты. Негізгі мақсат сол салған суреттері арқылы «Қателіктерді табысқа айналдыру» деп аталатын кезеңге көшу болды. Яғни, әр топ мүшелері бір-бірінің салған түсініксіз суреттерінен жаңа сурет құрастырып, оны өздеріне берілген жаңа мүмкіндік ретінде қабылдады. Сонымен қатар, олар бір-біріне барынша позитивті пікірлер айтуға тырысты.

Қорытынды кезең «Қателіктерді тойлау» деп аталды. Бұл кезде оқушылар топта жасаған іс-әрекеттеріне және осы тренингтен алған әсерлеріне кері байланыс берді. Ең креативті теңеу берген топ арнайы «Креативті кателесуші» деген номинация мен дипломдармен марапатталды.

Бұл жүргізілген тренингтің арқасында қалыптастырушы топ оқушылары сабақ үдерісінде немесе сабақтан тыс үйірмелерінде кателесуге қорықпайтынын, керісінше қателесетін адам- шығармашыл адам деп қабылдайтындығын алға тартты. Тіпті кейбіреулері оны өздерінің шынайы өмірлерімен байланыстырып, өз өмірлерінде орын алған оқиғаларымен де бөлісті. Мәселен, Заңғар өзінің кішкентай кезінде үйлерге қарап тұрып: «Осы үйлер төңкеріліп тұрса ішінде адамдар қалай өмір сүреді, барлық заттар да төңкеріліп тұрады ма, бірақ бұл мүмкін емес шығар?» деген ойдың болғандығын айтты. Заңғар қазіргі таңда сондай үйлер атракционды парктерде кездесетіндігін, яғни, сол кезде мүмкін емес деп ойлайтын дүниелер келешекте жүзеге асуы мүмкін екен ғой деп түйіндеді. Ал, Әселдің мысалы тіптен де қызық болды. Әселдің әкесіне де мектеп кезінде қиялдағы ғимаратты салындар деген тапсырмаға әкесі көп қабатты үйдің ішінен шығып келе жатқан көліктерді салған екен. Мұны оқушылар Әселдің әкесінің қиялы мүмкін емес нәрсеге сол кезде ұшқыр ойы жеткен екен деп таңданысты. Себебі, қазіргі таңда Жапонияның Осака қаласында 16 қабаттан тұратын “Gate Tower Building”

ғимаратының 5-7 қабаттарының арасынан Хансин автожолы өткен. Осы секілді қызықты мысалдарды келтіре отырып, шығармашылық ойлау шексіз екендігін, оны өзгелермен бөлісуде еш қымсымбау керектігін, яғни, «қате ой жоқ, ойланбау бар» екендігін алға тартты.

Біз элективті курс мазмұнында келтірілген тараулардың барлығы оқушылардың белсенді әрекеттесуіне орай құрылғандықтан оқушылардың эмоционалдық көңіл-күйін бақылап отыруды мақсат етіп, арнайы олардың эмоционалдық күйінен хабар беретін тест жүргізуді сұрадық. Тест 10 сұрақтардан тұрды, оқушылар әр сұраққа 1-5 ке дейін аралықта шкаламен белгіледі. Тестті орындап болған соң, жинаған ұпай саны арқылы нәтижелерімен танысты, жұптасып талқылады. Алайда Сәбира және Дидар деген екі оқушы өздерінің сол кездегі эмоционалдық ахуалдары тест нәтижесімен сәйкес келмейтіндігін алға тартты. Біз оқушылардың жауаптарын дұрыс қабылдап, «Нәтижемен келіспеулеріңнің себебін түсінгім келеді, мүмкін сендерге эмоцияларыңа басқа қырынан қарауға мүмкіндік беріп жатқаны шығар. Келіндер оқушылар, бірге достарымыздың шығармашылық жолмен эмоцияларын анықтауға көмектесейік» деп оқушыларды қайта бағыттап жібердік. Осы кезде оқушылар екі оқушыға түрлі сұрақтар қойып, ашық диалогқа түсе бастады. Нәтижесінде оқушылар Сәбира мен Дидар өз мінездерін және эмоцияларын басқа қырынан зерттей отырып, өздерін жаңа қырынан тану мүмкіндігіне ие болды. Оқушылардың эмоционалдық күйін бағалау үшін құрылған тест сұрақтары 3 қосымшасында көрсетілген.

3.Негізгі шығармашылықпен айналысу кезеңі – элективті курс бағдарламасының «*Менің шығармашылық тәжірибемдегі қадамдарым*» бөлімімен жалғасын тапты. Ағылшын тілі мен элективті курс пәндерінде жайлы психологиялық орта алдыңғы екі кезеңдерінде үйретілген әр пәннің басында айтылатын шабыт сыйлайтын орнатуларды дауыстап айту арқылы, оқушылардың ынтымақтастығын арттырып, бір-біріне жылулық сыйлайтын «Комплимент шеңбері», «Ортақ нәрсе табайық» және т.б. әдістері арқылы құрылды.

Оқушылардың типтерін анықтайтын онлайн сауалнама жүргізу арқылы [212,б. 5] эксперименталды топтағы қатысушылардың басым бөлігі аралас типтеріне, яғни, аудио-визуал, визуал-кинестик, аудио-лингвист және т.б. жататындығын анықтадық. Бұл бізге эксперимент аясында оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытуға бағытталған іс-әрекеттерді аралас оқу стиліне басымдық беруге мүмкіндік берді.

Кез-келген жаңа сабақтың мазмұнына ену ең алдымен оқушылардың шығармашылық ойлауына түрткі болатын «*миға шабуыл*» әдісі арқылы жүзеге асырылды. Интербелсенді тақтада түсініксіз әртүрлі бейнелердің бірлесіп бейнеленген суреті көрсетілді. Оқушылардан суретте не көріп тұрғанын, кейін неге әр адам әртүрлі бейнені көретіндігі сұралды. Бірі сол суреттен аңға шыққан құсбелгіні көрсе, екіншісі қанатын еріксіз қаққан жылқы суретін көргенін айтты. Мұғалім оқушылардан неліктен әр адам әртүрлі суреттерді көретіндігін ойлау үшін топта талқылауды тапсырды. Берілген уақыт

аяқталысымен топтан бір-бір адам өз ойларымен бөлісті. Олардың пікірінше, әр адамның өмірлік тәжірибесі, қиялы, сезімі, дүниетанымы мен қызығушылықтары әртүрлі болғандықтан бірдей нәрсені әртүрлі көретіндіктерін алға тартты. Сондай-ақ, бейнедегі ерекшелігін, түсі мен пішіндерін өздеріне таныс жағдаяттармен байланыстыра отырып, қабылдағанын немесе суреттегі кейбір аспектілеріне басқа қырынан қарауға тырысып бақты. Мұғалім оқушылардың түрлі көзқарастарын тыңдаған соң, суреттің әртүрлі интерпретациялары мен әр адамның шығармашылық ойлауы арасындағы байланысты атап өтіп, шығармашылық бұл белгілі бір өнермен ғана шектелмей, күнделікті өмірде де, білім алу процесінде де көрініс табатындығын алға тартты.

Осы іс-әрекеттен кейін мұғалім оқушылардан басталғалы тұрған пәннің атауына балама атау беріп, пәннің мақсатын топтық жұмыста 10 минут ішінде бірлесіп талқылауды тапсырды. Уақыт аяқталған соң топ мүшелері өз ойларымен бөлісті. Айтқан ойларын саралай келе, оқушылар элективті курс пәнінің баламасын «Креативті ойлан!», «Қызықстанға саяхат», «Мен ерекше ойлана аламын», деп келтіріп, оның мақсаттары мен міндеттерін өз пайымдауынша түсіндіріп беруге тырысты. Оқушылардың болжаған атаулары пәннің атауына сәйкес келгендіктен мұғалім әр топқа «үздік ойлану», «шығармашыл топ», «ұтқыр ой» номинацияларын берді. Пәннің негізгі атауы туралы түсініктеме беріліп, оның мақсаты мен міндеттері туралы толық мәлімет берілгеннен кейін оқушылардан бұл элективті курстан нені күтетіндігін білу мақсатында 10 минут ішінде топта талқылап, ортада ой бөлісті. Мұғалім алда орын алатын іс-әрекеттер тізбегімен таныстырып, оқушыларды әр сабақ кезеңінде белсенді болуға шақырды.

Танымдық ақпараттық көзқарасты қалыптастыру «оқушы»- «оқушы-оқушы»-«мұғалім-оқушы-оқушы-мұғалім» схемасы арқылы жүзеге асты. Жаңа ақпаратпен ең алдымен оқушы жеке өзі белгілі бір уақыт көлемінде мәтін түрінде танысты. Айта кететін нәрсе, дайындаған ақпараттың мәтінін баланың жас және дара ерекшелігіне орай түсінігіне лайық және талдануға ыңғайлы етіп құрылу керек. Оқушы мәтінді оқыған кезде біз INSERT әдісін, яғни, «түртіп алу жүйесін» ұсындық. Бұл әдіс арқылы оқушы мәтіндегі ақпаратқа өзіндік көзқарасы мен түсінігінің қалыптасу деңгейін айқындау үшін оны оқу барысында бірнеше белгілерді («!»-мен білемін, «-» мен келісе алмаймын, «+» мен үшін жаңалық, «?» неге олай?) қойып отырады.

Бұл әдісті қолдану барысында біз оқушылардың мәтінмен танысу барысында жоғарыдағы белгілерді қоя отырып, олардың мәтіндегі ақпаратты саналы түрде игергенін немесе игермегендігін байқадық. Сондай-ақ мәтінге қатысты пікірін білдіріп, өз ойын басшылыққа ала отырып, ойын білдіруге үйрететіндігін аңғардық. Оқуға берілген уақыт аяқталған соң, оқушылар «оқушы-оқушы» жүйесімен жұптасып, мәтінді белгілері арқылы өзара талқылады, яғни, «дискуссия» әдісі арқылы бірін-біріне үйрете отырып, білімін толықтырды.

Жоғарыда танымдық ақпараттық көзқарасты қалыптастыру жұптық іс-әрекет арқылы орын алғандығын баяндадық, Енді элективті курс бағдарламасында берілген тақырыптарды тереңірек түсіну мақсатында біз орындалған үдерісті «мұғалім-оқушы-оқушы-мұғалім» жүйесін оқытудың бірнеше интербелсенді формалары арқылы орындадық. Яғни, бұл жүйенің алғашқысы- «мұғалім» позициясы. Оның нақты нұсқауларымен оқушыларды бағыттап, ары қарай олардың өзара іс-әрекетке түсуімен «оқушы-оқушы» позициясына көшкендігін көрсетеді. Соңғы «мұғалім» сатысы орындалған іс-әрекеттің нәтижесіне сындарлы кері байланыс беру тағы да мұғалімнің тікелей басшылығымен орындалғандығын көрсетеді. Бұл тұжырымымыз түсінікті болу үшін төмендегі диаграмманы келтіргенді жөн санадық:



Сурет 24 - Сабақ үдерісінде позициялардың ауысып тұруы

Оқыту үдерісі толығымен оқушыға бағытталғандықтан, оқушының әрбір іс-әрекетінің табысты болуы үшін, әрі дербестігі мен жауапкершілігін арттыру үшін біз сабақ үдерісі кезеңінде «өз-өзіне есеп беру» дағдысын қалыптастыруды қажет деп таптық. Оқушылар шығармашылық іс-әрекеттерінің әрбір сатысында өздеріне арнайы сатылар арқылы рефлексия беріп көтеріліп отырды. Ол үш кезеңде: кіріспе (сабақтан бұрын), үдеріс (сабақ кезде) және прогресс (сабақтан кейін) рефлексиясы болып жүзеге асты.

Алдымен оқушыларды «сабақтан бұрын», «сабақ кезде» және «сабақтан кейін» қойылатын рефлексия сұрақтарының тізбегімен таныстырдық. Жаңа тарау немесе тақырыпқа енбес бұрын, жаңа тақырыптың атауы хабарланғаннан кейін «Мен мұны білемін бе?», «Ол маған қажет пе?», «Мұны мен тәжірибеде қолдана аламын ба?» деген сұрақтар қойылды. Бұл сұрақтарға үш минут уақыт аралығында оқушылар дәптерлеріне жазбаша жауап жазуы міндеттелді.

Кейін жаңа сабақ туралы танымдық-мазмұндық іс-әрекеттер орындалу барысында «Не түсіндім?», «Қандай сұрақтар туындады?», «Сұрақтарға жауап бере алдым ба?» деген сұрақтармен жалғасын тапты.

Ал, мәлімет игерілгеннен кейін «Қандай ой түйіндедім?», «Оны мен өз тәжірибемде қалай қолданамын?», «Егер мен оны сәл өзгертсем, ол қандай затқа айналады?» деген сынды сұрақтарға оқушылар жазбаша жауап беріп отырды.

Элективті курс және ағылшын тілі пәндері аясында оқушыларды шығармашылық ойлау арқылы жаңа дүние немесе жаңа ой ойлап табу іс-әрекеттері үнемі тұрткі болатын сұрақтарды қою арқылы кезең-кезеңімен ұйымдастырылды. Оқушылар танымдық-мазмұндық үдерісінен кейін алған білімін тәжірибеде қолдану мақсатында оқушылар бірлесіп «креативті күнделік» жасап шығарды. Креативті күнделіктің мақсаты әр тараудан пайда болған идеяларды түртіп алып, оларды ары қарай дамыту болды. Күнделік шығармашылық ойды жүзеге асыруда екі бағыт бойынша құрылды:

1) Рефлексия кестесін толтыру

2) жаңа ойларды жинақтау және рәсімдеу кестесін толтыру.

Оқушыларға осы кестені толтыру кезінде әр сұраққа мұқият жауап беру мақсатында жеткілікті уақыт және түсінікті етіп нұсқаулық берілді. Жаңа тарау туралы пәндік білім берілмес бұрын, оқушылар тарау туралы өздерінің алғашқы білімін анықтау мақсатында жоғарыда сөз еткендей «кіріспе рефлексиясы» кестесін толтырды. Жаңа тақырып туралы ақпараттық танымдық көзқарас қалыптасқаннан кейін оқушылар «үдеріс рефлексиясы» кестесін толтырды. Ал, соңғы «прогресс рефлексиясы» арқылы оқушылар жаңа тақырып аясында теория мен тәжірибені біріктіріп, толық меңгеру нәтижесін көрсетіп қана қоймай, оқушылардың тарау бойынша тұжырымы немесе өзіндік шығармашылық жетістігін көрсетті (Қосымша II).

Кесте 16 - Әр тарау аясында оқушылардың өз іс-әрекеттеріне есеп беру кестесі

Кіріспе рефлексиясы

Мен мұны білемін бе?	Ол маған қажет пе?	Тәжірибеде қолдана аламын ба?

Үдеріс рефлексиясы

Не түсіндім?	Қандай сұрақтар туындады?	Сұрақтарға жауап бере алдым ба?

Прогресс рефлексиясы

Қандай ой түйіндедім?	Тәжірибеде қалай қолданамын?	Сәл өзгертсем қандай жаңа дүние пайда болады?

Прогресс рефлексиясының соңғы бөлігіндегі «Сәл өзгертсем қандай жаңа дүние пайда болады?» деген сұраққа жауап беру арқылы оқушылар жаңа шығармашыл ой немесе заттың пайда болғанына таңданысты, бір-бірлерінің ойларымен бөлісіп, пікір алмасты. Осы туындаған жаңа ойды жинақтап, рәсімдеу кезеңіне өткенде оқушылар ашық сұрақтар тізбегімен танысып, жазбаша түрде жауап берді. Рәсімдеу кезеңі төмендегі кесте арқылы жүзеге асты:

Кесте 17 - Оқушылардың әр тарауда туындаған жаңа идеяны/затты/ рәсімдеу кестесі

Жаңа идея/зат/ туралы жалпы ақпарат	
Мақсаты не?	
Несімен ерекшеленеді?	
Жаңа идея/ заттың/ бағыты	
Қандай мәселені шешеді?	
Кімдерге арналған?	
Жаңа идеяны/затты/ жүзеге асыру	
Қалай жүзеге асырылады?	
Қандай құралдар мен техника қажет?	
Аяқтау мерзімі қандай?	
Жаңа идеяның/ заттың/ тиімділігі мен пайдасы	
Қандай артықшылығы бар?	
Қаржылық тұрғыдан тиімді ме? Қоғамға қандай пайда әкеледі?	

Бұл үдеріс оқушылар пәннің аясында да, өз бетінше орындайтын тапсырмалар ретінде сыныптан тыс уақытта жүзеге асты. Тоқсанның аяғанда оқушылар жинақталған идеяларды түрлі форматта сыныпта қорғады. Оқушыларға түрлі форматта қорғауға болатындай таңдау еркіндігін беріп, төмендегідей түрлерін ұсындық:

-эссе жазу, әңгіме құрастыру

-рөлдік ойындар

-шығармашылық альбом

-видеоролик, подкаст немесе деректі фильм түсіру

-ақпаратты түсінікті және нақты түрде жеткізуде интербелсенді тақта мен флипчартты пайдалану арқылы кестелер, графиктер және бейнелерді пайдалану;

-Ақпаратты түрлі слайд жасау платформалары мен жасанды интеллект негізінде презентация жасауға көмектесетін құралдар көмегімен баяндау: Google Slides, Prezi, Canva, PowerPoint Online, Slidebean; TED talk, тележүргізуші, радио форматында немесе Youtube, Instagram, Facebook, Tiktok платформаларында үш тілде: қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде контент жасау;

-Түрлі ойын элементтерін: интербелсенді викториналар, kahoot, Quizlet, wordwall платформалар пайдалану арқылы сабақта қолдану;

-Gallery walk (Ойлар шеруі)

-Talk show (Сұхбат шеруі)

Алайда, эксперимент кезеңде үздіксіз «рефлексия кестесін» толтырып отыру алғашқыда сәтсіз болды. Себебі, оқушылар жазуға құлшыныс танытпай, ауызша жауап бергенді мақұл көріп, жазуға құлық танытпады. Біз белгілі бір жетістікке жету жолында іс-әрекеттерін үздіксіз жазып отыру- үнемі оң нәтиже беретіндігін Брайан Трейсидің «нақты жазбаша мақсаттары бар адамдар қысқа уақыт ішінде өздері ойлағаннан да әлдеқайда көп нәрсеге қол жеткізеді» деген қанатты сөзі арқылы оқушыларды қайтадан жазуға бағыттап жібердік. Кейін бірте-бірте оқушылар іс-әрекеттерін үздіксіз жазып отыруды дағдыға

айналдыра бастады. Тіпті шығармашылық ойларын жазатын өздері жасап шығарған «шығармашылық күнделікке» шығармашылық іс-әрекеттерін үздіксіз сол күнделікке түртіп алып жүрді.

Бұл іс-әрекеттің орындалу аясын қадағалау бізге оңайға соқпады. Себебі, гаджет дәуіріндегі оқушыларға арнайы күнделік арнатып, ішіне қолмен жазғызу айтарлықтай қиын болды. Біз үнемі шығармашылықты дамытуда қолмен жазудың пайдасы көп, яғни, ми мен дененің арасындағы байланыс күшті болуы керек екенін, қолмен жазу кезінде қол мен ми арасындағы синхрондық байланыс моторлық дағдыларды арттыратындығын айтып отырдық. Сондай-ақ, жазу кезінде мидың әртүрлі бөліктері белсенді түрде жұмыс істегендіктен бұл өз кезегінде ақпаратты жақсы қабылдауға, түсінуге және оны меңгеруге көмектесетіндігін ескердік. Соның нәтижесінде оқушылар жекелеген фактілер мен идеяларды байланыстырып, жаңа бір ойдың туындауына жағдай жасайтындығын дәлелмен келтірдік.

Оқушылардың ойлап тапқан жаңа идеясына немесе өніміне арнайы бағалау критерийлері қойылмады. Себебі, алдын ала құрылған критерийлер оқушылардың ойлау ауқымын тарылтып жіберуі мүмкін, әрі бұл оқушылардың қателесуіне мүмкіндік бермейді. Кез-келген идеяға нақты критерийлер қойылса оқушылардың ойлап тапқан дүниесі бір-бірлеріне ұқсас болып кетуі мүмкін еді. Сол себептен оларға еркіндік беріліп, жаңа тосын шешімдер ұсынуына жағдай жасалынды. Бұл деген сөз оқушылардың элективті курс аясында орындалған іс-әрекеттері назардан тыс қалды деген сөз емес. Біз сыныпта оқушылардың әрбір іс-әрекетіне сындарлы кері байланыс беріп, дамыту керек тұстарын ескертіп отырдық. Оқушылардың *шығармашылық іс-әрекеттеріне* арнайы критерийлер арқылы жеке, жұптық және топтық бағалау жұмысы жүргізілді.

Төмендегі кестеде оқушылардың шығармашылық идеясы/өнімі/ жүзеге асқанға дейін орындалатын іс-әрекеттерінің сапасына өзіндік баға беру критерийлері келтірілген. Оқушылар кестені «v» құсбелгісімен немесе «+» белгісімен толтырғаннан кейін жұппен, топпен бірге талқылады. Соңында мұғалім қорытынды бағасын беріп, оқушылардың даму аймағын анықтап берді.

Кесте 18 - Оқушылардың шығармашылық идеясы жүзеге асқанға дейін орындалатын іс-әрекеттерінің сапасын өлшеу кестесі

Өлшемдер	Жоғары деңгейде	Орта деңгейде	Төмен деңгейде
1	2	3	4
Мәтіндегі негізгі ойды анықтап, талдай алды	Мәтіндегі негізгі ойды дәл анықтап, оны нақты мысалдармен дәлелдеп, толық талдау жасады.	Мәтіндегі негізгі ойды анықтап, жалпы талдау жасады, бірақ дәлелдері мен байланыстары жеткіліксіз.	Мәтіндегі негізгі ойды анықтай алмады немесе тек үстірт талдау жасады.
Рефлексия кестесіне нақты әрі толық жауап	Рефлексия кестесін барлық тармақтары бойынша нақты және	Рефлексия кестесін негізгі тармақтар бойынша жауап беріп	Рефлексия кестесін толтыру барысында жауаптар нақты емес

1	2	3	4
бере алды	толық жауаптармен толтырды, мазмұны терең әрі дәйекті.	толтырды, бірақ кей жерлерінде толықтық пен нақтылық жеткіліксіз.	немесе кей тармақтары бос қалдырылған
Топтық жұмыста белсенді болды	Топтық жұмыс барысында тұрақты түрде белсенділік танытып, идеялар ұсынып, басқа мүшелерге қолдау көрсетті.	Топтық жұмысқа араласып, кейде белсенділік танытты, бірақ өз үлесін үнемі жеткіліксіз дәрежеде қосты.	Топтық жұмысқа сирек қатысып, белсенділік танытпай, топтың жұмысына аз үлес қосты.
Жаңа идеяны рәсімдеу кестесін толықтай толтырды	Жаңа идеяны толық, нақты, әрі креативті түрде дәлелдермен және нақты мысалдармен түсіндірді.	Жаңа идеяны жалпы түсіндірді, бірақ дәлелдері мен мысалдары жеткіліксіз немесе толық емес.	Жаңа идеяны түсіндіруде қиындықтар бар, идеяның мазмұны анық емес және мысалдары жоқ.
Ойлап шығарған идеясы/заты туралы толық мәлімет бере алды	Идеясы/заты туралы толық, нақты және жүйелі мәлімет бере алды.	Идеясы/заты туралы негізгі мәліметтерді берді, бірақ кейбір тұстары толық емес.	Идеясы/заты туралы мәлімет жеткіліксіз немесе түсініксіз болды.

Элективті курстың екінші бөлімінде оқушылардың шығармашылық тәжірибедегі алты қадамы бойынша атқарылған іс-әрекеттердің сапасы жоғарыдағы кестеде келтірілген критерийлері мен дискрипторлары оқушыларға шығармашылық іс-әрекеттерді тиімді ұйымдастырып қана қоймай, келешекте сол іс-әрекеттерді жетілдіруге бағыттауын жоспарды түзеді. Осылайша өз-өзіне сындарлы кері байланыс беруіне мүмкіндігіне ие болады. Біз өз зерттеуімізде сындарлы кері байланысты ұйымдастырудың механизмін:

1-қадам. Оқушылар бағалау кестесімен танысады, ондағы әрбір іс-әрекеттерге келтірілген дискриптарын оқиды және түсінеді.

2- қадам. Өзін – өзі бағалауы. Оқушылар: «менің тұстарым өте сәтті шыққан. Себебі,» және «менің..... тұстарым ақсап тұр. Неліктен?» деген сұрақтарға жауап жазады. Өз іс-әрекеттерінің қайсысы кестеде келтірілген критерийлерге сай келетіндігін/келмейтіндігін анықтайды.

3- қадам.Досының/мұғалімнің сындарлы кері байланысы. Оқушының ең алдымен жетістіктерін атап өтіп, жақсарту керек тұстарын белгілейді.

4- қадам. Оқушының кері байланысты түсіну мен әрекет етуі. Мұғалімнің немесе досының берген кері байланысын тыңдайды, қай тұсы жақсы және қай тұсын жетілдіру керектігін белгілейді, сондай- ақ, келесі жобаларда жетілдіру бойынша жоспар құрады (мәселен, келесі жолы мен презентацияма аудио

немесе видео таспасын қосамын және т.б.) деп келтірдік. Осы айтылған іс-әрекеттер төмендегі сурет арқылы көрініс табады.



Сурет 25 - Сындарлы кері байланысты ұйымдастырудың механизмі

Элективті курстың соңғы бөлімі оқушылардың шығармашылық іс-әрекеттерге құлшынысын арттыруға бағытталған тақырыптарды құрайды. Ең алғашқы тақырып «Сенің сөзің – сенің әлемің». Сөйлеу техникалары мен түрлері және жаттығу арқылы ойды нақты жеткізуге шабыттандыру бойынша біз ағылшын тілі пәнімен кіріктіріп, оқушылардың оқыған мәтін бойынша түсінігін, көзқарасы мен сыни пікірін дамыту мақсатында «Оқылым дағдысын арқылы оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту» атты авторлық технологиямызды қолдандық.

Біздің зерттеу жұмысымызға қатысқан 8- сынып аралығындағы оқушылар болғандықтан, олардың жас ерекшелігіне орай мәтіннің түрі таңдалды, яғни, орта көлемді әңгіме немесе жаһанда болып жатқан оқиғаларға қатысты мәтін (мәтіннің күрделілігіне орай бөліп жатқан себебіміз, бұл технология барлық 7-11 сынып аралығындағы оқушыларға арналып жасақталған. Мәселен, 7 сынып оқушылары қысқа әңгімелер, 8 сынып оқушылары әңгімелер, 9 сынып оқушылары мақалалар және 10-11 сынып оқушылары ғылыми мақалалар) оқуды ұсынылды. Бұл технологияның нақты орындалу алгоритмі оқушыларға алдын ала түсіндірілді. Кейін сынып үдерісінде оқушылармен бірге ұйымдастырылды. Ұтымды сәттерін қалдырып, тиімсіз тұстарына өзгерістер енгізілді. Бұл іс-әрекет екі бағытта жүзеге асты: *үй тапсырмасы* және *сынып жұмысын орындау* арқылы.

Үй тапсырмасы ретінде орындалатын іс-әрекеттер тізбегі. Оқушылар үй тапсырмасы ретінде өздері қалаған кез-келген мәтінді таңдап, мәтін ішіндегі

7-8 сынып оқушылары үшін кемі 5 жаңа сөздерді (9-10 сынып оқушылары үшін кемі 10 сөз, 11 сынып оқушылары үшін ең кем дегенде 15 жаңа сөздерді) сөздік дәптерлеріне жазады. Жазған жаңа сөздерге 7-8 сынып оқушылары қазақша баламасымен, қосымша мысалдар келтіреді (9-11 сынып оқушылары ағылшынша түсіндірмесін беріп, қасына синонимдерін келтіріп, мысалдармен береді). Мәтіндегі жаңа сөздердің мағынасы түсінікті болған соң, мәтінді оқып ол туралы толық түсінік қалыптастырады. Мәтіннің мағынасын толық игерген бойда оқушылар жазған жаңа сөздерді пайдалана отырып, түсінік айтуға дайындалады. Ең кемі 4 рет өзіне түсінік айтып жаттығады.

Сынып жұмысында орындалатын іс-әрекеттер тізбегі. Сыныпта оқушылар жұптасып отырады, оқушы А және оқушы Б деген екі рөлге ие болады. Ең алдымен, әр оқушы 2 мин ішінде мәтіндегі жаңа сөздермен бірін-бірі таныстырып, түсіндіреді. Алғашқы 4 минут аяқталған соң, оқушылар жаңа сөздерді қолдана отырып, 3 минут уақыт аралығында мәтінді қасындағы досына баяндап береді. Уақыт аяқталған соң, «шығармашылық кезеңге» қарай жылжиды. Яғни, оқушылар алдын ала берілген сұрақтар төңірегінде мәтінге анализ жасап, басқа да мәтінде айтылмай қалған тұстарын ашады. Берілген уақыт әр оқушыға 2 минут. Оқушыларды сын тұрғысынан ойландыратын сұрақтар 7-8 сынып оқушылары үшін: «Егер сен кейіпкердің орнында болсаң не істер едің?», «Әңгімеде не айтылмай кеткен, сен не қосар едің?», «Оқиғаны қалай аяқтар едің?», «Егер кейіпкермен бетпе-бет келіп қалсаң не сұрар едің?» (9-11 сынып оқушылары үшін «Зерттеудің негізгі нәтижелері немесе қорытындылары қандай?» «Зерттеудің контекстін өзгерткенде қандай нәтижелер пайда болу мүмкін?» «Бұл зерттеуді келешекте қалай тереңдетуге болады?») деген сұрақтар қамтылды. Шығармашылық кезең аяқталған соң соңғы 1 минут уақыт жұптарға бір-біріне арнай үлестіріме қағазы арқылы кері байланыс жасауға беріледі. Ал, мұғалім бұл іс-әрекеттер үдерісінде оқушылардың кері байланыс беру парағының толтыруын қадағалайды. Қажет болған жағдайда мәтінге қатысты сұрақтарды да қоюына болады. Кері байланыс төмендегі кестедей құрылған:

Кесте 19 - Мәтінге байланысты іс-әрекетте оқушылардың бір-біріне кері байланыс беру кестесі

Досыңыздың есімі	(кері байланыс алушы есімі)
Мәтіннің атауы қандай?	(досының түсіндірген мәтін атауы)
Қандай жаңа сөздер қолданды?	(қолданған жаңа сөздер)
Қолданбаған жаңа сөздер саны қанша?	(тізімде көрсеткен қолданбаған жаңа сөздер саны)
Мәтіннен не ұнады?	(мәтіннің ұнаған бөлігі)
Қандай шығармашылық ой айтылды?	(мәтіннен түйген шығармашылық ойы)

Біздің пайымдауымызша, бұл технология оқушылардың тек (тыңдалым, жазылым, айтылым және оқылым) тілдік дағдыларын жетілдіріп қана қоймай, өзара білім алмасу арқылы түсініктерін тереңдетуге мүмкіндік береді. Сондай-

ақ, уақытты тиімді басқару, өз-өзіне есеп беру, мәтінге талдау жасай отырып, шығармашылық ойлау қабілетін арттыруға мүмкіндік береді. Төменде аталған іс-әрекеттердің тізбегін сурет арқылы беруді жөн көрдік.

Үйде орындалатын іс-әрекеттер

1. 7-сыныптар үшін- қысқа әңгіме. 8 сыныптар үшін-әңгіме. 9 сыныптар үшін-мақала, 10-11 сыныптар үшін ғылыми мақала таңдайсыз.
2. Мәтіннен 7 сыныптар үшін кемі 5 жаңа сөз, 8 сыныптар үшін- кемі 10 сөз, 9-11 сыныптар үшін кемі-15 сөз дәптеріңізге жазыңыз.
3. Мәтінді мұқият оқыңыз.
4. Жаңа сөздерді пайдаланып, мағынасын қысқаша баяндап көріңіз.
5. Кемі 4 рет өзіңізге түсінік айтыңыз

Сыныпта орындалатын іс-әрекеттер

1. Өз жұбыңызды табыңыз
2. А және Б рөлдерін бөліп алыңыздар
3. Өзіңіздің жаңа сөздеріңізбен өз досыңызды таныстырыңыз. Берілетін уақыт-2 минут.
4. Бір-бірлеріңіздің жаңа сөздеріңізді жазып алыңыздар.
5. Жаңа сөздерді пайдалана отырып, бір-бірлеріңізге түсініктеріңізді айтып беріңіздер. Берілетін уақыт- 3 минут.
6. Досыңыз түсінік айтқан кезде қолданған жаңа сөздерін белгілеп отырыңыз.
7. Кері байланыс беру қағазын толтырыңыз.
8. Сұрақтарға жауап бере отырып, шығармашыл ойды келтіріңіз. Берілетін уақыт-3 минут.
9. Досыңызға кері байланыс беріңіз. Берілетін уақыт- 1 минут

Сурет 26 - Оқылым дағдысын жетілдіру арқылы оқушыларды шығармашылық ойлауға бағыттайтын іс-әрекеттер тізбегі (авторлық технология)

Оқушылардың шығарған жаңа ойды немесе өнімді таныстырудың тиімді техникалары. Оқушылар өз ойын тыңдаушы мен оқырманға нақты, әрі түсінікті етіп жеткізуде америкалық спикер, «McKinsey and Company» компаниясының кеңесшісі Barbara Minto- ның «Pyramid Principle» қағидасы ұсынылады [213, с. 5]. Бұл қағида оқушылардың ойын жинақтап, ұсынатын жаңа идеясын немесе өнімін сенімді, әрі жүйелі түрде таныстыруына мүмкіндік беретін негізгі үш логикалық құрылымды береді:

1 құрылым- Ең басты идея немесе түйінді ойды беру (Main idea);

2 құрылым- Бастапқы идеяны қолдайтын 2-4 қолдаушы ойлар, тұжырымдар (Supporting ideas) келтіру;

3 құрылым – Нақты деректер арқылы дәлелдемелер ұсыну (Arguments).

Төменде бейнеленген пирамиданың «жоғарыдан төмен» («top down» – қорытындыны айтып, кейін дәлелдерді келтіру) және «төменнен жоғары» («bottom up» - алдымен деректер мен фактілерді келтіріп, соңында қорытынды беру) садақшасы көрсеткендей, жинақталған ойды екі түрлі жолмен баяндау мүмкіндігін көрсетеді.



Сурет 27 - Barbara Minto's «Pyramid Principle» қағидасы

Сонымен қатар, оқушылардың шығармашылық ойлауы мен өз ойын еркін әрі логикалық жеткізу қабілеттерін жүйелі түрде дамытуда британдық философ және лингвист Paul Grice –тың «Grice's Maxims» атты қағидаларын да ұсынуға болады [214,р. 155]. Ең алғашқысы «Мөлшерлік қағидасы»- нақты, қажетті мөлшерде жеткілікті ақпарат беру болса, келесі - шынайы расталған ақпарат беруге үндейтін - «Шындық қағидасы». Үшіншісі – «мағыналық қағидасы» - тақырыпқа сай келетін тұжырымдар келтіру, соңғысы – «Түсініктілік қағидасы» - яғни, ойды қарапайым, түсінікті әрі жүйелі тілде түсіндірумен байланыстырады.

Назар мен жадыны дамыту. Оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту бағытталған шығармашылық үдерісте олардың ішкі және сыртқы алаңдатушылық факторларға елендемей, қажетсіз ақпаратқа бой алдырмай, маңызды ақпаратқа қана назарын қоюдың маңыздылығы орасан. Сондай-ақ, бұрынғы білімдер мен жаңа идеяларды үйлестіруде олардың есте сақтау қабілетін арттыру арқылы жүзеге асатындығы белгілі. Назар – шығармашылық үдерістің қозғаушы күші болса, есте сақтау – шығармашылық үшін ақпарат қоймасы ретінде қызмет атқарады. Сондықтан өз зерттеуімізде оқушылардың назарын бір арнаға ұстау және есте сақтау қабілеттерін шыңдау жұмыстары да ұйымдастырылып, төмендегідей әдістер ұсынылады:

Кесте 20 - Оқушылардың назарын және жадысын дамытуға бағытталған әдістер жиынтығы

Әдістер	Ұйымдастырылуы	Назар	Жады
1	2	3	4
«Он саусақ»	Жаңа сөздерді жаттауда қолданылады. 10 саусаққа 10 жаңа сөздер тағайындалады (әр саусаққа тағайындалған сөздер ауыспауы тиіс), рет-ретімен (1 ден 10 ға дейін) немесе кездейсоқ саусақтар (2,7,9,10...) көрсетіліп, оқушылар жаңа сөздерді қайталайды.	+	+
«Әр оқушы-бір сөз»	Жаңа сөздерді жаттауда қолданылады. Әр оқушы жаңа сөздерді таңдап алып, дауыстап айтады. Жанында отырған оқушы алдын айылған жаңа сөзді айтып алып, өзінікін қосады. 12 оқушы-12 жаңа сөз айтуы керек. Оқушы реттілігі сақталып, сөздер қайталанады немесе кез-келген оқушыны мұғалім көрсетіп, сол оқушының айтқан жаңа сөзін еске түсірту арқылы күрделендіруге болады.	+	+

20 – кестенің жалғасы

1	2	3	4
«Random word»	Тақтада 4 түрлі бір-біріне мүлдем үйлеспейтін сөздер көрсетіледі. Сол сөздерді байланыстыру арқылы жаңа идея ұсыну керек	+	+
«Story cubes»	Кубиктің әр бетіне суреттер бейнеленген. Оқушы кубикті лақтырып, көрініп тұрған суреттерді байланыстырып, оқиға құрайды.	+	+
«Visualization + recall»	Оқушылар 1 минут көзді жұмып мұғалімнің тапсырмасы бойынша оқиғаны немесе бейнені қиялдап, елестетеді. Визуалды есте сақтай отырып, суретін салады немесе баяндап береді	+	+

Шығармашылық жобаны жүзеге асыруда уақытты тиімді пайдалану мен ұйымдастырудың техникалары.

Командалық жобаларды жүзеге асыруда Jeff Sutherland және Ken Schwaber ойлап тапқан «SCRUM» әдісі ұсынылады [215,р. 5]. Мәселен, белгілі бір жобаны алты оқушы жасап шығарады десек, алты оқушы ішінара топшаларға немесе жеке дара бөлініп жобаны іске асыруда әртүрлі рөлдерге ие болады (мысалы, идея ұсынушы, ұйымдастырушы, суретші, дизайнер және т.б.). Содан кейін нақты спринттерге (қысқа уақыттық кезеңдерге) бөлінген міндеттерді атқарады. Күнделікті 5 минуттық кездесулер ұйымдастырып, қандай іс-әрекеттер жасалынды, қандай қиындықтар орын алды және ол қиындықтарды еңсеруде қандай түзетулер енгізілу қажет сынды сұрақтар талқыланады. Жоба соңында оқушылар атқарған жұмыстарын ортаға салып, кері байланыс алады. Талдау және жетілдіру кезеңінде оқушылар жұмыс үдерісін талдап, нені жетілдіру керектігін анықтайды. Осы әдіс төмендегі сурет арқылы жүзеге асады:



Сурет 28 – Оқушылардың жобалық жұмысын тиімді ұйымдастыруда «Scrum» техникасының жүзеге асу үдерісі

Оқушылардың жобаны топпен бірге орындауда Gantt диаграммасының да маңызы зор. Орындалатын тапсырмаларды ретпен диаграммада орналастырып, жұмыс жоспарын нақты күндерге, айларға бөліп, кім, не істейді, қашан бастайды, қанша уақыт істейді және қашан аяқтайды – осыларды көрсетіп тұрады.

Мәселен, «Күн ыстықта жаяу жүргіншілерге арналған жаңа өнімді ұсыну» жобасына арнайы құрылған Gantt диаграммасын кесте түрінде көрсетейік:

Кесте 21 – Жобаны тиімді ұйымдастыруда Gantt диаграммасы

Тапсырма	Басталу күні	Аяқталу күні	Ұзақтығы	Жауаптылар
Идеяны ойлап табу	1 сәуір	4 сәуір	4 күн	Дидар
Суретін салу (Дизайнын жасау)	5 сәуір	6 сәуір	2 күн	Айым
Үлгісін жасау (прототип)	7 сәуір	10 сәуір	4 күн	Барлығы
Жобаны қорғауға дайындық	11 сәуір	14 сәуір	4 күн	Барлығы

Бұл техниканың көмегімен оқушылар жобаны орындауда уақытты тиімді басқарады әрі өз жұмыстарын жоспарлап, реттеуге үйренеді. Сондай-ақ, топтық жұмыста оқушылардың жауапкершілігі байқалып, ынтымақтастығы артады. Алға қойған мақсатқа жетуде сындарлы кері байланыс орнатып, өзін және

өзгені бағалауға үйренеді. Нәтижесінде қиялдан нақты іске көшу үдерістерін түсініп, сапалы өнім жасап шығаруда кедергілерді оңай еңсеретін болады.

Оқушылардың шығармашылық іс-әрекеттерде олардың құлшынысын арттыруда біршама оқытудың әдістері пайдаланылды. Енді солардың әрқайсысына жеке – жеке тоқтайлық.

«*Case study*» әдісі. «Интернет алаяқтарға қарсы әрекет» тақырыбына байланысты оқушыларды төрт топқа бөліп, әртүрлі кейстер ұсынылды. Ең алдымен оқушыларды сабақтың мақсаттарымен таныстырып, интернет алаяқтардың түрлері мен олардың қолданатын әдістерімен миға шабуыл әдісі және сыни ойлау сұрақтарын жиі қоя отырып баяндалды.

Интернет алаяқтардың іс-әрекеттерімен таныс болғаннан кейін әртүрлі мысалдары бар кейстер әр топқа берілді. Оқушылар өз бетінше алаяқтардың әдісі, қылмыс қалай жүзеге асады және алаяқтардың тұзағына түсіп қалмаудың жолдары туралы мәтінді оқып, кейін топта бірге талқылады. Бұл тақырып бойынша мазмұндық ақпаратқа ие болған соң, оның қыр-сырын зерделеу мақсатында оқушыларға мынадай түрлі шығармашылық тапсырмалар ұсынылды:

- жаңа сөздерді пайдалана отырып *әңгіме құрастыру*;
- «Кибералаықтардың өсуі: оның себептері және жеке адам мен қоғам оған қалай қарсы тұра алады» тақырыбында *эссе жазу*;
- «Кибералаықты алдын алу мемлекет жауапты ма, әлде жауапкершілік негізінен әр адамға немесе компанияға артылуы тиіс пе?» тақырыбы аясында *пікірсайыс (дебат)*;
- «Жасөспірімдерді интернет алаяқтықтан қалай сақтауға болады?» деген тақырыпта *дөңгелек үстел* әдісі арқылы пікірталас жүргізу.

Әр тапсырманың мақсаты, міндеттері, бағалау критерийлері мен орындалу аясы туралы нақты нұсқаулар туралы ақпарат жазылған конверт үстелдің үстіне қойылды. Оқушылар өздеріне ұнаған әдісті таңдай отырып, шығармашылық тапсырманы орындады.

Нәтижесінде дөңгелек үстел мен дебатты таңдаған оқушылар саны жазылым дағдысына бағытталған жазбаша әңгіме құрастыру мен эссе жазу әдістерінен анағұрлым көбірек болды. Осы шығармашылық іс-әрекеттер әр сабақтың практикалық кезеңінде жүзеге асты. Алдын-ала берілген бағалау критерийлері арқылы оқушылар бірін-бірі бағалады. Осы аталған шығармашылық іс-әрекеттеріне кері байланыс берген оқушылардың тұжырымы бойынша интернет алаяқтықтың түрлері күннен күнге көбейіп бара жатқандығын және ақпараттық сауаттылықты күшейту арқылы кез-келген алаяқтардан сақтануға болатындығын аңғардық.

Осы секілді түрлі формадағы оқыту мен тиімді әдістер арқылы оқушылардың сабақ үдерісінде шығармашылық іс-әрекеттерге қатысуға қызығушылығын артып қана қоймай, жеке өмірінде өзін және өзгелерді алаяқтардан қорғау және алдын алу шараларын қодануды үйретуге болатындығын түсіндік.

Элективті курс аясындағы ақпараттандыру кезеңі - *талқылау мен пікірталас жүргізу әдістерін* қолдану арқылы жүзеге асты. Мұндай сабақтарда әрбір оқушы тақырып аясында қарастырылатын мәселелерді талқылауға тең дәрежеде қатысты. Ал, мұғалім, көбіне оқушылардың жұмысын бағыттаушы, ойын қорытындылаушы, оқушылардың іс-әрекеттерінің сапасын анықтаушы және шешілуі тиіс түйінді мәселелерді оқушыларға қайта бағыттай отырып, бірге шешуші қызметін атқарды. Біз, элективті курс жұмысының жүйесін 2.2 тараушада талдап өткен болатынбыз.

Осы мақсатта, біз элективті курс барысында өткізілген сабақтарды төмендегідей формаларда ұйымдастырдық:

- элективті курс бағдарламасында жоспарланған тақырыптар бойынша әңгіме құру, өзара пікір алмасу;
- топтар арасында пікірталас өткізу;
- оқушылардың пікірлерін тыңдап, талдау жасау;
- үлкен топтарда дөңгелек үстел өткізу;
- дидактикалық ойындар ұйымдастыру;
- рольдік және іскерлік ойындар ұйымдастыру;
- тренингтер ұйымдастыру.

Элективті курсты жүргізудің жоғарыда аталып өткен формаларына жеке-дара тоқталатын болсақ, оқушылар арасында сабақ тақырыптары аясында *әңгіме құру және өзара пікір алмасу әдістері* – оқушылардың өзге оқушыларды тыңдау арқылы олардың пікірін бағалай отырып, өзіндік көзқарасын дамытуға және өзіндік ұстанымдарын аргументтер мен шынайы өмірден алынған мысалдар келтіре отырып дәлелдеу дағдыларына оңды ықпал етті.

Элективті курс сабақтарының аясында ұйымдастырылған *пікірталастың* нәтижесінде пайда болған көзқарастағы қарама – қайшылықтар немесе ұқсастықтар пікірталастың нәтижесінде белгілі бір мәселе төңірегінде ақиқатқа апарды. Мұндай әдіс тұлға ретінде қалыптасып келе жатқан оқушылардың қоғамның түрлі саласындағы мәселелер жайлы ойға шомуының нәтижесінде шығармашылық әлеуеттерінің дамуына түрткі болды.

Оқушылар пікірталаста өздерінің құрдастарымен қарым-қатынаста еркін ерудің нәтижесінде өзіндік көзқарастары мен ұстанымдарын қалыптастырды. Сонымен қатар, өз ақиқаттарын өзгенің ақиқатымен салыстыру арқылы шығармашыл ойлауға ерік берді. Осылайша, бұл әдіс оқушылардың шығармашылық қабілеттерін жетілдіріп, олардың еркін ойлау, өзара пікір алмасу, өз пікірлерін дербес түрде жеткізу сынды сапаларының қалыптасуына жағдай жасады.

Әсіресе, бүгінгі сандық технологиялар мен роботтану дәуірінде адамдардың да жұмысбасты болып, ақпарат көзі ретінде тек жетілген техникаларды пайдалануы қазіргі қоғамның шығармашылыққа деген сұранысын тудырып отыр. Технология қанша дамығанымен, мәселенің бәрі техниканың көмегімен шешілуі мүмкін емес, сондықтан мұндай жағдайлар адам баласының шығармашылығын, креативтілігін талап етеді және тек шығармашыл тұрғыда ойлаудың нәтижесінде кез-келген мәселенің шешімі

табылады. Олай болса, ақиқат пен мәселенің шешіміне бастайтын мұндай шараларды оқушылар арасында топтық пікірталас ретінде ұйымдастырудың артықшылықтары көп деп ойлаймыз. Яғни, біздің ойымызша, пікірталас – жеңілу немесе жеңіске жету деген мағынаны емес, кез-келген мәселенің ақиқатына жету деген мәнге келіп саяды. Сондықтан да, пікірталастың мақсаты қалайда жеңіп шығу емес, оқушылардың біріге отырып, ортақ шешімге, мәмілеге келуі және ұсынылған проблеманың түйінін шешу жолында бірлесе жұмыс істеу екендігін жадымызда ұстағанымыз жөн.

Оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытуда элективті курс бағдарламасының негізінде ұйымдастырылған *дөңгелек үстел тәсілі* де өте тиімді әдістердің бірі болып саналды. Дөңгелек үстел барысында оқушылар талқыланып жатқан мәселе төңірегінде өз ойларын ортаға салды. Оқытудың мұндай тәсілінде оқушылар белгіленген реттік кезекпен немесе кез келген тәртіппен сөз алды. Әдетте 5-10 минут арасындағы уақыт шамасын құраған пікірталасқа бөлінген уақыт тәмамдалғаннан соң, оқушылар талқылау нәтижелерін саралай отырып, ортақ мәмілеге келді, ортақ шешім қабылдады. Сондай-ақ тақырыпқа байланысты кері байланыс жүргізе келе қорытынды тұжырымдарын жасады. Осының нәтижесінде табиғатынан ұяң балалар да өз ойларын ашық түрде ортаға салды. Бұл олардың шығармашылық тұрғыдан бір қадам алға жылжығанынан белгі берді.

Дөңгелек үстел тек үлкен топтарды қамтымай, сынып кабинеттерінде бір мезетте бірнеше шағын топтардан құралған дөңгелек үстел формасындағы пікірталас ретінде де жүріп отырды. Элективті курстың аясында біздің ұйымдастыруымызда оқушылар арасында дөңгелек үстел өткізіліп, оқушылардың шығармашылық әлеует жайлы ойларын талқыға салуға түрткі болды. «Менің мықты және әлсіз тұстарым. Шығармашыл тұлғаның бойындағы қасиеттері мен сапалары» және «Мен де шығармашыл тұлғамын! Шығармашыл тұлғаның ерекшеліктерін саралау» тақырыптарына сай өткізілген дөңгелек үстелдің мақсаттары мен міндеттері келесідей болды:

- оқушыларды шығармашылық әлеуеті бойында айқындалатын оқушыларға тән негізгі ерекшеліктермен таныстыру.
- оқушылар арасында шығармашылық әлеуетті сипаттайтын ерекшеліктерді анықтау
- оқушыларды шығармашылық әрекетке ынталандыру және олардың шығармашылық белсенділігін арттыру;
- оқушылардың ғылыми ақпараттармен өз бетінше жұмыс жасау дағдыларын жетілдіру, алынған мағлұматтарды сұрыптау, талдау жасау сынды дағдыларын қалыптастыру, дербес түрде шешім қабылдау және тұжырымдар жасай білу, сондай-ақ өз көзқарастарын ауызша және жазбаша түрде ұғынықты тілмен және дәйекті аргументтермен баяндай білуге бағыттау;
- оқушылар арасында өзін-өзі басқару дағдыларын қалыптастыру.

Жоғарыда қамтылған мақсаттар мен міндеттерге жету жолында, оқушылар дөңгелек үстелге жайғасты. Пікірталас жоғарыда көрсетілген «Шығармашыл тұлға ерекшелігі» төңірегінде өрбіді. Оқушылар өз ойларын шынайы өмірмен

байланыстыра отырып, қазіргі қоғамдағы шығармашылық әлеуеті қалыптасқан тұлғаның моделін, яғни имиджін жасап шығарды. Оқушылардың пайымдауынша, шығармашыл тұлғаның бойында төмендегідей қасиеттер мен ерекшеліктердің болуы шарт:

- өз ойын еркін жеткізе біледі;
- сыннан қорықпайды;
- сынды алға жылжу құралы ретінде қабылдайды;
- өз бетінше ізденеді, білім алады;
- ақпарат ағымында ұтымды жұмыс жүргізе біледі;
- кез-келген мәселеге жаңаша көзқараспен қарау қабілетіне ие;
- сұрақтың жауабын немесе мәселенің шешімін табуда бұрыннан белгілі үлгілерге сүйенбейді, өзінің шешімін ұсынады;
- кез-келген мәселеге байланысты өз көзқарасын субъективті емес, объективті ойлаудың нәтижесінде қалыптастырады.

Осылайша, оқушылар дөңгелек үстел формасында шығармашыл тұлғаның имиджін жан-жақты талдай отырып, ортақ шешімге келді, ортақ тұжырымдамаларын жасай білді.

Біз жүргізген элективті курс барысында шығармашылық әлеуетті дамытуға бағытталған оқыту әрекетінің тиімді ұйымдастыру әдістерінің бірі – *дидактикалық ойындар әдісі* болып табылды.

Жалпы, педагогика саласында зерттеу жүргізген ғалымдардың көпшілігі ойынды «оқыту формасы» ретінде қабылдау – оқушылардың бойындағы шығармашылық әлеуетін дамытудың бірден бір тиімді тәсілі деген пікір білдіреді. Әсіресе рөлдік және іскерлік ойындар оқушылардың өздерін басқа адамдардың орнына қоя отырып, мәселені тереңінен зерттеулеріне және қарастырылып отырған мәселеге басқа тараптардың көзімен қарай отырып, объективті шешім қабылдауына жағдай жасайды.

Ғылыми әдебиеттерде, «Ойын» инсценировка ұғымымен алмасып, әрекеттердің спектакль түріндегі болмысын меңзейді. Ал рөлдік ойындардағы «рөлдік» сөзі ойын қатысушыларының белгілі бір рөл сомдайтындығын және бұл рөлдің басқа рөлдермен тығыз қарым – қатынаста болатындығын білдіреді.

Жалпы, оқу үрдісінде ойынды барынша ұтымды пайдалану келесі талаптардың қаншалықты сақталуына байланысты болады, яғни олар: оқушыларды қиял сезіме еліктіретін жағдайдың, нақты жоспардың болуы және ойын ережелерін балаларға ұғынықты тілмен түсіндіре білу.

Ал рөлдік ойын барысында, оқушылардың мінез-құлық ерекшеліктері тек өздеріне ғана мәлім болады. Еркін рөлдік ойын барысында оқушылар қандай лексиканы қолданатындарын, өздеріне ұсынылған тақырып немесе жағдаят бойынша қандай аспектілерді қозғайтындарын өз беттерінше шешеді.

Сонымен, жоғарыда аталған рөлдік ойындардың артықшылықтарын басшылыққа ала отырып, біз жүргізген элективті курс бағдарламасының аясында кейбір сабақтар рөлдік ойын элементтерін қамтыды. Мұнда оқушылар пікірталас немесе дөңгелек үстелдегідей тек өз түсініктері мен өз қарастарын, ұстанымдарын ғана алға тартпай, өздерін өзгелердің орнына қою арқылы

қарастырылған мәселеге басқа тараптардың да көзқарастарын түсіне білуге және ұстана білуге ынталандырылды.

Бұл әдіс оқушылардың бойында жинақталған теориялық білімді тәжірибе барысында меңгеру және қолдану дағдыларын жетілдірді. Сонымен қатар рөлдік ойындар арқылы оқушылар өздерінің теориялық білімдерін қолдана отырып, мәселенің мән-жайын терең ұғынуда өздерінің шығармашылық әлеуетін дамытады. Зерттеуіміздің эксперименттік бөлімінде рөлдік ойын элементтері қолданылған сабақтың құрылымын мына кесте арқылы көрсетеміз (кесте 22).

Кесте 22 - Рөлдік ойын элементтері қолданылған сабақ құрылымы

Ұйымдастыру кезеңі			
Әдіс- тәсілдер	Әрекет түрі	Қажетті жабдықтар	Уақыт шамасы
Топқа бөлу	Мозайка құрастыру бойынша топқа бөлу		2 мин
Сергіту сәті. «Тілегім саған арналады»	Оқушылар алдымен өздеріне тілек айтып, содан соң оң жағында тұрған сыныптасына жақсы тілек тілейді.		3 мин.
Миға шабуыл.	Шығармашылық әлеует дегеніміз не? Нағыз шығармашыл тұлға бейнесі дегенді қалай түсінесің?	Флипчарт, маркер	5 мин
Талқыланатын тақырып ұсыну	«Робин Гуд» шығармасындағы шығармашыл тұлға бейнесі қандай? Бұл шығармада қандай шығармашылық стильдер байқалады?		5 мин
Жаңа ақпаратты алу кезеңі			
Рөлдік ойын		Әр кейіпкерлердің рөлін сомдау, өз кейіпкеріне мінездеме беру. Сұрақтардың жауабы флипчартқа сурет салу арқылы көрсетіледі. Топта қорғалады.	
1 топ	Шығарманың бастапқы бөлімі		Рөл сомдау - 15 мин
2 топ	Шығарманың ортаңғы бөлімі		
3 топ	Шығарманың соңғы бөлімі		Талдау - 15мин
	Қорытындылау Шығармадағы нағыз шығармашыл тұлға бейнесі кімнен көрінді? Қандай шығармашылық стильдерді байқадыңдар?		6 мин
Білімді қолдану кезеңі			
Жеке жұмыс	Эссе жазу Рөл сомдау барысында өзіңіздің қандай шығармашылық қабілеттеріңізді көрсете немесе дамыта алдыңыз?	Эсселер сынып кабинетінің қабырғаларына ілінеді.	4 мин
Бағалау	Кері байланыс.		2 мин

Сонымен қатар, оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту мақсатына сәйкес элективті курсты ұйымдастыру барысында оқушылардың жас ерекшеліктерін және психологиялық ерекшелігін ескере отырып, олардың іскерлік дағдыларын арттыру әрқашан да маңыздылығын жойған емес. Н.В. Ключева мұндай мақсатта оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың *тренингтерді* тиімді қолдану арқылы іске асатынын тілге тиек етеді [216, р. 8].

Тренинг ағылшын тілінің «training, train» сөзінен құралған, яғни қазақша баламасы «оқыту, тәрбиелеу» деген мағынаға саяды. Бұл әдіс оқушылардың теориялық білімдерімен қатар әлеуметтік дағдыларын да белсенді түрде дамытуда тиімді әдіс болып саналатын оқыту формасы. Тренингтерді оқыту үрдісінде қолданудың басты мақсаты – оқушылардың бойындағы шығармашылық әлеуетті дамытуға кедергі келтіретін келеңсіздіктерді жою, оқушылардың жауапкершілікті сезінулері мен өзіндік ішкі мүмкіндіктерін түсінулеріне, өз бетінше ойланып, өз бетінше шешім шығаруларына ынталандыру болып табылады. Қорыта айтқанда, тренингтер оқушы бойында келесідей қабілеттерді дамытады:

- әлеуметтік – психологиялық білімді қиындықсыз игеру;
- айналасындағылармен дұрыс қарым-қатынас орната алуды үйрену;
- өз бетінше шешім қабылдай білетін, толыққанды тұлғаның қалыптасуына ықпал ету.

Сондықтан да мұндай тренингтерді жүргізуде таңдалынған тақырыпқа байланысты «шығармашылық әлеует деген не?», «шығармашылыққа тән қасиеттер қандай болуы керек?» деген сынды мәселелерді терең қарастыруға болады. Себебі, белсенді әрекет негізінде ұйымдастырылатын тренингтер оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытуға мүмкіндік берудің бірден бір жолы деген ойдамыз (психологиялық дайындық кезеңінде жүргізілген «Өзіңе сен марафоны» мен жылыту кезеңіндегі «Шығармашылық қателіктер фестивалі» тренингтері туралы ақпарат берген болатынбыз):

Жалпы, алдыңғы тарауда қарастырылған элективті курс бағдарламасы мен «Шығармашылық серпін» оқу-әдістемелік құралында келтірілген жаттығуларды орындау - оқушылардың көзқарасында біршама өзгерістер қалыптастырды.

Олар ең алдымен шығармашылық әлеует ұғымының мәнін терең түсініп, оның бірқатар артықшылықтарымен танысты. Осының нәтижесінде, өз бойларында шығармашылық әлеуетті өз бетінше дамытуға, яғни, өздерінің жасырын қорларын, ішкі мүмкіндіктерін ашуға деген ынталары қалыптасты. Осы тұста біз эксперимент жұмысының нәтижелерін іс жүзінде бақылау және оның тиімділігін, өнімділігін тексеру үшін оқушылар арасында тағы бір сауалнама жүргізген болатынбыз. Ол сауалнаманың нәтижесін диссертациямыздың соңғы бөлімі 3.3 Эксперименттік-тәжірибелік жұмыстардың нәтижесінде қарастыратын боламыз.

3.3 Бақылау экспериментінің нәтижелері

Зерттеу жұмысы бойынша бақылау кезеңінің мақсаты – тәжірибелік-эксперименттік жұмысының нәтижелерін анықтау. Зияткерлік мектептерде оқушының шығармашылық әлеуетін дамытуға бағытталған педагогикалық-психологиялық әдістемелер жүйесінің тиімділігін жүзеге асыруға бағытталған.

Зерттеу жұмысының қалыптастырушы экспериментінде біз бағдарламаға сәйкес оқушылардың шығармашылық әлеуетінің өзгеру динамикасын анықтауды жөн көрдік.

Оқушылардың шығармашылық әлеуетінің өзгерісін бақылау мақсатында біз алғашында алған сауалнамаларды және әдістемелерді қайта жүргіздік. Эксперименттен кейінгі көрсеткіштер зияткерлік мектептердегі оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытуға бағытталған жұмыстардың тиімділігін толыққанды растады.

Экспериментке дейінгі және эксперименттен кейінгі пайыздық көрсеткіштерді салыстыра отырып, біз зияткерлік мектептердегі эксперимент тобындағы оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытуда айтарлықтай нәтижеге қол жеткізгенімізге куә болдық.

Осы тұста оқушылардың шығармашылық әлеуетін мектеп қабырғасында көрсете алуы жайлы сауалнама нәтижелерін талдау барысында келесі басым болған айқындамаларға тоқталуды жөн көрдік:

- оқушылардың шығармашылық әлеуеті көбіне әлеуметтік жұмыстармен айналысқанда көрініс табады;
- оқушылардың шығармашылық әлеуетінің көріністері формалды емес формада байқалады. Яғни, оқушылар ғылыми жұмыстармен айналысқанда немесе өз бетінше жобалар жасағанда олардың шығармашылыққа етене жақын араласатындығы байқалады;
- жоғарғы сынып оқушылары өз бойларындағы шығармашылық әлеуетінің көріністерін формалды емес формада көреді. Олар шығармашылық әлеуеттерінің қалыптасу мүмкіндіктерін үздік оқумен, ғылыми жұмыстармен айналысуымен, өз бетінше ізденумен, жеке жобаларды жасаумен байланыстыра отырып белгілейді.

Сауалнама нәтижелері арқылы оқушылардың шығармашылық әлеуетін оқу үрдісінде дамытудың маңызы ғана емес, оны сыныптан тыс уақытта одан әрі жетілдірудің маңыздылығы айқындалды. Оқушылардың басым көпшілігі өз бойларындағы шығармашылық әлеуетін дамытуға назар салудың, сондай-ақ, оны одан әрі жетілдіруге бағытталған арнайы сабақтар мен тренингтерге және іскерлік немесе рөлдік ойындарға қатысудың маңыздылығын толықтай қолдады.

Зияткерлік мектептеріндегі 8 сынып оқушыларының шығармашылық әлеуетінің танымдық-мазмұндық, іс-әрекеттік және мотивациялық компоненттерін тәжірибелік-эксперименттің нәтижесін анықтауда әдістемелер («Паул Торренстің шығармашылық ойлау» тесті, Кайциер, Мэйер және Олкиннің «шығармашылық әлеует деңгейін анықтау тесті» - КМО тесті, «Барлетт тесті», А. Тэйлор тарапынан ұсынылған «Күнделікті қарым-

катынастағы шығармашылық әлеуетті анықтау әдістемесі» және оқушылардың зияткерлік мектептерде шығармашылық әлеуетін дамыту деңгейін анықтау мақсатында 11 сұрақтан тұратын сауалнама) пайдаланылды. Бұл сауалнамалар зияткер оқушылардың шығармашылық әлеуетінің өз өмірлік тәжірибелеріне маңыздылығын түсіндіруге арналды.

Ең алдымен зияткерлік мектептерде оқушылардың шығармашылық әлеуетінің эксперименттен кейінгі даму деңгейін анықтау мақсатында 11 сұрақтан тұратын сауалнаманың нәтижелерін талдайық (қосымша М).

Алғашқы сұрақ «Шығармашылық» деген терминнің дұрыс анықтамасын анықтауға қойылған еді, экспериментке дейін ЭТ топ оқушылары 24,5% -ы бұл сұраққа дұрыс жауап берсе, эксперименттен кейін бұл көрсеткіш 80%-ға жетіп, 55,5%-ға өскендігін көрсетеді. Демек, өз идеяларын жасап шығаруға ұмтылатын тұлға болуға деген қызығушылықтарының пайда болғандығын байқауға болады. Ал, бақылау тобында айтарлықтай үлкен өзгеріс бола қоймаған, бұл көрсеткіш бастапқы деңгейінен 16,5% ға дейін ғана көтерілген.

Екінші «Шығармашылық әлеуеттің» сипаттарын атай аласыз ба?» деген сұрақтың мәнін дұрыс анықтай алған ЭТ оқушыларының көрсеткіші 64,8%- дан 94%- ға, ал БТ оқушыларының деңгейі 56,5%- дан 66%- ға сәл-ақ өскен. Бұл ЭТ оқушылардың «Шығармашылық әлеует» ұғымын тереңірек түсінгенін және оның сипаттарын ажырата алатын деңгейге жеткенін көрсетеді.

Үшінші «Сіз қай бағыттағы шығармашылықпен айналысқыңыз келеді?» деген сұраққа жауап берген респонденттердің жауаптарын талдайтын болсақ, экспериментке дейін ЭТ оқушылары үш қана түрлеріне басымдық берген еді (командалық спортпен айналысу немесе топтық іс-шараларды ұйымдастыру, күрделі басқатырғыштар мен мәселелерді шешу және жаңа тілдерді үйрену). Эксперименттен кейін байқағанымыздай, басқа да шығармашылық іс-әрекеттерге мәселен, сурет салу, жазу (әңгімелер, өлеңдер, т.б.), музыкалық аспапта ойнау, қолөнер (DIY жобалары, тоқу және т.б.), сандық мазмұнды жасау (бейне өңдеу, графикалық дизайн және т.б.), орындау өнері (би, актерлік және т.б.) қызығушылық танытқан.

Төртінші сұрақ оқушыларды шығармашылыққа ынталандыратын факторларды анықтау болатын. Экспериментке дейін оқушылар тәуекелге бару, үнемі өзіне кері байланыс бере отырып, жаңа нәрселерді сынап көру секілді аспектісі ЭТ-та 25,8% болса, эксперименттен кейін бұл көрсеткіш 37%-ға көтерілгендігін аңғардық. Біз бұл нәтижеден элективті курс бағдарламасында ұсынған әдіс-тәсілдерімізді білім мен тәрбие мазмұнында пайдаланғанымыздың оң нәтижесі деп білдік.

Эксперименттен кейінгі оқушылардың шығармашылықтың түрлерін толық атай алғанын бесінші сұрақтың жауабынан көз жеткіздік (ЭТ –та 72,8- болса, эксперименттен кейін бұл көрсеткіш 100%-ға артқан. БТ-да бұл 81%-дан 89% ға ғана көтерілген).

Қандай үйірмелерге қатысатындықтарын анықтайтын алтыншы сұрақтың нәтижесін саралайтын болсақ, ешқандай үйірмеге қатыспайтын оқушылардың саны 15%-ға кеміген. Яғни, үйірмелерге қатысу қызығушылығы оянған

оқушылардың саны біршама артқандығын аңғардық. «Қандай пәндерді сіз терең мән беріп қызыға оқисыз, неліктен?» деген жетінші сұрақтың жауаптарын талдай отырып, барлық жауапты таңдағандар пайызы ЭТ 1,25%-дан 8%-ға артқан. Информатика пәніне қызығушылығы артқан оқушылардың 6,22%- 9%-ға, өнер 3,3%-дан 5%-ға, жаратылыстану 24,9%-дан 28%-ға артып, математика мен гуманитарлық ғылымдар пәндерінің пайыздық мөлшері кеміген. Нәтижесінде оқушылар өз бойындағы шығармашылық әлеуетін пәндер аясында анықтай алып, қабілеттерін сынап көргендігі байқалды. Неліктен оқушылар таңдаған пәндерін ұнататындығын қайта салыстырғанымызда, оқушылардың басым бөлігі сол пәндердің мұғалімдері сабақты өте қызықты, әрі тартымды өтетіндігімен түсіндіргендер саны 42,3%- дан 65%-ға көтерілген. Демек, сол пәндердің мұғалімдері өз сабақтарында зерттеудегі әдіс-тәсілдер мен оқыту формаларының қолданылуының оң нәтиже бергендігін көрсетеді.

Сонымен қатар, мектепте үйірмелер түрлерімен таныс немесе таныс еместігін (сегізінші сұрақ) және сол үйірмелерге қатысу/қатыспаудың себептерін (тоғызыншы сұрақ) экспериментке дейін және эксперименттен кейін нәтижелерінен келесілерді анықтадық: мектеп ұсынатын барлық үйірмелер түрлерімен таныс оқушылардың саны артты. Сол үйірмелерге қатысу көрсеткіштерін анықтағанымызда экспериментке дейін «қатысамын, себебі маған мектептегі үйірмелер ұнайды» деп жауап берген оқушылардың саны ЭТ-та 29,1%-дан 52%-ға артқан. Бұл көрсеткіш БТ-да 25,8%-дан 27%-ға ғана көтерілген. Ал, керісінше «қатысқанмын, бірақ маған кейін ұнамай кетті» деген оқушылардың саны экспериментке дейін көрсеткіштен едәуір азайған (ЭТ-12,9%-24%, ал БТ-14,9%- 13%). Ал, «қатыспаймын, себебі уақытымды сабақтарға бөлгенім дұрыс» деген оқушылардың саны 36%-дан 17%-ға кеміген. Біз бұл нәтижелерден эксперименттік тәжірибеден өткен уақытты ұтымды басқару, оқушылардың үнемі шығармашылық іс-әрекеттеріне күнделігіне кері байланыс жазып, өзін үнемі дамыту және т.б әдіс-тәсілдердің оң ықпалын аңғарамыз.

«Белгілі бір тапсырманы орындауда ерекше етіп жасау үшін адам қандай қабілетке ие болуы керек?» оныншы сұраққа экспериментке дейін оқушылардың көпшілігі тек бір-екі түрлерін ғана атап өткен еді. Ал, эксперименттен кейін бұл сұраққа оқушылар біз анықтаған білімділікке және іс-әрекетке негізделген сапалар түрлерін келтіре отырып, толық жауап берген.

Оқушылардың шығармашылық әлеуетінің дамыту факторының бірі – оқушының қандай да бір рөлде болып, өзін –өзі дамытуға талпыну. Осы үдерістің жүзеге асыруын көру үшін сауалнамада «Топтық жұмыста сіз көбінесе қандай рөлді атқарасыз?» деген соңғы сұраққа экспериментке дейін нәтижеде «көшбасшы, идея генераторы және орындаушы» рөлдері басымдау келіп еді. Ал, эксперименттен кейін бұл рөлдерді атқаруға қалау танытқан оқушылардың саны ЭТ оқушылары көшбасшы- 22%-дан 35%-ға, идея генераторы 38,5%- дан 42%-ға көтерілсе, бақылаушы позициясын алғысы келетіндер саны 4,1%-дан 9%-ға артқан. Сондай-ақ, сыншы рөліне ие болып,

сыни пікірлер мен аналитикалық талдау іс-әрекетінде қалау танытқан оқушылардың саны едәуір 1,2%- дан 10%- ға көтерілген.

Енді біз ұсынған оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың элективті курс бағдарламасының тиімділігін оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың танымдық-мазмұндық, іс-әрекеттік және мотивациялық компоненттерінің эксперименттен кейінгі нәтижесін саралайық.

Ал, енді төменгі кестеде зерттеу жұмысымызда біз анықтаған ОШӘД үш компоненттерінің ЭТ және БТ эксперименттен кейінгі даму деңгейінің жалпы көрінісі ұсынылды.

Кесте 23 – Оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың танымдық-мазмұндық, іс-әрекеттік және мотивациялық компоненттерінің ЭТ және БТ-ның қалыптастыру экспериментінің нәтижелері

Компоненттер	Жоғары деңгейі		Орташа деңгейі		Төменгі деңгейі	
	128	113	128	113	128	113
Танымдық-мазмұндық компоненті	85 (67%)	58 (52%)	37 (28,5%)	24 (21,5%)	6 (4,5%)	31 (26,5%)
Іс-әрекеттік компоненті	78 (61%)	45 (40%)	40 (31%)	33 (29%)	10 (8%)	35 (31%)
Мотивациялық компоненті	85(67%)	55 (49 %)	38 (30%)	38(33 %)	5 (3%)	20 (18 %)
Жалпы орташа пайызы	83/65%	52/ 47%	38/30%	31/28%	7/5%	30/25%

Паул Торренстің «Шығармашылық ойлау тесті» арқылы оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың танымдық-мазмұндық компоненті бойынша қалыптастыру экспериментінің нәтижелері анықталды.


Кесте 24 - Оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың танымдық-мазмұндық компонентін қалыптастыру экспериментінің нәтижелері

Қатысушы саны, сыныбы	Жоғары деңгей	Орта деңгей	Төменгі деңгей
Эксперименттен кейінгі эксперимент топ нәтижелері			
8- сынып 128 оқушы	85 (67%)	37 (28,5%)	6 (4,5%)
Эксперименттен кейінгі бақылау топ нәтижелері			
8- сынып 113 оқушы	58 (52%)	24 (21,5%)	31 (26,5%)

Оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың танымдық-мазмұндық компонентін қалыптастыру экспериментінің нәтижесі ЭТ-тың жоғары деңгейі 67%, орта деңгейі- 28,5%, төменгі деңгейі- 4,5% болды.

Кесте 25 - Оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың танымдық-мазмұндық компоненті бойынша экспериментке дейінгі және эксперименттен кейінгі нәтижелері

Қатысушы саны, сыныбы	Жоғары деңгей		Орта деңгей		Төменгі деңгей	
Экспериментке дейінгі және кейінгі <i>эксперимент топ</i> нәтижелері						
8- сынып 128 оқушы	53 (41,5%)	85 (67%)	34 (26,%)	37 (28,5%)	41 (32,5%)	6 (4,5%)
Экспериментке дейінгі және кейінгі <i>бақылау топ</i> нәтижелері						
8- сынып 113 оқушы	51 (45,5%)	58 (52%)	24 (21,5%)	24 (21,5%)	38 (34%)	31 (26,5%)



Сурет 29 - Оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың танымдық-мазмұндық компонентінің экспериментке дейінгі және эксперименттен кейінгі нәтижелері

Жоғарыдағы 24-суреттен көретініміз, оқушылардың жалпы шығармашылық жайлы, оның ішінде шығармашылық әлеует жайлы білімдері толыққан, түсініктері қалыптасқан және қабылдаулары артқан. Нәтижесінде оқушылардың шығармашылық әлеуетінің танымдық-мазмұндық компоненті бойынша жоғарғы деңгейге жеткен оқушылар саны 31,5 пайызға, орта деңгейдегі оқушылар саны 0,5 пайызға артса, ал төменгі деңгейдегі оқушылар саны эксперименттен кейін 31 пайызға азайған. Бұл көрсеткіштер біз жүргізген эксперименттік жұмыстың тиімділігін толықтай растайды.

Барлетт және КМО тестінің сұрақтары бойынша оқушылардың шығармашылық әлеуетінің іс-әрекеттік компонентін тәжірибелік-эксперименттен кейін нәтижесін анықтау тұжырымының сипаттамаларына сәйкес келетіндігін анықтайтын боламыз.

Барлетт тесті 1-ден 5-ке дейінгі шкала бойынша анықталды. Оқушылардың

іс-әрекеттерін тестте берілген 16 тұжырымға сәйкес келетіндіктері анықталды. Оқушылардың басым көпшілігі өз бойларындағы іс-әрекеттік қабілетін дамытуға назар салудың, сондай-ақ, оны одан әрі жетілдіруге бағытталған белсенділігін, идеяларды ойлап табуға және талдау жасау, жаңа құралдар мен әдістерді сынап көрудің маңыздылығын түсінді. Бұл іс-әрекеттік компонентін дамыту процесі біз ұсынған білім мазмұны мен тәрбие мазмұны аясында тәжірибеден өтті.

Оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың танымдық-мазмұндық компонентінің құралы ретінде 2.3 бөлімдегі 8-кестеде айтып өткендей Кайциер, Мэйер және Олкиннің «шығармашылық әлеует деңгейін анықтау тесті» - КМО тестін тест сұрақтары арқылы оқушылардың әрекетінде олардың шығармашылық әлеуеті қаншалықты көрініс табатынын анықтау мақсатында пайдаландық.

Кесте 26 - Оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың іс-әрекеттік компонентін қалыптастыру экспериментінің нәтижелері

Қатысушы саны, сыныбы	Жоғары деңгей	Орта деңгей	Төменгі деңгей
Эксперименттен кейінгі эксперимент топ нәтижелері			
8- сынып 128 оқушы	78 (61%)	40 (31%)	10 (8%)
Эксперименттен кейінгі бақылау топ нәтижелері			
8- сынып 113 оқушы	45 (40%)	33 (29%)	35 (31%)


Оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың іс-әрекеттік компонентін қалыптастыру экспериментінің нәтижесі ЭТ-тың жоғары деңгейі 61%, орта деңгейі- 31%, төменгі деңгейі- 10% болды.

Кесте 27 - Оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың іс-әрекеттік компоненті бойынша экспериментке дейінгі және эксперименттен кейінгі салыстырмалы талдауы

Қатысушы саны, сыныбы	Жоғары деңгей		Орта деңгей		Төмен деңгей	
Экспериментке дейінгі және кейінгі эксперимент топ нәтижелері						
8- сынып 128 оқушы	38 (30%)	78 (61%)	24 (19%)	40 (31%)	66 (51%)	10 (8%)
Экспериментке дейінгі және кейінгі бақылау топ нәтижелері						
8- сынып 113 оқушы	40 (35%)	45 (40%)	30 (27%)	33 (29%)	43 (38%)	35 (31%)

Оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың іс-әрекеттік компонентін зерттеу жұмысымыздың нәтижесін көрнекі түрде 25-суретте диаграмма арқылы ұсынамыз. Диаграмма оқушылардың шығармашылық

әлеуетінің дамуының іс-әрекеттік компоненті экспериментке дейінгі және эксперименттен кейінгі қалыптасу нәтижесін көрсетеді.



Сурет 30 - Оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың іс-әрекеттік компонентінің экспериментке дейінгі және эксперименттен кейінгі қалыптасу нәтижесі

Жоғарыдағы 25-суреттен көретініміз, оқушылардың шығармашылық іс-әрекеттерді жүзеге асыра білу дағдылары артқан. Нәтижесінде шығармашылық іс-әрекеті компоненті бойынша жоғары деңгейге жеткен оқушылар саны 40 пайызға артқан, орта деңгейдегі оқушылар саны 16 пайызға көтерілген, ал төмен деңгейдегі оқушылар саны 50 пайызға азайған. Бұл көрсеткіштер жүргізілген эксперимент жұмысының тиімділігін толық растайды.

Оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамуының мотивациялық компонентін зерттеу жұмысымыздың нәтижесін көру мақсатында А.Тэйлор сауалнамасының алынған сандық мәліметтен біз оқушылардың басым көпшілігі өз бойларындағы мотивациялық қабілетін дамыту, оны одан әрі жетілдіруге бағытталған әрекеттер мен уақыттарды талдау, ашық болу керектігі мен жауапкершіліктің маңыздылығын түсінгендігін аңғардық. Оқушылардың шығармашылық әлеуетінің мотивациялық компонентінің дамуын экспериментке дейінгі және эксперименттен кейінгі көрсеткіштерін төменде келтірілген кестемен ұсынамыз (кесте 28).

Кесте 28 - Оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың мотивациялық компонентін қалыптастыру экспериментінің нәтижелері


Қатысушы саны, сыныбы	Жоғары деңгей	Орта деңгей	Төменгі деңгей
Эксперименттен кейінгі эксперимент топ нәтижелері			
8-сынып 128 оқушы	85(67%)	38 (30%)	5 (3%)
Эксперименттен кейінгі бақылау топ нәтижелері			
8- сынып 113 оқушы	55 (49 %)	38(33 %)	20 (18 %)

Оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың мотивациялық компонентін қалыптастыру экспериментінің нәтижесі ЭТ-тың жоғары деңгейі 67%, орта деңгейі- 30%, төменгі деңгейі- 3% болды.

Кесте 29 - Оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың мотивациялық компонентінің экспериментке дейінгі және эксперименттен кейінгі салыстырмалы талдауы

Қатысушы саны, сыныбы	Жоғары деңгей		Орта деңгей		Төмен деңгей	
Экспериментке дейінгі және кейінгі эксперимент топ нәтижелері						
8 – сынып 128 оқушы	55 (43%)	85(67%)	41 (32%)	38 (30%)	32 (25%)	5(3%)
Экспериментке дейінгі және кейінгі бақылау топ нәтижелері						
8- сынып 113 оқушы	50 (44 %)	55 (49 %)	40 (36 %)	38(33 %)	23 (20%)	20(18 %)

Жоғарыда 27-кестеде келтірілген сандық мәліметтерді диаграмма жүзінде салыстырмалы түрде байқап көрейік.



Сурет 31 - Оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың мотивациялық компонентінің экспериментке дейінгі және эксперименттен кейінгі нәтижесі

Жоғарыдағы 26-суреттен біз оқушылардың шығармашылық әлеуетінің мотивациялық компонент деңгейі артқандығын байқаймыз. Шығармашылық мотивациялық компоненті бойынша жоғары деңгейге жеткен оқушылар саны 25 пайызға жетсе, орта деңгейдегі оқушылар саны 2 пайызға төмендеген, ал төмен деңгейдегі оқушылар саны 22 пайызға азайған. Бұл көрсеткіштер жүргізілген эксперимент жұмысының тиімділігін толық растайды.

Тәжірибелік-эксперимент жұмыстарының нәтижелерін сандық бағалау әдісі арқылы шығармашылық әлеуеттің қандай да бір деңгейіндегі оқушылардың пайыз түрінде көрсетілген көрсеткіштері арқылы іске асты. Ол үшін біз шығармашылық әлеуеттің даму деңгейін анықтау мақсатында келесі көрсеткіштерді қолдандық:

- оқушылардың шығармашылық әлеует деңгейінің сандық өсімінің орташа көрсеткіш (ОК), мұндағы а, b, с – шығармашылық әлеуеттің төмен, орта, жоғары деңгейлердегі оқушылар санының пайыз түріндегі көрсеткіші.

- оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамуының соңғы және алғашқы мәндерінің айырмашылығын көрсету үшін абсолютті өсім (G) көрсеткішін есептейтін формула арқылы жүзеге асады.

$G = P_{\text{соңғы}} - P_{\text{баст}}$ – көрсеткіштің бастапқы мәні. $P_{\text{соңғы}}$ – көрсеткіштің соңғы мәні. $K_{\text{эф}}$ – формуланы қолданып есептелінетін әдістеме тиімділігінің есептік көрсеткіші. $K_{\text{эф}} = \text{ОК (э)} / \text{ОК (б)}$, ОК (э) – эксперименттік топтың орташа көрсеткіш мәні. ОК (б) – бақылау тобының орташа көрсеткіш мәні. Экспериментті тексеру барысында эксперименттік топ оқушыларының шығармашылық әлеуетін дамыту деңгейінің өсудің сапалық көрсеткішін бақылау тобының оқушыларының алғашқы деңгейіне және шығармашылық әлеует деңгейін тексеру тиісті математикалық статистика әдістері арқылы жүргізіледі.

Эксперименттік және бақылау топтарында өткізілген эксперимент жұмыстарының нәтижесін салыстыру үшін χ^2 (хи квадрат) критерий әдісі пайдаланылды. Өлшеу шкаласындағы категориялардың санының аздығына байланысты, эксперимент барысында алынған мәндер 6 кесте түрінде жазылатын жағдай үшін алынған біржақты χ^2 критерийі пайдаланылды. Мұндағы 1-категорияға – «төмен» деңгейге; 2-категорияға – «орта» деңгейге; 3-категорияға – «Жоғары» деңгейге сәйкестендіріп алынды (30-кесте).

Кесте 30 - Тәжірибелік эксперимент нәтижесін статистикалық өңдеу

Оқушылар саны	Деңгейлер			Т
	Төмен	Орта	Жоғары	
$n_1 = 128$ (эксп.тобы)	$O_{11} = 7$	$O_{12} = 38$	$O_{13} = 83$	19,8
$n_2 = 113$ (бақ.тобы)	$O_{21} = 29$	$O_{22} = 32$	$O_{23} = 53$	
$N = n_1 + n_2 = 241$	$O_{11} + O_{21} = 36$	$O_{12} + O_{22} = 70$	$O_{13} + O_{23} = 136$	

Келтірілген кестедегі мәліметтерді қолданып нөлдік болжамды тексеру үшін математикалық статистикадағы мына формуланы қолданылады:

$$T = \frac{1}{n_1 n_2} \sum_{i=1}^C \frac{(n_1 O_{2i} - n_2 O_{1i})^2}{O_{1i} + O_{2i}} \quad (4)$$

Мұндағы O_{1i} және O_{2i} ($i=1,2,3$) эксперименттік және бақылау топтарындағы деңгей қорытындысындағы 3 категорияға сәйкес келетін оқушылардың саны. n_1 – эксперименттік топтардағы оқушылар саны, n_2 – бақылау топтардағы оқушылар саны. T – эксперимент нәтижесінің негізінде алынған критерийдің статистикалық мәні.

Категориялардың саны $C = 3$ екенін ескерсек, (1) формула мына түрге келеді:

$$\begin{aligned} T &= \frac{1}{n_1 n_2} \sum_{i=1}^C \frac{(n_1 O_{2i} - n_2 O_{1i})^2}{O_{1i} + O_{2i}} = \frac{1}{n_1 n_2} \sum_{i=1}^4 \frac{(n_1 O_{2i} - n_2 O_{1i})^2}{O_{1i} + O_{2i}} = \\ &= \frac{1}{n_1 n_2} \left[\frac{(n_1 O_{21} - n_2 O_{11})^2}{O_{11} + O_{21}} + \frac{(n_1 O_{22} - n_2 O_{12})^2}{O_{12} + O_{22}} + \frac{(n_1 O_{23} - n_2 O_{13})^2}{O_{13} + O_{23}} \right] \end{aligned} \quad (5)$$

Эксперимент барысында алынған қорытындыны (4) формулаға қойып, критерийдің статистикалық мәнін есептейміз.

$$T_{\text{бак}} = \frac{1}{128 \cdot 113} \left[\frac{(128 \cdot 29 - 113 \cdot 7)^2}{36} + \frac{(128 \cdot 32 - 113 \cdot 38)^2}{70} + \frac{(128 \cdot 53 - 113 \cdot 83)^2}{136} \right] = 19,8$$

Деңгейдегі мәнділік $\alpha=0,05$ және еркіндік дәрежесінің саны $\nu=C-1=3-1=2$ болғанда, статистикалық критерийдің шекті мәні $T: \chi^2_{1-\alpha} = 7,82$ болады. Осы мәнді ($T_{\text{крит}}$) эксперименттік нәтиженің негізінде алынған ($T_{\text{бак}}$) критерийінің статистикалық мәнімен салыстырамыз. Сонда ($T_{\text{бак}} > T_{\text{крит}}$) ($19,8 > 7,82$) нөлдік гипотеза $H_0: p_1 \leq p_2$ орындалмай, балама болжам $H_1: p_1 > p_2$ қабылданады [149, 285 б]. Бұдан біздің ұсынып отырған әдістемелік жүйемізді оқу үдерісіне кеңінен қолдануға болады деп тұжырым жасаймыз.

Экспериментке дейінгі және эксперименттен кейінгі пайыздық көрсеткіштерді салыстыра отырып, біз зияткерлік мектептердегі эксперимент тобындағы оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытуда айтарлықтай нәтижеге қол жеткізгенімізге куә болдық.

Осы тұста оқушылардың шығармашылық әлеуетін мектеп қабырғасында көрсете алуы жайлы сауалнама нәтижелерін талдау барысында келесі басым болған айқындамаларға тоқталуды жөн көрдік:

- оқушылардың шығармашылық әлеуеті көбіне әлеуметтік жұмыстармен айналысқанда көрініс табады;

- оқушылардың шығармашылық әлеуетінің көріністері формалды емес формада байқалады. Яғни, оқушылар ғылыми жұмыстармен айналысқанда немесе өз бетінше жобалар жасағанда олардың шығармашылыққа етене жақын араласатындығы байқалады;

- жоғарғы сынып оқушылары өз бойларындағы шығармашылық әлеуетінің көріністерін формалды емес формада көреді. Олар шығармашылық әлеуеттерінің қалыптасу мүмкіндіктерін үздік оқумен, ғылыми жұмыстармен айналысуымен, өз бетінше ізденумен, жеке жобаларды жасаумен байланыстыра отырып белгілейді.

Сауалнама нәтижелері арқылы оқушылардың шығармашылық әлеуетін оқу үрдісінде дамытудың маңызы ғана емес, оны сыныптан тыс уақытта одан әрі жетілдірудің маңыздылығы айқындалды. Оқушылардың басым көпшілігі өз бойларындағы шығармашылық әлеуетін дамытуға назар салудың, сондай-ақ, оны одан әрі жетілдіруге бағытталған арнайы сабақтар мен тренингтерге және іскерлік немесе рөлдік ойындарға қатысудың маңыздылығын толықтай қолдады.

Осылайша, шығармашылық әлеует жайлы алдыңғы тарауларда қозғалған теориялық тұжырымдар мен тәжірибелік-эксперименттік жұмыстарды есепке ала отырып, біздің ойымызша оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту жұмыстары келесідей оң нәтиже берді:

- шығармашылық әлеуеттері жайлы түсінігін ой елегінен өткізу тұлғаның бағдары болды;

- арнайы ұйымдасқан, танымдық-кәсіптік жағдаяттарға, шығармашылық әрекеттерде оқушылардың дербестігі, жасампаздығы және белсенділігі түрлі оқытудың формалары мен әдіс-тәсілдері арқылы қалыптасты;

- оқудан тыс шығармашылықты дамытатын авторлық «Шығармашылық серпін» оқу-әдістемелік құралында келтірілген жаттығуларды орындауға, шығармашылық және спорт үйірмелеріне, шаңырақ қауымдастыққа және мектепішілік іс-шараларға қатысу белсенділігі артты.

Сонымен қатар, эксперименттен сәтті өткен оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту әдістері мен тәсілдері тек эксперимент жүргізген мектеп деңгейінде ғана емес, зияткерлік мектептер желісі арасында да бірнеше конференция мен семинарлар аясында тәжірибе таратылды. Соның айғағы ретінде 2024 жылдың тамыз айында ұйымдастырылған желілік тамыз конференциясында «Дәлелденген кейс» номинациясын алуымыз (қосымша Д) және биылғы бітіруші түлектеріміздің ағылшын тілінің төрт дағдысы мен шығармашылық ойлау деңгейін анықтайтын халықаралық емтиханнан (IELTS) ортақ балы 7,5 ке жетті. Бұл мектебімізде бұрын соңды болмаған үлкен жетістік. Сондай ақ, оқушылардың шығармашылық әлеуетін барынша қажет ететін АҚШ-та және басқа елдерде ЖОО-на түсу емтихандарынан (SAT) жоғары ұпайларға қол жеткізді. Нәтижесінде эксперименттік топтағы 24 оқушының 9-ы еліміздің ең таңдаулы ЖОО на грантқа түссе, 11-і Назарбаев Университетіне, 4-і шетелдің ЖОО- на грантқа түскен. Оқушылардың сабақ үдерісінде оқушылардың шығармашылық іс-әрекеттерін арттыратын оқытудың

түрлі формалары мен әдіс-тәсілдерінің тиімділігі жөнінде бейнетаспаларымызды ютуб әлеуметік желіге де салдық (<https://www.youtube.com/watch?v=QRLfyemxtvU&t=256>).

Сонымен қатар мектебімізде бірқатар педагогтердің сабақтарына еніп, сабақ үдерісінде баланың шығармашылық ойлауы мен іс-әрекеттерін дамытудың біз ұсынған механизмдерімен бөлісіп, тәжірибеде қолдану енгізілді. Физика және жаһандық перспективалар пәндерінің мұғалімдері сабақ үдерісінде оқушыларды шығармашылық іс-әрекеттерге креативті журналды толтыру арқылы баулу оң нәтиже бергендігін алға тартты. Мәселен, физика пәні мұғалімі Абдикерова Ж. оқушылардың креативті журналды толтыруды әдетке айналдырудың арқасында оқушылар шығармашылық іс-әрекеттерді жүйелі түрде өз бетімен орындай алу қабілетіне ие болып, бала бойында біз көрсеткен шығармашылық сапалардың бірте-бірте пайда болғандығын алға тартты. Нәтижесінде физика пәнінен түрлі шығармашылық жобаларға ерікті қатысушылар саны артып, арасында жүлделі орындарға ие болған оқушылар да көптеп кездесті. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы филиалдарының оқушылары арасында жалпы білім беретін пәндер бойынша Республикалық ғылыми жобалар конкурсының желілік кезеңінің 2- орын жүлдегерлері атанды. Дипломдары қосымша Қ-да көрсетілген.

Шығармашылық әлеует өмірлік іс-әрекеттің шарттарына сәйкес өзгеретін оқушылардың бәсекеге қабілеттілігінің жоғарылауына көмектеседі. Мектеп оқушыларының бойындағы шығармашылық әлеуеттің дамуына жағдай жасау, білім берудегі қызмет көрсету нарығындағы бәсекелестікке қабілеттілік шарттарындағы саналы көзқарастың маңызы зор.

Осылайша эксперимент қорытындыларында оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту жоғарыда көрсетілгендей нақты өзгерістермен сипатталды.

Сонымен, осы тараушадағы эксперимент нәтижелері көрсеткендей, жоғарыдағы суреттер мен кестелердегі мәліметтер эксперимент тобында оқушы бойындағы, іс-әрекеттеріндегі, күнделікті қарым-қатынаста шығармашылық әлеуеттерінің дамығандығын көрсетеді. Бұл біз ұсынған ғылыми болжамның дұрыстығының дәлелі болып саналады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Зерттеу барысында алынған теориялық-әдіснамалық талдаулар мен алынған тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар негізінде төмендегідей ғылыми тұжырымдар жасауға болады:

- зияткерлік мектептердегі оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың теориялық негіздерін талдауда генезисін көрсету, шығармашылыққа қатысты адамзат тарихының даму кезеңдері қамтылды және оның философиялық аспектілері «жаңашылдықпен ойлаудың мәнін түсіндіреді»; психологиялық аспектілерінде «тұлғаның идея генерациясы, сонылығы мен ойлау икемділігі, зейіннің тұрақтылығы» деп сипатталады, ал педагогикалық аспектілерде «оқушылардың ішкі мүмкіндіктерін сыртқы көріністе белсенділігін дамытуға бағытталған іс-әрекеттер жиынтығы» деп талданады; зияткерлік мектептерде оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың әдіснамалық негіздерін *тұлғалық тұғыр, іс-әрекеттік тұғыр, синергетикалық тұғыр, шығармашылық тұғыр, өркениеттік тұғырлары* мен жүйелілік қағидасы, ғылымилық қағидасы, даралану мен түрлену қағидасы, креативтілік қағидасы, нейродидактикалық оқыту қағидалары құрады;

- «*әлеует* – берілген нүктедегі энергияны, кернеуді, қабілетті пайдалануға мүмкіндік беретін қуат көзі»; «*шығармашылық әлеует* - бұл тұлғаның ішкі мүмкіндіктері мен сыртқы орта жағдайларының өзара үйлесуінің нәтижесінде ойлаудың сонылығын және идеяларды генерациялауға мүмкіндік беретін нейродидактикалық құрылым»; «*зияткерлік мектептерде оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту* – оқушының ішкі ресурстарын сыртқы ортада жаңашылдыққа ұмтылдыруда, оның ойлау еркіндігі мен ойлау шапшаңдығын, концептуалдық бейімделгіштігі мен конструктивтік идеяларды жүзеге асырудағы нейропедагогикаға бағытталған үдеріс» деп нақтыланды;

- зияткерлік мектептердегі оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың ерекшеліктері: білім беру бағдарламасы, гендерлік оқыту тәсілі, үштілділік білім беру, пәнаралық байланыс, шетелдік мамандарының тартылуы, ЖОО-на түсу емтиндарына дайындығы, үйірмелердің қолжетімділігі, ағылшын тілі емтиханының міндеттілігі, ғылыми жұмыспен айналысу және олимпиадаға дайындық, «Жаһандық перспективалар және жобалық жұмыс» пәні, халықаралық стандартқа сәйкес келуі мен бағалау үдерісі деп анықталды. Әр ерекшеліктердің мән-мағынасы, атқаратын қызметі талданды.

- зияткерлік мектептердегі оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі *мақсаттық – тұжырымдамалық, теориялық – әдіснамалық, мазмұндық – процесуалдық және өлшемдік-нәтижелік* блоктардан және біздің зерттеуімізде шығармашылық әлеуетті терең әрі жан-жақты талдайтын, бір-бірімен өзара тығыз үйлесетін *мотивациялық, танымдық-мазмұндық және іс-әрекеттік компоненттер* және өлшемдер мен көрсеткіштері, жоғары, орта, төмен деңгейлері анықталған динамикалық байланыста жүзеге асырылды.

- зияткерлік мектептердегі оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың әдістемесі дайындалды, оның мазмұны 8-9 сынып оқушыларына арналған «Creative boost» бағдарламасы, «Шығармашылық серпін» оқу-әдістемелік құралынан тұрады. Оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытуға бағытталып, құрастырылған «Шығармашылық серпін» оқу-әдістемелік құралы әзірленіп, зияткерлік мектептердің оқыту үрдісіне ұсынылды, оқу бағдарламасына енгізіліп, оның тиімділігі зияткерлік мектептердегі оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың әдістемесінің тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жұмыстарда тексерілді.

Әзірленген диагностикалық құралдар эксперименттік топта оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытуда сапалы өзгерістер байқалды.

Зерттеу нәтижелерін саралай келе, зияткерлік мектеп оқушыларының шығармашылық әлеуетін дамытуда төмендегідей ғылыми негіздегі ұсыныстар берілді:

-зияткерлік мектептердің оқу жоспарына таңдау компоненті ретінде құрастырылған «Creative boost» элективті курсты, сонымен қатар зерттеу барысында әзірленген «Шығармашылық серпін» атты оқу-әдістемелік құралын мектеп бағдарламасына енгізу;

-оқушылардың шығармашылық жұмыстары мен оның нәтижелерін жобаға негізделген бағалауларды, соның ішінде оқушының жеке креативті журналы мен портфолиосын жүргізуді басшылыққа алу;

- зерттеу нәтижесінде алынған қорытынды жаңалықтарды зияткерлік мектеп желілері көлемінде оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту мәселесі төңірегінде мұғалімдерге арналған семинарлар мен дәрістер циклдарын ұйымдастыруда, мектеп мұғалімдеріне арналған біліктілікті арттыру курстарында қолдану;

- зияткерлік мектептерде ғылыми жобаға арналған тақырыптарды шығармашылық әлеует аясында толықтыру.

Зерттеу жұмысында оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту мәселелері күрделі, әрі тың болғандықтан, толығымен шешімін тапты деуге болмайды. Алдағы уақытта зияткерлік мектепте оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту технологияларын, механизмдерін, әдіс-тәсілдерін, компоненттерін жеке пәндер аясында дербес зерттеуді қажет етеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына жолдауы // <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-adiletti-kazakstannyn-ekonomikalyk-bagdary-atty-kazakstan-halkyna-zholdauy-18333> 01.09.2024.
- 2 Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 3 –бап 2 – тармақшасы жаңа редакцияда – ҚР https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319_ 30.12.2024.
- 3 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы өзгерістер енгізу туралы бұйрығы <https://adilet.zan.kz/kaz/archive/docs/V2500035670/> 23.01.2025.
- 4 «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ NIS-Programme білім беру бағдарламасы 2023 жылғы «10» тамыздағы шешімімен бекітілген, №37 хаттама, <https://www.nis.edu.kz/storage/files/01JSJ0AVR7P2Y52X34W1RDZ3WC.pdf> 10.08.2024.
- 5 «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының 2035 жылға дейінгі даму стратегиясы. - Астана, 2024. – Б. 30-34. <https://akt.nis.edu.kz/storage/files/01J1ZPVQAJMF3HHYMMHBRA7CWM.pdf> 30.04.2024.
- 6 Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2025 жылдың 14 наурызында IV Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзі: <https://quryltai.kz/kk/article/iv-zasedanie-natsionalnogo-kurultaya-sostoyalos-v-burabae> 17.06.2024.
- 7 «Назарбаев Университеті». «Назарбаев Зияткерлік мектептері» және «Назарбаев Қоры» мәртебесі туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 19 қаңтардағы, №394 – IV Заңы.
- 8 Блонский П. Гермес // Фрагменты Гераклита. - 1916. - Т. 18, №3. – Б. 58-67.
- 9 Клеванов А.С. Обзорение философской деятельности Платона и Сократа: с приложением. – М.: ЛИБРОКОМ, 2012. – Т. 13. - 298 с.
- 10 Аристотель. Сочинения. - М.: Изд. Мысль, 1976. - Т. 1. - 550 с.
- 11 Руссо Ж.Ж. Избранные педагогические сочинения. – М., 1979. – 553 с.
- 12 Гельвеций К.А. О человеке, его умственных способностях и его воспитании // Соч.: в 2 т. - М., 1974. - Т. 2. - 115 б.
- 13 Дидро Д. Избранные произведения. – М.: Государственное издательство художественной литературы, 1951. - 412 б.
- 14 Кант И. О педагогике // Трактаты и письма. - М.: Педагогика, 1980. – 210 с.
- 15 Фейербах Л. История философии. - М.: Знание, 2004. - 314 с.

- 16 Фихте И.Г. Избранные сочинения. - М., 1961. – Т. 1. - 369 с.
- 17 Әбу Насыр әл-Фараби Таңдамалы трактаттар. – Алматы: Ғылым, 1994. - 448 б.
- 18 Баласағұн Ж. Құтты білік / аударған А. Егеубаев. – Алматы, 1986. - 87 б.
- 19 Гилфорд Дж. Проблема одаренности. – М., 1923. - 135 б.
- 20 Тейлор К. Развитие и диагностика способностей. – М.: Наука, 1991. – 120 с.
- 21 Торренс П. Педагогика: основные положения курса: справочное пособие. – М.: Театра-Системс, 1999. - 128 б.
- 22 Рубинштейн С.Л. Основы общей психологии // В 2 т. – М.: Педагогика, 1998. - Т. 1. – 448 с.
- 23 Leontiev A.N. Activity and consciousness // Epistemology & Philosophy of Science. – 2010. – Vol. 25, №3. – P. 135-153.
- 24 Загвязинский В.И. Педагогическое творчество учителя. – М.: Педагогика, 1987. - 160 с.
- 25 Андреев В.И. Эвристика для творческого саморазвития. – Казань, 1994. - 247 с.
- 26 Калошина И.П. Большая теорема Ферма и психология творчества. - М.: Юнити-Дана, 2011. - 320 с.
- 27 Жарықбаев Қ.Б. Психология. - Алматы: Білім, 1993. - 158 с.
- 28 Намазбаева Ж.И. Психологическое обеспечение развития интеллектуально-творческой личности в образовательной среде // Психология обучения. – 2014. – №6. – С. 13-21.
- 29 Жәкыпов С.М., Тоқсанбаева Н.Қ. Психологияны оқыту әдістемесі. – Алматы, 2013. – 120 б.
- 30 Ерментаева А.Р., Әубәкірова Ж.Қ., Әуренова М.Д. Студенттерді субъект-бағдарлы психологиялық дайындаудың рөлі мен маңызы. – Алматы, 2018. - 11 б.
- 31 Ударцев С. Ф. Абай Кунанбаев: мыслитель, судья, законодатель. – 2015.
- 32 Құдайбердиев Ш. Шығармалары. – Алматы, 1991. – 560 б.
- 33 Торайғыров С. Таңдамалы шығармалар. – Алматы: Жазушы, 1985. – 241 б.
- 34 Алтынсарин Ы. Таңдамалы педагогикалық мұралары. - Алматы: Рауан, 1991. - 185 б.
- 35 Байтұрсынов А. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989. – 320 б.
- 36 Жұмабаев М. Таңдамалы. – Алматы: Ғылым, 1992. – 272 б.
- 37 Қараев Ж.А., Қуанбаева Б. Жетілдірілген педагогикалық жүйені жобалаудың дидактикалық шарттары // Ізденіс. – Алматы, 2004. – №1. – Б. 233.
- 38 Қобдикова Ж.У. Орта мектепте білім алуды технологияландыру. - Алматы, 2002 - 246 б.
- 39 Нұрахметов Н. Ұлт мектептерінде білім сапасын жоғарлатудың түйінді мәселелері // РҒПК материалдары: Қазақ мектебі: бүгінгі жайы және даму болашағы. – Алматы: РОНД, 2002. – Б. 384- 386.

- 40 Көпжасаров М. Дифференциация как условие разноуровневой подготовки учащихся общеобразовательной школы. - Алматы: Зият Пресс, 2005. – 24 с.
- 41 Тұрғынбаева Б.А. Мұғалімнің шығармашылық әлеуетін біліктілікті арттыру жағдайында дамыту: теория және тәжірибе. – Алматы, 2005. – 120 б.
- 42 Амирова А.С., Джексембекова М. Проблема подготовки будущих педагогов, являющихся ключевой фигурой общества // Журнал научных публикаций аспирантов и докторантов. – 2015. – №1. – С. 75-77.
- 43 Елеупаева Ж.К. Қазіргі мектептерде оқушылардың шығармашылық дарындылығын дамытудың педагогикалық шарттары: пед. ғыл. канд. ... дис. - Түркістан, 2018. – 150 б.
- 44 Жексенбаева Ү.Б., Игенбаева Б.Қ., Ниязова Г.Б. Оқушыларды зерттеушілік оқытудың технологиясы. – Астана, 2006. – 150 б.
- 45 Нарикбаева Л.М. Педагогическая диагностика профессиональной одарённости будущего специалиста в высшей школе // Bulletin d'EUROTALENT-FIDJIP. – 2017. – №4. – С. 78-89.
- 46 Нағымжанова Қ.М. Университет студенттерінің педагогикалық креативтігін инновациялық білім беру ортасында қалыптастырудың ғылыми негіздері: пед. ғыл. док. ... дис. – Алматы, 2010. – 180 б.
- 47 Нұржанова С.А., Салғараева Г.И. Бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтік дағдысын қалыптастыру мәселелері // Вестник Казахского национального женского педагогического университета. – 2019. – №1. – Б. 221-227.
- 48 Атемова Қ.Т. Болашаққа қадам: қазіргі заман жағдайында ғылым мен тәжірибенің интеграциясы // Ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Шымкент, 2015. – Б. 12-14.
- 49 Жолдасбекова С.А. Оқушылардың функционалдық оқу дағдыларын дамытуда пәндік-тілдік кіріктірілген оқыту // Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы «Педагогика ғылымдары» сериясы. - 2022. - №2(74). - Б. 272- 284.
- 50 Кан-Калик В.А. Кан-Калик Т.В., Емельянов Ю.Н., Ковалев Г.А. Наиболее эффективные способы общения в педагогической деятельности //Молодой учёный. – 2015. – Т. 10. – С. 1294.
- 51 Гавров С.Н., Никандров Н.Д. Образование в процессе социализации личности // Вестник университета Российской академии образования. – 2008. – №5. – С. 21-29.
- 52 Бабанский Ю.К., Лернер И.Я., Махмутов М.И. Методы обучения //Педагогика: учебное пособие для студентов педагогических институтов / под ред. ЮК Бабанского. - М.: Педагогика, 1983. – 133 с.
- 53 Мошкалов А.К. Теоретические аспекты проблемы лидерства.- Психология и педагогика // Научно - методический журнал Казахский национальный педагогический университет имени Абая. - Алматы, 2014. – №1. – С. 26-39.

- 54 Туралбаева А.Т. Болашақ бастауыш білім педагогтарының жасанды интеллект элементтерін қолдануының маңызы // The Bulletin. – 2022. – №6. – Б. 155-165.
- 55 Умирбекова А.Н. Проблемы воспитания в современных школах Казахстана // Бъдеши въпроси от света на науката. - 2017. – №1. – С. 72.
- 56 Баймұханбетов Б.М. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің лидерлік сапасын арттыру: филос. док. (PhD) ... дис. - Алматы, 2014. – 159 б.
- 57 Байкулова А.Н., Малащенко Е.Н. Изучение речевого жанра "пожелание": обзор работ в современной лингвистике // Жанры речи. – 2023. – №1(37). – С. 74-91.
- 58 Тургунбаева Б.А., Аспанова Г.Р. Лидерская деятельность как область проявления лидерских способностей // Здоровоохранение, образование и безопасность. – 2017. – №3. – С. 87-95.
- 59 Sherstobitova A. A. et al. Challenges of digitalization: Smart pedagogy for smart university // International KES Conference on Smart Education and Smart E-Learning. – Singapore: Springer Singapore, 2021. – P. 363-372.
- 60 Бастауыш сынып оқушыларын STEM бағдарламалары арқылы сыни ойлау дағдыларын дамыту // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. «Педагогика ғылымдары» сериясы. - Алматы, 2023. - №1(77). – Б. 228-238.
- 61 Жұмаш Ж.Е. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастыру // Хабаршы «Педагогика ғылымдары» сериясы. – 2019. - №4(64). – Б. 282-288.
- 62 Омарова Р.С. Білім берудің жаңа парадигмасы жағдайында оқушылардың шығармашылық қызығушылығын қалыптастырудың дидактикалық негіздері: пед. ғыл. канд. ... дис. - Түркістан, 2008. – 324 б.
- 63 Нұрмұханова Г.Е. Қазіргі кезеңде ауыл мектептерінде оқушылардың шығармашылық дербестігін қалыптастыру: пед. ғыл. канд. ... дис. - Түркістан, 2006. – 145 б.
- 64 Сандибаева Н.А. Мектептегі оқу эксперименті арқылы оқушылардың шығармашылық іс-әрекетін қалыптастыру: пед. ғыл. канд. ... дис. - Астана, 2010. – 155 б.
- 65 Кыдырова С.Р. Студенттердің шығармашылық ойлауын дамытудың психологиялық-педагогикалық шарттары: филос. док. (PhD) ... дис. - Алматы, 2021. – 117 б.
- 66 Nasir M., Assya'bani R., Noor I., Iqbal M. Postmodernism Educational Philosophy. Curriculum Review, Learning Methods And The Role Of Teachers) // The International Journal of Education Management and Sociology. - 2024. – Vol. 3, №2. – P. 78–87.
- 67 Платон. Диалоги // Сборник / пер. с древнегреч. – М.: АСТ; Астрель, 2011. – 349 с.
- 68 Асмус В.Ф. Античная философия. – М.: Высш. шк., 1998. – 400 с.
- 69 Аристотель. Сочинения. - М.: Изд. Мысль, 1976. - Т. 1. - 550 с.
- 70 Тұрысбек Р. Абайдың “қарасөздер” қазынасы: адамдық һәм адамзаттық құндылықтар // Hamkor konferensiyalar. – 2025. – Т. 1, №17. – Б. 7-23.

- 71 Клеванов А.С. Обозрение философской деятельности Платона и Сократа: с приложением 4-х работ В. Кузена. - Изд. 2-е. – М.: Либроком, 2012. – Т. 13. - 298 с.
- 72 Философиялық сөздік «Қазақ энциклопедиясы» / бас редакциясы. - 1993. - 356 б.
- 73 Мұхаммед Хайдар Дулати. Тарих-и Рашиди, парсы тіліндегі қолжазба нұсқасынан тәржімалаған Ислам Жеменей / жалпы ред. басқарған және алғысөзін жазған Әбсаттар Дербісәлі. - Алматы: Тұран, 2003. – 318 б.
- 74 Уалиханов Ш. Таңдамалы. – Алматы: Жазушы, 1986. – 560 б.
- 75 Құнанбаев А. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. - Алматы: Жазушы, 1995. – 355 б.
- 76 Panagiotēs D. Bernardakis & Heinz G. Ingenkamp / eds. Plutarchi Chaeronensis Moralia. - Athens: Academy of Athens, 2008. – Vol. 1. – 120 p.
- 77 Сен А., Уль Хак М. Адам дамуы (Human Development). – Бүкіл әлемдік банк, 1988 – 257 б.
- 78 Коменский Я.А. Избранные педагогические сочинения // В 2 т. - М., 1982. – 384 б.
- 79 Гете И.В. Избранное. - Терра-Книжный клуб, 2008. - 528 с.
- 80 Дьюи Д. Мектеп және бала. - М.: Педагогика, 2000. – 384 б.
- 81 Вахтеров В.П. Избранные педагогические сочинения. Общество с ограниченной ответственностью. - Издательство ЮРАЙТ, 2019. – 141 с.
- 82 Якунин В.А. Психология управления учебно-познавательной деятельностью студентов. - Л.: ЛГУ, 1986. – 47 с.
- 83 Locke's Moral Philosophy. Stanford Encyclopedia of Philosophy. – 2020.
- 84 Voltaire. Stanford Encyclopedia of Philosophy. - 2024.
- 85 Helvétius C.A. De l'esprit (1758) retrieved from <https://www.ebsco.com/research-starters/history/de-lesprit?utm> 17.08.2024.
- 86 Modelling Creativity: Identifying Key Components through a Corpus-Based Approach - қазіргі креативтіліктің компоненттік талдауы. – 2016.
- 87 Honing Theory: A Complex Systems Framework for Creativity - шығармашылық процесін жүйелік тұрғыдан қарастыратын теория. – 2016.
- 88 Песталоцци И.Г. Избранные педагогические сочинения / под. ред. Шабасовой // В 2 т. - М., 1963. - Т. 1. – 80 б.
- 89 Дистервег А. Избранные педагогические сочинения. - М., 1956. - 320 с.
- 90 Ницше Ф. Мысли о будущем наших образовательных учреждений. - Свердловск, 1991. - 303 с.
- 91 Теплов Б.М. Способности и одаренность // Вестник московского университета. Педагогическое образование. – 2014. – Серия 20, №4. – С. 99-105.
- 92 Ананьев Б.Г. Человек как предмет познания. – М., 1977. - 380 с.
- 93 Давыдов В.В. О понятии личности в современной психологии // Вопросы психологии. - 1984. - №4. – С. 22-32.
- 94 Retrieved from <https://www.apa.org/news/press/releases/2025/02/professional-artists-more-creative-than-ai> 17.08.2024.

95 Wingström R., Hautala J., Lundman R. Redefining Creativity in the Era of AI? Perspectives of Computer Scientists and New Media Artists // Creativity Research Journal. - 2022. - Vol. 36, №2. – P. 177–193.

96 Кемелдену. Оқуға тиіс 10 кітап: Мазмұндама. – «Мазмұндама» қоғамдық қоры. - 2021. – 252 б.

97 Гальперин П.И. Метод "срезов" и метод поэтапного формирования в детском мышлении // Вопросы психологии. - 1966. - №4. – С. 18-27.

98 Ушатов М. Толерантность как необходимое качество современного лидера // Материалы МНПК «Этнопедагогика и этнопсихология в научно-образовательном пространстве мира и в Республике Казахстан». - Алматы, 2016. – 243 б.

99 Ожегов С.И. Словарь русского языка. – Екатеринбург, 1994. - 800 с.

100 Жарықбаев Қ., Саңғылбаев О. Психология: энциклопедиялық сөздік. - Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2011. - 624 б.

101 Прохоров А.М. Большой энциклопедический словарь. - Издание 2-е, перераб. и доп. - М.: Спб.; Норинт; 2002. – 528 с.

102 Гиляров М.С. Советская энциклопедия. Биологический энциклопедический словарь. - М.: ДиректМедия Пабблишинг, 2006. - 9000 с.

103 Жуков Е.М. Большая советская энциклопедия // В 30 т. / гл. ред. А.М. Прохоров. – Изд. 3-е. - М.: Советская энциклопедия, 1969-1978. – 265 с.

104 Ладыженская Т.А. Уроки риторики в школе: кн. для учителя. - М., 2004. – 53 с.

105 Михальская А.К. Основы риторики: Мысль и слово. - М.: Просвещение, 1996. – 101 с.

106 Михалева Е.С. Развитие потенциала одаренного подростка в креативном образовании: дис. ... канд. пед. наук. – Оренбургский государственный педагогический университет, 2017. – 141 с.

107 Джери Д., Джери Дж. Үлкен әлеуметтік түсіндірме сөздік, Ұлыбритания. – 2001. - Т. 1. - 544 б.

108 Корсини Р. Психологическая энциклопедия. – Изд. 2. – Спб.: Питер, 2006. – 316 с.

109 Ауэрбах А. Психологическая энциклопедия. – Изд. 2. – Спб.: Питер, 2006. – 316 с.

110 Абдікеримова Г.И. Кәсіби педагогика: оқу құралы. – Алматы: Экономика» басп., 2008. - 368 б.

111 Балтабаев Е.С. Студенттердің ұйымдастырушылық әлеуетін қалыптастыру. – Павлодар, 2010. - 23 б.

112 Темірбеков Н. Маңызды күндер хроникасы. – Өскемен, 2011. – 69 б.

113 Жакыпова Ф.Н. Профессиональное образование государственных служащих: современное состояние и перспективы // Вестник Академии правоохранительных органов при Генеральной прокуратуре Республики Казахстан. – 2017. – №1. – С. 25-29.

- 114 Оразалиев З.Ж. Білім алушылармен рухани- адамгершілікті тәрбиелеу бойынша жұмыстың проблемалары мен әдістері // «Жаңа мектеп» журналы. - 2014. - №1. - Б. 16-19.
- 115 Сен А., Уль Хак М. Адам дамуы (Human Development). – Бүкіл әлемдік банк, 1988 – 257 б.
- 116 Tleubekova A. Kazakh-Turkish University named after H.A // Yasawi, Turkestan, International symposium on Altay communities home-family and family values. - Istanbul, 2018. - P. 24-26.
- 117 Тлеубекова Л.А., Атемова Қ.Т. Оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытуға бағытталған жаттығулар жинағы: оқу-әдістемелік құрал. - Шымкент: НЗМ ФМБ, 2024. - 140 б.
- 118 Богоявленская Д.Б. «Субъект деятельности» в проблематике творчества // Вопросы психологии. – 1999. - №2. – С. 35-41.
- 119 Брушлинский А.В. Психология мышления и проблемное обучение. – М.: Знание, 1986. - 208 с.
- 120 Пономарев Я.А. Психология творчества и педагогика. – М.: Педагогика, 1976. - 208 с.
- 121 Шамова Т.И. Управление образовательными системами: учебное пособие. – М.: Владос, 2001. – 320 с.
- 122 Жарықбаев Қ., Саңғылбаев О. Психология: энциклопедиялық сөздік. - Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2011. - 624 с.
- 123 Едігенова А.Ж. Бастауыш сынып оқушыларының қазақ халық ертегілеріне танымдық қызығушылығын қалыптастыру: пед. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 2004. - 30 б.
- 124 Ешімбетова З.Б. Оқушылардың танымдық қызығушылығын тілдерді оқыту үрдісінде қалыптастыру: пед. ғыл. канд. ... автореф. - Алматы: Қазақ университеті, 2007 – 53 б.
- 125 Мөженақова М.С. Мектептің педагогикалық процесінде оқушылардың танымдық қызығушылығын өлкетану материалдары негізінде дамыту: пед. ғыл. канд. ... автореф. - Қарағанды, 2004. – 218 б.
- 126 Набиева Б.Т. Формирование у учащихся познавательного интереса к предмету посредством взаимосвязи урочных и внеурочных занятий: автореф. ... канд.пед.наук: 13.00.01. - Алматы, 1998. - 17 с.
- 127 Мустояпова А.С. Қазіргі кезде жоғары сынып оқушыларының танымдық белсенділігін қалыптастырудың дидактикалық шарттары: автореф. ... канд. пед. наук. - Ақтөбе, 2004. - 152 б.
- 128 Давыдов В.В. О понятии личности в современной психологии // Вопросы психологии. - 1984. - №4. – С. 22-32.
- 129 Божович Л.И. Личность и ее формирование в детском возрасте. – СПб., 2009. – 398 с.
- 130 Гальперин П.И. Метод "срезов" и метод поэтапного формирования в детском мышлении // Вопросы психологии. - 1966. - №4. – С. 18-29.
- 131 Харламов И.Ф. Педагогика: краткий курс: учеб. пособие. – Изд. 3-е изд. – Минск: Высш.школа, 2005. – 272 с.

- 132 Лернер И.Я. Теория современного процесса обучения и ее значение для практики // Советская педагогика. - 1989. - №11. - С. 10-17.
- 133 Щукина Г.И. Методы изучения и формирования познавательных интересов учащихся. - М.: Педагогика, 2007. - С. 352-358.
- 134 Занков Л.В. Избранные труды. - М.: Педагогика, 1990. - 248 с.
- 135 Давыдов В.В. О понятии личности в современной психологии. Вопросы психологии. - 1984. - №4. - С.168.
- 136 Скаткин М.Н. Школа и всестороннее развитие детей. - М., 1980. - 302 с.
- 137 Амонашвили Ш.А. Единство цели. - М.: Просвещение, 1987. - 206 с.
- 138 Зайкин Е.В. К состоянию через осознание. - СПб.: Изд-во Академии Развития Сознания, 1999. - 246 с.
- 139 Мұқанов М. Жас және педагогикалық психология. - Алматы: Мектеп, 1982. - 247 б.
- 140 Сабыров Т.С. Теоретические основы подготовки учителя к рациональному использованию методов и форм обучения для активизации и познавательной деятельности учащихся: дис. ... док. пед. наук: 13.00.01. - Алматы, 1996. - 276 б.
- 141 Қазмағанбетов А.Ғ. Научно-педагогические основы формирования системы оценочных притязаний старшеклассников в учебном процессе: дис. ... док. пед. наук: 10.10.99. - Алматы, 1999. - 157 с.
- 142 Сейталиев К.Б. Педагогика тарихы. - Атырау, 2007. - 336 б.
- 143 Құрманалина Ш.К. Оценка качества профессиональной компетентности учителя. - Алматы: Ғалым, 2006. - 144 с.
- 144 Аренова А.Х. Научно-педагогические основы организации самостоятельной учебно-познавательной деятельности младших школьников. - Алматы: Ғылым, 1999. - 240 с.
- 145 Қаңтарбай С.Е., Жүсіпова Ж.А. Ғылыми-педагогикалық зерттеу әдістемесі: оқулық. - Алматы: Дәуір, 2011. - 272 б.
- 146 Маркова А.К. Психологические критерии и ступени профессионализма учителя // Педагогика. - 1995. - №6. - С. 55-63.
- 147 Волков И.П. Много ли в школе талантов? Серия педагогика и психология. - М.: Знание, 1989. - 56 б.
- 148 Сластенин В.А. Педагогическая деятельность как творческий процесс // Сибирский педагогический журнал. - 2005. - №4. - С. 5-6.
- 149 Никандров Н.Д. Методологическое знание в педагогике // Советская педагогика. - 1984. - №8. - С. 3-6.
- 150 Эльконин Д.Б. Возрастные и индивидуальные особенности младших подростков // Вестник практической психологии образования. - 2012. - Т. 9, №4. - С. 73-75.
- 151 Перевалова А., Хвинский Л.И. Самовоспитание личности. - СПб.: Изд-во СПб ГУП, 2006. - 240 с.

- 152 Вострокнутов С. Общая педагогика: учеб. пособие для студентов вузов, обучающихся по пед. специальностям. – М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2006. – 312 с.
- 153 Құдайбергенова К.С. Құзырлылық табиғаты-тұлғаның өздік дамуында. – Алматы, 2006. – 120 б.
- 154 Тілешева С. Көп томдық шығармалар жинағы. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі. – Алматы: «МерСал» баспа үйі, 2004. – Т. 6. – 520 б.
- 155 Чернов В.Д. Педагогические проблемы формирования познавательных интересов учащихся. - М.: Педагогика, 2007. - 208 с.
- 156 Мұхамедин М. Оқыту ізденіс ретінде және ізденіс оқыту ретінде. - Алматы, 2011. – 243 б.
- 157 Бухалов В.А. Педагогика: учебное пособие. – М.: Высшее образование, 2006. – 432 с.
- 158 Альтшуллер Г. Найти идею: Введение в ТРИЗ—теорию решения изобретательских задач. – Альпина Паблишер, 2011. – С. 34-48.
- 159 Верткин И.М. Жизненная стратегия творческой личности. – Минск: Беларусь, 1994. – 480 б.
- 160 Кішібаева Д.Ж. Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық іс-әрекетін пәнаралық байланыс негізінде қалыптастыру. - Алматы, 2004. – 113 б.
- 161 Елеупаева Ж.К. Қазіргі мектептерде оқушылардың шығармашылық дарындылығын дамытудың педагогикалық шарттары: пед. ғыл. канд. ... дис. Түркістан, 2018. – 150 б.
- 162 Омарова Р.С. Білім берудің жаңа парадигмасы жағдайында оқушылардың шығармашылық қызығушылығын қалыптастырудың дидактикалық негіздері: пед. ғыл. канд. ... дис. - Түркістан, 2008. – 324 б.
- 163 Tleubekova L. The impact of Nazarbayev Intellectual school's curriculum on the formation of students' creativity potential // Ясауи Университетінің хабаршысы. - 2019. - №2. – Р. 15-28.
- 164 Weinberger Jerry. Francis Bacon and the Feriguring of Early Modern. - Thought, 2019. - 272 p.
- 165 Donald J. Treffinger, Scott G. Isaksen. Creative Problem Solving: The History, Development, and Implications for Gifted Education and Talent Development. Retrieved from file:///C:/Users/Lenura/Downloads/TreffingerIsaksenCPSGCQ05.pdf 18.04.2024.
- 166 Таубаева Ш.Т., Барсай Б.Т., Муратбаева Г.А. Методология и методы педагогических исследований: учебник. – Алматы, 2018. – 170 с.
- 167 Kuzmina N.V. Professionalism of the activities of the teacher and of the master of technological training. – М.: Vysshaya Shkola, 1990. – 141 p.
- 168 Бердяев Н.А. Философия творчества, культуры и искусства. - М.: Искусства, 1994. - 512 б.
- 169 Психологиялық сөздік. А.В. Петровскийдің жалпы редакторлығымен. - М.: Политиздат, 1985. – 431 б.
- 170 Давыдов В.В. О понятии личности в современной психологии // Вопросы психологии. – 1984. - №4. – С. 168.

- 171 Маслоу А. Мотивация и личность. – Изд. 3-е. – Спб.: Питер, 2011. - 352 с.
- 172 Leontiev A.N. Activity and consciousness // *Epistemology & Philosophy of Science*. – 2010. – Vol. 25, №3. – С. 135-153.
- 173 Альтшуллер Г. Найти идею: Введение в ТРИЗ—теорию решения изобретательских задач. – Альпина Паблишер, 2011. – С. 34-48.
- 174 Копосова М.В. Развитие творческого потенциала детей средствами театрального искусства. - М., 1994. - 198 с.
- 175 Колесникова И.А. Эстетическое самовоспитание и развитие творческого потенциала будущего инженера. - Киев, 1989. – 191 с.
- 176 Браже Б.Т. и др. Пути совершенствования профессиональной квалификации учителя средней школы: метод. рекоменд. - Л., 1980. – 134 с.
- 177 Хакен Г. Синергетика / пер с англ. ред. Ю.Л. Климантовича. - М.: Мир, 1980. - 404 с.
- 178 Пригожин И., Стенгерс И. Порядок из хаоса. Новый диалог человека с природой. Предисловие. – М.: Прогресс, 1986. – 431 с.
- 179 Анохин П.К. Особенности афферентного аппарата условного рефлекса // *Вопросы психологии*. – 1955. - №5. – С. 13-18.
- 180 Князева Е.Н. Курдюмов С.П. Синергетика журнал // *Общественные науки и современность*. - 1994. - №3. – С. 35-40.
- 181 Жанабаев З.Ж. Педагогика и современность: Познание и управление сложным // *Вестник КазГУ. Педагогические науки*. - 1998. - №1. – С. 4-7.
- 182 Буданов В.Г. Синергетические стратегии в образовании // *Синергетика и образование*. - М.: РАГС, 1996. - №1. – С. 15-28.
- 183 Анисимов О.С. Акмеология и методология: проблемы психотехники и мыслетехники. - М., 1998. - 712 с.
- 184 Князева Е.Н. Синергетика журнал // *Общественные науки и современность*. - 1994. - №3. – С. 35-40.
- 185 Курдюмов С.П. Синергетика журнал. // *Общественные науки и современность*. - 1994. - №3. – С. 35-40.
- 186 Андрюхина Л.М. Культура и стиль: педагогические тональности. – Екатеринбург: Институт повышения квалификации, 1995. - 188 с.
- 187 Кульневич С.В. Педагогика самоорганизации: феномен содержания. - Воронеж, 1997. – 256 с.
- 188 Siagian F. E. The principles of four basic steps of scientific stage: Problem, hypothesis, trial, report // *Asian Journal of Advanced Research and Reports*. – 2023. – Vol. 17, №9. – P. 53-61.
- 189 Delors J. The treasure within: Learning to know, learning to do, learning to live together and learning to be. What is the value of that treasure 15 years after its publication? // *International review of education*. – 2013. – Vol. 59. – P. 319-330.
- 190 Rustamova A.E. Neurodidactics and Neurolinguistics: New Approaches to Teaching and Foreign Language Learning // *Eurasian Journal of Learning and Academic Teaching*. - 2025. - Vol. 49. – P. 5-9.

- 191 Tleubekova L. The impact of Nazarbayev Intellectual school's curriculum on the formation of students' creativity potential // Ясауи Университетінің хабаршысы. - 2019. - №2. – P. 18-27.
- 192 McCrindle M., Fell A. Understanding Generation Alpha // McCrindle Research. - 2020. - №1. – P. 14-22.
- 193 Twenge J.M. Igen: Why Today's Super-Connected Kids Are Growing Up Less Rebellious, More Tolerant. Less Happy and Completely Unprepared for Adulthood. - New York: Atria, 2017. – P. 142-187.
- 194 Тлеубекова Л.А. Назарбаев Зияткерлік мектебіндегі үздіксіз білім беру мазмұнының инновациялық сипаты // Ясауи Университетінің хабаршысы. - 2018. - №4. – Б. 36-79.
- 195 «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ ресми сайты <http://www.nis.edu.kz/kz/about/history/> 14.07.2024.
- 196 Tleubekova L. et al. Formation Of Students Creativity Potential In Intellectual Schools // Journal of Organizational Behavior Research. – 2019. – Vol. 4, №1. – P. 148-161.
- 197 Отарбаева Г.Н. Көркем мәтінге интерпретация арқылы студенттер шығармашылығын дамыту әдістемесі: филол. ғыл. док. ... дис. - Қаскелең, 2022. – 170 б.
- 198 Оспанкулова Е.Е. Жалпы дамыту жаттығулар арқылы бастауыш сынып оқушыларының өзбетімен орындау дағдыларын дамыту: филол. ғыл. док. ... дис. - Алматы, 2021. – 123 б.
- 199 Абильмажинова О.С. Кредиттік оқыту жүйесінде университет студенттерінің шығармашылық қабілеттерін дамытудың психологиялық шарттары: филол. ғыл. док. ... дис. – Семей, 2022. – Б. 90-95.
- 200 Mcleod Saul. Vygotsky's of Theory of Cognitive Development. - 2024 // <https://www.simplypsychology.org/vygotsky.html> 18.03.2025.
- 201 Howard Gardner and Katie Davis. How today's Youth Navigate Identity, Intimacy, and Imagination in a Digital World. The encyclopedia of child and adolescent development. - New York, 2020. - P. 1-7.
- 202 Ken Robinson, Lou Aronica. Creative Schools: The Grassroots Revolution That's Transforming Education. - 2016. – 320 p.
- 203 Koji M. A review of Jerome Bruner's educational theory: Its implications for studies in teaching and learning and active learning (secondary publication) // Journal of Nagoya Gakuin University. Social sciences. – 2017. – Vol. 54, №1. – P. 129-146.
- 204 Гершунский Б.С. Теория образования // Общая педагогика. – 2022. – №1. – С. 260.
- 205 Tunik E.E. Diagnostics of creativity. E. Torrens test. Adapted version. - St. Petersburg, 2006. – Vol. 176. – 141 p.
- 206 Taylor I. Perspectives in creativity. – Routledge, 2017. – 122 p.
- 207 Khalitova I., Kyyakbaeva U., Atemkulova N. Абай мұрасындағы әлеуметтік-педагогикалық ойлар // Pedagogy and Psychology. – 2020. – Т. 42, №1. – Б. 172-178.

- 208 Сабыров Т.С. Теоретические основы подготовки учителя к рациональному использованию методов и форм обучения для активизации и познавательной деятельности учащихся: дис. ... док. пед. наук: 13.00.01. – Алматы, 1996. - 175 с.
- 209 Лозовая В.И. Целостный подход к формированию познавательной активности школьников: дис. ... док. пед. наук: 13.00.01. - Харьков, 1990. - 357 с.
- 210 Оспанбекова М.Н. Болашақ бастауыш мұғалімдерінің инновациялық технологиялар негізінде оқушылардың рефлексиясын дамуын даярлау: филол. ғыл. док. ... дис. - Алматы, 2018. – Б. 84-97.
- 211 Кайциер, Мэйер және Олкиннің «Шығармашылық әлеует деңгейін анықтау тесті. Retrieved from <https://psychologicaltesting.net/creativity-testing/?utm> 18.04.2024.
- 212 Arden University онлайн платформасының әзірлеген оқушы типтерін анықтайтын тест <https://arden.ac.uk/what-type-learner-are-you> 14.08.2024.
- 213 Минто Б. Принцип пирамиды Минто: Золотые правила мышления, делового письма и устных выступлений / пер. с англ. И.И. Юрчик, Ю.И. Юрчик. – Изд. 5-е. – М.: Манн; Иванов и Фербер, 2013. – 272 с.
- 214 Wilson D., Sperber D. On Grice's theory of conversation // *Conversation and discourse*. – Routledge, 2022. – P. 155-178.
- 215 Schwaber K., Sutherland J. The Scrum Guide. - 2020 <https://scrumguides.org> 31.07.2025.
- 216 Klyueva N.V., Batrakova S.N., Varenova Y.A. *Pedagogicheskaya psikhologiya: Uchebnik dlya vysshikh uchebnykh zavedeniy*. – М.: Vlad-Press, 2003. – 177 p.

ҚОСЫМША А

Зияткерлік мектепте зерттеу жүргізуге арналған мектеп басшысының рұқсат қағазы

Қамқоршының ақпарат парағы және қамқоршының ақпараттандырылған келісімінің формасы

Зерттеудің тақырыбы: «Зияткерлік мектептерде оқушылардың шығармашылық әлеуетін қалыптастыру»

Докторант-зерттеуші: Глеубекова Ленура Абдуалимовна

Зерттеудің орындалатын орны: Шымкент қаласындағы физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі

Мекеменің мекен-жайы: Шымкент қаласы, Ақжайық м-а, 6- ғимарат.

Құрметті Исмаилов Нигмат Құмтұевна

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің 08.01.2021ж. күнгі №04/14 Этикалық комиссия бұйрығы негізінде Сіз басқарып отырған Шымкент қаласындағы физика- математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің 7- 12 сынып оқушылары (саны-150) мен әр бірлестіктен 1 мұғалімдерін (саны-14) «Зияткерлік мектептерінде оқушылардың шығармашылық әлеуетін қалыптастыру» тақырыбында ғылыми зерттеу жұмысына қатысты эксперименталдық зерттеу жұмысына қатысу ұсынылады.

Ғылыми зерттеулерді жүргізу тәртібі туралы докторант-зерттеуші егжей-тегжейлі айтып береді. Зерттеу туралы ақпарат осы келісім формасында да берілген. Ғылыми зерттеу туралы ақпаратпен танысқаннан кейін сіз докторантқа кез келген сұрақтарыңызды қойып, қосымша түсініктемелер ала аласыз.

Мектеп мұғалімдері мен оқушыларын зерттеуге қатысу немесе қатыспауын өзіңіз таңдай аласыз. Зерттеуге қатысуға келісім бергеннен кейін, кез-келген уақытта себебін түсіндірмей білім алушының және мұғалімнің қатысуын тоқтата аласыз. Сіздің зерттеуден бас тарту немесе тоқтату туралы шешіміңіз білім алушының алатын білімінің көлемі мен сапасына, сонымен қатар, мұғалімнің педагогикалық біліктілігіне әсер етпейді.

Бұл құжатта сіз түсінбейтін педагогикалық терминдер немесе сөз тіркестері болуы мүмкін. Бұл жағдайда түсінбейтін сөздерді түсіндіру үшін докторант-зерттеушіге хабарласыңыз. Басқа сұрақтарыңыз болса, қымсынбаңыз. Зерттеуге қатысу туралы шешім қабылдауға асықпаңыз. Шешім қабылдау алдында ақпаратты қарап шығу және оны отбасы мүшелерімен, достарыңызбен немесе сынып жетекшімен талқылау үшін келісім формасының қол қойылмаған көшірмесін алуға болады. Егер сіз осы зерттеуге қатысуға келіссеңіз, сізден осы келісім формасына қол қою қажет болады. Бұл процедура ақпараттандырылған келісімді алу тәртібі ретінде анықталады.

Зерттеу туралы ақпарат

Ұсынылып отырған зерттеу жұмысы Зияткерлік мектептерде оқушылардың шығармашылық әлеуетін қалыптастырудың тиімді жолдары, әдіс- тәсілдері, оқыту формалары мен педагогикалық шарттары нақтыланады. Сонымен қатар, ғылыми зерттеулердің жүргізілуіне бағыт-бағдар беріп, әдістеме іліміндегі жана ізденістердің дамуына түрткі болады, оқушылардың шығармашылық әлеуеті теориялық тұрғыдан толығып, жетілуіне мүмкіндік береді.

Зерттеу жұмысының нәтижелері мектепте оқушылардың шығармашылық әлеуеті туралы жалпы түсінігі мен білімі, мұғалімдердің оқушылардың шығармашылық әлеуетін қалыптастыруға бағытталған іс- әрекеттерінің деңгейін анықтауға мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде оқушылардың шығармашылық әлеуетін

Зияткерлік мектепте зерттеу жүргізуге арналған оқушының ата-анасының рұқсат қағазы

Баланың зерттеуге қатысуына ата-аналардың келісімі

Зерттеу атауы: **Зияткерлік мектептерде оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту**

Бас зерттеуші: Ленура Тлеубекова Абдуалимовна Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінің педагогика және психология факультетінің докторанты, Шымкент, Қазақстан; e-mail: tleubekova_l@finsh.nis.edu.kz.

Менің ғылыми жетекшім: Қалипа Атемова Тұрсынқызы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан; kaliipa_ateмова@mail.ru.

Зерттеу мақсаты

Егер сіз келіссеңіз, сіздің балаңыздан «Зияткерлік мектептерде оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту» тақырыбындағы ғылыми зерттеуге қатысу сұралады. Бұл зерттеудің мақсаты- Зияткерлік мектептердегі оқушылардың шығармашылық әлеуеті ұғымы мен мәні туралы түсінігін айқындау; мектепте оқушының шығармашылық әлеуетін дамытуға бағытталған іс- әрекеттердің, әсіресе, шығармашылық әлеуетін арттыратын арнайы үйірменің ұйымдастырылуынан хабардар ету, сол үйірмеге қатысу туралы көзқарасын анықтау; оқушының шығармашылығын дамытуға бағытталған үйірменің тиімділігі мен өз шығармашылық әлеуетіне әсері туралы мағлұмат алу. Сондай ақ, алынған мәліметтерді саралай келе, диссертациялық жұмысымда зияткерлік мектептердегі оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың моделін жасау, өлшемдері, көрсеткіштері мен деңгейлерін анықтау. Зияткерлік мектептердегі оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың әдіс- тәсілдері мен формаларын айқындау. Зерттеу аясында қолданылған әдіс- тәсілдердің тиімділігін эксперимент арқылы тексеру және ғылыми әдістемелік ұсыныстар беру.

Мен төмендегілермен келісемін

Баланың зерттеуге қатысуына келісім беру туралы өтініш		
1	Мен жоғарыдағы ақпараттық бюллетеньді оқып, зерттеу туралы сұрақтар қойып, сұрақтарыма қанағаттанарлық жауаптар алдым	✓
2	Бұл жиналған ақпараттың нәтижесінде баламның білімін тікелей бағалауға немесе басқа бағалау түріне әсер етпейтіндігін түсіндім	✓
3	Бұл зерттеуге қатысу маған пайдалы емес. Егер мен осы зерттеуге қатысудан бас тартсам, бұл мен үшін немесе менің бағалауым үшін жағымсыз салдарға әкелмейді.	✓
4	Менің қатысуым ерікті екенін түсінемін және кез келген уақытта себепсіз бас тарта аламын	✓

Зерттеуге қатысушының сауалнама жүргізуге келісімі

ЗЕРТТЕУГЕ ҚАТЫСУШЫНЫҢ САУАЛНАМА ТОЛТЫРУ МЕН СҰХБАТ ЖҮРГІЗУГЕ КЕЛІСУ НЫСАНЫ

Зерттеу атауы: **Зияткерлік мектептерде оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту**

Бас зерттеуші: Ленура Тлеубекова Абдуалимовна Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінің педагогика және психология факультетінің докторанты, Шымкент, Қазақстан; e-mail: tleubekova_l@fphsh.nis.edu.kz.

Менің ғылыми жетекшім: Қалипа Атемова Тұрсынқызы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан; kaliipa_atemova@mail.ru.

Зерттеудің мақсаты- Зияткерлік мектептердегі оқушылардың шығармашылық әлеуеті ұғымы мен мәні туралы түсінігін айқындау; мектепте оқушының шығармашылық әлеуетін дамытуға бағытталған іс- әрекеттердің, әсіресе, шығармашылық әлеуетін арттыратын арнайы үйірменің ұйымдастырылуынан хабардар ету, сол үйірмеге қатысу мен жүргізілуі туралы көзқарасын анықтау; оқушының шығармашылығын дамытуға бағытталған үйірменің тиімділігі мен өз шығармашылық әлеуетіне әсері туралы мағлұмат алу. Сондай-ақ, алынған мәліметтерді саралай келе, диссертациялық жұмысымда зияткерлік мектептердегі оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың моделін жасау, өлшемдері, көрсеткіштері мен деңгейлерін анықтау. Зияткерлік мектептердегі оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың әдіс- тәсілдері мен формаларын айқындау. Зерттеу аясында қолданылған әдіс- тәсілдердің тиімділігін эксперимент арқылы тексеру және ғылыми әдістемелік ұсыныстар беру.

Рәсімдер

Бізбен жұмыс істеуге келіскеннен кейін сізден алдымен жазбаша келісім формасына қол қою сұралады. Содан кейін біз сіз туралы, жасыңыз, ұлтыңыз, оқитын сыныбыңыз (оқушы үшін), жалпы білім саласындағы жұмыс өтіліміңіз, зияткерлік мектептердегі жұмыс өтіліміңіз (мұғалім үшін) және шығармашылық әлеует туралы түсінігіңіз, шығармашылықпен айналысасыз ба, әлде жоқ па деген секілді кейбір анықтамалық ақпаратты сұрағымыз келеді. Бұл сауалнаманы толтыру шамамен 10 минут уақытыңызды алады. Қажет болған жағдайда, зерттеу сұрағын тереңірек түсіну мақсатында сіздерден сұхбат алынады. Зерттеуші сұхбат барысында сіздің рұқсатыңызбен аудиоға жазылатындығын ескертеді.

Зерттеудің ерікті сипаты

Бұл зерттеуге қатысу ерікті болып табылады. Сіздің қатысу немесе қатыспау туралы шешіміңіз сіздің қазіргі академиялық беделіңізге әсер етпейді. Егер сіз қатысуды тандасңыз, сіз кез-келген сұраққа жауап бермеуіңіз немесе осы қарым-қатынасқа әсер етпестен кез-келген уақытта осы зерттеуге қатысуды тоқтатуыңыз мүмкін.

Тәуекелдер мен қолайсыздықтар

Біз қазір немесе болашақта сізге зиян тигізетін ештеңе жасамаймыз.

Пайдасы

Сіздің сауалнама мен сұхбатқа қатысуыңыз бізге зияткерлік мектептерде оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытуға бағытталған теориялық және іс- тәжірибелік

жұмыстарды ұйымдастыруымызға көмектеседі. Жаһандану дәуірінде оқушылар өз бойындағы шығармашылық әлеуетін дамытудың өзектілігін түсініп, шығармашылық әлеуетін дамытатын іс- әрекеттерді орындауды қолға ала бастайды. Сондай- ақ, сауалнама нәтижелері негізінде мұғалімдерге зияткерлік мектептерде оқушылардың әлеуетін дамытуға бағытталған тиімді әдіс- тәсілдері мен оқыту формалары әзірленеді және ұсынылады.

Шығындар / төлемдер

Өкінішке орай қазіргі уақытта біз сізге ешқандай өтемақы ұсына алмаймыз.

Құпиялылық

Бұл зерттеудің жазбалары құпия сақталады. Сіздің аты-жөніңіз және басқа жеке басыныңыздың деректерінің орнына бүркеншік аттарды қолдану арқылы жасырын және құпия сақталады. Сондай- ақ, сұхбаттан алынған ақпараттың басқа мақсаттарда пайдаланылмайтынына және жазылған ақпараттың өте құпия болатынына меннен және жетекшімнен басқа ешкімнің жазбаларға қол жеткізе алмайтынына кепілдік береміз.

Келісім туралы өтініш

белгілеңіз

1. Мен жоғарыдағы ақпараттық парақты қарап шықтым, зерттеу туралы сұрақтар қойдым және сұрақтарыма қанағаттанарлық жауаптар алдым. ☒
2. Менің қатысуым ерікті екенін түсінемін және кез келген уақытта себепсіз бас тартуға еркінмін ☒
3. Мен туралы барлық ақпарат қатаң құпияда сақталатынын және менің атым оқу жұмысынан басқа жазбаша жұмыста айтылмайтынын түсінемін ☒
4. Менің кез келген аудиожазбаларым (менің рұқсатыммен) тек зерттеу мақсатында пайдаланылатынын және зерттеу аяқталғаннан кейін жойылатынын түсінемін ☒
5. Мен ғылыми зерттеулерге қатысуға келісімімді беремін және маған өзімнің танысуым үшін осы форманың көшірмесі берілді ☒

Ескерік Заңғар

қатысушының аты- жөні

Е.Зотте

қолы

02.10.2023

күні

Тимурбекова Н.А

Бас зерттеушінің аты-жөні

Т.Зотте

қолы

02.10.2023

күні

ҚОСЫМША Ә

Оқушылардың зияткерлік мектептерде шығармашылық әлеуетін даму деңгейін анықтау сауалнамасы

1. «Шығармашылық» дегенді қалай түсінесіз? а) Дайын үлгіге қарап, бір затты жасап шығару ә) Ешкімдікіне ұқсамайтын жаңа нәрсе табу

б) Кітаптағы ақпаратты есте сақтау.

в) Тапсырмаларды жылдам және ұқыпты орындау.

г) ойлап тапқан идеясы мен жаңа нәрсе өзгенікіне ұқсаса да өзіне жаңа болуы мүмкін д) шығармашылық түсінігіне сіздің нұсқаңыз

2. «Шығармашылық әлеуеттің» сипаттарын атай аласыз ба?

а) бір іс-әрекетке дағдыланған, қабілетті. ә) алға қойған мақсаты айқын.

б) бір іс-әрекетті істеуге мүмкіндіктері мен идеялары көп в) Сабағын жақсы оқиды, оқуда озат.

г) «шығармашылық әлеуеттің» сипаттарына сіздің нұсқаңыз

3. Сіз қай бағыттағы шығармашылықпен айналысқыңыз келеді?

а) Сурет салу

ә) Жазу (әңгімелер, өлеңдер, т.б.) б)

Музыкалық аспапта ойнау

в) Қолөнер (DIY жобалары, тоқу және т.б.)

г) Сандық мазмұнды жасау (бейне өңдеу, графикалық дизайн және т.б.) ғ) Орындау өнері (би, актерлік және т.б.)

д) Күрделі басқатырғыштар мен мәселелерді шешу (пазлдар, ойындар, робот құрастыру және т.б.)

- е) Жаңа тілдерді үйрену
- ж) Командалық спортпен айналысу немесе топтық іс-шараларды ұйымдастыру.
- з) Тізімде жоқ болса, жазыңыз

4. Сізді шығармашылықпен айналысуыңызға не ынталандырады?

- а) Тақырыпқа қызыққан жағдайда ғана менің шығармашылықпен айналысуға күштарым артады.
- ә) Мұғалімдер мен сыныптастарымның менің шығармашылық іс-әрекетіме берген оң бағасы мені қанаттандырады.
- б) Маған тәуекелге бару және шығармашылық жұмысымда жаңа нәрселерді сынап көру ұнайды.
- в) Мен басқалардың шығармашылықпен айналысатынын көргенде менің де шығармашылықпен айналысым келіп кетеді.

5. Шығармашылықтың қандай түрлерімен таныссыз?

6. Сіз қазіргі таңда қандай үйірмелерге қатысасыз?

7. Қандай пәндерді сіз терең мән беріп қызыға оқисыз, неліктен?

8. Мектебіңізде шығармашылықты дамытатын қандай үйірмелер бар?

9. Сіз сол үйірмелерге қатысасыз ба? Егер қатысатын/қатыспайтын болсаңыз неліктен қатысасыз/қатыспайсыз?

10. Белгілі бір тапсырманы орындауда ерекше етіп жасау үшін адам қандай қабілетке ие болуы керек?

11. Топтық жұмыста сіз көбінесе қандай рөлге ие боласыз?

а) Көшбасшы

ә) Идея
генераторы б)
Орындаушы

в)
Бақыла
ушы г)
Қолдау
шы д)
Сыншы

ҚОСЫМША Б

Паул Торренстың «Шығармашылық ойлау тесті»

Құрметті сауалнамаға қатысушы,

Төменде тіркелген шығармашылық әлеуетке қатысты пікірлерді оқыңыз, келісу деңгейіңізге қарай бес ұпайлық шкаламен бағалаңыз:

- 1– мүлдем келіспеймін
- 2– келіспеймін
- 3– орташа
- 4– келісемін
- 5– толықтай келісемін.

Кесте Б.1 – Шығармашылық танымына арналған сұрақтар

№	Білімін тексеруге арналған сұрақтар:	Ұпай саны
1	2	3
1.	Менің шығармашылық ұғымы жайлы білімім бар.	1-ден 5-ке дейін
2.	Шығармашылық жайлы жазған қандай да бір ақын-жазушыларды немесе ғалымдарды білемін.	
3.	Шығармашылық түрлерімен таныспын.	
4.	Шығармашылық сипаттарымен таныспын.	
5.	Әлеует ұғымы жайлы білімім бар.	
6.	Шығармашылық әлеует ұғымы жайлы білімім бар.	
7.	Шығармашылық ойлау ерекшеліктерін ажырата білемін.	
8.	Шығармашылық әлеуетті көрсететін адам бойындағы қасиеттерді атай аламын.	
9.	Шығармашылық әс-ірекетті сипаттай аламын.	
10.	Шығармашылық ұғымына саятын ғылыми терминдермен біршама таныспын.	
	Түсінігін тексеруге арналған сұрақтар:	
1.	Мен шығармашылық ұғымын толық түсінемін.	1-ден 5-ке дейін
3.	Шығармашылық түрлеріндегі ұқсастықтар мен айырмашылықтарды түсінемін.	
4.	Шығармашылық сипаттарын жіктей аламын.	
5.	Әлеует ұғымын түсінемін.	
6.	Шығармашылық әлеует ұғымын толық түсінемін.	
7.	Шығармашылық ойлау ерекшеліктерін түсінемін.	
8.	Шығармашылық әлеуетті көрсететін тұлға бойындағы қасиеттердің мәнін толық түсінемін.	
9.	Шығармашылық әс-ірекетті қандай сипаттар арқылы байқай алатынымызды білемін.	
10.	Шығармашылық ұғымына қатысты біршама ғылыми терминдердің мағынасын түсінемін.	

Б.1 – кестенің жалғасы

1	2	3
Қабылдауын тексеруге арналған сұрақтар:		
1.	Мен шығармашылықты дұрыс қабылдаймын.	1-ден 5-ке дейін
2.	Мен үшін шығармашылық тек өнер адамдарына тән.	
3.	Шығармашылықты кейде қиял мен арманға балаймын.	
4.	Шығармашылық мен үшін болымды сипатқа ие.	
5.	Үй тапсырмасын шығармашылықпен орындағанды	
6.	ұнатамын.	
7.	Мен үшін үй тапсырмасы орындалса болғаны. Оны қалай орындайтыным аса маңызды емес.	
8.	Достарымның алдында шығармашыл болып көріну мен үшін мақтаныш.	
9.	Достарымның алдында шығармашыл болып көріну мен үшін ұят, себебі бұл үрдіс мазақтауды тудыруы ықтимал.	
10.	Шығармашылық бала бойында туа пайда болады.	
	Шығармашылық адам бойында өсе келе жетіледі.	

Сіз бұл сауалнамада максималды 150 ұпай жинай аласыз.

30-70 ұпай: сіздің шығармашылық жайлы түсінігіңіз біршама таяз және біліміңіз аздық етеді. Сіз кейде өз мүмкіндіктеріңізге күмәнмен қарап, берілген тапсырмаларды орындауда дайын үлгілермен жұмыс жасауды ұнатасыз. Импровизация жасауда біршама епсіздік танытып, және өз қызметіңіздің нәтижелерін саралауды сирек жүргізуіңіз ықтимал. Біз сізге өз күшіңізге толық сенімділік танытып, қандай да бір жаңалықтан жасқанбай, өзгелермен қарым- қатынаста өзіңізді шығармашыл тұлға ретінде көрсетеді деп сенеміз.

70-110 ұпай: сіздің шығармашылыққа қатысты түсініктеріңіз, білімдеріңіз, жалпы қызығушылықтарыңыз бар, шығармашыл тұлға болып қалыптасудың қажеттілігін сезінесіз, алайда сізде қосымша ынталандыруға деген қажеттілік бар. Жалпы, сіздің бойында өз күшіңізге деген сеніміңіз және шығармашылыққа деген қажетсіну бар. Сондықтан да, сіз бастаған жұмыстарыңызда жоғары нәтижеге қол жеткізу үшін басқаға арқа сүйемей, қосымша мәліметтер іздеп, оларды талдап, сараптай аласыз.

110-150 ұпай: сіздің шығармашылық, шығармашылық әлеует жайлы білімдеріңіз толыққанды қалыптасқан, шығармашылыққа деген қызығушылығыңыз тұрақты, және шығармашылықты өмірдің мәні деп қабылдайсыз, шығармашылық ұғымы жайлы біліміңіз жеткілікті, түсінігіңіз терең, кез келген мәселені шешуде ешбір үлгіге сүйенбестен, ешкімді қайталамайтын әдеттен тыс жолдарды таңдауға тырысасыз. Сіз өзіңіздің авторлық жобаларыңызды жасауға ниеттенсеңіз, алуан түрлі сайыстарға қатыссаңыз жеңімпаз атануға толық мүмкіндігіңіз бар.

ҚОСЫМША В

Кайциер, Мэйер және Олкин тарапынан ұсынылған «шығармашылық әлеует деңгейін анықтау тесті» - КМО тесті

Кесте В.1

Оқушының сипаттамасы	Көріну дәрежесі
Шығармашылық қызығушылық, білуге құмар болу	1 2 3 4
Шығармашылық жетістіктерге ұмтылыс	1 2 3 4
Мұғалім немесе ата-ана тарапынан шығармашылығы үшін жоғары баға алуға талпыныс	1 2 3 4
Шығармашылық әрекеттің өзі үшін мәнінің болуы	1 2 3 4
Өзін өзі жетілдіруге ұмтылысы	1 2 3 4
Көптеген шешімдерді таба алуы	1 2 3 4
Шешім қабылдаудағы дербестік	1 2 3 4
Тәуекелге ұмтылыс.	1 2 3 4
Сыни ойлау қабілеті	1 2 3 4
Рефлексияға, өзін-өзі талдауға ұмтылысы	1 2 3 4
Өз әрекетін өзгертуге, қайта құруға қабілеттілік	1 2 3 4
Шығармашылық әрекетте басқа оқушылармен ынтымақтаса, топта әрекет ете алу қабілеті	1 2 3 4

Сауалнаманы аяқтағаннан соң, таңдалған ұпайларды қосыңыз. Сіз
максималды 48 балл жинай аласыз.

12-20 ұпай. Сіздің бойыңызда стандартты емес ойлауға тән белгілер бар, дегенмен Сіз шығармашылыққа қатысты тапсырмаларды төмен дәрежеде орындайсыз.

21-29 ұпай. Сіз стандартты емес ойлауға бейімсіз, Сіздің шығармашылық қабілеттеріңіз орта деңгейде болып танылады. Бойыңыздағы креативтілігіңіз орташа деңгейде көрініс табады.

30-48 ұпай. Сіздің бойыңыздағы стандартты емес ойлау айқын сипат табады, шығармашылық қабілетіңіз орта деңгейден әлдеқайда жоғары.

ҚОСЫМША Г

Барлет тесті- Іс-әрекет компоненті деңгейін анықтауға бағытталған тест Нұсқаулық

Әрбір тұжырымды оқып, өзіңіздің осы әрекеттерге қаншалықты сәйкес келетіндігіңізді 1-ден 5-ке дейінгі шкала бойынша бағалаңыз:

- 1 – Мүлдем келіспеймін
- 2 – Келіспеймін
- 3 – Бейтараппын
- 4 – Келісемін
- 5 – Толық келісемін

1.1 Тест сұрақтары

1. Мен жаңа идеяларды ойлап табуға және оларды жүзеге асыруға тырысамын.

2. Тапсырманы орындау барысында дәстүрлі емес әдістерді қолдануға дайынмын.

3. Қиындықтарға қарамастан шығармашылық жобаларды соңына дейін жеткіземін.

4. Шығармашылық жұмыстарымның нәтижесін талдап, оның сапасын бағалай аламын.

5. Өзімнің шығармашылық шешімдерімнің артықшылықтары мен кемшіліктерін түсіндіре аламын.

6. Тапсырмаларды орындау барысында жаңаша құралдар мен әдістерді сынап көруге тырысамын.

7. Менің шығармашылық жұмыстарым басқалардан ерекшеленеді.

8. Жаңа идеяларды жүзеге асыру үшін қажетті ресурстарды табуға және қолдануға қабілеттімін.

9. Мен шығармашылық тапсырмаларды орындау кезінде жоспар құруды ұнатамын.

10. Менің шығармашылық жұмыстағы нәтижелерім басқаларға шабыт береді.

11. Мен шығармашылық шешімдерімнің салдарын алдын ала болжай аламын.

12. Мен жұмысымның нәтижесіне үнемі талдау жасап, оны жақсартуға тырысамын.

13. Жұмыс барысында шығармашылық шешімдерді тиімді жүзеге асыру үшін топпен жақсы қарым-қатынас жасай аламын.

14. Мен өзіме сенімдімін және шығармашылық жобаларда батылдық танытамын.

15. Мен шығармашылық тапсырмаларда өзімнің көзқарасымды көрсетуге тырысамын.

16. Мен дәстүрлі емес шешімдер ұсынған кезде олардың іске асу

мүмкіндігін зерттеймін.

1.2 Жоғары деңгей: 64-80 ұпай

– Оқушы жаңа идеяларды жиі ұсынады, оларды жүзеге асыру жолдарын біледі және нәтижелерін талдайды.

– Дәстүрлі емес тәсілдерді қолдану арқылы шығармашылық шешімдерді табуға қабілетті.

– Басқа оқушылар үшін көшбасшы бола алады.

1.3 Орташа деңгей: 48-63 ұпай

– Оқушы жаңа идеяларды ұсынады, бірақ оларды жүзеге асыруда кейбір қиындықтар туындауы мүмкін.

– Шығармашылық іс-әрекеттерде дәстүрлі және жаңа тәсілдерді қатар қолданады.

– Топтық жұмыста көшбасшыға көмектеседі, бірақ өзі көшбасшы болуға көбінесе дайын емес.

1.4 Төмен деңгей: 32-47 ұпай

– Оқушының шығармашылық белсенділігі төмен, жаңа идеяларды ұсынуда және жүзеге асыруда тәжірибесі аз.

– Жұмыстың нәтижесін талдау қабілеті жетілдіруді қажет етеді.

– Шығармашылық әрекетте топтық жұмыстарда белсенділігі төмен, үнемі нақты нұсқаулар мен тапсырмаларды орындауда қолдауды қажет етеді.

ҚОСЫМША Ғ

Анкета

А. Тэйлор тарапынан ұсынылған «Күнделікті қарым-қатынастағы шығармашылық әлеуетті анықтау» әдістемесі

А. Тэйлор тарапынан ұсынылған «Күнделікті қарым-қатынастағы шығармашылық әлеуетті анықтау» атты әдістемені оқушылардың шығармашылық әлеуеті мотивациялық компоненті бойынша анықтауға пайдаландық.

Сауалнама сұрақтарына жауап беру барысында сіздің пікіріңізге сәйкес келетін ұпайларды қою сұралады:

5 – егер пікір шындыққа толық сәйкес келсе; 4 – сәйкес келсе; 3 – сәйкес те, сәйкес емес те; 2 – сәйкессіздігі басым; 1 – сәйкес емес.

1. Мен өзімді түсініп, болмысымды ашуға тырысамын.
2. Сабақтар мен үй жұмысының көп болғанына қарамастан, өзімді үздіксіз дамытып отырамын.
3. Қиындықтарға тап болу мені әрекет етуге шабыттандырады.
4. Өзіме үнемі өзгелерден жасаған іс-әрекеттеріме, мінез-құлқыма және оқу үлгеріміме кері байланыс беруін сұраймын. Өйткені өзім туралы білуде және өзіме баға беруде рөлі зор.
5. Мен өз іс-әрекетіме арнайы уақыт бөліп баға бергенді ұнатамын (рефлексиялаймын).
6. Мен өз эмоцияларым мен бастан өткен оқиғаларды талдаймын.
7. Кітап оқуға құштармын.
8. Қызықты тақырыпты өзгелермен талқылауды ұнатамын.
9. Мен кез-келген тапсырманы орындауда өз мүмкіндіктеріме сенемін.
10. Мен мүмкіндігінше ашық болуға тырысамын.
11. Айналадағы адамдардың маған тигізетін ықпалын түсінемін.
12. Жаңаны меңгеру мен үшін бақыт.
13. Жауапкершілік санының артуы мені алаңдатпайды.
14. Мен шығармашылық жобаларды жүзеге асыру үшін уақытымды тиімді жоспарлай аламын.
15. Мен жаңа идеяларды іске асыруда өз бастамашылдығымды көрсетемін.
16. Мен шығармашылық тапсырмаларды орындауда өзімді еркін сезінемін.
17. Мен өз хоббиімді немесе қызығушылығымды шығармашылық жобалармен байланыстыра аламын.
18. Мен шығармашылық жобаларда жаңа идеяларды ұсынуды ұнатамын. Сауалнама аяқталғанда, жалпы ұпай санын есептеңіз.

Сіздің жинаған жалпы ұпайыңызға байланысты шығармашылық әлеует деңгейі анықталады:

**0-36
ұпай**

Төмен деңгей: Оқушының шығармашылық әлеуеті төмен немесе оны дамытуға қосымша мотивация мен қолдау қажет. Шығармашылық тапсырмаларды орындауда қиындықтар болуы мүмкін.

**37-72
ұпай**

Орташа деңгей: Оқушы шығармашылық әрекеттерде қатысады, бірақ өз әлеуетін толық аша алмайды. Оны дамыту үшін қосымша ынталандыру, қолдау және тәжірибе қажет.

**73-90
ұпай**

Жоғары деңгей: Оқушының шығармашылық әлеуеті жоғары. Ол шығармашылық жобаларға белсенді қатысады, өз мүмкіндіктеріне сенеді және жаңа идеяларды жүзеге асыруға дайын. Оқу мен дамуға тұрақты қызығушылығы бар.

ҚОСЫМША Д

Куратор, психолог және мұғалімдер шығармашылық триадасы

Мектеп *психологтардың* бала шығармашылығын дамытудағы рөлі маңызды және көпқырлы мынадай міндеттер мен жауапкершіліктерді қамтиды:

- **Сенімді және қолдау көрсететін ортаны қалыптастыру-** баланың өзін еркін және қауіпсіз сезінетін ортаны қалыптастыруға көмектесу. Мұндай сезімге ие болған бала шығармашылыққа ашық болуға ыңғайланады.

- **Эмоционалды қиындықтарды жеңу-** қорқыныш, мазасыздық немесе өзін-өзі төмен санау сияқты тосқауылдарды жеңуге көмектесу арқылы психологтар балалардың шығармашылық әлеуетін ашуға мүмкіндік береді.

- **Жасай аламын деген сенімділікті қалыптастыру-** балаға шығармашылық қабілеттерін дамытуға болатынын түсіндіру, яғни, шығармашылық тума қабілет емес, күш-жігермен және тәжірибемен шығармашылықты шыңдауға болатынын көрсету.

- **Баланың өзіндік жеке ерекшеліктерін тануға көмектесу-** арнайы тестер мен бағалау әдістерін пайдалану арқылы әр баланың жеке ерекшеліктері мен қызығушылығын анықтауға көмектесу. Алынған мәліметтер балаларға шығармашылық дамыту үшін жеке стратегияларды ұсынуға көмектеседі, әрі күшті жақтарын дамытуға арналған жеке кеңестер беруге жағдай туғызады.

- **Күйзелісті алдын алу, болдырмау-** медитация және релаксация техникаларын үйрету арқылы баланың назарын шоғырландырып, шығармашылық әлеуетін ашуға жағдай жасау.

- **Денсаулық сақтау формуласы-** дұрыс тамақтану, ұйқы, спорт, хобби, таза ауаға шығу, су ішуді шығармашылықпен айналысуда немесе сабақ оқуда ортақ теңгерімді сақтауға үйрету. Бұл олардың шығармашылық қабілеттерін тиімдірек пайдалануға мүмкіндік береді.

- **Қарым-қатынас дағдыларын дамытуға көмектесу-** балалардың топтық жобаларда жұмыс істеуін қолдау, өз идеяларын ортада әдемі жеткізуге және өзгелердің идеяларын қабылдауға үйрету.

- **Ата-аналармен және мұғалімдермен ынтымақтастық орнату-** ата-аналар мен мұғалімдерді балалардың шығармашылығын дамыту тәсілдерімен таныстыру және балалардың дамуы туралы ата-аналар мен мұғалімдермен тұрақты кері байланыс жасау.

Пән мұғалімдері:

- **Жағымды орта құру-** оқушылардың өз ойларын еркін айтуына мүмкіндік беретін қолайлы атмосфера орнату арқылы бала бойында өзіне деген сенімділік артады әрі өзін қауіпсіз ортада екеніне көз жеткізеді. Сондай-ақ бала сыныпта эмоционалды қолдау табу арқылы білімге құштарлығы артып, қарым-қатынас дағдылары мен сыни ойлау алу қабілеті артады.

- **Педагогикалық шеберлігін шындай отырып,** сабақты қызықты әрі шығармашылыққа бағытталған етіп өткізу үшін әртүрлі оқыту формалары мен әдістерін баланың типтері мен ерекшеліктерін орай ұйымдастыру қажет.

- **Баланың жеке қызығушылығын ескеріп, оларға қосымша шығармашылық тапсырмалар беру.** Шығармашылық тапсырмалар бергенде оқушыларға нақты нұсқаулар беріп, орындау тәсілдерін үйреткен жөн. Сондай-ақ, тапсырманы орындау уақытын да белгілеу маңызды.

- **Кері байланыс беру.** Сабақ үдерісінде және қосымша шығармашылық тапсырмаларды орындауда оқушылардың жасаған жұмыстарына нақты және қолдаушы кері байланыс беру баланың өсіп-дамуына, мотивациясының артуына, қателіктерін көріп түзетуге жағдай жасайды, әрі оқу материалын тереңірек түсінуге көмектеседі. Нәтижесінде өзін-өзі бағалауына және тұлғалық қасиеттерінің дамуына оң әсер етеді.

- **Инновациялық технологияларды қолдану.** Оқыту барысында цифрлық құралдар мен платформаларды меңгеру мәселен, интербелсенді тақталар, білім беру қолданбалы және онлайн ресурстарды қолдану арқылы оқушылардың шығармашылық іс-әрекетте қызығушылығын арттыруға мүмкіндік береді.

- **Оқушылардың шығармашылығын мойындау және марапаттау.** Сынып алдында оқушылардың шығармашылық жетістіктерін көрсету немесе арнайы марапаттар беру. Үздіксіз мектепшілік немесе аймақтық шығармашылық байқаулар ұйымдастыру және оларға қатысуға ынталандыру.

- **Үздіксіз оқу және өзін-өзі дамыту.** Жаңа оқыту әдістері мен технологияларды зерттеу және сабақтарда қолдану. Шығармашылықты дамыту әдістемелері бойынша кәсіби даму курстарынан өту және өз әріптестерімен бөлісу. Алған білімін сабақта қолданып көру және өз әріптестерінің сабақтарына ену, сындарлы кері байланыс беру.

- **Оқушылардың сынып жетекшілері мен психологтармен үнемі қарым-қатынаста болу.** Баланың даму ерекшеліктері туралы ақпарат беру және алу, өсу динамикасын байқау, соған сай іс-әрекеттерді ұйымдастыру.

Мектептің тәрбие жұмысы мен оқушылардың сыныптан тыс белсенділігін ұйымдастырумен айналысатын *педагог-ұйымдастырушы кураторлардың* баланың шығармашылығын шыңдаудағы негізгі міндеттері мен жауапкершіліктері:

- **Пән мұғалімдеріне әр баланың әлеуметтік жағдайы, денсаулығы, академиялық үлгерімі, мінез-құлқы, қызығушылықтары мен қабілеті, ата-анамен қарым-қатынасы, алдыңғы ескертулер мен ұсыныстары жөнінде ақпарат беру.** Мұғалімдер оқушы туралы мәліметті пайдалана отырып, баланың шығармашылық әлеуетін дамытуда баламен дұрыс қарым-қатынас орнату мен оқыту әдістерін жақсартуға, әрі тиімді етіп пайдалануына мүмкіндік береді.

- **Куратор өз сыныбындағы оқушының даму динамикасын құру қажет.** Оқушының академиялық үлгерімі туралы әр пән мұғалімінен ескертулер мен ұсыныстарына орай өсу картасын баламен бірге отырып жасау, шығармашылығын шыңдауға қатысты кеңестер беру. Сондай-ақ, баланың қабілеті, икемділігі мен қызығушылығына сәйкес түрлі іс-шараларды ұйымдастыру, ынталандыру және әр баланың қатысу мүмкіндігін арттыру. Жыл бойы атқарылған іс-әрекеттерге белсене қатысқан баланы марапаттау.

- **Әлеуметтік қызметтерді ынталандыру.** Оқушыларды қоғамға пайдалы істерге ынталандыру, мысалы, қайырымдылық акциялары, экологиялық жобалар және волонтерлік қызмет.

- **Ата-анамен ынтымақтастық орнату.** Ата-аналарды балалардың шығармашылық іс-шараларына қатыстыру және олармен тығыз байланыс орнату. Сондай-ақ, ата-аналарға балалардың шығармашылық дамуына қатысты ақпарат беру және кеңес беру.

- **Өзін-өзі басқару жұмыстарын ұйымдастыру.** Шығармашылық идеяларды жүзеге асыруға белсенді қатысатын жетекші оқушылармен тығыз жұмыс жасау. Төменгі сынып оқушыларын шығармашылық іс-әрекеттерде жоғары сынып оқушыларының бағыттауы мен қолдауына тапсыру.

ҚОСЫМША Е

Элективті сабақ үлгісі

Кесте Е.1

Сабақтың тақырыбы:	Шығармашылық әлеуеті дамыған оқушыға тән ерекшеліктер.	
1	2	
Сабақтың мақсаты:	Оқушылардың шығармашылық әлеуеті дамыған тұлғаның даралық ерекшеліктері жайлы түсініктерін кеңейту.	
Сабақтың міндеті:	Оқушылардың «шығармашылық әлеуеттен хабар беретін ерекшеліктерді» өз беттерінше айқындауға жағдай жасау арқылы олардың бойында шығармашылық әлеуетке тән ерекшеліктер жайлы мол түсінік қалыптастыру; оқушылардың белсенді әрекеттері негізінде табандылық, шығармашылық қабілеттерін жетілдіру; оқушыларды топта бірлесе еркін жұмыс жасауға ынталандыру.	
Сабақта қолданылатын әдістер:	Интербелсенді әдістер.	
Сабақтың жабдықталуы:	А4 парақтар, флипчарттар, кестелер, оқу құралдары (фломастер, қайшы, түрлі-түсті қаламдар мен қаламсаптар), интерактивті тақта.	
Сабақ кезеңі	Мұғалім әрекеті	Оқушы әрекеті
Ұйымдастыру кезеңі	Оқушыларды топқа бөледі. Тақырыптың атауын анықтау мақсатында миға шабуыл әдісі арқылы сабақтың тақырыбын табу. Оқушыларға 5 минут уақыт береді. Осы уақыт ішінде шығармашылық әлеуеті қалыптасқан оқушының жеке-дара ерекшеліктері төңірегіндегі мәселені анықтауды оқушыларға тапсырады.	Оқушылар таратылған флипчарттарға өз ойларын жазады, осыдан соң топтар өзара пікір алмасады. Топтар белгілі бір ортақ шешімге келеді. Шығармашылық әлеуеті қалыптасқан оқушылардың бойында кездесетін негізгі ерекшеліктер тізбегі келтіріледі.
Пәндік ақпарат алу кезеңі	Мәтіндік ақпарат үлестірме қағазын тарқатады. Дәиксо және INSERT әдістерін таныстырады. Уақытты тиімді ұйымдастырады.	INSERT және Джиксо әдістері арқылы оқушыларды ең алдымен жеке мәтіннен ақпарат алады. Топтарға бөлініп, әр оқушы өзінің оқыған бөлімін топта бір-біріне баяндайды.
Білімді қолдану кезеңі	Бұл кезеңде мұғалім екі топтың мүшелеріне біріге отырып, шығармашылық әлеуеті қалыптасқан оқушының негізгі ерекшеліктерінен хабар	Екі топ біріге отырып, модель құрастырады, модельде негізгі ерекшеліктер тізбегін қамтиды, сонымен қатар шығармашылық әлеуетті

Е.1 – кестенің жалғасы

1	2	3
	беретін модель құрастыруды тапсырады.	арттыру үшін қажетті қасиеттер мен ерекшеліктер тізбегін қорытындылайды.
Бағалау	Рефлексия кезеңі: Бүгінгі тақырып сіздерге қаншалықты ұнады/ұнамады? Ұсынылған тақырыптың сәтті және сәтсіз тұстары қандай болды? Сабақ өз мақсатына қаншалықты жетті/жетпеді? Не себепті? Сабақта қолданылған әдіс-тәсілдер қаншалықты тиімді/тиімсіз болды? Сабақты жақсартуға арналған ұсыныстарыңыз қандай?	Оқушылар ұсынылған сұрақтар бойынша өз ойларымен бөліседі. Өткізілген семинар сабағына кері байланыс беріп қана қоймай, болашаққа болжам жасайды, ұсыныстар береді. Сұрақтарға берілген жауаптарын аргументтермен және сабақ фрагменттерінен алынған мысалдармен дәйектейді. Оқушы үнінің толыққанды естілуі үшін барынша күш салады.

ҚОСЫМША Ж

Тест: Оқушылардың эмоционалдық күйін бағалау Тест сұрақтары

Оқушылар әрбір сұраққа 1-ден 5-ке дейінгі баллмен жауап береді, мұнда:

- 1 — мүлдем келіспеймін
- 2 — ішінара келіспеймін
- 3 — бейтарап
- 4 — ішінара келісемін
- 5 — толық келісемін

1.5 Сұрақтар:

1 Мен өзімді көбінесе сабырлы және тыныш сезінемін.

2 Мен жиі көңілді және позитивті сезімде боламын.

3 Менің соңғы кезде уайымдарым азайып, жеңіл сезініп жүрмін.

4 Көбінесе өзіме сенімдімін және қиындықтармен оңай күресемін.

5 Менің көңіл-күйім көбінесе тұрақты және өзгермейді.

6 Соңғы уақытта өзімнің ішкі ресурстарымды жақсы пайдаланып жүрген сияқтымын.

7 Менің жақындарым немесе достарыммен қарым-қатынасым жақсы және жылы.

8 Мен өзімді жалғыз сезінбеймін және достарымның қолдауын сезінемін.

9 Мен жиі күлемін және өмірге позитивті көзқараспен қараймын.

10 Мен өзімді эмоционалдық жағынан тұрақты және қорғалған сезінемін.

1.6 Нәтижелерді бағалау:

40-50 балл: Оқушының эмоционалдық күйі өте жақсы, ол өзіне сенімді, көңіл-күйі тұрақты және ішкі қуаты мол.

30-39 балл: Эмоционалдық күйі жақсы, бірақ кейбір мәселелер мен уайымдар болуы мүмкін. Стрессті басқару дағдыларын дамыту қажет.

20-29 балл: Эмоционалдық күйі орташа, кейбір қиындықтар бар, оқушыға психологиялық қолдау қажет болуы мүмкін.

10-19 балл: Оқушының эмоционалдық күйі нашар, уайымдар мен стресстер жиі кездеседі. Кәсіби психологтың көмегі қажет болуы мүмкін.

ҚОСЫМША II

Ақпаратпен жұмыс жасау аспектілері

Кесте II.1 - Ақпаратпен жұмыс жасау аспектілері

Немі білуім қажет?		
Мақсатты анықтау	Ақпарат қандай мақсатта қолданылады, зерттеу, жеке даму ма соны анықтап алу қажет.	
Ақпарат көздерін дұрыс таңдау	Ақпарат көздері сенімді ме, беделі қандай, қаншалықты жаңа соған көз жеткізу керек. Уақыт өткен сайын ақпараттың өзектілігі төмендеуі мүмкін, сондықтан, қай уақытта жарияланған соған назар салу қажет.	Өртүрлі дереккөздерден ақпарат жинау- бұл жинақталған мәліметтердің толықтығын және объективлігін қамтамасыз етеді.
Ақпараттың түпнұсқалығын тексеру	FactCheck.org, Snopes.com сияқты фактчекинг сайттар арқылы мәліметтердің шынайылығын тексеру.	
Пайдаланушылардың пікірлері мен кері байланыс	Интернеттегі пікірлер мен кері байланысты оқу арқылы ақпараттың шынайылығын және пайдалығын бағалау. па	Ақпаратты тәжірибе жүзінде тексеру. Мысалы, ғылыми мәліметтерді эксперимент арқылы растау.
Ақпаратты ұйымдастыру	Жинақталған ақпаратты белгілі бір жүйемен реттеу. Мәселен, тақырып бойынша бөлу, хронологиялық тәртіпке келтіру.	
Ақпаратты өңдеу	Жиналған ақпаратты талдау, негізгі үрдістер мен заңдылықтарды анықтау	Өртүрлі ақпарат көздерінен алынған мәліметтерді біріктіру, жалпы картина жасау
Этикалық және заңнамалық талаптар	Жеке деректерді жинақтаған кезде этикалық нормаларды сақтау	Автордың ойын сілтемемен көрсету
Ақпаратты тиімді жеткізу	Ақпаратты түсінікті және нақты түрде жеткізуде интербелсенді тақта мен флипчартты пайдалану арқылы кестелер, графиктер және бейнелерді пайдалану	

ҚОСЫМША К

Тербелістер мен толқындар

Оқушы **Назарбаев Нұртас**

Пәні **Физика.**

Тараудың атауы:

Кесте К.1 - Кіріспе рефлексиясы

Мен мұны білемін бе?	Ол маған қажет пе?	Тәжірибеде қолдана аламын ба?
Тербелістер мен толқындар	Тербелістер мен толқындар күнделікті өмірде қолданылады мысалы: байланыс, медицина, құрылыс демек қажет	Қолдана алам себебі байланыс телефоны қолымда оның өзі электромагниттік толқындарға байланысы бар екен

Кесте К.2 - Үдеріс рефлексиясы

Не түсіндім?	Қандай сұрақтар туындады?	Сұрақтарға жауап бере алдым ба?
Тербелістерді сипаттайтын негізгі шамалар амплитуда жиілік период Тербеліс айналамызды қоршаған ортада көптеп кездеседі екен, қарапайым әткеншектен бастап машина құрылысындағы серіппелердің тербелуін сөндіруде амортизатор қолданылуы т.б Тербеліс көзі толқындардың табиғи құбылыстарда (мысалы, су толқындары, жер сілкінісіндегі сейсмикалық толқындар) кездеседі екен	Толқындар ортада қалай таралады, тербелістер қалай пайда болады?	Ия ол үшін толқындардың өзінің механикалық және электромагниттік түрлері болатындығын. Олардың қасиеттерін жеке ажырату қажеттігін түсіндім. Механикалық толқындар қатты сұйық газ орталарында ал электромагниттік толқындар вакуумде де таралатынын білдік. Тербелістер көзі кез келген қайталанатын қозғалыстан пайда болады

Кесте К.3 - Прогресс рефлексиясы

Қандай ой түйіндедім?	Тәжірибемде қалай қолданамын?	Сәл өзгертсем қандай жаңа дүние пайда болады?
Көптеген құбылыстардың толқын мен тербеліс түрінде болатынын түсіндім. Дыбыс пен жарық толқындарының қасиеттерін және олар энергия тасымалдайтындығын түсіндім Толқындар әлемінде резонанс, жиілік, амплитуда сияқты ұғымдардың маңыздылығын түсіндім Осы тақырыптың күнделікті өмір мен техникада кең қолданылатынын, ғылым мен технологиядағы ілгерілеулер үшін маңызды екенін түсіндім	Музыкалық аспаптарға «насторйка» баптау жасауда, дыбыс толқындарының тербелісін есептей отырып дұрыс жиілікті таңдауда, күнделікті өмірде ультрадыбыстық зерттеу нәтижелерін талдауда сондай ақ вай фай спутник байланыс орнатуда қолдана алам Сейсмикалық толқындар қасиеттерін зерттей алам және оны тіркейтін құралдар түрімен танысып бақылап көру	егер толқынның жиілігін немесе амплитудасын өзгертіп көрсе, қандай жаңа қасиеттер пайда болатынын болжай аламын. Дыбыс толқындарын қолдана отырып, дыбыс өткізбейтін материалдарды жетілдіруге немесе акустикалық ортаның сапасын жақсартуға талпынамын. Сонымен қатар, жарық толқындарының интерференциясы мен дифракциясын өзгертіп, жаңа оптикалық құрылғыларды құрастыруға болады. сейсмикалық толқындар тіркейтін құралдарды заманауи құралдармен жетілдірсем

Кесте К.4 - Жаңа идея/зат/ туралы жалпы ақпарат

Мақсаты не?	Толқындарды тіркейтін құралды зерттеп заманауи құрылғылармен байланыстыру
Несімен ерекшеленеді?	Жасалатын құрал аз орынды алады, автоматтандырылған.
Жаңа идея/ заттың/ бағыты	
Қандай мәселені шешеді?	Жер сілкінісінің алдын алады
Кімдерге арналған?	Тұрғындарға
Жаңа идеяны/затты/ жүзеге асыру	
Қалай жүзеге асырылады?	Жер сілкінгенде дыбыс шығарып сигнал ұрады
Қандай құралдар мен техника қажет?	Ардуино құралы және датчиктер атап айтқанда: 1.Arduino нано немесе уно тақтасы 2. Oled дисплей 3. MPU 6050 акселерометрі 4,1к резистор 5. buzzer модуль 6. Жарық диодты 7. arduino бағдарламалық құралы
Аяқтау мерзімі қандай?	Тамыз
Жаңа идеяның/ заттың/ тиімділігі мен пайдасы	
Қандай артықшылығы бар?	Қолжетімді тек арнайы жабдықталған орталықтан жер сілкінгені туралы мәліметті күтпей жер сілкіне сала сигнал ұрып үйден адамдардың уақытылы шығуын қамтамасыз ете алады, әсіресе түнгі уақытта алатын апатта өте тиімді.
Қаржылық тұрғыдан тиімді ме? Қоғамға қандай пайда әкеледі?	Қаржылық тұрғыдан да тиімді 3000-4000т аралығында Қоғамның қауіпсіздігін табиғат апаттардан құтқаратын тиімді құрал

Кесте К.5 - Нұртастың шығармашылық идеясы жүзеге асқанға дейін орындалған іс-әрекеттерінің сапасы жұптық бағалауда

Өлшемдер	Жоғары деңгейде	Орта деңгейде	Төмен деңгейде
Мәтіндегі негізгі ойды анықтап, талдай алды	+		
Рефлексия кестесіне нақты әрі толық жауап бере алды		+	
Топтық жұмыста белсенді болды	+		
Жаңа идеяны рәсімдеу кестесін толықтай толтырды	+		
Ойлап шығарған идеясы/заты туралы толық мәлімет бере алды	+		

ҚОСЫМША Қ

«Шығармашылық серпін» оқу-әдістемелік құралының мазмұны

Кесте Қ.1

Тақырыбы	Жаттығу түрі
Өзіндегі шығармашылық қабілетінді оят!	Іскерлік және рөлдік ойын.
Шығармашылық және шабыт.	Сурет салу, эссе жазу.
Өзін өзі ұйымдастыру, басқару шараларын ұйымдастыру	Шығармашылық тапсырмалар.
Топ ішінде жұмыс жасау психологиясы	Топтағы өзара әрекеттестікке бағытталған жаттығулар.
Шығармашыл тұлға – әрекет ететін тұлға	Күнделік толтыру, есеп жазу.
Тұлға және оның шығармашылық тобы	Қарым-қатынас жағдаяттары.
Сіздің шығармашылық стиліңіз	Эссе жазу және сурет арқылы бейнелеу.
Шабыт кілті	Әңгімелесу.
Жұмыстың нәтижелілігін жоғарылату тәсілі.	Қорытынды эссе.

ҚОСЫМША Л

Зияткерлік мектептердегі оқушылардың шығармашылық әлеуетінің даму нәтижелері



ҚОСЫМША М

«Оқушылардың оқылым дағдысын дамыту арқылы олардың шығармашылық әлеуетін дамыту» атты авторлық технологиясын ұсынуды Назарбаев Зияткерлік мектептері желісі арасында ұйымдастырылған тамыз конференциясында баяндау жетістігі



ПАНОРАМА УСПЕШНЫХ ПРАКТИК 2024

категория: «Английский язык»

номинация: «Доказательный кейс»

Тлеубекова Ленура Абдуалимовна,
НИШ ФМН г.Шымкент

Тема:
«Unlocking Potential:
How Reading Elevates Student Abilities»

панорама практик авг конф 2024 (Тлеубекова).pdf

Активация Windows
Чтобы активировать Windows, перейдите в раздел
"Параметры".

ҚОСЫМША Н

Зияткерлік мектептерде оқушылардың шығармашылық әлеуетінің эксперименттен кейінгі даму деңгейінің анықтау сауалнама нәтижесі

Кесте Н.1

Сұрақтар тізбегі	Оқушылардың жауабы	ЭТ	БТ
1	2	3	4
Шығармашылық Дегенді қалай түсінесіз?	а) Дайын үлгіге қарап, бір затты жасап шығару ә) Ешкімдікіне ұқсамайтын жаңа нәрсе табу б) Кітаптағы ақпаратты есте сақтау. в) Тапсырмаларды жылдам және ұқыпты орындау. г) ойлап тапқан идеясы мен жаңа нәрсе өзгенікіне ұқсаса да өзіне жаңа болуы мүмкін д) шығармашылық түсінігіне сіздің нұсқаңыз	2% 13% - - 85%	5% 60% - - 35%
Шығармашылық әлеуеттің» сипаттарын атай аласыз ба?	а) бір іс-әрекетке дағдыланған, қабілетті. ә) алға қойған мақсаты айқын. б) бір іс-әрекетті істеуге мүмкіндіктері мен идеялары көп в) Сабағын жақсы оқиды, оқуда озат. г) «шығармашылық әлеуеттің» сипаттарына сіздің нұсқаңыз	3% 3% 94% - -	15% 15% 66% 4%
Сіз қай бағыттағы шығармашылықпен айналысқыңыз келеді?	а) Сурет салу ә) Жазу (әңгімелер, өлеңдер, т.б.) б) Музыкалық аспапта ойнау в) Қолөнер (DIY жобалары, тоқу және т.б.) г) Сандық мазмұнды жасау (бейне өңдеу, графикалық дизайн және т.б.) ғ) Орындау өнері (би, актерлік және т.б.) д) Күрделі басқатырғыштар мен мәселелерді шешу (пазлдар, ойындар, робот құрастыру және т.б.) е) Жаңа тілдерді үйрену ж) Командалық спортпен айналысу немесе топтық іс-шараларды ұйымдастыру.	9% 8% 10% 7% 8% 13% 11% 12% 22%	7% 5% 9% 9% 7% 12% 15% 10% 26%
Сізді шығармашылықпен айналысуыңызға не ынталандырады?	а) Тақырыпқа қызыққан жағдайда ғана менің шығармашылықпен айналысуға құштарым артады. ә) Мұғалімдер мен сыныптастарымның менің шығармашылық іс-әрекетіме берген оң бағасы мені қанаттандырады. б) Маған тәуекелге бару және шығармашылық жұмысымда жаңа нәрселерді сынап көру ұнайды. в) Мен басқалардың шығармашылықпен айналысатынын көргенде, менің де шығармашылықпен айналысым келіп кетеді.	48% 21% 37% 5	52,4% 19,1% 21,4% 7,1%

Н.1 – кестенің жалғасы

1	2	3	4
Шығармашылықты ң қандай түрлерімен таныссыз?	Сурет салу Қол өнер Музыка Әдебиет саласы Спорт Тіл үйрену Би Актерлік шеберлік Басқалары	12% 9% 12% 9% 18% 16% 15% 8% 1%	10% 8% 10% 9% 19% 16% 16% 8% 4%
Сіз қазіргі таңда қандай үйірмелерге қатысасыз?	Ешқандай Спорт Музыка Тіл үйрену Бағдарламалау Шахмат Робототехника Өнер Дебат Басқа	1% 24% 12% 24% 11% 7% 5% 8% 6% 2%	15% 20% 13% 21% 9% 6% 4% 5% 4% 3%
Қандай пәндерді сіз терең мән беріп қызыға оқисыз, неліктен?	Ешқайсысы Барлығы Информатика Жаратылыстану Гуманитарлық ғылымдар Математика Өнер <i>Неліктен:</i> -маған өте қызық -болашақ мамандығыма қажет -мұғалімнің тұлғалық ерекшелігі	0% 8% 9% 28% 35% 15% 5% 65% 20% 15%	% 4% 8% 32% 34% 19% 1% 47% 30% 23%
Мектебіңізде шығармашылықты дамытатын қандай үйірмелер бар?	Өте көп Спорт (футбол, баскетбол, волейбол, т.б.) Домбыра Тіл үйірмелері (ағылшын, француз, неміс, т.б.) Бағдарламалау/робототехника Шахмат ТЕДх Дебат Қолөнер Басқа (мысалы, бизнес, химия, авиа) Білмеймін/Жоқ	21% 15% 5% 13% 8% 4% 8% 9% 10% 7% 0%	9% 10% 14% 22% 11% 6% 4% 8% 8% 4% 4%
Сіз сол үйірмелерге қатысасыз ба? Егер қатысатын/қатыспа йтын болсаңыз неліктен	Қатыспаймын, себебі уақытымды сабақтарға бөлгенім дұрыс Қатысамын, себебі маған мектептегі үйірмелер ұнайды Жоқ, мектептегі үйірмелер ұнамайды, сырттағы үйірмелерге қатысамын	17% 52% 2%	27% 30% 7%

Н.1 – кестенің жалғасы

1	2	3	4
қатысасыз/қатыспа йсыз?	Қатыспаймын,себебі мен ондай шығармашылық жұмыстарға қызықпаймын Қатысқанмын, бірақ маған кейін ұнамай кетті Өзімнің қабілеттерімді жақсарту үшін қатысамын	1% 4% 24%	4% 12% 13%
Белгілі бір тапсырманы орындауда ерекше етіп жасау үшін адам қандай қабілетке ие болуы керек?	Шығармашылық/Креативтілік Қиял/Фантазия Тапқырлық/Икемділік Еңбекқорлық/Талпыныс Жан-жақтылық Жауапкершілік Сенімділік Төзімділік/Шыдамдылық Білмеймін/Жоқ Басқа/өз жауабым	32% 15% 16,7% 9% 5,8% 2,5% 6,6% 3,5% 3,5% 5,4% ++	32% 14,1% 15,2% 6,7% 7,6% 3,4% 6,4% 3,5% 5,2% 5,9% ++
Топтық жұмыста сіз көбінесе қандай рөлге ие боласыз?	а) Көшбасшы ә) Идея генераторы б) Орындаушы в) Бақылаушы г) Қолдаушы д) Сыншы	35% 42% 4% 9% 5% 10%	28% 38% 22% 5% 5% 2%

ҚОСЫМША II

Акт

«Бекітемін»

Шымкент қаласындағы

Физика-математика бағытындағы

Назарбаев Зияткерлік мектебінің

директоры



И.К.Исмаилова

19 қаңтар 2025 ж.

ЕНДІРУ АКТІСІ

Ғылыми –зерттеу жұмысының нәтижелерін оқу үдерісіне пайдалану туралы

Ендіру актісі, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, әлеуметтік - гуманитарлық ғылымдар факультеті, «Педагогика және психология» кафедрасының 6D010300 – «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасы бойынша докторанты Тлеубекова Ленура Абдуалимовнаның «Зияткерлік мектептерде оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту» тақырыбындағы диссертациялық зерттеу жұмысы бойынша тәжірибелік – эксперименттік жұмыстары жүргізілгенін растайды.

Шымкент қаласы Физика – математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің 8 – 9 (соның ішінде 8А, 8В, 8С, 8Е, 8F, 8G, 9А, 9В, 9С, 9Е, 9F, 9G) сынып оқушыларына диагностикалау, «Creative boost» элективті курс бағдарламасы және бақылау кезеңдері бойынша тәжірибелік – эксперименттік мазмұндағы жұмыстар жүргізілді. Экспериментке барлығы – 241 респондент қатысты.

ФМБ НЗМ директорының

оқу-тәрбие істер жөніндегі орынбасары:

Н.О. Ботабеков